



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№10, ҚАЗАН, 2014

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ	
Мұстафа ШОҚАЙ. Ресейдегі ұлттық мемлекет мәселесіне орай.....	3
ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ	
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Ел алдында еңселі міндеттер тұр.....	5
ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ	
Сейілбек МҰСАТАЕВ. Қазақтың ұлттық намысының құны қанша?.....	10
Айнұр ТӨЛЕУ. Намысты жоқтау.....	15
Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Ұлтшылдар – ұлтшылдар емес, мемлекетшіл қауым.....	18
КӨКЕЙТЕСТІ	
Сайын БОРБАСОВ. Басқарушы элита ұғынбай жүрген жайлар не?.....	22
ОЙТОЛҒАҚ	
Жарылқасын БОРАНБАЙ. Энциклопедиялар – ұлттық ұлағат ұясына айнала алды ма?!.....	27
АЩЫ ДА БОЛСА...	
Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ. «Қостілділік», «үш тұғырлы тіл».....	35
МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ	
Өмір ШЫНЫБЕКҰЛЫ. «Иқан шайқасы» шындығын бұрмалау кімге керек.....	38
ТАРИХТАН ТӘБӘРІК	
Жанқара ДӘДЕБАЕВ. Айдынды Орақ.....	44
МӘДЕНИ МҰРА	
Бақтияр СМАНОВ. Сүйінбай, Майлықожа және Молда Қошық датқа.....	55
ТАНЫМ	
Серік ЕРҒАЛИ. Тоғызқұмалақ – түркілердің логика дамыту ойыны.....	64
Герольд БЕЛЬГЕР. Тіл туралы тезистер.....	69
Ұлылардың таңғажайып түстері: Ол – ақиқат па, әлде аңыз ба?.....	71
ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ Әңгіме	
Тұрғанжан ТӨЛЕБАЕВ. Талғамы терең тарихшы.....	74

МЕНИҢ ҰСТАЗДАРЫМ	
Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ. Алма апай.....	80
МЕРЕЙТОЙ	
Ораз ҚАУҒАБАЙ. Төзім және табандылық.....	88
ЛЕБІЗ	
Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА. Гуманист профессор.....	91
БАУЫРЛАС ӘДЕБИЕТ ӨКІЛІ	
Патигүл МАҚСАТОВА. Халықтың қамын ойлаған қаламгер.....	93
ЕСКЕ АЛУ	
Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ. Алтай шыңындағы өшпес із.....	96
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Зәбира ЖӘКІШЕВА. Әлкей Марғұлан еңбектеріндегі музыкалық археологияға және көне музыкалық аспаптарға қатысты жазбалар.....	101
Үмбетхан СӘРСЕМБИН. Қазақ ғалымының тұлғалық бейнесі.....	104
Б. РҮСТЕМБЕКОВА, Г. ҮРІСТЕНБЕКОВА. Медиамәтіндегі сөз жанрларының прагматилистикасы, қалыптасуы мен дамуы.....	108
Зәмзагүл ҚИЯБАЕВА. Математика сабағындағы зерттеу жұмыстары.....	109
С. САРСЕНОВА. Физикалық ұғымдар мен терминдердің ерекшеліктері.....	112
ҚАЛАЙ БОЛСА СОЛАЙ	
Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫНЫҢ әзіл-оспақ беті.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зәрема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184.

Мұстафа ШОҚАЙ

РЕСЕЙДЕГІ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ МӘСЕЛЕСІНЕ ОРАЙ

«Кеңестер Одағындағы ұлттық мемлекет мәселесі» жөнінде Славинский жасаған баяндамаға орай жазған мақаламызда («Яш Түркістанның» 91-санында) осы баяндамадан соң Керенский ортаға қойған бір мәселе бойынша сөз болып отырған тақырыпқа қайта оралатынымызды ескерткен едік. Керенский осы тақырыпқа жазған мақаласында «Кеңестер Одағы аумағында өмір сүріп жатқан ұлттарды тең құқықты ету үшін өткізілетін келіссөздердің негізгі шарттары» деп төмендегі екі мәселе төңірегінде ойлануға шақырады: 1. Келісімге қатысушы тараптар өздерінің көзқарастарын негіздеген дәлелдер мен дәйектер арасынан қару қолдануды шығарып тастауға тиіс. 2. Келісімге қатысушылардың бәрі де ұлттық мемлекетін, саяси тәуелсіздігін қорғауда тең жағдайда болуы, бірінің ұлттық мүддесіне дұшпан болып отырған әрқалай күшпен екіншісі келісім жасамауы шарт етілуі لازым. Керенский осы ұсынысында одан әрі «орыстар, орыс еместер, тіпті, сталиншілдер де (сол кезде) Лондонда жиналатын Британия халықтар одағы империумы конференциясынан ғибрат алуы керек» деп есептейді және оларды соған үндейді.

Керенский мен біз бір-біріне қарама-қарсы екі майданда тұрмыз. Біздің атамекеніміз Керенскийдің ұлты тарапынан бодандыққа түсіріліп, қазір соның тепкісінде жатыр. Егер бүгін Ресей өз атымен аталмай, Кеңестер Одағы деп аталып отырған болса, бұл істің мәнін өзгерте алмайды. Біздің еліміз қазір де бұрынғы патшалық Ресей шекарасының ішіне алынғаны сияқты, сол Ресей патшасы құрған мемлекеттің езгісінде қалып отыр. Басқаның желкесінде отырған адам астындағы адамның азабын түсіне бермейді. Сол тәрізді халықтарымыз бастан кешіріп жатқан қасіреттерді Керенский де жете сезінбеуі әбден табиғи. «Тең құқықты ұлттар» туралы айтылған талай сөздердің желге ұшып кеткені және бұдан соң да солай бола беретіні, міне,

осыдан. Қашан біздің мойынымыздан орыс империализмінің жүгілақтырылып тасталғанша, басқаша айтқанда, біздің еңсемізді езіп, бойымызды жаздырмай келе жатқан орыс үстемдігі жоғалғанға дейін бұл жағдай осы күйінде қала беретін болады. Керенскийдің «Кеңестер Одағы шекарасы ішіндегі тең құқықты ұлттар» деп отыруының өзі бұл тақырыпта онымен пікір сайысын жасауға ешқандай бір орын қалдырмайды. Біздің халықтарымыз Кеңестер Одағының болсын немесе бұрынғы Ресейдің болсын шекараларына қатысты мұндай әңгімелерге әсте құлақ аспайды. Кеңестер Одағының шекарасы туралы айтқан пайымдауымен Керенский өзінің басқа бір жағдайлар астында кейбір өткір мәселелерді негіздеуге мүмкін болатын, әр түрлі талқылауларда басшылыққа алынуы тиіс деп есептеген «негізгі шарттарынын» да құнын жойып жіберді.

Біздің қарсы алдымызда тұрған орыстар, бүгін ол большевик болғанымен де, бәрібір орыс. Қызыл диктатор Сталин, орыстың мұғажырияттағы көрнектісі Миллюковтар өз тұжырымдамаларында Россияның «тарихи жеңістері һәм мемлекет шекаралары» қару күшімен құрылды және қару күшімен сақталды деп отырған жағдайда, Керенскийдің біздің өз дәлелдеріміз бен дәйектерімізден қару күші мәселесін шығарып тастауды талап етуі ақылға сия қояр ма екен?! Айталық, Керенский біздің атамекеніміздегі халықтарымызға кеңестік Ресей билеушілері тарапынан ешқандай қару қолданылмайтыны жөнінде кепілдік бере алар ма? Мұндай сұрақтың жауабы ешқашан екі ұшты болуы мүмкін емес.

Бұл күнде орыстардың бұғауында отырған біздің халықтарымыз орайы келген тұстарда қолына қару алатыны шүбәсіз. Егер орыстарға құдай ынсап беріп, біздің атамекенімізден өз еркімен шығып кетсе, онда әңгіме басқа. Амал қанша, ондай күнді қиялдау қиын. Демек, қару күші мәселесі өз күшінде қала беретін болады.

Біздің атамекеніміз Ресейдің қоластына қару күшімен енгізілді. Және де оларды Ресей қару күшімен ұстап отыр. Ендеше оған қайтарылатын жауап сол қару күшімен берілуі әбден табиғи. Енді Керенскийдің ұсыныстарындағы екінші мәселеге – саяси құқық, ұлттық тәуелсіз елдердің мүдделерін тең тұрғыдан құру және біреуінің өмірлік мүддесіне жау күштермен екінші біреуі келісім жасамау жөніндегі тұжырымдамасына келейік.

Тарихи дамуымыздың қазіргі кезеңінде орыс емес халықтардың мемлекеттігі мен тәуелсіздігіне жау жалғыз ғана ел – Кеңестер Одағы. Ендеше біз онымен ешқандай келісімге келе алмайтынымыз өз-өзінен түсінікті. Ол – ол ма, біз Кеңестер Одағының жыртысын жыртып, оның шекараларының мызғымастығы жөнінде сәуегейсіп жүрген кез келген елмен, мейлі ол батыстық болсын, мейлі шығыстық болсын, келісе алмаймыз. Бұл күндері біздің мемлекеттерімізде ұлттық тәуелсіздік мәселесі былай тұрсын, саяси және ұлттық бостандықтың ең қарапайым нышандары туралы сөз болуы мүмкін емес. Біз бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алуға мәжбүр болып отырмыз. Содан соң біз ұлттық тәуелсіздігімізді құрметтеп қана қоймай, бізбен тең тұрғысы келетін күштермен ғана келісім жасау жөнінде пікір алысулар өткізуге әзір екенімізді мәлімдейміз.

Өз ұсынысында Керенский біздің алдымызға көлденең тартқан «Британия халықтар одағы» түрінде бірдеңе құру мүмкіндігі болғанда, ол туралы әңгіме қозғауға тұрар еді. Ресей шекарасы ішінде Ресейдің өзімен бірлесе отырып, Британия одағы тәрізді одақ құру, сірә, мүмкін бола қояр ма екен?!

Біз оны мүмкін емес деп үзілді-кесілді теріске шығарамыз. Біздің халықтарымыз орыс отаршылдарының езгісінде отырған және оған қарсы күрес жүргізіп жатқан кезде мұндай қиялдарға берілу орынсыз болып қана қоймай, аса залалды да. Егер Ресейде шынымен Британия халықтар одағы тәрізді бірдеңе құру мүмкін болса, онда кейбір халықтар үшін ұлт-азаттық күресі күн тәртібінен түсіп қалған болар еді. Өйткені, Британия

империуміндегі Канаданың жағдайын алсақ, бұл ел қай жағынан алғанда да, Еуропа мен Америкадағы шағын мемлекеттерді былай қойып, Австрия мен Чехословакия тәрізді іргелі мемлекеттерден де әлдеқайда жоғары. Ресеймен Британия халықтар одағы тәрізді құрылым жасау мүлде мүмкін емес. Мұндай қиялға берілгендер Британия халықтар одағына біріккен елдердің бәрі дерлік англо-саксон нәсілінен екенін естерінен шығарып алады. Канада, Австралия, Оңтүстік Африка, Жаңа Зеландия – олардың бәрі де англо-саксон нәсілі мәдениетінің ошағына айналып гүлденген жерлер. Британия халықтар одағы – Британияның мемлекеттік және саяси мәдениетін таратады. Ал мұндай мәдениет орыс халқында жоқ.

Ағылшындар мен орыстардың ұлттық мемлекеттігінің мәнінде, менталитетінде, құрылымында өзгешеліктер көп. Ағылшындар, ең алдымен, саны онша көп болмаған саудагер халық. Олар өздері бодандыққа айналдырған халықтарының жерлеріне көшіп барып, ол жерлерді біржола қосып алуға ұрынбайды. Ағылшындарда миллиондаған жұмыссыздар барын білеміз. Ағылшын үкіметі осы жұмыссыз жүрген тұрғындарының бірде-бірін өз отарларына еріксіз апарып қоныстандырған жоқ.

Ресей – мүлде басқа. Орыс халқының басым көпшілігі шаруалар. Орыстардың саны да көп. Олар көшуден де жалықпайтын көшпенді – мұғажыр отаршылдар. Қашан да орыс солдаттының соңынан орыс мұжығы ілесіп отырады. Басып алынған жерде орыс билігі орнаған соң-ақ, пұшайман халықтың жері тартып алына басталады.

Британия халықтар одағы құрылымындағы басты фактордың бірі – еркін сауда байланысы болса, орыс халқының әдеті – басқалардың жерін басып алумен қоймай, оны орыстың жеріне айналдырып жіберуді көздейді. Сол себепті осындай жолмен біріктірілген мемлекет ішінде ұлттардың ерікті түрдегі тең құқықты одағын құруға ешқандай орын қалмайды.

«Яш Түркістан»,
1937 ж., № 92-93.

ЕЛ АЛДЫНДА ЕҢСЕЛІ МІНДЕТТЕР ТҰР

**Қазақстан Республикасының
Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
Парламенттің бесінші
шақырылымының төртінші
сессиясының ашылуында
сөйлеген сөзі**



Құрметті Мәжіліс және Сенат депутаттары, деп бастады өзінің сөзін Президент. Баршаңызды жаңа парламенттік маусымның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында жылдар бойғы оңтайлы үдерістердің қалыптасуы Парламентіміздің жұмысымен де тікелей байланысты екенін ерекше атап өткім келеді. Парламент алдағы уақытта да осы қарқыннан таймай, халық өкілі ретіндегі өз міндетін абыроймен атқаратынына сенімдімін. Қазіргі таңда біз дамудың ең шешуші сатысы – «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудамыз. Бұл құжатты заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету сіздердің айрықша міндеттеріңіз болып табылады.

Төртінші сессияның өз ерекшелігі бар. Ол өздеріңізге белгілі, 2008 жылғы қазанда сайланған Парламент Сенаты депутаттарының өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты. Жаңа сенаторларды сайлау мерзімі биылғы жылдың 1 қазанына белгіленіп отыр. Еліміздің жоғары заң шығарушы органына 16 өңірден бір-бір депутаттан сайланатын болады. Парламент Сенатына сайлауға дайындық ашық, жария түрде өтіп жатыр және қоғамда шынайы қызығушылық тудырып отыр. Халық арасында саяси белсенділік пен құқықтық мәдениет артып келеді. Сондықтан біздің алдымызда әділ және ашық сайлау өткізу міндеті тұр. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, Конституцияның нормалары мен қағидаттарын сақтау Қазақстан Республикасының тұрақты демократиялық дамуы-

ның кепілі болып табылады. Осыны естен шығармағанымыз абзал.

Парламенттің жаңа сессиясы едәуір күрделі жағдайларда басталып отыр. Әлемдік экономикадағы болжамсыздық сақталып қалуда. Геосаяси, оның ішінде, Украинадағы оқиғаларға орай халықаралық қатынастардың күрделенуімен байланысты тәуекелдер тереңдей түсуде. Жалпы алғанда, әлемдік ІЖӨ-нің 60 пайызын өндіретін мемлекеттер бір-біріне қарсы өзара санкция қолданды. Осының барлығы қалыптасқан экономикалық қатынастар мен әлемдік тәртіпке айтарлықтай түзетулер мен өзгерістер енгізетін болады. Бұл біздің әріптестеріміздің экономикасы өсімінің төмендеуіне алып келсе, мұның бізге де кері ықпалы тиеді. Сондықтан экономиканың ықтимал теріс сын-қатерлерінің, халықтың әл-ауқаты мен Қазақстанның қауіпсіздігінің алдын алу үшін барлығын да істеу маңызды. Менің тапсырмам бойынша бұл жұмыстармен Үкімет айналысып жатыр, деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев келесі кезекте бүгінде ашылған «мүмкіндіктер терезесін» ұтымды пайдалану үшін Парламент пен Үкіметтің үйлесімді жұмысы қажет екенін атап көрсетті. Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына кіруімен байланысты басты міндеттердің бірі – әкімшілік реформаларды жалғастыру мен кәсіби және шағын мемлекеттік аппараты бар тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құру. Өздеріңізге белгілі, қазірдің өзінде Үкіметтің жаңа құрылымы туралы шешім жүзеге асырылды. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді

шектеу туралы Жарлыққа қол қойылды және жүзеге асырылуда. Бұл мемлекеттік аппараттың жұмысындағы көпсатылық пен қосарлануды қысқартуға мүмкіндік береді, деді Президент.

Елбасы осы үдерістің негізіне төмендегі қадамдар алынғанын атап көрсетті. Біріншіден, бүгінгі экономикалық жағдайларда Үкімет әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша стратегиялық мәселелерге назар аударуы тиіс. Министрліктерге заңға тәуелді актілерді – түрлі ережелерді, нұсқамаларды және т.б. қабылдау бойынша құзыретті беру қажет. Әр министр өзі басқаратын саласына қажетті барлық өкілеттіктерге ие болуы және қабылданған шешімдер үшін толықтай жауапкершілікті мойнына алуы тиіс. Бұл талапты заңнамалық тұрғыдан реттеу керек, деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Екіншіден, деп жалғады сөзін Мемлекет басшысы, министрліктердің комитеттеріне бақылау және жүзеге асыру функцияларымен қатар, тиісті салаларда мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктер беріледі. Саланы тиімді реттеуді қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған бақылау бойынша комитеттердің бұрынғы функциялары аумақтық органдарда сақталуы тиіс. Мәселен, энергия қадағалау саласында 2015 жылдың 1 қаңтарынан біз қуаттың біртұтас нарқын қалыптастыруға көшеміз. Сондықтан энергетика жүйесін бақылау орталықтандырылған негізде жүзеге асырылуы керек. Кейбір басқа маңызды салаларда да бақылау мен қадағалау орталық деңгейде қалуы тиіс. Мұны мен өзімнің Жарлығыммен айқындадым. 2017 жылдан міндетті медициналық сақтандыру қорын құрып, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетін өзгертіп құру қажет. Қазір жұмыс істеп тұрған Денсаулық сақтаудың біртұтас ұлттық жүйесі аталған қор үшін арқау болады.

Үшіншіден, әкімдіктер өңірлер деңгейінде тиімдірек жұмыс істеп тұрған функцияларды беруі қажет. Бұл, бірінші кезекте, жергілікті маңыздағы функциялар. Мұның пайдасына кең көлемді халықаралық тәжірибе де дәлел. Оның

үстіне, бір функция тек бір мемлекеттік органға ғана бекітіп берілуі тиіс. Бірін бірі қайталау болмауы керек. Орталық мемлекеттік органдар заңнамалық барлық нормалардың бақылау және қадағалау сапасы төмендемеуін назардан шығармауы тиіс. Ауыл шаруашылығы бойынша да жергілікті билік органдарының өкілеттік ауқымын кеңейту қажет деп санаймын. Функциялар мен тиісті мамандар штатын беру арқылы әкімдіктердің ветеринарлық бақылау саласын нығайтуды қамтамасыз ету де маңызды, деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Халықты жылумен қамтамасыз ету саласында қызмет көрсетумен байланысты жекелеген функцияларды да әкімдердің қарауына еш ауырсынусыз беруге болады, деп жалғады сөзін Қазақстан басшысы. Мысалы, жылумен қамтамасыз ету нысандарының жұмыс істеуі мен жылыту маусымына дайындығы мәселелері толықтай жергілікті әкімнің қолында болуы тиіс. Сонымен бір мезгілде, функцияларды жергілікті органдарға беру – бұл тек оларды үлкен өкілеттіктермен жарылқау емес. Бұл – олардың барлық мақсатты көрсеткіштерді жүзеге асыруы мен қол жеткізуі үшін жаңа жауапкершілік.

Төртіншіден, өкілеттіктерді шектеу шеңберінде мемлекеттік функцияларды мемлекеттік емес секторға беру бойынша жұмыстарды жалғастыру керек. Бұл функцияларды көптеген елдерде өзін өзі реттейтін ұйымдар жүзеге асырады. Бұл үшін сондай тәуелсіз ұйымдар желісін құруға кірісу қажет. Мен мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу бойынша менің Жарлығымда пайдаланылған тек негізгі қадамдарға ғана тоқталдым. Үкіметке осы айда Парламентке аталған Жарлықты жүзеге асыруға бағытталған тиісті заң жобасын енгізуді тапсырамын. Бұл заң жобасын қарауды шұғыл ету қажет, деді Президент.

Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына енуі бойынша міндеттерді жүзеге асыру шеңберінде әлемдік жетекші тәжірибені есепке ала отырып, құрылымдық реформалар бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Негізгі мақсат – бизнесті жүргізуге барынша оңтайлы жағдай жасау, инвестициялар ағынын ынталандыру, кәсіпкерлікті қолдау, сондай-ақ, мем-

лекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру.

Мен заң шығарушылық жұмысты жүргізу қажет болатын құрылымдық реформалардың мынадай бағыттарын көріп отырмын.

Бірінші. Жаңа заманның кодекстері – Кәсіпкерлік және Азаматтық процестік кодекстерді қабылдау үдерістерін аяқтау қажет.

Екінші. Тиімді инвестициялық қызмет үшін арбитражды толыққанды дамыту қажет. Қазір инвесторлар, әсіресе, шетелдік инвесторлар туындаған талас-тарды шешу үшін шетелдік арбитраждық инстанцияларға қайырылғанды жөн көретіні құпия емес. Бұл біздің сот жүйемізге және оның шешімдеріне сенімнің аз екенін көрсетеді. Қалыптасқан халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін отандық арбитражды дамыту бойынша шаралар кешенін қабылдау мүмкіндігін қарастыру қажет. Үкіметке 2015 жылдың 1 сәуіріне дейін Парламентке Арбитраж туралы біртұтас заң жасап, енгізуді тапсырамын.

Үшінші. Халық пен бизнеске мемлекеттік қызмет көрсетуді оңайлату қажет. «Электронды үкімет» функционалын кеңейту керек. Үкіметке 2017 жылға дейін барлық қолданыстағы мемлекеттік жүйелер мен деректер базасын «Электронды үкімет» платформасына кіріктіруді тапсырамын. Заңды тұлғаларды тіркеуді одан әрі оңайлату жолымен жүру керек. Сондай-ақ, жеке кәсіпкерлік субъектілерін жою рәсімдерін де оңайлатқан жөн. 2016 жылдың 1 қаңтарынан инвесторлар үшін «бір терезе» қағидатын қолдануды кеңейту міндетін қоямын. Басым жобалар бойынша инвестициялық келісімшарттар жасасқан инвесторлар үшін бұл қағидат 2015 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастауы тиіс, деп қадап айтты Президент.

Төртінші. Рұқсаттар мен ескертулер беруді электронды пішінге көшіру бойынша жұмыстарды жалғастыру керек. 2015 жыл бойына Үкімет рұқсаттар санын 50 пайызға қысқартуы тиіс. Сондай-ақ, бизнесті тексеру санын айтарлықтай азайту қажет, деп жалғады сөзін Елбасы.

Бесінші. Кедендік рәсімдерді барынша оңайлатқан жөн. 2015 жылдың 1 қаңтарынан кедендік бақылау кедендік таза-

лау кезеңінен тауарлар шығарудан кейінгі кезеңге ауыстырылатын болуы тиіс. Үстіміздегі жылдың соңына дейін отандық экспортшыларды қолдау мақсатында жүк тасымалы құнын, кедендік рәсімдеу мен оларды сақтауды бақылау мерзімдерін қысқарту бойынша шаралар дайындау керек.

Үкіметке сәйкестіктің халықаралық сертификаттарын тану бойынша Кеден одағына техникалық реттеудің біртұтас қағидағары мен ережелері туралы келісімге өзгерістерге бастамашылық жасауды тапсырамын. Бұл біздің кәсіпкерлеріміздің шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Алтыншы, деді Елбасы, реформа жүргізу кезінде біз халық күн сайын кездесіп тұратын проблемаларды ұмытпауға тиіспіз. Заңнамаларға ревизия жүргізіп, құжаттарды нотариалдық растаудағы талаптарды барынша азайту қажет деп санаймын. Жұмысқа орналасқанда, шетелге шыққанда және жүргізушілік куәлік алғанда талап етілетін анықтамаларды халыққа «бір терезе» қағидатымен беруді қарастыру керек. 2015 жылдан бастап коммерциялық мақсатта қолданылмайтын, пайдалану мерзімі 7 жылға дейінгі жеке автокөлікті техникалық байқаудан өткізуді, сондай-ақ көлік құралын басқаруға берілетін сенімхатты жою қажет. Үкімет құрылымдық реформалар бойынша негізгі заңнамалық өзгертулерді Кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын түбегейлі жақсарту мәселелері жөніндегі заң жобасында ескеруі тиіс. Осы орайда Мемлекет басшысы Үкіметке аталмыш заң жобасын үстіміздегі жылдың қыркүйегінде Парламентке енгізуді тапсырып, оны қараудың басымдыққа ие екенін атап көрсетті.

Бүгінде, деп жалғады сөзін Елбасы, құқықтық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күреске бағытталған бірқатар реформалар жүргізілді. Бірақ олар жеткіліксіз. Үстіміздегі жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қабылдау қажет. Мемлекет қызмет өкілеттігін жеке мақсаттарға пайдалану тиімсіз әрі мүмкін емес болатындай жағдайлар жасауы керек. Ол үшін осы жұмыстағы әлемдік озық тәжірибелерден үйренген жөн. Қазіргі уақытта халықтың

табыстары мен шығыстарын жаппай мәлімдеуге көшу бойынша заңнамалық өзгертулер енгізуге дайындық жүргізілуде. Декларациялауды толық енгізу 2017 жылдан бастап қамтамасыз етілуі тиіс.

Мемлекеттік сатып алулар саласында неғұрлым жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда, деді Президент. Кәсіпкерлер проблемаларын шешу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін 2014 жылдың соңына дейін Үкімет жаңа редакциядағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуі керек. Оның сыртында төртінші сессия барысында келесі заң жобаларын басымдықты қарау қажет.

Бірінші. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі заң жобасы Парламент қарауында жатыр. Оны қабылдау жер қойнауын пайдалану құқын алу ресімдерін айтарлықтай жеңілдетіп, әкімшілік кедергілерді төмендетуді, шешімдер қабылдаудың мөлдірлігін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, агроөнеркәсіп кешенін дамыту айрықша маңызға ие болуда, деді Мемлекет басшысы. Бүгінде АӨК-те шамамен 7 мыңдай ірі агроқұрылымдар, 184 мың ауылшаруашылық тауар өндірушілері және 2 миллиондай адам жұмыс істейді. Тек үстіміздегі жылы ғана саланы дамытуға 302 миллиард теңге, оның 40 миллиард теңгесі қайтарымды негізде қарастырылды. Мемлекет беретін субсидиялар көлемі жыл сайын өсіп келеді. Өткен жылмен салыстырғанда субсидиялар көлемі екі есе дерлік – 88,7 миллиард теңгеден 156 миллиард теңгеге дейін өсті. Жыл басынан бері агробизнесің 6,6 мыңнан астам субъектісі 72,5 миллиард теңгеден астам сомада несиелер және лизинг түрінде қаржылай қолдау алды. Ұлттық қордан бөлінген 100 миллиард теңгенің 25 миллиарды өңдеу өндірісі жобаларына бағытталатын болады. Қаржының тиімді жұмсалыуына қатаң бақылау мен есептілік қажет.

Бүгінде АӨК-ті дамыту да заңнамалық қамтамасыз етуді талап етеді, деп жалғады сөзін Н.Назарбаев. Үкімет АӨК-тегі өнімділікті арттыру үшін салықтық заңнамаға өзгертулер блогын әзірледі. Осы күзде бұл заң жобасы Парламент Мәжілісіне енгізілуі тиіс. Сондай-ақ Үкіметке үстіміздегі жылдың соңына дейін

«Ауылшаруашылық кооперациясы туралы» заң жобасын әзірлеуді тапсырамын.

Үшіншіден, деді Елбасы, бүгінде білім берудің автономиялы ұйымдарын академиялық басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған заң жобасы Парламент қарауында жатыр, Үкімет пен депутаттар бұл мәселеге мұқият қарауы тиіс. Бізде білім беру мекемелерінің басшылары бұл реформаны бақылау болмайтын, не істегісі келсе, соны істеу мүмкіндігі деп түсінбеуі керек.

Төртінші. Үкіметке осы жылдың қыркүйегінде дуалдық жүйені ескере отырып, кәсіпорындарда міндетті өндірістік тәжірибеден өтуді қарастыратын білім беру мәселелері бойынша заң жобасын Парламентке енгізуді тапсырамын.

Бесінші. Халықтың көші-қон мәселелері туралы заң жобасы да басымдықты түрде қарауды талап етеді. Үкіметке осы заң жобасын үстіміздегі жылдың соңына дейін сіздердің қарауларыңызға енгізуді тапсырамын, деді Президент.

Өздеріңіз көріп отырғандай, Парламентке жұмыс көбейіп отыр, деп атап өтті Елбасы. Бірақ мұның бәрі елдің табысты дамуы үшін қажет. ХХІ ғасырдың сын-қатерлері мемлекеттік биліктің барлық институттарының белсенді және үндескен қызметін талап етеді. Біз бәріміз – мен, Үкімет, Президент Әкімшілігі, барлық атқарушы органдар – күн сайын қауырт режимде жұмыс істейміз. Сондықтан, сіздерге жазғы кезеңде де, сол сияқты жыл бойына да депутаттық каникул уақытын қысқарту мүмкіндігін қарастыру жөнінде өтініш білдірмекпін. «Нұр Отан» партиясының фракциясы бұл мәселені сіздермен бірге мұқият зерттейді деп ойлаймын. Оның үстіне мен бұл тақырыптың сіздердің араларыңызда бірнеше мәрте талқыланып білемін және ол бойынша маған өтініш түскен кездер де болды. Мұндай шешім депутаттық корпусың бүкіл мемлекеттік органдармен бірге халық игілігі үшін ырғақты және бір деммен жұмыс істеуіне жағдай жасар еді.

Бүгінде біздің алдымызда күрделі міндеттер тұр, деп атап көрсетті Н.Назарбаев. Бізге шешімдер қабылдауда кешігуге болмайды. Уақыт қыса түсуде және бізден

іс-қимылымызды жеделдетуді талап етуде. Бүгінде экономикалық саясатта туындайтын тәуекелдерді, өзгермелі геосаясатты және пайда болатын жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып қалыптастыру қажет. Дамудың қол жеткен деңгейін сақтаудың, өндірістің мүмкін деген құлдырауының және халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің төмендеуінің алдын алудың маңызы зор. Бұл сол сияқты барлық деңгейлердегі әкімдердің де міндеті.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет экономиканың оптимистік және пессимистік даму сценарийлерін басшылыққа ала отырып, бірқатар шараларды әзірледі. Бізде қазірдің өзінде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты іс-қимыл жоспары бар. Дамудың мүмкін деген барлық нұсқаларында да Үкіметке мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін қаржыландыруды қысқартпау тапсырылды. Бұл өте маңызды! Біз халықтың әл-ауқатын тұрақты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті ресурстарға иеміз.

Тағы бір маңызды мәселе – алдағы жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеу. Үкіметке соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне бір-жолғы материалдық көмек көрсетуді қамтамасыз етуді тапсырамын. Бірде-бір ардагер мемлекет назарынан тыс қалмауы тиіс. Сондай-ақ, ардагерлердің Астана мен Мәскеудегі мерекелік іс-шараларға бару жолы мен тұру шығындарын төлеуді де қарастыру қажет.

Мен атап өткендей, бір айдан соң, 1 қазанда, кезекті сайлау барысында Парламент Сенатының құрамы үштен бірге жаңаратын болады. Бүгін мен өкілеттілік мерзімдері аяқталатын сенаторларға кәсібилігі мен белсенді жұмыстары үшін алғыс айтқым келеді. Қазақстан Парламенті – құқықтық мемлекет негіздерінің бірі, біздің қоғамымыздағы тұрақтылықтың, бейбітшілік пен келісімнің берік тіреулерінің бірі. Баршаңызды төртінші сессия жұмысының басталуымен тағы да құттықтаймын. Мемлекет пен Қазақстан халқының игілігі үшін жемісті заң шығарушылық жұмыстар тілеймін, деп қорытындылады сөзін Президент.

Елбасы сөзін аяқтаған соң Мәжіліс Төрағасы – Қабиболла Жақыпов депутаттық корпус атынан алға қойылған міндеттердің сөзсіз орындалатындығын айтып, сенім білдірді. Күллі әлемдегі қазіргідей қиын уақытта ел ішіндегі, сонымен бірге халықаралық аренадағы бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету жолындағы Сіздің жүргізіп отырған саясатыңыз көрегендік пен кемеңгерліктің үлгісі екендігі айдан анық. Сіздің айрықша күш-жігеріңіздің арқасында Қазақстанның әлем алдындағы беделі бұрынғыдан да биіктей түсіп, ол еліміздің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігінің кепіліне айналды. Болашақта біз Сіздің дара басшылығыңызбен өзімізге жүктелген «Қазақстан-2050» Стратегиясы, соның ішінде әлемнің ең үздік 30 елінің қатарына ену жолындағы басымдықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етіп, барлық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындаймыз деп Сізді сендіруге рұқсат етіңіз, деді Қабиболла Жақыпов.

Осыдан кейін күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жаңадан сайланған және тағайындалған депутаттар Қазақстан халқына адал қызмет ететіндігі жөнінде ант беріп, оны Президент Нұрсұлтан Назарбаев қабылдады. Салтанатты түрде ант бергендер қатарында сенаторлар Бектас Бекназаров, Қасым-Жомарт Тоқаев, Мәжіліс депутаттары Әсима Бимендина, Тәңірберген Бердіоңғаров және Әмірхан Рахымжанов болды. Сонымен, күн тәртібінде қаралған мәселелер аяқталды.

Парламент сессиясының ашылуына Премьер-Министр Кәрім Мәсімов, Мемлекеттік хатшы Әділбек Жақсыбеков, Президент Әкімшілігінің Басшысы Нұрлан Нығматулин, Конституциялық Кеңестің Төрағасы Игорь Рогов, Жоғарғы Соттың Төрағасы Қайрат Мәми және Орталық Сайлау комиссиясының төрағасы Қуандық Тұрғанқұлов, Үкімет мүшелері, республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Президент Әкімшілігінің, Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері және БАҚ басшылары қатысты.



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-і
Саясаттану кафедрасының
профессоры, саяси ғылымдарының
докторы

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ НАМЫСЫНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Кез келген адамның адами болмысы мен мінез-құлқын анықтайтын басты психологиялық қасиет – ар-намыс болып табылады. Ол жеке адамның бойындағы адалдық, әділеттілік, шыншылдық, ар, абырой, тектілік, көргенділік сияқты сапалық қасиеттерді бағалайтын кешенді моральдық-этикалық және әлеуметтік-психологиялық түсінік. Намыс сан-қырлы қызмет атқарады: ол бейне бір адамның ішіндегі көрінбейтін тәртіп сақшысы іспетті, адамгершілікке жат іс-әрекеттер жасаудан сақтап қана қоймай, пасық ниеттерден де арылу үшін аса қажет. Айта берді, оны адамның ары мен абыройын, жынысын, дінін, отбасы мен отанын, ұлттық ерекшеліктерін сақтау мен өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің мүддесін қорғау үшін жанын қиюға дайын ететін ыстық сезім дейміз.

В.И. Дальдің түсіндірме сөздігінде намыс ұғымына мәні терең, мазмұны кең ұғым ретінде түрлі анықтамалардың берілуі де сондықтан. Бұл ұғымға адамның абыройын, адалдығын, кеңпейілдігін, таза пиғылын білдіретін сезім деген негізгі анықтама беріле келе, оның сан алуан мағынасы мен өзгешеліктері де бар екендігі ескертіледі. Сөздікте «намыс» сезімінің өзі кейде шартты, кейде алдамшы, «сасық намыс» түрінде көрініс беретіні де айтылады. С.И. Ожеговтың сөздігінде болса ар-намысқа төрт түрлі мағынада түсінік беріледі: Бірінші, адамның бойындағы сыйлау мен мақтауға тұрарлық моральдық сапалары,

тиістігі ұстанымдары; Екінші, жақсы, ешбір былғанбаған, аяққа тапталмаған репутация, абыройлы есім; Үшінші, пәктік, тазалық, бұзылмағандық, адалдық; Төртінші, құрмет, сыйлау. Яғни, намыс тек қана адами сезім ғана емес, ерекше моральдық категория, бұған қоса, заңмен қорғалатын әлеуметтік мәні зор, материалды емес адами құндылыққа да жатады. Жеке тұлғаның, ұлттың, діннің абыройы мен намысы заңның қорғауында. Ол бір жағынан әр адамның қоғамдағы алатын өзіндік орнын біліп, өзін-өзі бағалауын айқындаса, екінші жағынан қоғам тарапынан оның мойындалуына ықпал етеді. Намыс адамға сый-құрмет пен атақ-даңққа қол жеткізу үшін де аса қажет сапа. Айтқан сөзінде тұрып, уәдеге берік болу – тек намысшыл адамның ғана қолынан келеді. Сондықтан да, ар-намыс туралы мақал-мәтелдер әлем халықтарының фольклорында көптеп кездеседі. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы», «Ел намысы – ер намысы», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ат – шабысымен, ар – намысымен», «Батыр бір рет, қорқақ мың рет өледі» деген мақалдарды білмейтін қазақ жоқ болар. Өз заманында эл-Фараби бабамыз «Ар-ождан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты» десе, Абай атамыз «Пайда ойлама – ар ойла» деп қадап айтқан, М. Дулатов «Ар-намыс, махаббат болмаған жерде адамшылық жоқ», М. Әуезов: «Жалған намыс – қасиет емес, ар сақтаған – қасиет, ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза», Ш. Мұртаза «Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел» деген қанатты сөздерін тегін айтпаған. Елбасымыз Н. Назарбаев Абайдың 150-жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде

«Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл» деуінде терең мән бар.

Көріп отырғанымыздай, ар-намыс бастапқыда жеке адамға ғана қатысы бар қасиет сияқты көрінгенімен, оның мәні мен мазмұнына тереңірек үңілсек тұтас ұлтқа, ел-жұртқа қатысы бар кең ауқымды, қасиетті құндылық екенін байқаймыз. Өйткені, әр адам қандай да бір ұлттың өкілі болып табылады, белгілі бір дінді ұстанушы, әркімнің өз ана тілі, туып өскен Отаны бар. Бұған қоса, әрбір жеке адам өзін қандай да бір әлеуметтік топқа жатқызып (*жыныстық, демографиялық, кәсіби, азаматтық, мәдени, т.б.*), өзін-өзі айқындауы тағы бар (*идентификация*). Сәйкесінше, жеке адамдардың ар-намысының жиынтық сапасы түптеп келгенде қандай да бір ұлттың, елдің, діннің, әлеуметтік топтың ар-намысының деңгейін анықтайды. Кез-келген ұлт өкілдерінің ар-намысы қаншалықты болса, сол ұлттың ұлттық намысының сапалық деңгейі де соған сай болмақ.

Ана тіл мен ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу – ұлттық намыстың бастауы. Бауыржан Момышұлы кезінде: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам. Өз елінің бағасын білген пенде ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені, халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын» деген. Өкінішке орай, қазір кейбір қазақ бауырларымыз өзінің ана тілі – қазақ тілін білмейтініне ешбір намыстанбайды. Президентіміз Н. Назарбаевтың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген үндеуіне пысықырып та қарамайды. Керісінше, «Қазақша неге сөйлемейсіз?» деп сұрай қалсаңыз, «тілі бөлек» болғанымен, түрі мен есімі қазақы, өзінмен қандас адам бір түрлі намыстанып, дүрсе қоя береді. «Менде шаруаң болмасыннан» бастап, «тілдік дискриминация жасаушы», «арандатушы», «ұлтшыл», «нацпат» сияқты небір пәле-жалаға ұшыратып, басыңызды

дауға қалдырады. Сонда, мұны намыстың қандай түріне жатқызамыз? Қазақ тілін қазақтың өзі керек қылмай жатса, басқалар қайтсін?

Қазақтың ақиық ақыны Қадыр Мырза Әлидің:

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, – деген жыр шумағы түсінген жанды терең ойға салары сөзсіз. Қазіргі ақпарат ғасырында орыс қана емес, түрлі шетел тілдерін білу өткір қажеттілік. Бірақ, шет тілдерін білу үшін ана тілінді ұмытуың керек пе? Ана тілімізді бәсекеге қабілетті ету өзіміздің қолымызда. Ұлытауда берген сұхбатында Елбасы «...Қай-қайдағыны, ақырзаманды басқа орнатпай, Тіл туралы заңды қолданып, өзімізбен өзіміз қазақша сөйлесуіміз керек. Тілді қолданып, батыл сөйлеуіміз керек. Тілдің майын тамызып сөйлеп, басқа жұртқа үлгі көрсетуіміз керек» – деді. Әрбір қазақ өзінің ана тілін өзі құрметтеп, белсенді қолданып, жан-жақты дамытуға күш салса ғана мемлекеттік тіл ретінде шынайы дамитын болады. Сонымен қатар, тілдің дұрыс, сауатты қолданылуына да жіті бақылау жасалуы қажет. Қазір біздің әкімшіліктерде тіл комитеттері бар, бірақ, олар қанша қызмет атқарса да, көшелер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақша ақпарат пен жарнамалардағы қателерге көз сүрінеді. Жарнама жасаушыларға «қазақша айтылып-жазылды» деген аты болса, ал, жарнама берушілерге пайда тапса болғаны, бизнестің адамдары басқасына бастарын қатырмайды. Бай да көркем қазақ тілін қателермен шұбарлағандарына, ана тілдерін «сақаудың» сөзіндей бұрмалағандарына ешбір намыстанбайды. Ал, оның басты себебі – ұлттық рух пен намыстың орнын ақша мен пайда деген құндылықтардың басып кетуі. Айт, айтпа не керек, қазіргі нарықтық заманда ақшасы бардың асығы алшысынан түсетінін баршамыз мойындайтын болдық. Байлық пен билікке қол жеткізгендер табысты, бақытты, елге үлгі саналады. Атам заманнан бері «Байдың жүзі жарық, кедейдің

жүзі шарық» дейтін қараша қазақ байдың кекесін әзіліне, миығынан күліп, мүсіркеп айтқанына да, жасаған «сын-ескертпесіне» де ешбір намыстанбастан, қабыл алып, оған бас изеп, қошемет көрсетуге дайын. Ал, қолында байлығы жоқ болса да, оқығаны мен көңілге тоқығаны көп, мәдениетті зиялы қауым өкілінің шын жүректен, жаны ашып айтқан ақыл-кеңесіне қазақтың көпшілігі намыстана қалады. **Сонда не, бай адамның алдында құрдай жорғалайтын қазақтың намысын ақшаның буы мен байлықтың мысы басып кететін болғаны ма? Иә, рухани құндылықтар девальвацияланып, ақша мен материалдық игіліктердің парқы аспандап тұрған тұтынушылық қоғамның бүгінгі бет-бейнесі осындай.**

Жалпы, қазақтардың ұлттық намысы басқа ұлттарға қарағанда өзгеше. Үш жүзге кіретін түрлі ру-тайпалардың бірігіп, Керей мен Жәнібек хандардың бастауымен **Қазақ хандығын құрып, қазақ атты тұтас ұлтқа айналғалы бес жарым ғасыр болса да, рулық сана-сезім мен рулық мүдде әлі күнге дейін қазақтарда басым.** Обалы нешік, «Бар қазақ – бір қазақ» дегеннен гөрі, жүзге, руға бөліну бүгінгі қоғам өмірінде ішінара көрініс табуда. Жасыратыны жоқ, қарапайым адамдардың күнделікті өмірінен бастап, билік органдарына дейінгі аралықта рушылдыққа мән беретіндер баршылық. **«Жаман қазақ» десе селт етпейтін қазаққа: «Сенің руың жаман» – десеңіз болғаны, ол лезде шамданып, намысқа булығып шыға келеді. Жиын-тойда ру-ру болып, әзіл-шыны аралас, дауласып жатқан қазақтарды көрсек те, оған мән бермейміз. Оны әдеттегі, үйреншікті жағдай сияқты қабылдаймыз. Тіптен, кейбір рушыл қазақемдер мемлекеттік авто нөмірдің қабына, жалаушаға, киім-кешек, дүкен-тойханаға «Албан», «Найман», «Адай», «Божбан» т.б. қазақ ру-тайпаларының аттарын жазып алып, жүзшілдік пен рушылдықты сәнге айналдыруда. Ал, кейбір өнер иелері мен зиялы қауым өкілдері болса, аты-жөндеріне өздерінің шыққан руын қосып, псевдоним етіп жүр. Мұның барлығы бүгінгі қазақы қоғам өмірінің шындығы. «Жеті атасын білмеген –**

жетесіз» деген аталы сөзге жүгіну керек-ақ, өзіңнің арғы тегінді білген дұрыс. Бірақ, жүзге бөлінушілік, трайбализмге салыну дұрыс емес. Ішкі бірлігі болмаса, мемлекет құрушы төл ұлт өзінің ұлы миссиясын қалай жүзеге асырмақ? Тұтас ұлт болмасақ, қалай ел болмақпыз? Бәсекеге қабілетті ұлт болуға да кесірін тигізетін рушылдық пен жершілдік, клан мен команда сияқты кесапаттар. Бірақ, бұлар туралы ойланып жатқан қазақ жоқ. Керісінше, қолда барда қоныштан басып, рулас не жерлес «бөленше көкенің» көмегін дер кезінде пайдаланып қалуға тырысып бағуда. Осыған қарап, «Қазақтарда ұлттық сана-сезімге қарағанда рулық сана-сезім әлі басым болғаны ма?» – деген сұрақ көкейге келеді. Құқықтық сана-сезімнің орнын рулас, жерлес, клан-команда сияқты сыбайласудың арамза түсініктері басса, Ата заңымызда мақсат-мұрат етіп көрсетілген демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекетке қашан жетпекпіз? Түйіндеп айтсақ, қазақтар рулық сана-сезімнің деңгейінен шығып, ұлттық сана сезімнің деңгейіне көтерілмейінше қазақы рух та, ұлттық намыс та шыңдалып дамымайды.

Ұлттық намыс, рух пен жігер, сыншылдық пен шыншылдық жоқ жерде патриотизм даңғаза ұранға айналмақ. Орыстар «отансүйгіштіктің» мұндай түрін «квасной», «ура патриотизм» дейді. Мемлекеттік нышандарға құрмет те ұлттық намысқа байланысты. Исламда «Отанды сүю – иманнан» – деген қанатты сөз бар. Қазақтар да ер жігіттің үш намысы бар дейді: **бірінші** – иманы, **екіншісі** – Отбасы, **үшіншісі** – Отаны. Ел азаматтарының мемлекеттік нышандарды қастерлеуіне қарап олардың мемлекет азаматы ретіндегі сезімдерінің деңгейін, отандарының болашағына сенетінін, қандай намысқой патриот екендерін байқауға болады. Мысалы, Қытайдан елге оралған қандастарымыз, ақын Алмас Ахметбекұлының сөзіне жазылған Ермұрат Зейіпханның *«Көк тудың желбірегені»* атты ұлттық намысты жанитын патриоттық әні мемлекеттік нышанның құдіретті күшін көрсеткендей. Алайда, Иман азайды ма,

әлде басқа ма, қалай екені белгісіз, оқатекте Қазақ елінің нышандарын кейбір отандастарымыздың аяқ асты етіп, түрлі келеңсіздіктерге жол бергендеріне куә болып жүрміз. Қан қырғын соғыстың өзінде тудың жығылмауы үшін талай сарбаз жанын берсе, біздің кейбір сабаздар бейбіт күнде көк байрақты тулақ етіп, масқаралап жүр. Бұдан жекелеген азаматарымыз ұлттық намыс деген қасиеттен жұрдай екенін көреміз. Жаһандану жағадан алған қазіргі алмағайып заманда ұлттық рухы әлсіз, намысы жасық ұлттың болашағы жоқ. Ұлттық намыс болмай мемлекеттік тіл де дамымайды, өзіміздің ұлттық мүддемізді де қорғай алмаймыз.

Ұлттың намысы ұрпақтан ұрпаққа берілуі үшін оны бала жастан тәрбиелеп, болат қылышты тат бастырмаған сияқты, үнемі жанып, қайрап отыру қажет. Ал, ол үшін тәрбиеші ата-ананың ұлттық намысы берік болуы шарт. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақал тегін айтылмаған. Бауыржан Момышұлының «Балаларға бесік жырын айтатын келіндерімнің азайып бара жатқанынан қорқам, екінші, немерелеріне ертегі айтып беретін әжелердің азайып бара жатқанынан қорқам. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тындап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көр бола ма деп қорқам» дегені еріксіз ойға оралады. Ананың сүтімен, бала жастан берілген ұлттық тәрбиені көрген ұрпақ өзінің ұлтын да, ана тілін де, әйел затын да сыйлайтын болады. Ал, ананы құрметтеу, болашақ ана-қыздарды сыйлау ұлттық намыстың бір белгісі. Мысалы, кавказдық тау халықтары қызу қанды, намысқой мінездерімен белгілі. Ашық-шашық киінген, теріс жолға түскен тау елінің қыздарын көрмейсіз. Өзге ұлт өкілдері олардың қыздарына тиісуге батпайды: бір жағынан ар-намысты тау қыздарынан именсе, екінші жағынан, намысшыл да рухты тау жігіттерінен сескенеді. **Өкінішке орай, қазақ қыздары мен жігіттерінде мұндай намысқойлық қасиет аз кездесетін болып барады. Қаракөз қыздарымыздың арсыз жезөкше болуына, теріс жолға түсіп, жат жұрттықтардың қол жаулығына айналуы-**

на ата-ананың бейқамдығы, қоғамдық және ақпараттық ортаның теріс ықпалы сияқты факторлармен қатар, қазақтың жігіттері де кінәлі. Көптеген намыссыз жігітсымақтарымыз қыз-қырқынды алдап-арбап, ел аман, жұрт тынышта жаңғыз басты аналар мен тірі жетімдердің көбеюіне себеп болуда. Қазақтың қарадомалақ баласы қазақтың қаракөз қызын сыйламауы – өзінің ақ жаулықты анасын сыйламауы деп түсінуі тиіс. «Бір бірінді жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деген аталы сөздің мәні кең әрі терең. Сол сияқты, қыздар да өздерінің болашақ ана екендерін, қазақ ұлтының саны мен сапасына жауап беретіндерін үнемі естерінде сақтап, намысқа тырысулары қажет. Сондықтан да, ұлттық намысты бекітетін маңызды амалдардың бірі – иманды да ибалы тәлім-тәрбие. Ащы да болса, осы жерде айта кетерлік тағы бір қиын мәселе – жыныс намысы - еркек еркектік қасиетін, ал, әйел заты өзінің ерекшелігін сақтауында бүгінгі таңда өзекті тақырыпқа айналып барады. Батыс елдерінде туындаған бір жыныстылардың бір-біріне әуейі болып, неке қиып, тіптен, біржынысты «отбасылардың» бала асырауына дейін заңдастырылған. Батыстық бұқаралық мәдениеттің экспансиясы арқылы осынау қауіпті дерт әлем елдеріне жұқпалы аурудай таралып, Қазақ елінің де шегін шалып отыр. Алматының қақ төрінде, Құрманғазы мен Пушкин көшелерінің қиылысынан орын тепкен қызтекелер мен еркекшоралардың түнгі жынойнақ клубсымағының жарнамасын жасаушылар қазақ пен орыстың мақтанышы саналатын күйші Құрманғазы Сағырбайұлы мен ақын А.С. Пушкиннің әруақтарын қорлап, аттарына күйе жақты. Сөйтіп, екі бірдей ұлттың намысын аяққа таптады. Құқық жүйесін гуманды етеміз, батыстық қалыпқа (стандарттарға) сай қыламыз, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға басымдық береміз деп жүргенімізде, кейбіреулер сол бостандыққа мас болып, білгендерін істеуде. Құдай жаратқан еркек пен әйелдің жыныстық айырмашылығы мен табиғи заңдылықты бұзғандардың ар-намысы бар ма? Еркектік намыс, қыздың

ары деген қасиеттер оларға мүлдем жат па? Кезінде Кеңес Одағы тұсында біржыныстылардың төсектес қатынаста болуы ауыр қылмыс саналатын. Нәпсісін тия алмаған мұндай ар-ұятсыз азғындар қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылып, психикалық ауытқуы болса қоғамнан аластатылатын. Мұсылман елдерінде ондай оспадар қылық жасағандар тіптен өлім жазасына кесіледі. Ал, бізде болса, ондай анайылар тайраңдап жүр. Сонда, Қазақ елі ар-ұяттан безген намыссыз қызтекелерді бетімен жіберіп қоя ма? Оларды тезге салып, шектеуге болмай ма?

Жасалған талдау көрсеткендей, ұлттық намыс тақырыбы көптеген қоғамдық мәселелермен астасып жатыр. Әсіресе, ұлттық намыстың дамуына күшті ықпал ететін зиялы қауыммен мемлекеттік қызметкерлердің намысшыл болуы. Өйткені, олар қарапайым халыққа жөн сілтейді, идеялар беріп, идеологияны қалыптастырып, мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Қазақ жерін бөлшектеп, Ресейге қосуды көксейтін Жириновский, Лимонов сияқты арандатушылар ұлттық намысымызға тиіп жатса, ешбір қаймықпай, бірінші болып қарымта жауап беретін де рухы күшті интеллигенция мен намысты чиновниктер. Олар жасық болса, артындағы халқы кімге үміт артпақ? Алайда, біздің зиялы қауым ұлттық намысты қорғауға келгенде жұмылған жұдырықтай іс-қимыл жасай алмайтынын көрсетіп келеді. Ұлттық намысы күшті, азғантай ғана ұлт зиялылары еліміз бен жерімізге қатысты өзекті мәселелер туындай қалса, ешнәрседен тайсалмай, өздерінің пікірлерін ашық айтып, бас көтеріп, дауыстарын шығаруға даяр. Ал, қалғандары әліптің артын бағып, тасада тығылып отырады, бірақ, өзара дауласу мен жауласуға келгенде үдере түрегеліп, аяқ астынан намысшыл бола қалады. Қазіргі ақпараттық қоғамда ештемені жасыра алмайсың, мұның барлығын халық көріп, біліп отыр. Шенеуніктеріміздің де басым бөлігі ұлттық намыс туралы ойланбайтын да

сияқты. Оған шенеуніктер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қылмыстардың соңғы жылдары үдеп кетуі дәлел. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» демекші, Елбасының сенімін ақтамай, халқының аманатын сақтамай жүрген кейбір жемқор шенділер мемлекетіміздің дамуын тежеп отыр. Отанға адал қызмет ету, ел-жұртқа қамқор болу, ұлттық мүддені қорғау, аманатқа қиянат жасамау, заңды сақтау жемқорлар үшін бос сөз. Эгоизм мен ашкөздікке негізделетін қызмет бабын пайдалану, түрлі жолдармен мемлекеттік бюджетті тонап, халық пен қоғам игілігіне жұмсалатын қаржы-қаражатты талан-таражға салу, қысқасы, қайтсе де тез арада баюды көздейтін арамза ойдың жетегіндегі шенеуніктерде ұлттық намыс қайдан болсын. Бірақ, оның есесіне «билік пен лауазым өткінші нәрсе, мүмкіндікті жібермей байып қалайын» деген уақытша психологиямен жүрген шен-шекпенділердің көкірегін өзімшіл сасық намыс кернеп тұр. Қазақстан мықты елге айналуы үшін мемлекеттік қызметкерлеріміз сана-сезімдерін түзеп, бойларындағы ұлттық намыстарын жанып, ұлттық мүддені бәрінен де жоғары қоятындай етіп дамытуы қажет.

Ұлттық намыс кешенді мәселе болғандықтан, тарқатып айта берсек, ойдан ой туа бермек. Жоғарыда айтылған ой-толғамдарды «Қазақ үшін ұлттық намыстың құны қанша?» – деген сұраққа жауаппен қорытындылағанымыз жөн сияқты. Біле білсек, қазақ үшін де, кез-келген басқа ұлт үшін де, ұлттық намыстың құны шексіз. Ол ұлтты ұлт ететін басты сапалардың ішіндегі маңдай алдысы. Сол қадір-қасиетті ұстанған ұлт қана өзінің ұлттық тілін, дінін, салт-дәстүрін, елін, жерін және басқа да ерекшеліктерін сақтап, одан әрі дамып, сол бағыт-бағдарды ұстанған мемлекет қана өзінің ұлттық мүдделерін ешбір қаймықпастан қорғай алады. Намысы бар ұлттың рухы да биік. Сондықтан, Қазақ елінің намысын қолдан бермеу үшін әрбір қазақстандық азаматтың бойында ұлттық намыс пен рух күшті болуы қажет.



Айнұр ТӨЛЕУ,
журналист

Надандық намысы – жалған жігер

Адами құндылықтың төресі – намыс деп ұғамын. Бұл ұғым жас таңдамайды. Бірақ, сана мен парасат талғайды. Яки, біз қай тұста намыс жыртуымыз қажет екенін миымызбен басқара алмасақта, ақылмен сараптай алуымыз қажет. Әдетте, деректі ұғымға анықтама беру оңай. Түсі көк, иіссіз, жұмсақ деп деректі зат есімдер туралы анықтама айтуға болар, ал, көкірек көзімен зерделенетін ұғымдардың барлығы да дерексіз зат есімдер. Тек, олардың адам көкірегіне орныққан немесе орнықпағандығын әрекет арқылы байыптауға болады. Намысқа «Қазақ Энциклопедиясында»: «**Намыс адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресуден көрініс табады**» – деп анықтама берген.

Адами танымының тағы бір қырына қайран қаламын. Бізде жоқ дүние бізді жиі мазалайтын болады. Бақытсыз адам бақыт туралы жиі айтқыш. Себебі, ол оған зәру. Қапастағы адам ғана еркіндіктің парқын біледі. Дәл сол секілді, біз намыстанғанда ғана осы уақытқа дейін намысты мүлгітіп алғандығымызды байқаймыз. Мүлгіген сөз бе екен, өліп қалған намыс та болады. Ал, намыссыз болмыс иесін айтқаныңа көндіріп, айтағына жүргізу оң-оңай. Егер, бізде ұлттық намыс болмаса, «жер біздікі» деген түсінік те болмайды. Бұл далада қалыптасқан тарих пен мәдени мұраларға да иелік етудің қажеті ша-

НАМЫСТЫ ЖОҚТАУ...

малы болып қалады. Сондықтан, қай ұлттан екенін түсінбей қалған адамға сұрақ қойғанымда «бастысы мұсылманмын» деген жауап менің көңілімді көншітпейді. Ол әлгі адамның ұлттық намысының солып бара жатқанын аңғартады деген сөз. **Намысты өлтірудің сан түрлі күйтыркы жолдары бар. Себебі, намыссыз әскер шайқаста жеңіліс табады. Намыссыз қыз «кету мұратын» өз ұлтының азама-тынан іздемейді. Сонымен, біздің ұлттық намысымыз қандай? Өліп қалды ма? Сөніп бара жатыр ма? Әлде лаулап жанып келе жатыр ма? Бұл сауалдарға ой қорыта келе өзіңіз жауап қайыарсыз. Ал, мен жоғарыда айтып өткенімдей ұлттық намыстың бар жоғын әрекет арқылы бағамдауға тәжірибе жасап көргенмін. Соны ұсынбақпын.**

Тәжірибе тәлкегі

2004 жыл. Бірінші курс студентімін. Қазақстан тарихы пәні басталды. Аудиторияда жүз студентпіз. Лектор сабаққа кіре салысымен қазақты жамандауды бастады. «Сендерге ешқашан бірлік дегенді білмеген, бірінің артынан бірі тартқылап, бірінің көзін бірі шұқитын қазақ деген көшпелі халықтың тарихын оқытуға келдім. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғой бұл далада мәдениет болған деп өршелене сөйлей бастадық. Шындығында, байлық бір жұттық деп малын айдап, малмен бірге мал болып жүрген ұлтта не қылған мәдениет. Мен де қазақпын. Бірақ... соншалықты мақтанбаймын. Қысқасы аң секілді соғыстан көз аспаған қазақтардың даласында құрылған мемлекеттер туралы сөз қозғайтын боламыз. Сендер сақтардың, ғұндардың ұрпақтарымыз деп еңселерінді көтеріп жүріңдер, бірақ, іштей азаптан арылмаған, ұйқыдан көз аспаған сорлы екенімізді білсеңдер

болғаны. Өз арамызда қалсын бұл әңгіме» деген кіріспе сөзінен кейін лекцияны бастап кетті. Байқаймын, бұл кісі лекциясының барлығын кіріспемен бастайтын секілді. Келесі күні кіре салысымен дәл алдында отырған баланың руын сұрады. Әлгі бала «Найманмын» – деді. «Наймандар ең оңбаған ру. Шоқынған, ұшынғанның барлығы осы рудан шығады», – демесі бар ма? Әлгі бала атып тұрды да: «Бір шоқынған Найманды көріп бәрі сондай деп айтуға бола ма екен?» деп қарсы тұрды. Мұғалімге қарсы келгені үшін, оның аудиториядан шығуына тура келді. Кезек Шапыраштыларға жетті. «Шапыраштылар негізі қазақ емес. Олар Жетісу жерін мекендеп отырған моғалдар болатын. Керей мен Жәнібек қазақ хандығын құрып Моғолдардан жер алмаушы ма еді, міне, сол моғолдар солар. Жерлерінің атауы да бұған дәлел. Қазақта Қаскелең, Шамалған, Дегерес деген сөз бар ма, айтындаршы?» Бағанағы Найман баланы жамандағанда бүкіл аудиторияның езуі тартылып, Найман жаман деген сайын жандары кіре бастап еді. Бұл жолы да дәл сондай. Бірақ, езу тартушылардың саны бесеуге кеміді. Себебі, ол бесеуі Шапырашты екен. Алғашқы кейіпкердің кейпін киіп, олар да аудиториядан алшақтатылды. «Анау алтауы босқа далаға шығып кетті. Рудың ішінде ең мүттәйімі – Төрелер...» Арамыздан төре де тысқа шықты. Солай жалғаса берді... Мұғалім тысқа шыққандарды кіргізді. «Біздің қазақта рулық намыстан ұлттық намыс төмен тұрады. Мен бұл тәжірибені бірінші рет өткізіп отырған жоқпын. Өкінішке орай, кеше ешқайсысың қазақ деген сөзге байланысты намыс жыртпадыңдар. Бұл қалай болғаны, балалар?». Осы кезде кешелі бері жек көріп жүрген мұғалімнің бағасы мен үшін асқақтай түсті. Бірақ, қазақты мен де жанұшыра қорғаштамадым, руымның атын естігенде қызыл кеңірдек болып, мен де аудиториядан тысқа қуылдым. Одан кейін бұл тәжірибені мен жеке адамдарға жүргізе бастадым. Он жыл өтті сол мұғаліміміз секілді мен де күрсініп келемін.

Қасірет күлкісі

2008 жыл. Қалам тербеп жүрген бір әріптесім жеті атасын білетінін айтып мақтанды. Бабасын білгеніне ішім жылыды. Бір күні жетіден де көп атасын, түп аталарын тапқандығын айтып қуанып келді. «Ал, аталарыңды айта түс, тегінді тани жүрейік», деп қалжыңдадым. Ол да осы ұсынысты күтіп тұр екен: «Сен өзі менің Төре екенімді білуші ме едің?» – деді. Шынымды айтсам, әлгі оқиғадан кейін ешкімнің руын сұрамауға, өзімдікін де айтпауға тырысатын болғанмын. Бірақ, ондай адам болу біздің қоғамда өте қиын. Біреудікін сұрамасаң да өзі айтады. Өзің айтпайын десең де жан алқымыңнан алып, туған жерінді, әкеңнің қай жердің тумасы екендігін сұрап жатып біліп алады. Сонымен, әлгі жігіт әңгімесін былай жалғады: «Мен Төремін ғой. Менің арғы бабам Шыңғыс хан. Бұл елді біз басқаруымыз керек» – деді де қоғамдағы келеңсіздіктерді тізбелей кетті. Соңғы рет қасыреттен күлгенім сол кез шығар. Өзін Шыңғыс ханмын деп есептейтін сабаз бір байдың жалғыз қызын жар етіп, қайын жұртымен бірге жақсы жағдайда тұрып жатқан болатын. Онысын бетіне бассаң «байдың асын байғұс қызғанышты» деген сөзді айғақтай түсермін дедім де ызамды күлкіге айналдырдым.

Өмірдің өзінен

2009 жыл. Осы жылдың тоғызыншы айының тоғызыншы күнінде ұлды болдым. Әріптестерім есімін Алаш қойғаныма қуанысып, «Алаштың анасы» бол деген тілектерін айтып жатты. Баланың қырық күндік күтіміне байланысты ауылда болдық. Алайда, Алаш деген есімге сүйсінгендерден таңырқағандарды көп кезіктірдім. «Ол не деген сөз» деген сауалдан құлағым сарсып кетті. Кім үшін жазып, кім үшін жақ талдырып жүрміз деген сұрақ қойдым? Қуантарлығы бүгінде әжесі мен атасының баласына айналған сол ұлдың арқасында Алаш деген сөзді күллі ауыл біледі. Қазақы танымдарды білсін деген мақсатпен оның ауылда өсуіне шешім қабылдағанбыз. Бірақ, анау күні сол Ала-

шымнан «ұлттың қандай» деп сұрадым. Сөйтсем, балам руының атын айтып бетіме қарап тұр. Атына заты сай болсын деп «Алыстан Алаш десе аттанамын, Қазақты қазақ десе мақтанамын...» деген М. Дулатовтың, жалпы алаштықтардың өлеңдерін жаттатып жүргенімді қайтейін? Оның себебі, атасы солай үйретіп жатыр. Онысымен қоймай өзге туыстар да келе сала «кімнің баласысың» деген сауалдан кейін міндетті түрде руын сұрайды. Ол біліп жатса бәрі мақтап, ал, атасы мақтанып шыға келеді. Бесіктен беліміз шықпай жатып руымызды танып, онымен мақтану керектігін көріп өссек, әрине, бізде рулық намыс ұлттық намыстан жоғары тұрады. Бізді де солай өсірген.

Рудың иісі де болады

Журналистік жолсапармен жүріп рудың иісі болатынына әбден көзім жетті. Бұрын біздің үйде, ауылда, аймақта ғана сондай шығар деп ойлайтын едім. Ол былай... Нағашына барсаң «Жиен ел болмас» деген мақал естисің. Тіпті, ел арасында «сасып кету» деген ұғым бар. Мәселен, менің нағашым Албан болса, сол жұртқа қыдырып барып келген соң, үйдегі үлкендер сағынышын басу үшін маңдайыңнан иіскейді де: «Түһ, Албан сасып кетіпсің ғой, жуыншы» дейді. Осыдан кейін дүниедегі ең жұпар иіс менің ғана руымда бар екен деп ойламай көріңіз. Бала көңіл шынымен де рулардың иісі бар екен, оны тек қана үлкендер ажырата алады деп қабылдайды емес пе?

Тобықтай ғана түйін

Біз тағы «қазақтар әлі ұлт болып қалыптасқан жоқ» деген пікір естісек намыстанамыз. Неге? Олай емес екенін дәлелдеуге жанымызды саламыз. Ақиқатында ұлт екендігімізді дәлелдеу өзімізден ғана басталады. Қазақта жоқтау деген салт бар. Өмірде жоқ адамға ғана жоқтау айтылады. Кеудеде жоқ намысқа да жоқтау айтпай тұрғанда ұлттық намысты аман алып қалайық. Әйтпесе, руга арқа сүйеп жүріп ақыры ұтыламыз, жұтыламыз.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста

- Адам баласына адам баласының бәрі – дос.
- Адам баласының ең жаманы – талапсыз.
- Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ.
- Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет.
- Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.
- Ақырын жүріп, анық бас.
- Асығыс түбі – өкініш.
- Әрбір жаманшылықтың, жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.
- Әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде, яки эне-міне жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.
- Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілікті бітіреді, күншілік күншілікті қозғайды.
- Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен.
- Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады.
- Әрбір қайратсыз қорқақ мақтанғыш келеді.
- Әрбір мақтаншақ қорқақ ақылсыз, надан келеді.
- Әрбір ақылсыз надан арсыз келеді.
- Әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.
- Бақпен асқан патшадан Мимен асқан қара артық.
- Балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман игіткатқа [1] да қиянатбірлән болады. Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман.
- Балаң бала болсын десең, оқыт, мал аяма!
- Білімсіздік хайуандық болады.
- [Біреу] жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам.
- [Біреу] өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес.
- [Біреу] өз үйіне келіп айтпаса, яки аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы ләкин өзі адам емес.
- Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ – ол өзі де бір антұрғандық.
- Біреуді ызаландырмақ – шариятта харам, шаруаға залал, ақылға теріс.
- Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!
- Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.



Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
«Ақиқат» журналы

ҰЛТШЫЛДАР – ҰЛТШЫЛДАР ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТШІЛ ҚАУЫМ

немесе

**азаматтық қоғамға жетуді пиғылды
түзеуден бастау керек**

Осыған дейін Қазақстанда азаматтық қоғам құрудың алғы шарты ретінде бірнеше идея өмірге келді. Алғаш рет, 2000 жылдары қарсаңында, бір топ бизнесмендер президентке хат жазып «қазақстандық ұлт» идеясын ұсынды. Әрине, әуел баста бұл идея «азаматтық қоғамды тезірек орнатсақ» деген ізгілікті ниеттен туындағанына күмән жоқ. Себебі, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бизнес пен кәсіпкерлікте, қаржы жүйесінде біршама жетістіктерге жеткен жаңа буын өсіп шықты. Олар кеңестік заманнан қалған құрсауды бұзып, алыс шетелдерге сапарлап шыға бастады. Онда бара жүріп дамыған елдердің тұрмыс жағдайы, кәсіпкерлігі, бизнестің ыңғайы қаншалықты озық екенін көрді. Сонымен қатар, олар ол елдердің азаматтары үшін ұлтынан азаматтығы жоғары тұратынын білді. Біз де тезірек сондай жағдайға жетсек деп армандады.

Міне, олардың санасында «қазақстандық ұлт» идеясының тууы, оны қоғамның алдына қоюы сол себептен туған еді. Бірақ, кез келген идея қаншама ізгі ниеттен туса да, оның негізінде білімсіздік жатса – қоғам үшін соншама зиянды болып шығуы мүмкін. «Қазақстандық ұлт» идеясының тағдырына сол жол жазылыпты. Өйткені, оның негізінде бір-біріне «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» өзгешеліктерді теңестіру, біріктіру жатқан еді. Соның байыбына бармаған біздің «жас бөрілер» қатты қателесті. Әйтпесе, оларды «білімсіз еді» деуге ауыз бармайды: әрқайсысы Мәскеуден білім алған, тәуелсіздіктен кейін ағылшынша үйреніп, шет елде оқып келген... Дегенмен, адамға өз ұлтының

тағдырына қатысты әрекетке бару үшін білім аздық етеді. Адам ұлтының жағдайын ойлардан бұрын өзіне «мен ұлтымды танимын ба?» деген сұрақты қоюы қажет. Яғни, адам өзінің ділі мен рухы, дүниетанымы ұлтының мәдениетімен қаншалықты астарласып жатқанын анықтап, оны саралап алуы тиіс. Міне, «қазақстандық ұлтты» көк-сеген біздің «жас перілерде» осы қасиет жетіспеді. Олар өзге діл-мәдениет аясында қалғандықтан, өз ұлтының болмысын «илеуге икемді балшық» секілді санады, оған «қай қалыпқа салсаң да обалы жоқ, бәріне үн-түнсіз көнетін жансыз-рухсыз материал» деп қарады. Сондықтан, «қазақстандық ұлт» идеясы бастапқыда «тезірек азаматтық қоғамды орнатсақ» деген мақсатпен өмірге келсе де, өзінің түпкілікті мағынасында «шолақ ойдың» ең бір жарқын көрінісіне айналды.

Шын мәнісінде, олардың ескермеген мәселелері мыналар еді: біріншіден – Қазақстандағы қазақ ұлтының орнын өзге мемлекеттердегі ұлттық қатынастармен теңестіруге болмайтыны. Себебі, тарихтың объективті логикасына сәйкес, Қазақстан өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялағанда оның мағынасында «қазақ ұлтының мемлекет» деген түсінік жатқан еді. Өйткені, белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты мұнда көп ұлттың өкілдері тұрып жатқанымен, бұл мемлекет қазақтың мемлекеті болатын. Тарихи әділеттілік соған келіп тірелгенді... Ал, өзге ұлттарға бұл «атамекен» бола алмасы анық, өйткені, олардың әрқайсысының өз ұлттық мемлекеттері бар. Ендеше, «қос азаматтылықтың» болмайтыны сияқты – «қос ұлттылық» та табиғатта жоқ нәрсе болатын. Сөйтіп, «жас түркілер» болмайтын, болуы мүмкін

емес нәрсені болдырамыз деп бекерге әуре болғандарын түсінбеді; **екіншіден** – қазақ ұлты тарихта әділетсіздіктің азабын көп тартқан тағдырында талай ауыр зұлматтар мен апаттарды бастан өткерген ұлт. Ол тарихи жадыдан ешқашан ұмытылмастай, санада терең із қалдырды. *Сондықтан да, тәуелсіздікпен бірге халықтың «ұлттық арманына енді бет бұрамыз ба» деген үміті оянған шақта – оны қайтадан «ұлтсыздандыруға» шақыру, яғни, аты бар да заты жоқ «қазақстандық ұлт» атандыру – қазақ санасында тәуелсіздіктен, «мемлекеттің егесі» мәртебесінен ажыраумен теңе-тең деп қабылданды; үшіншіден* – көпұлтты Қазақстанды бір ғана ұлт – «қазақстандық ұлт» етіп біріктіру идеясы шынайы азаматтық қоғамға тән демократиялық үрдіске қарама-қайшы құбылыс. Өйткені, қазақ ұлтын ғана емес, еліміздегі өзге ұлттарды да «ұлттық статустан» айыру – әр адамның таңдау құқыын шектейтін волонтаристік қадам болып шығары анық. Бұл – демократияны дамыту жолында дін бостандығын, сөз бостандығын паш еткен елдің, сонымен қатар, «ұлтын таңдау бостандығын» да қамтамасыз етуі қажеттігін түсінбеуден болған еді; **төртіншіден** – егер, демократия дегеніміз белгілі бір деңгейде «азшылықтың көпшілікке бағынуы» болса, онда елдің жетекші ұлты саналатын – қазақ ұлтының мәселесі шаш етекпен болып тұрғанда, оны ысырып тастап, «қазақстандық», яғни, «азаматтық қоғамға» осындай оңай да тез жолмен түбегейлі ауыса саламыз деу утопия еді; **бесіншіден** – ұсынылған қалыптағы «қазақстандық ұлт» идеясы қоғамды шиеленіске бастайтын, көптеген ұлттардың «көпұлтты Қазақстанды» бөлшектеу ниетіне, яғни, сепаратистік пиғылдың өршуіне апаратын, бұл өз кезегінде мемлекет тұтастығын сақтау үшін билікті демократияны шектеуге, тоталитарлық әрекеттерге баруға итермелейтін өте қауіпті идея еді; **алтыншыдан** – бұл идея жүзеге асуы барысында өз мемлекетін «унитарлы мемлекет» деп атаған қоғамның «ұлттық мүдде үшін жұдырықтай жұмылуына» кереғар келіп, елдің әлеуметтік-экономикалық-мәдени дамуын көп жылдарға шегеретін кертартпа тетікке айналатын қадам еді. Идея осыны түсінбеуден туындаған десе болады. Мінеки, осы айтылғандардан біз

«азаматтық қоғамға жету» дегеніміз жалаң ұрандату емес, ұлттың немесе мемлекеттің атын өзгерте салу емес, ол – қоғамның эволюциялық өзгерістерге ұшырай отырып, бүкіл мемлекеттік жүйені демократияландыру арқылы қол жеткізетін ұзақ жол екендігін көреміз. Сондықтан, «қазақстандық ұлт» идеясының пайда болуының екінші бір ұшығы деп – сол кезде қоғамда өрши бастаған «демократиялық емес құбылыстардың» – жағымпаздық пен жарамсақтықтың да ізі бар екенін жасырмай айтуға тиістіміз. Сірә, өздеріне бар жақсылықты аямай жасап отырған президентке олар осылай қолдау білдіреміз деп ойлаған болуы мүмкін. Тек қана ол «қолдаулары» қолдау болмай, өз ұлтын «қорлау» болып шыққаны өте өкінішті.

Бірақ, қоғамның көзі ашық азаматтары дер кезінде «азаматтық танытып» қарсылық білдіргендіктен – бұл идея өміршен бола алмады. Осы идеяның тамырын басып көрмек болған президенттің «осылай етсек қалай болады» деуі мұң екен, бірқатар басылымдар «қазақстандық ұлт» бола кетсек, ол бізді бірден ұшпаққа шығаратындай қолдай жөнелді. Бірқатар ғылым докторлары мен академиктер шұғыл түрде «осылай етсек қана азаматтық қоғамға қол жеткіземіз» деп, мақалалар жазуға кірісті. Тек халық қана сабырлылық танытып, өзінің «қазақ» атынан ажырағысы келмеді. Ұлт өз өкілдерін алаңдарға шығарып, митингілік наразылықтарға дейін барды. Соңынан ол доктринаның еш қауқарсыз, бос идея екеніне көз жеткесін – одан биліктің өзі бас тартып, ұлт патриоттарының уәжіне құлақ асты. Әйтсе де, «қазақстандық ұлт» идеясын басқаша мағынада, астарлы түрде халық санасына сіңіру әрекеті одан әрі жалғаса берді. 2006 жылдары баспасөз беттерінде «елдік сана» мәселесі көтерілді. Оның авторы елге белгілі философ-академик болатын. Ол ұсынған концепцияда: «Қазақстанда ұлттық мәселе жоқ. Ұлт ұғымы капиталистік қоғамның сарқыны. Қазіргі Қазақстан халқы енді «елдік» деңгейге жетті. Тәуелсіздікпен бірге біз ел болдық, сондықтан, «ұлттық» ұғымын «елдікпен» алмастыру – қоғам дамуына жаңа серпін береді» деген мазмұнда болды. Шынында да, өте әдемі концепция! Бірақ, өмірдің өзі дәл

осылай болып жатса қанеки! Тарихқа көз салсақ, қазақ халқы небір қиын замандарда «елдігін» ту етіп ұстағанын көреміз. Оның да жөні бар, өйткені, «Ел» төңірегіне топтасқан рулардың барлығы өздерін «қазақ деген жұртпыз» деп санады (*Ұлт деген ұғым жоқ ол кезде*). Бұл жұрт – тілі, салты, дәстүрі бірегей, бір-бірімен құда-жекжат, арғы тегін бір атаға әкеліп тірейтін, өзінің «қазақтығына» күмән келтірмеген, қазақы біртектілігінің шайылып немесе «елдіктен кетіп» өзгеге жұтылып кету қаупі төнбеген жұрт болатын. Өз тілінен басқа тілі жоқ жұрт еді! Қазіргідей тілдік және діндік тұрғыда бөлінбеген. Бірақ, ондай «елдікті» паш ететін жағдай келмесе кеткен жоқ па? Бүгіндері қазақ жерін мекен етіп отырған көптеген ұлттар өздерін қазақпен бірге «бір елміз» деп санай ала ма? Олар егер де Украинадағыдай жағдай қайталанса «елдігін» ұмытып, қазақ ұлтын іштен шалу әрекетіне бармайды деуге толық кепілдік бар ма? Олай деп сеніммен айта алмай отырмыз ғой... Елбасының өзі де ол туралы үнемі ескертіп келеді. Ендеше, «елміз» деп өзімізді өзіміз алдарқатқаннан не ұтамыз? Олай болса, түпкілікті мағынасында «ел» ұғымының «қазақстандық ұлт» ұғымынан қандай айырмашылығы бар?

Дұрыс, біз қазір де ел бола аламыз, елміз де! Бірақ, мемлекеттің «көп ұлттылық» жағдайында мемлекеттің халқының тұтасып «Ел» болуы үшін мынадай шарт орындалуы тиіс: «барлық ұлт өкілдері бір тілде сөйлеп, оларды бірегей салт-дәстүр, бір дін, бірегей діл біріктіріп тұруы қажет» деген. Онсыз «ел» деген объективті мағынасы жоқ, тек қана абстракциялық ұғым болып қалмақ. Міне, сөйтіп, бұл – «Ел» ұғымы да қазіргі жағдайда еліміздегі ұлтаралық қатынастарды бейнелеуге жеткіліксіз екендігін көреміз. Оған жету үшін тарихшы Ғалым Әзімбайдың айтқанындай «біз өзге ұлттарды ассимиляцияландыру үрдісін бастан өткеруіміз қажет». Тек, содан кейін ғана Қазақстанда «Ел» мәселесін қайта қарауға болады, әрі, ол сол жағдайдағы объективті шындықтың көрінісі болып шығады. Сондықтан, жоғарыда аталған жолдармен, мейлі ол «қазақстандық ұлт» болсын, мейлі «ел» ұғымы болсын, «азаматтық қоғамның сыртқы

атрибулттарын қалыптастырамыз» деу – жасандылық, бекершілік. Турасын айтқанда, әрбір қазақ өз ұлтының болашағына қатысты әрекетке барғанда жеке бастың мүддесінен аулақ болса, қанеки! Адамның намазға жығылудың алдында дәрет алары сияқты, ел тағдыры туралы ойға барғанда, адам өз пиғылын да бөтен ойдан тазартып алуы қажет. Біздің санамызда «қазақ тағдыры – өз тағдырым» деген түсінік қалыптаспайынша – ешқандай да азаматтық қоғамға, «елдік санаға» жете алмайтынымызды білуге тиіспіз! Ендеше, өз пайдасын ойлап ұлт тағдыры мәселесінде жалған «теориялар» жасаушыларға «ұлттың, халықтың тағдырмен ойнауға болмайды!» деген дұрыс.

Сонымен, бұл мәселе онымен де тоқтамады. Мәселе шиырлап жүріп, Елбасы паш еткен «Мәңгілік ел» концепциясына ұласты. Көпке ұзамай-ақ, Елбасы айтқан «Мәңгілік ел» идеясы әдебиет пен өнерде, архитектуралық ансамбльдерде көрініс тауып үлгерді. Дегенмен, бұл концепцияны да сынға алушылар табылды. Ол «мәңгілік Құдайға ғана жарасады» деген діни көзқарастағы сын болды. Бірақ, бұл сын да сын көтермейді десе болады. Себебі, адамзат (халық, ұлт) саналы тіршілік иесі болғандықтан, Жаратушы оны осылай жаратқандықтан, ол (адамзат) – Алланың құдіретін өмір бойы тану үстінде болады. Мұндағы айтылған «мәңгілік» ұғымы да сол қатардан, яғни, «мәңгілікке ұмтылған ел ешқашан Құдайын ұмытпайтын ел» деген мағынаны білдіреді. Сол себептен «Мәңгілік ел» дегенді күнәға жатқызудың өзі – күнә! Ал, шындығына келсек, бұл концепция қоғамдық бірлікті сақтауда осыған дейін ұсынылған концепциялардың ең залалсызы десе болады. Өйткені, ол ұлтты ұлттығынан ажырататын «қазақстандық ұлт» немесе бүгінгі заманда «айдалада ақ отау, аузы мұрны жоқ отаудай» сезілетін «ел» идеялары сияқты шиеленіске бастайтын идея емес. Елбасы айтқан «Мәңгілік ел» идеясы «ұлттық арман» ретінде ұлттық санада өмір сүріп, халықтың көкейкесті мүддесін бейнелеп тұр. Болашаққа бағытталған амбициясын көрсетіп тұр. Оның

несі айып? Тек, «Алла халықты арманынан ажыратпасын» деп жүре береміз-дағы...

Сонымен, жоғарыда айтылған идеялардың түпкілікті мақсаты азаматтық қоғам құруды көздегені анық еді. Бірақ, бұл идеялар азаматтық қоғамның қалыптасуы қоғамда қайнап-пісуін қамтамасыз ете алмайтын төңкерілген қазандай идеялар десе болады. Оны түсіну үшін «азаматтық қоғамның» негізгі белгілеріне тоқталу қажет:

1. Азаматтық қоғамда мемлекет пен азаматтардың өзара жауапкершілігі сақталады. Билік мемлекеттік қызметкерлердің қоғамға адал қызмет етуін заңдар арқылы бекітіп, оны қадағалап отыру тетігін азаматтық қоғамға береді. Сонда, заң алдында барлық азаматтар тең болады. Ондай қоғамда Гегель айтқандай «заң саналы түрде мойындалатын, қажеттілікке айналатын» (*свобода – осознанная необходимость*) жағдай орнайды. Керісінше, демократиялық емес мемлекеттерде заң азаматтардан ғана талап етіледі де, билік өкілдері заңды үнемі өздеріне пайдалы жаққа бұруға тырысады. Өкінішке қарай, бізде қазір осындай жағдай қалыптасты. Біздегі билік пен бизнес өзара бірігіп, сыбайласқан жүйе құрып алған. Тіптен, тұрмыстық деңгейде байлар мен «билер» өзара құда-жекжат болуға көшкен... Сөйтіп, билік – байлықтың, байлық – биліктің кепілдігіне айналды. Қоғамдағы коррупциялық әрекеттердің өміршеңдігі де осыдан туындап жатыр. Ал, азаматтық қоғамныңықпалы жоққа тән. Өзара сыбайласқан билік пен бизнес өкілдері тек қана өзін-өзі қорғайтын жүйеде өмір сүруге көшті. Елбасы жыл сайын осы қалыпты бұзуға бар күшін жұмсаса да, әзірге нәтиже шықпай отыр. Міне, сондықтан да бізде халық пен одан бөлек кеткен биліктің ешқашан да өзара ымыраға келіп, «қазақстандық ұлт» немесе «бір ел» бола алмасы анық! Оны түзеу үшін еліміздегі біршама заңдарға түзету енгізіп, билік тарапынан азаматтардың заңды құқын аяққа таптау әрекеттері қатаң түрде жазалануы тиіс. Сонда ғана екі арада «сенім көпірі» орнап, азаматтық қоғамның негізі қалана бастайды. Біртіндеп «билік – халық қызметшісіне» айналады.

2. Біздің ел көп салалы экономика-

ны дамытуға әлі де қол жеткізе алмай келеді. Бұл да азаматтардың белсенділігін арттыруға кедергі болуда. Қазіргі кездегі дамыған сауда және ресторандық қызмет жүйесі тек белгілі топтардың үлесінде. Олардың қожайындары мұндай көл-көсір пайда әкелетін бизнестен бас тартып, өндірістер ашуға, оны дамытуға қоғамның интеллектуалды әлеуетін жұмылдыруға ықыласты емес. Ол аз десеніз, біздегі ықпалды тап оған қабілетті де емес. Себебі, олардың күнделікті көл-көсір табысы оларды өндірістің қырсырын игеруге, қоғамның даму тенденцияларын зерттеп, саралап отыруға, сұраныс пен қажеттілікті анықтауға, сөйтіп, мемлекеттің және оның адами капиталын арттыруға, қоғамды жаңа сатыға сүйреуге, күрделі технологияны игеру арқылы өздерінің де адами және кәсіби болмысын жетілдіруіне стимул бола алмай-ақ келеді. Біздің Мәкелер мен Сәкелердің бар білетіндері «өздерін өздері қолпаштау» немесе «байлықтарын таластыру», не, қажет болса «аяқтан шалу». Одан әріге аса алмай келеді... Мұндай жағдайда да «Мәке мен Сәкелер» ешқашан «азаматтық қоғам» бола алмасы анық. Ал, олардың «мемлекет пен халық мүддесі жолында» басы бірікпесі – айтпаса да түсінікті.

Әрине, азаматтық қоғам туралы бұл пікірлерді одан әрі жалғастыра беруге болады. Бірақ, біз осы айтқанмен шектелейік. Ең бастысы, ондай қоғамға жету үшін бізге ПИҒЫЛ тазалығы керек болып тұр. Сол бар ма? Халықта ол бар. Ол туралы қазір «ұлтшыл» атанған азаматтар үнемі айтудайын айтып келеді. Бірақ, олардың әділ сайлау туралы, жергілікті өзін-өзі басқару туралы, ұлттық байлықты халықтың игілігіне жарату туралы сөздеріне осыған дейін құлақ асты ма? Сондықтан, мен «ұлтшылдар – ұлтшыл емес, мемлекетшіл қауым. Олар болашақ азаматтық қоғамның қанатымен су себелеген алғашқы қарлығаштары» дер едім. Өйткені, олардың талабы тек қазақ ұлтының ғана емес, Қазақстанда өмір сүріп жатқан барша азаматтардың көкейіндегі талап. Ал, «қазақстандық ұлтпен» шектелетін халық көшін бастағандарда ше? Олардың пиғылы неде? Міне, осыны білу біз үшін аса маңызды! Әлі де кеш емес...



Сайын БОРБАСОВ,
саяси ғылымдарының докторы,
профессор

БАСҚАРУШЫ ЭЛИТА ҰҒЫНБАЙ ЖҮРГЕН ЖАЙЛАР НЕ?

Елбасы мемлекет атауын өзгерту туралы мәселені халық назарына ұсынғаны белгілі. Бұл идея «Мәңгілік Ел» идеясымен тұстас мерзімде көтерілді. 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Н.Назарбаев «Мәңгілік Ел» болу ұлттық идеяға айналуы керек деген пікірін айтса, бір айдай уақыт өткеннен кейін Атырау облысында болған жұмыс сапарында «Қазақ Елі» атауы Қазақстан атауын алмастырса дұрыс болар, – деген пікірін ұсынды.

Сөз жоқ «Мәңгілік Ел», «Қазақ Елі» ұғымдары аса тартымды. Қай мемлекет ұзақ тарихи мерзімде өмір сүретін «Мәңгілік Ел» болғысы келмейді. Ал, осындай елдің аталуы «Қазақ Елі» болғаны, тіптен, қуаныш. Бұлай болуы тәуелсіз мемлекеттің табиғаты мен мазмұнына сәйкес келетіні анық. Себебі, ресми деректердің өзінде елдегі қазақ ұлтының үлес салмағы 66 пайыздан асқан. 22 жылда Қазақстанның этнодемографиялық картасы түбегейлі өзгерді. Егер, 1991 жылы елдегі қазақтардың үлес салмағы 41 пайыз болса, бұл көрсеткіш 25 пайызға артты. Елдегі табиғи өсім негізінен қазақ халқы есебінен жүруде. Демек, қазақ ұлтының үлес салмағы өсе береді деген сөз. Яғни, Қазақстан шын мәніндегі қазақтар еліне айналып келеді. Мемлекеттің моноұлттық демографиялық пішіні нығая түсуде. Сонымен қатар, «Қазақ Елі» атауына көшу бүткіл ел бойынша біршама

шығындарды қажет етеді. Біріншіден, Елтаңбадағы «Қазақстан» жазуын «Қазақ Елі» деп өзгертуге тиістіміз. Мемлекеттік Туға өзгерістер қажет бола қоймас. Ал, Өнұранның қайырмасының соңғы «Қазақстаным» сөзін де «Қазақ Елім» деп ауыстыру қажет шығар. Ел бойынша барлық мекемелердің ресми атауларын, мөрлерін, бланктерін, маңдайшаларын түгелдей өзгертуге міндеттіміз. Демек, символдардың өзгеруі жәй ғана ауызбен айтыла салатын шаруа емес. Мемлекеттік іс қағаздар жүйесі, атаулар түгел дерлік жаңа, ресми атауға сәйкес болуға тиіс. Астанадан бастап әрбір қала, қалашықтар мен ауылдар бұл істі қолға алуға дайын болғаны абзал.

Мемлекет «Қазақ Елі» деген атауға не болған жағдайда ірі қалалар мен елді мекендердің атауларының орыс немесе басқа тілдерде болғаны ақылға сыйымсыз. Сондықтан, «Қазақ Елі» тарихи топнимиканы толық қалыпқа келтіреді. Петропавловск, Павлодар, Усть-Каменогорск деген ірі қалалардың атауларын мемлекеттік тілге ауыстыру бірінші кезекте іске асырылуы керек. Олай болмаса, қалайша «Қазақ Елі» болмақшымыз. Сондықтан, елдің қазақтық этникалық келбетін толықтыратын шаралар ешқандай кешеуілдемеуі керек. Олардың басым көпшілігі бүгінгі күннен бастап іске асырыла бастауға тиісті. Сонымен қатар, «Қазақ Елі» болу тәуелсіз мемлекетіміздің дамуындағы жаңа кезеңге айналмақ. «Қазақ Елі» сөз жоқ постиндустриалды, әлеуметтік, демократиялық, құқықтық мемлекет болады. Бұл дегеніміз, қазақ этносының озық гуманистік құнды-

лықтарының, дәстүрлері мен тәжірибесінің адамзаттың жеткен ортақ озық құндылықтарымен және технологиясымен қауышуы болмақ. Қуатты ел болу үшін біздің қазақтық құндылықтарымыз жеткіліксіз. Ол қоғамның маңызды рухани тірегі болатын сегментке айналды. Ал, экономика, қаржы, ақпарат пен технология дамыған, озық мемлекеттер үлгісімен жасалуда. Демек, «Қазақ Елі» ұлттық пен жалпыазаматтықтың синтезі. Тек қана ұлттық құндылықтар мен тәжірибелер бәсекеге қабілетті қоғам құру үшін жеткіліксіз.

Қазіргі Қазақстанның 22 жылдағы табыстары жаман емес. Өтпелі кезеңдегі қиыншылықтар еңсерілді. Ел тұрақты эволюциялық даму жолына түсті. Нарықтық экономика негіздері жасалынды. Елдің саяси жүйесі мемлекетті толықтай басқаруға қауқарлы. Қаржы-финанс жүйесі қалыпты қызмет ете бастады. Қазақстан әлемдік қауымдастықтың белсенді субъектісіне айналды. **Одақтас мемлекеттермен бірігіп Евразиялық экономикалық қауымдастықтың ірге тасы қалануда. Жаңа Одақ та ел халқының әл-ауқатын жақсартуға қызмет етпек.** Үкімет ел экономикасының шикізаттық сипатын жеңуге бағытталған индустрияландырудың және инновациялық экономика құрудың кешенді шараларын іске асыруда.

Бүгінгі билік Қазақстанның ертеңі не болады деп ойлағаны абзал. Қазақстанның табысының 3/1 бөлшегі табиғат ресурстарын сатудан келіп отырғаны ақиқат. Ертең «мұнай, газ, түсті металдар қоры» таусылғанда не боламыз? Шикізаттық экономикаға қатысты халық ерекше алаңдаулы. Қазіргі халықты толғандыратын ең өзекті мәселе осы. Қазақстанға даму тынысын ашатын тек қана Елбасы жақтаған «Еуропаға жол» саясаты. Батыстың озық саяси жүйесін, озық технологиясы мен бәсекелестікке негізделген, сапаны әкелетін экономикасын ғана қабылдауымыз керек. Қазақ ұлтының өз руханияты мен мәдениеті осы озық экономикалық құрлыспен қауышса зор табы-

стар келері сөзсіз. Батыс бізге дайын ең озық сапалы технологиясын ұстата салмайды. Соның үлгісінде қазақстандық сапалы технология жасауымыз міндет.

Қазақстанға Батыстық, американдық бұқаралық мәдениеттен келер пайда жоқ. Біз өз мәдениетімізді жаңа экономикалық тәртіптерді қалыптастыру жағдайында жаңғыртуға міндеттіміз. Қазақтың дәстүрі, тілі, ділі мен өркениеттің ең биігіндегі шаруашылық қарым-қатынастарына жауап бере алатыны даусыз. Мәселе, қауіпсіз, тұрақты дамудағы, халқының «қарны тоқ, көйлегі көк» мемлекет құруда. Ондай мемлекет қазіргі заманда Қазақстанның Конституциясында көрсетілген «демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік» мемлекет болмақ. Азаматтардың құқықтары қорғалып, ұлттық өмірдің ойдағыдай дамуына жағдай жасалынады. Дін бостандығы сақталып, азаматтардың діни сенімдері қорғалады. Дін арқылы бөлінуге, саяси жүйеге зиян келтіруге тыйым салынады. Елде барлық қатынастар заңмен реттеледі. Заңды бұзушылықтың қандай түрі болмасын қатаң жазаланады. Мемлекеттің ортақ байлығы ел халқына, әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан қызмет етеді. Қазақстанға керегі осындай мемлекет құру. **Ұлттық идея, мемлекеттік идеология және басқарушы элита осы түсінікті және анық құндылықтар мен мұраттарға ғана қызмет етуге тиісті. Біздегі бар сапалы нан өнімдерімен қоса, ет, сүт, май, көкөніс өнімдерімен ішкі сұранысты толық қамтамасыз етудің мемлекеттік шаралары іске асуға тиісті. Бұл бірінші міндет, басымдылық болмақ. Екінші, басымдылық тұтыныс заттарын бәсекеге қабілетті сапада өндіру. Киім-кешек, аяқ киімді өндіруге қажетті жүн, тері өңдейтін жеңіл өнеркәсіп саласын жандандыру екінші кезектегі міндет болмақ. Үшінші міндет, қалалардың әр қайсысының мүмкіндігіне және қабілетіне қарай, әлемдік нарық талаптарына сәйкес өндіріс орындарын**

қалпына келтіру немесе жаңадан ашу. Мысалы, Семейдің тоқыма, киім тігу өндірістерін ауыл шикізатын пайдалану үшін қалпына келтіру. Осындай бағдарламалар ғана жұмыссыздықты болдырмай елдің жаңаша дамуына мүмкіндік туғызатынына сенім мол.

Қазіргі әлемдік, жаһандық тыныштықты пайдаланып қара халықтың жағдайын толық дұрыстап алмасақ кеш болып қалады. Қазақстан халқының әлауқатының жақсаруы болашақ күшті ел болудың ең шешуші кепілі. Қазақстанда халықтың жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін кең жер, қазба байлықтары, білікті кадрлар барлығы бар. Тек осы мүмкіндіктерді дұрыс ұйымдастыру жетіспейді. Ұйымдасқан қылмысты, жемқорлықты, қазақ ұлтының түрлі жікке бөлінуін тоқтату қуатты мемлекет құрудың кепілі болар еді. Дамыған мемлекет құрудың ең тиімді жолы дұрыс шешімдер қабылдап, қоғамдық дамудың тынысын ашатын жолдар табу екендігі белгілі. Мемлекеттің иесі халық. Халықсыз қоғам да, мемлекет те болмайды. Ал, халықтың дамуы мен тәрбиеленуінің тірегі ұлттық мәдениет. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттық мәдениетке едәуір нұқсан келді. Кеңес Одағы кезеңінде күйреуге шақ қалған ұлттық мәдениетті көтерудің кешенді шаралары іске асырылғанмен әлі де кемшілік тұстары баршылық. Соның салдарынан ізгілікті мазмұндағы ұлттық мәдениетті кей тұстарда бұқаралық орыс және батыс мәдениеттері алмастыра бастады. Қазақтың тілі, дәстүрлі ән өнері, салт-санасы, ділі, би және ұлттық ойындарын жаңғырту эпизодтық қана сипат алып, өмір салтына толық қанды айнала алмай жатыр. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құлдыраудың бір негізгі себептері осында. Қазақ ұлтының гуманистік потенциалын қалпына келтірмейінше Қазақстанда мәдени жаңғырту үрдісі болмақ емес. Қазақтың рухани құндылықтарын қалпына келтіріп қана дамыған өркениет пен мәдениетті халықты тәрбиелей аламыз.

Орыс пен батыс мәдениеті Қазақстан қоғамының ірге тасын біртіндеп ыдыратып, ел халқын бөлшектейтін факторлар екендігін басқарушы элита әлі де ұғына алмай жүр.

Бөтен мемлекеттер мен халықтардың ұлттық құндылықтарымен мұрат-мақсаттары Қазақстанға қызмет ете алмайды. Ел халқының өзекжарды міндеттерінің барлығы Қазақстан қоғамының ішкі даму талаптарынан туындайды. Елдің табиғатын оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени мазмұны мен ішкі трендтері айқындайды. Осыларды есепке алмай басқа мемлекеттердің даму модельдері мен ерекшеліктерін өзімізге көзсіз енгізуге ұмтылу аса зиян. Бұлай болуы түптің-түбінде дамуды тежейді. Әрине, бұл ойдан әлемдік ғылым, техника, технология және ақпараттың озық үлгілерін алмаймыз деу емес. Қазақстан өзіне қажетті заманауи жетістіктерге есігін ашып қояды. Сонымен қатар, ұлттық мақсаттарға қызмет ететін жетістіктерге ден қояды. Олардың ұлттық озық құндылықтарымен үндесуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан халқы отарлық биліктің әлегінің барлығынан өткен халық. Патша өкіметі қазақты бодандық бұғауына салса, коммунистік режим әбден қорқытты, қырып-жойды, аш-жалаңаш жылдарды бастан кешіртті. Сонымен қатар, отарлаушылар қазақ халқының ұлттық ар-намысын, өзіндік төл белгілерін жоқ қылуды көздеді. Тәуелсіздік жылдары халықтың отарлық, бағыну санасынан құтқарудың жүйелі мемлекеттік шаралары жүргізілген жоқ. Халық дүниетанымы енді ғана өзгеріп келеді. Қазір биліктің кемшілігін, қателіктерін, басқа да босаң тұстарын жұрттың басым көпшілігі түсіне бастады. Ел бойындағы қорқыныш та біртіндеп сейіліп келеді. Халықтың «түрлі-түсті революциялардан», өзара жауласудан, әлеуметтік және ұлттық алауыздықтан ешқандай пайда жоқ деп есептейтіндігін әлеуметтік зерттеулер дәлелдеуде. Көтері-

лістер мен төңкерістерден де пайда жоқ екендігін ел халқы біледі. Сондықтан, халықтың басым көпшілігі осындай радикалды әрекеттер болуын қаламайды, төңкерістерге шақырушыларды жақтамайды. Билік осы саяси ахуалды түсінуі керек.

Халықтың кейбір әлеуметтік топтарында отаншылдық сезімі жоғалып барады деп айтуға болады. Әсіресе, ірі бизнес өкілдерінің ұстанымы қауіпті. Ел бизнесмендерінің басым бөлігінің шетелде үйлері бар, негізгі қорларын офшорлық аймақтарға аударып жіберген. Олар Қазақстанда тек тікелей бизнес жүргізіп, ақша табады. Мысалы, бейресми деректерге қарағанда қазір Англияда 40 мыңдай қазақтар өмір сүруде. Соның ішінде Лондон қаласында 10 мың қазақ бар. 40 мыңның 7 мыңдайы студенттер десек, қалғаны елден кеткен қонды қазақтар. Кедейлер мен орта тап өкілдері ол жаққа бара алмайды. Осы деректерден Қазақстанда ұлттық идеологияны жаһандану идеологиясы алмастырғанын байқауға болады. Соның нәтижесінде отаншылдықты жеке бастың эгоистік мүдделері жеңе бастады. Ақша жинап, қорланып алсаң саған ешқандай Отан керек емес. Қай мемлекет жаныңа қолайлы болса сонда өмір сүруге болады деген таным. Өкінішке орай, билік тарапынан өз бизнесмендеріне адал, қолайлы, талаптары әділетті бизнес ахуал жасап отырған жоқ. Ауылда жерге жеміс егіп отырған шаруалар да азая түсуде. Себебі, ауыл еңбеккерлерінің еңбегі өз бағасын ала алмай отыр. Олардың табысы жеткіліксіз болғандықтан ауыл жастары жермен жұмыс істемей қалаға ағылуда. Кең байтақ Қазақстанның көптеген аймақтарында өте зор мөлшердегі жерлер иесіз, күтімсіз қалуда. Иесіз жердің болуы, көп болуы елдің ұлттық қауіпсіздігіне зиян екендігі белгілі. Сондықтан, елді мегаполистердің дамуымен қатарласа оны азық-түлікпен қамтамасыз ететін ауыл дамуы керек. Ауыл шаруашылығы

өркендемей «Мәңгілік Ел» орната алмаймыз. «Мәңгілік Елдің» ең алдымен қарны тоқ болуы керек. Сондықтан, агроөнеркәсіп кешенін дамыту туралы көп сөзден, іске көшетін мезгіл жетті. Үнмен қоса, ет, сүт, май, көкөніс пен жеміс-жидектерді экспорттауға қабілетті мемлекетке айналсақ қана шын мәніндегі «Мәңгілік Елге» айналамыз. Азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздігінің ірге тасы. Жаһандану және экологиялық катастрофалар заманында азық-түлік мәселесін шешуге қол жеткізу стратегиялық мақсаттардың барлығын шешуге көмектеседі. Мемлекеттік билігі халқына қамқор болып, онымен есептескен ел ғана «Мәңгілік Ел». Демек, билік пен халық өз Парламенті қабылдаған заңдарды қатаң орындаулары міндетті. Заңды кім бұзса да жазалануы әділдік. Заңның салтанат құруы ғана мемлекеттің тұрақты және баянды дамуының кепілі. Сонымен қатар, билік заңдардың сапалы, қоғамдық қатынастардың әрбір салаларына сәйкес, дұрыс болуына жауапты. Тар корпоративтік мүдделерді қолдайтын заңдардың қабылдануы дамуға бөгет және зиянды. Заң халықтың және ел шаруашылығының ортақ мүдделерін қорғауға тиісті. Қазақстан халқы мұны, шыдамды, толерантты халық. Ел халқы еңбектен, қиыншылықтары мол шаруалардан қашпайды.

Қазақстанда билікке көмектесіп, кетік-кемшілікті түзетуге ат салысатын жүйелі оппозиция әлсіз. Ал, шындығында қарапайым халыққа ешқандай революция, төңкерістер мен қырқысулар қажет емес. «Түрлі-түсті революциялардың» қоғамды кері кетіретінін халық жақсы түсінеді. Халыққа керегі оның мүдделерінің қорғалуы, оның үнінің естілуі. Әділетсіз тәртіптердің қарапайым азаматтарды басып тастамауы. Халық тарихын, мәдениетін, тілін, өнерін, дәстүрлерін дамытып, өз Отанында еркін сезініп, бай-қуатты өмір сүргісі келеді. Ел халқына осы ғана керек. Ол өз мемлекетінің күшейе

түскенін, қуатты бола түскенін жан-тәнімен қалайды. Осы ұлы іске үлесін қосқысы келеді. Сондықтан, билік жасампаз еңбекке, білімге, талапқа және талантқа жол ашатын шараларды күнделікті тәжірибеге айналдыруға тиісті. Ол үшін зиялы қауымның қоғамға ықпалын неғұрлым жақсарту пайдалы. Білімділер, ғалымдар, өнерлілер қоғамдық өмірдің барлық салаларына ықпал ететін ахуал қалыптасуы қоғамды жақсартады. Тек қана билік өкілдері нұсқау, бұйрық арқылы қоғамды жақсартып алмайды. Зиялы қауымның озық өкілдерінің халыққа пайдалы ойлары, идеялары, пікірлері ұдайы насихатталса ғана қоғамдағы адамгершілік ахуал жақсарады. Бұл істе дәстүрлі ислам дінімізді де рухани тірек ретінде кеңінен насихаттау тиімді.

Қазіргі әлемдік тәртіптерде Қазақстанғасырттанкелетінкүйреткішқауіптер жоқ емес. Бірақ та, мемлекеттілікке зиянын тигізетін ішкі жайлардан сақтану керек. Олар: жемқорлықтан билік пен халықтың алшақтауы, әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздік, байлық пен кедейліктің арасының тереңдей беруі, халықтың біртұтас ортақ еңбек мақсаттарына бірікпеуі, ел халқының тілдік, этникалық бөлшектенуі, трайболистік сананың жалпы қазақтық санаға бөгет болуы, жалғандық, өтірік пен көзбояушылықтың асқынуы сияқты құбылыстар.

Қазақбайларықаржыларынеэкономикасына салуға міндетті. Себебі, олар байлықтарын осы жерде жинады емес пе? Мемлекеттің түрлі әлеуметтік және индустрияландыру жобаларына жұмсаған қаржыларын биліктің талан-таражға салынбауын қатан қадағалауы маңызды. Ел байлығы офшорларда қалмай, жемқорлықпен тоналмай тікелей экономикалық жобаларға салынса Қазақстан зор табыстарға жетеді. Қазақстан дамыған, өркениетті елдердің жинақтаған позитивті тәжірибесін пайдалана отыра

өзінің мүмкіндіктеріне, ресурстарына, геоэкономикалық орнына сай өзінің даму векторларын таңдауы керек. Олар: сөз жоқ нарықтық экономика, демократиялық құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Осы экономикалық-саяси жүйе ұлттық тілмен, қазақстандық ортақ патриотизммен, ұлттық тәрбие және салт-дәстүрмен ұласып, үндескенде ғана елдің қазақстандық даму жолы баянды болмақ. Ел халқы Фарабидің, Абайдың, Алаш арыстарының идеяларында тәрбиеленіп нарықтық қатынастардың белсенді өкілдеріне айналады. Сонда ғана тапқан табыспен төккен тер әділ және баянды болады. Биліктегілердің билікті ұстап тұруы ғана маңызды емес. Мемлекет үшін билік барлық жасампаздық істер мен жақсы өмірдің қайнар көзіне айналғаны маңызды. Қазақ қоғамы үшін тағдырлық мәселелердің барлығы биліктің позициясына байланысты. Қазақстан қоғамы қандай жолдармен дамуы керек, ұлттық құндылықтар мен жаһандандудың ара салмағы қандай, ұлттық мәдениет пен шетел мәдениетінің елдегі орны, байлық пен кедейліктің ара жігініңмөлшері,әлеуметтікәділеттіліктің сақталуы, ел халқына қызмет ететін экономика жасау сияқты мәселелер халықты ерекше толғандыруда.

Қарап отырсақ Қазақстан Республикасынан Қазақ Еліне қарай жылжуда шешілетін міндеттер жетерлік. Олар оңай міндеттер емес. Мәселе, биліктің мемлекетшілдік ниетіне, халықтың шаруақорлығына, зиялы қауымның әлемнің озық үлгілерін Қазақстанға енгізуіне келіп тіреледі. Дамыған Қазақ Елінде мемлекеттік тілдің, қазақ ұлтының ізгілікті құндылықтарының төңірегінде барлық қазақстандық азаматтар бірігеді. Осылай болғанда халқына бейбітшілік, жақсы әл-ауқат, әлеуметтік тыныштық пен еңбекті сыйлайтын Мәңгілік Ел Қазақ Елі құрылады, әлемдік қауымдастықпен бірге өмір кешеді.



Жарылқасын БОРАНБАЙ,
«Алаш» тарихи-зерттеу
орталығының қызметкері

*«Ез мұраты – көрешек,
Ер мұраты – келешек.
Көрешегін күйіттеген –
Түбі қоймас сүрінбей.
Келешегін күйіттеген –
Түбі қоймас сүйінбей...»*

Әйтеке би

Өркениетке жеткен елдердің қай-қайсысы болмасын бар мен жоғын түгендей бастайды. Әсіресе, Тәуелсіздік туын тіккендер бұған өте-мөте мән береді. Себебі, әр халықтың, мемлекеттің уақыт керуен көшінде тапқанынан жоғалтқаны көп болуы да мүмкін. Мәселен, жер шарының тоғыздан бір бөлігін жайлап жатқан қазақ халқы. Мұны айтқанда, әсіресе, соңғы жылдары «Алтын киім киген ағамыздың» жеті қат жер қойнауынан жарқ етіп шыға келуі, сөйтіп, біздің рухани қазынамыздың соншалықты тез молығуы жан жүрегімізді жайландырады, көкірегімізді қуанышқа толтырады. 1943 жылы Ғылым Академиясының кезекті бір жиынында батыстан эвакуациямен келген Эдвард Кольман дейтін ғалым сөз арасында: «Сіздер, қазақ халқы, өркениетке, оның ішінде әлемдік ғылымға өлшеусіз үлес қосқан жаратылыссыздар. Сіздерден Әбу Нәсір әл-Фарабидің шығуының өзі ұлы мақтаныш» – деп қалады. Жиын біткен соң Қаныш Сәтбаев Ақжан Машановты шақырып алып, әлгінің айтып отырған «Әл-Фарабиі» кім деп сұрайды. Ақжан Машанов оған ешқандай жауап бере алмайды. Болса да Э. Кольманнан қайтып сұрау ұят, содан Қаныш Сәтбаев: «Ақжан, сен барлық жұмысты жиыстырып тастап, әлгі «Әл-

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛАР – ҰЛТТЫҚ ҰЛАҒАТ ҰЯСЫНА АЙНАЛА АЛДЫ МА?!

Фарабимен айналыс!» деп тапсырма береді. Бізге, қазақ халқына, «Ұлы ұстаз» осылай оралады. Егерде, В.Томсен тасжазудың құпиясын таппағанда, біздер «Күлтегін» жырын оқи алмас едік. Еуропа елі басын көтере жырлаған, әнге қосқан, романдар туғызған Аттианы (Еділ патшаны) қатарға қоса алмай әуреленгенімізге де біраз боп қалды. «Қырымның қырық батыры» жыртізбегінің ең басында тұратын, сүйегі әуелі «аманатпен» Ұлытаудың ұшар басына қойылып, кейіннен өз өсиеті бойынша Ноғайлы ұлысын билеген ұлағатты ұрпақтары Бабай Түкті Шашты Әзіздің жанына әкеліп жерлеген, Алтын Орданы он бес жылдай «ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған мемлекеттік қайраткер, тіпті, керек болса «Тевтон орденін» бастап келген Витовтты талқандап, жарты әлемді жаулаған Ақсақ Темірдің өзіне сес көрсеткен Едігені еске түсіруге, күмбезін тұрғызуға болмаса «Ер Едіге» жырын мектеп оқулығына ендіруге кім кедергі?! Өкініштісі сол, мұның ұштығын Ұлттық энциклопедиясынан да таба алмайсыз. Біздің ең әуелгі «ескіріп, етек жапқандағы» көргеніміз дінге, ділге, тін мен тілге теріс қараған 1972 жылдардан бастап жарық көре бастаған «Қазақ Совет энциклопедиясы» (КСЭ) болды. Оған Қазақ ССР Ғылым Академиясы басшылық жасады. Әрине, сыртында көз жазбай бақылап саясатты сұрқай сапырып ішкен құзырлы орындар тұрды. Әйтсе де, біз сол 12-томдық энциклопедиямыздың қаншама қыспақты көрсе де, тәп-тәуір шыққанын мойындауымыз керек. Оның себебі, Бас редакциясының мүшелігіне Мұхамеджан Қаратаев, Мәлік Ғабдуллин, Өмірбек Жолдасбеков, Салық Зиманов, Ісмет Кеңесбаев, Серік Қирабаев, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ақай

Нүсіпбеков, Әбділда Тәжібаев, Әди Шәріпов, т.б. сияқты «ылдиға салсаң, төске озған» тарланбоздар кірді.

Әйтсе де, бұл тегеуірінді топ ең негізгі сұрақтарға жауап таба алмады.

– «Қазақ» – деген атау қайдан шықты?! Қандай мағына береді?

– «Қазақ хандығы» қашан құрылды?! Жалпы, біздің мемлекеттігіміздің бастауы қайда?!

– «Алты Алаш» деген не? «Алаша хан» мазарында кім жатыр?!

– Керей мен Жәнібек хандардың сүйегін қайдан іздеуге болады?

– Хан Абылайдың тарихы түгенделіп бітті ме?

– *Үш ұлы би-Төле-Қазыбек-Әйтекелердің өмірбаяны толық па?! т.т.*

Міне, осындай ұлттың ұлағатын, халықтың қасиетін білдіретін осыншама басы ашық сұрақтар мемлекеттің ең басты кітабы – энциклопедияларда егжей-тегжей айтылмағандықтан Қожанәсірдің әңгімесіне көбірек ұқсап кете береді. Халық даналығы тудырған бедерлі бейне Қожекене біреу кеп шиеленіскен мәселенің шешуін сұрайды. Әбден тындап алған Қожекен: «Иә, сенікі дұрыс!» дейді. Анау қуанып кете салысымен, оның қарсыласы жетеді. Оны да жақсылап тындап алған Қожекен кірпігін қақпастан: «Сенікі дұрыс! деп шығарып салады. Соны сырттан бақылап, мұқият тындап отырған қатыны: «Әй, сен не тантып отырсың. Ақылыңнан ауысайын дедің бе? Анаған да дұрыс, мынаған да дұрыс, сонда бұрысы қайда?! – дей бергенде, Қожекен ауыр күрсініп, «Қатеке, сенікі де дұрыс!» – деп құтылған екен. Біз жаңа ғана сөз еткен сұрақтарды, қазіргі таңда бұрқырап шығып жатқан түрлі республикалық, облыстық, қалалық, тіпті, ауылдық, ата-атаға бөлінген рулық, тайпалық, т.б. энциклопедиялардан қарастыратын болсаңыз әртүрлі ойдым-ойдым ойға шомып, қай-қайдағы қиял кешетініңіз анық.

Дана халқымызды «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» дейтін мақал бар. Зер салып қарайтын, салыстыратын болсаңыз, елмен елді, жер мен жерді, халық пен халықты ру мен руды бір-біріне қарсы қойып та, қырылыстыруға әкеле жатқан да осынау «Энциклопе-

дия» дейтін қалың-қалың кітаптар екендігіне бірден көзіңіз жетеді. Себебі, ондағы сөзге, айтылған әңгімелерге жұрт сенеді. Мәселен, *ұлттық рухты ұлықтайтын кіші энциклопедия саналатын «Елтұтқа» кітабы: (Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғараұлы, Ақселеу Сейдімбек) «Домалақ Ана (VI-VII) Домалақ ана (Шайхы Мизамбекқызы Нұрилә (VI-VII з.з.) Қазақстанның оңтүстік өңірінің біраз бөлігін алып жатқан Шапырашты, Ошақты, Ысты, Албан, Суан, Дулат тайпаларынан тараған ұрпақтың арғы атасы Бәйдібек батырдың үшінші әйелі. Шын аты – Нұрилә»* – деп көрсетеді. Бұл Ұлттық энциклопедияда да жүр. Тарихи деректер былай дейді: «Әз Елші, Сәуір айының 20-сыншы күні 569 жылы Хизадж өңіріндегі Мекке қаласында, шектен шыққан бұтқақұл қоғамда дүниеге келді».

«Сондай бір күндерде, періште Жебірейіл тарапынан Алла тағаланың сөзі Құран Кәрімнің аяттары уахи етіліп, пайғамбарлық жол ашылады. Бұл 610 жылы Рамазан айында болған оқиға» «Ислам өркениетінің бастауы, міне, осы оқиғаға тікелей байланысты».

«Пайғамбарымыз 63 жасында 632 жылы қайтыс болды».

«714 жылы Құтайбаның әскері Оңтүстік Қазақстандағы Испиджаб жортуылына шығады» (М.Бұлұтай. «Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды?!» Алматы. «Білім». 2000ж. 153-160 бет). Осы тарихи деректерге қарап отырған әрбір азамат Бәйдібек баба мен Нұрилә анамыз, шынымен-ақ «Елтұтқа» кітабының авторлары көрсеткендей, VI-VII ғасырларда өмір сүрген болса, Мұхаммед пайғамбардан жасы үлкен боп шығатынын байқар еді. Екіншіден, араб әскері қазақ жеріне алғаш 8 ғасырда (715 жыл) ат ізін салғанда, Бәйдібек баба мен Домалақ Енеміз әлдеқашан дүниеден өтіп кетпей ме?! Тағы бір ескеретін нәрсе, «Нұрилә»-«Алланың нұры» деген сөз, олар өмір сүрген түркілік кезеңге (6-7 ғасыр) келмейді. «Елтұтқа» авторлары бұл ойынан қайтпаса, олар амал жоқ басқа дінде болады, себебі, Мұхаммед пайғамбар дүниеге енді келіп жатқан кез емес пе және оларға бағышталған Құранның сауабы тимейді. Мәселен, Шыңғысханға: «Топырағың торқа, алдың пейіш, артың кеніш болсын!» деп

тілек тілей аласыз ба?! Меніңше, мұны түсіну үшін көп ақылдың керегі жоқ-ау деймін...

Дәл осы энциклопедиялық анықтамада Бәйдібек бабаны екі жерде «батыр» деп айтады. Міне, қараңыз: «арғы атасы Бәйдібек батырдың үшінші әйелі...», «Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай...» деп кете береді. Ал, енді, ұлы бабамызға соғылған ескерткіштерден батырға тән атрибуттар қылып, найза, қалқанды көре алмайсыз. Неге бұлай?! Мына мемлекеттердің қайсысын басқаруы мүмкін: Түрік қағандығы (552-743), Хазарлар (602-1016), Қимақ қағандығы (IX-XI), Қыпшақтар (Құмандар) XI-1219), Түргештер (699-756), Ойғырлар (744-850), Қарлұқтар (756-940) Қарахан мемлекеті (942-1211). Кейбір ғалымдар «Түргеш» заманын айтыңқырап жүр. Әйтсе де, олардың хатқа түскен басшылары мыналар: Үшелік (699-706) Сұ-лұ (Сұ-Лұ) (717). Елтіміш Құтлық (742-753) Тәңірі Елтіміш (753-756) Үнен (756-766). Көріп отырсыздар, бұл кезеңге тым қазақы есім «Бәйдібек» келіңкіремей тұр.

Жыр жампозы Жамбыл Алатау байрағындағы Құлансазды жайлап, Хан, Жамбыл тауларын қыстау еткен Шапыраштының Екей атасынан. Екей-Жамбылдың оныншы бабасы, Шапыраштының – үшінші бұтағы болып саналады. Мырзатай Жолдасбековтің айтуынша және жазуынша «Ал, Жамбылдың он бірінші бабасы – Шапырашты және оның үрім-бұтақ тармақтары жөнінде ел арасында шежіре, аңыз көп. Ұлы жүздің Бәйдібек деген ел басы, батырының үш әйелі болған. Бұл Жамбылдың он бесінші бабасы. Оның Сары бәйбішеден – Қалша, Жақып, екінші әйелі Зеріптен «аса көрікті, кербез, үнемі сыланып әсем киініп жүргендіктен ел оны Сыланды сұлу деп атап кеткен. Жәлмәмбет, одан Мапырашты, одан Шапырашты, тарайды. Жәлмәмбеттің екінші әйелі Қарашаштан Ысты, Ошақты, елі шығады. Бәйдібектің үшінші әйелі Нұриләдан (Домалақ анадан) Жарықшактан Албан, Суан, Дулат тарайды». Бұл арада мынаны да еске ала отырған жөн болады. М.Жолдасбековтің айтуынша «Бұл – (Бәйдібек деп біліңіз) Жамбылдың он бесінші атасы» болатын болса, әр ұрпақтың арасы, яғни, ауысымы 30 жылдан

тұрады деген қарапайым есеппен алғанда, Бәйдібек баба Жамбыл Жабаев дүниеге келген 1846 жылдан әрі қарай тереңдегенде 450 жылдай уақытты мөлшерлейді екен. Сонда, Бәйдібек баба өмір сүрген кезең 1396 жылдарға келеді емес пе?! Ал, «Елтұтқаны» жазушылар оны «Жетісу алабындағы көшпелі тайпалар көсемі» деп көрсетеді. Сонда, «тайпа көсемі» қалайша қолына «хандық белгі» ұстауы мүмкін. Мәселен, «Сұлтан Сүлеймен» деген түрік фильмінде ол үнемі қолына «кезель» ұстап жүреді. Ол оған жарасады. Себебі, ол «сұлтан» ғой... Алматыда 2-теміржол вокзалының алдындағы хан Абылайдың қолында да сондай белгі бар...

Энциклопедияларда онша жолы болмай жүрген деректердің бірі – ол «Қазақ хандығы» туралы материалдар.

«1456-1457 жылдарда қалмақтардан ойсырап жеңілуге байланысты күшейе түскен бұқара наразылығын Әбілқайыр ханның дұшпандары – Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандар, Ақ Орда билеушілері Орыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей шебер пайдаланды. Олар қазақ халқының жеке мемлекет құру, саяси және мәдени-экономикалық тәуелсіздік алу жолындағы талабын өз қимылдарына арқау етті» – (ҚСЭ. 6-том. 384-бет) деп өте дұрыс көрсетілген анықтаманы сан-саққа жүгіртумен және кейінгі жылдарға жөн-жосықсыз шегерумен жүргендер баршылық. Рас, бұл дерек, әзірге энциклопедиялардан түсе қойған жоқ, әйтсе де, Керей хан мен Жәнібек хандардың өмірбаяндарына келгенде «өзім білгермендікке» салынғандар бар екені жасырын емес. Тағы бір есте болатын нәрсе, «қазақ хандығының құрылуын» кезекті оқиғаға жатқыза салғысы келеді. Олар энциклопедияда анық айтылған: «қазақ халқының жеке мемлекет құру, саяси және мәдени-экономикалық тәуелсіздік алу жолындағы талабын өз қимылдарына арқау етті» дегенге жете мән бермейді. Анығырақ айтсақ, бірқатар зерттеуші ғалымдар «Ақ Орда», «Көк Орда», тіптен «Алтын Ордаға» қол созғысы келеді. Ал, енді, кейбіреулер кейін шегінгенді ұнатады. Осының арқасында Түріктер 1453 жылы Константинопольді басып алған тұсын өздеріне мерей тұтса, солардан небәрі 3-ақ жыл кейін 1456 жылы Әлемде

жер көлемі жөнінде 9-орынды иеленетін Ұлы мемлекеттің іргесін қалай алған «қазақтар» өздерінің тарих табалдырығын оң аяқпен аттаған тұсын әлі күнге дейін тойлай алмай отыр. Осы арада ептеп ойласатын нәрсе бар. Ол «Қазақ хандығының құрылуы туралы» басты кітап болып саналатын Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» жазған, көрсеткен нәрселерінің бәрін ой елегінен өткізіп алмай қабылдай беруге бола ма?» деген сұрақ. Себебі, ол кітап, өзі аты айтып тұрғандай – «Тарих-и-Рашиди» Яғни, «Рашид ханның тарихы». Екіншіден 1544-1546 жылы «бірінші дәптер» аяқталып, «екінші дәптер» қашан көзі жұмылатын 1550-51 жылдарға дейін созылады. Осыдан-ақ, оқырман бұл кітаптың «Қазақ хандығы» дүниеге келген уақыттан 100 жылдай кейін дүниеге келгенін байқауына болады. Әрі бұл тым шалғайда, Үндістанда, Кашмирде жазылғаны да есте тұруы тиіс. Мұнан бөлек кітап авторы Қазақ хандарына аса сүйіспеншілік танытпайды. Себебі, олар «Моғолстан» мемлекетінің төл перзенті. Ал, Керей мен Жәнібек Моғолстанды әуелі «қоныс сұрап кіріп алып, ақыр соңы «Қазақ хандығына» айналдырып жібергендер».

Кітаптың 33-тарауында (*Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и Рашиди» «Тұран» баспасы, Алматы. 2003. 305-бет*) мынадай сөз бар:

«Әбілқайыр хан Дешті Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер пәленің ісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды».

«Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп, жырылып қалып, біраз уақыт тарығып, әрі сергелденде болғандықтан оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды».

«Ең ақырында сәтсіз тағдырдың қырсығынан соншама халықтан міне, бүгін төртінші жыл боп барады, ешбір жерде із де қалмапты. Отызыншы жылдары (930) (1524 жылы) қазақ саны мың-мың (миллион) болатын. Қырық төртінші жылы (944)(1537) сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған...» – деп қуана хабарлайды (306-307-беттер).

Мұндай кітапты қалай құрметтеуге болады?! Еш жерде із қалмаса, біз қайдан шықтық?! Тағы бір түйіткіл, қай энциклопедияны ашсаңыз да Әйтеке би 1664 жылы туып, 1700 жылы өлген дегенді оқисыз. Ал, оның замандасы Әз Тәуке 1680 жылы хан болып сайланып, 1718 жылы дүниеден өткені белгілі (*Қараңыз: «Елмұтқа» (1626-1718. 102-бет)*). Осыны біздің тарихшылар сан-саққа жүгірткенде таңырқамасқа амалыңыз қалмайды. Мәселен, 7-сынып. С. Жолдасбаев. Д. Бабаев. Қазақстан тарихы. 2003 жылы. «Атамұра» 179-бет. «Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығы». Онда «Тәуке хан 1680-1715 жылы билік құрған» – делінеді.

8-сынып. Қазақстан тарихы. 2004 жылы. «Мектеп». Ж. Қасымбаев. «Кіші жүздің Ресей империясының құрамына кіруі» «1716 жылы Тәуке хан жоңғар шапқыншылығы басталған кезде хан ретінде Сібір губернаторы князь М.П. Гагаринге елші жіберіп, қалмақтарға қарсы күрес жүргізу үшін көмек беруін өтінген» – деп көрсетеді.

11-сынып. Т.Тұрлығұл. С.Жолдасбаев. Л.Кожекеева. Қазақстан тарихы. 2007 ж. «Мектеп». 10-бет. Мұнда Тәуке хан 1680-1715-1716 жылдар арасында өмір сүріпті. Ал, енді, Әйтеке би туып-өскен өлкеде шыққан «Атырау» энциклопедиясы 166-бетінде «Әйтеке Бәйбекұлы (23.3.1644, *Өзбекстан, Қазбибі тауы, Қызылша мекені-1700*) деп қолмен қойғандай болып, тіпті, «1644 жылдың наурыз айының 23-і күні дүниеге келген» деп көрсетіп тұрып, «Әйтеке би өмірі туралы ақиқат, туған және ахиреттік болған нақты жылдары, тіпті, бас иетін зираты Ұлы ғалым өкініп тұр ма, жоқ қуанып тұр ма, белгісіз, оның бірде Алшын Қара жігіт би, көне жазбаларда Айтық би деп әртүрлі аталуы да ақиқатты ашуға кедергі келтіреді» – деп зымыратады.

Тағы бір түйіткіл мынау: Мәселен, былайғы жұрт байқай бермейтін мынадай дереккөз бар: Төле би (1663-1756), Қаз дауысты Қазыбек би (1667-1764), Әйтеке би (1644-1700) дүниеге келген және бақилық болған делінеді. Бұған ден қояр болсаңыз, Әйтеке би 1700 жылы дүниеден өткенде Төле небәрі – 37, Қаз дауысты Қазыбек 34 жаста болады екен. Олар «қаба сақалмен»

қалай қаз-қатар отыра алады?! Сонда бар құпия неде?! Ол үшін Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанын дұрыстап көңіл қойып оқу керек. Ол өзі тарихи адам. Толыбай сыншының баласы. 1710 жылға дейін Әз Тәукенің Бас Сардары болған. Әйтеке бимен қаз-қатар жүрген. «Қарақұм» Құрылтайында өз орнын Бөгенбай батырға өз қолымен ұсынған. Былайғы біреулер оған күмән келтіргісі келеді. Әрине, әркімнің ақылын Құдай қаласына салған мөлшерден арттырып бере алмайсың ғой... Болмаса:

*Бар болсаң ісімізді оңда, Құдай,
Қазақты қан майданда қолда, Құдай.
Әз Тәуке өлгеннен соң быт-шыт
болдық,*

Қазақтың басын қосар көсем болмай...» – деп сақалынан жасы саулап жылап тұрып жазған жырын өздерін ұлы тарихшылардың қатарына тым ертерек қосып қойғандар оқи алмаса не демексің... Мұнда сардар ақын, болмысы бөлек жырау **«Әз Тәуке өлгеннен соң быт-шыт болдық!»** – деп тайға таңба басқандай етіп көрсетіп қойған емес пе?!

Тағы да мынаған көз салыңыз:

*«Төрелер Әз Тәукедей бола алмады,
Оларға қазақ көңілі тола алмады.
Сәмеке, Қайып, Болат сатқын болып,
Кездейсоқ ел жасадайы оңалмады!»*

Ал, тарихтан хабары бар кімнен сұрасаң да Әз Тәуке «1718 жылы өлген» дер еді...

Жарықтық жырау одан әрман былай деп толғайды:

*Өткен жыл Әйтеке би дүниеден
өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал
жетті.*

*«Бағыну бір көсемге дұрыс қой!» – деп,
Боларын осы апаттың болжап кетті»* – дейді. Әйтеке би Әз Тәуке тірі болса **«Бағыну бір көсемге дұрыс қой!»** дегенді айтпаған да болар ма еді?!

Ұлы би туралы ізденген жанға дерек мол екенін ескерткіміз келеді. Мәселен, «Жеті жарғыны» жазысқан бидің бірі – Әнет баба. «Қалқаман-Мамыр» жырында айтылады. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» Созақтың бір төбесінің басында жүре алмай қалып қойған. Ол 97 жыл жасаған. Енді, 1723 жылдан 97 жасты алып тастағанда 1626 жылдары дүниеге келген болады. Енді, белгілі ғалым, бар ғұмырын, шығармашылық шабытын қазақтың маңдай

алды ұлдарына арнаған Нәзір Төрекұлұлы «Қазақтың 100 би-шешені» кітабында (*Алматы, 1995 жыл 81-82-беттер*) былай дейді:

«Бірде Әнет баба көрген түсін Әйтекеге жорытыпты. Сонда, көрген түсі мынау екен: «Он лақ, жиырма қасқыр, отыз жолбарыс, қырық түлкі, елу ноқта, алпыс ақта (піштірілген айғыр. Ж.Б.) жетпіс желкілдек, сексен селкілдек, тоқсан домалақ...» Оны Әйтеке тұрып былай деп жорыпты:

– Әй, қасиетіңнен айналайын, Әнет баба-ай, бәрі дұрыс қой, бірақ, алпыс ақта емес, арқа еді ғой, жетпіс желкілдек емес, желкен еді ғой, сексен-көркем еді ғой, тоқсан торқам еді ғой, – дегенде баба риза болғаннан кемсендеп жылап жіберіпті дейді. Сөйтсе бұл сөздің шешуі былай екен. Әнет бабаның «Он лақ» дегені – «он жаста жарға ойнаған лақтай болдым» дегені, «жиырма қасқыр» дегені – «жиырмада пышақ тісті қасқырдай болдым» дегені, «отыз жолбарыс» дегені – «Отызда жолбарыстай қайратты», «Қырық түлкі» дегені – «Қыркымда түлкідей айлакер болдым» дегені, «Елу ноқта» дегені – «Елуде ноқталанған аттай болдым» дегені, «Алпыс ақта» дегені – «Алпыста ақталған аттай болдым дегені, «Жетпіс желкілдек» дегені – «Жетпісте күшім кетіп, түңліктей желпілдек болдым» дегені, «Сексен селкілдек» дегені, «Сексенде буын-буынымнан әлі кетіп, селк-селк етіп, қалтылдақ шал болдым» дегені, «Тоқсан домалақ» дегені «Тоқсанда өз аяғымнан жүре алмай, домаланып мешел болып қалдым» дегені екен.

Соны Әйтеке би былай түзеткен көрінеді.

«Әнет баба, сіз қазақ үшін алпыс-та арқа болдыңыз, жетпісте-желкенін көтерген кемедей болдыңыз, сексенде ақ сақал-шашыңызбен, асқар таудай басыңызбен көз тартар көркем болдыңыз, тоқсанда-алдың да, артың да жәйлі жаның да, жүрісің де кең-торқа болып отырсыз деген екен.

Әнет бабаның «Әйтекежан, көп жаса!» – деп рахмет айту себебі осындай құрмет, марапаты үшін екен» (*материалдың алынған жері «Алаш» журналы. №5 (14) 2007 жыл. Х.Ғабжалилов. «Әнет*

баба тағалымы». 21-22 беттер). Осыған қарағанда 1716 жылдары Әнет баба 90-ға келгенде, оның түсін жорыған Әйтеке би дін аман сау жүрген ғой...


Қазіргі таңда қате талданып жүрген мынадай тарихи жыр мәтіні де бар. «Қазақ хандығын құрушы әрі ұраншысы» атанған Асан Қайғы бабамыз Жәнібекке былай дейді:

*Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Ойлауыттай, тоғай, егіннің,
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың.
Жемнен де елді көшірдің.
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүсірген,
Ебелек отқа семірген.
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда да кеңес қылмадың.
Кеңестің түбі нараду,
Нәлет, біздің жүріске.
Еділ менен Ақ Жайық,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң.
Ал қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске!*

Бұл жыр көбіне Керей мен Жәнібектің «Қазақ хандығын құру» жолындағы Моғолстанға аттанған соңғы сапары ретінде мысалға келтіріледі. Жағрапиядан хабары бар адам бұл жолғы көштің «Шу бойына, Қозыбасыға, Жетісу жеріне емес, керісінше күнбатысқа, Жем-Ойыл арқылы Еділ мен Жайыққа бағыт ұстанғанын байқар еді. Ал, бұл оқиға, негізіне, 1446 жылы Әбілқайыр хан олардан Сығанақты тартып алған кездері болған.

Қазақ хандығының қалай құрылуы туралы Ұлттық энциклопедияларға кірмей келе жатқан мынадай аса құнды дерек те бар. Бұл белгі Созақ сахарасындағы «Таңбалықтаста» тұр.

Қазақша мәтіні былай: «Қыпшақ, алшын, арғын, қаракесек, үйсін, табын иллахи қар рәсиге һамиша хаһа



рахмет қыл сен алтауын, екінші түрде айтқанда, «О, Ием, үмітіңе жету үшін осы алтауына рахметінді бере көр!» Араб әрпімен жазылған. Тапқан А.И.Шренк пен Х.Бекхожин. Олар оны Л.Кузнецовпен бірлесіп көшіріп алған.

Энциклопедиялардағы тағы бір олқылық Қазақ хандығының ту тігер орны, тірегі қазіргі тілмен айтқанда, алғашқы астанасы қай жер болды деген сұрақтың төңірегі болып тұр. Бұл жөнінде «Большая Советская энциклопедия»: «Сузак на северных склонах Каратау постоянно был главной опорой, стратегическим пунктом правителей Казахского ханства как в борьбе за власть в степных районах, так и за города в Туркестане. Сузак был не только хорошей крепостью, но и торговым, ремесленным центром, выдвинутым в степь» – деп ап-анық көрсетіпті. Тағы бір деректі ұсынып көрейік:

Список столиц Казахстана

(Материал из Википедии – свободной энциклопедии)

Казахское ханство

- Созақ или Сузак – столица Казахского ханства (1465-1469, 1511-1521).
- Сыганак – столица кипчаков (XII-XIV); ставка Ак-Орды (XIV-XV); в 1446 году хан Абулхайр перенёс сюда свою столицу и вплоть до XVII Сыганак был центром Казахского ханства.

- Туркестан

- Ташкент

[править] Казахстан в XX-XXI веках

- Оренбург (1920-1924)

- Кызыл-Орда (1924-1929)

- Алма-Ата (1929-1997)

- Акмола (с 10 декабря 1997, переименована в Астану 6 июля 1998)

Сузак – Столица Казахского ханства в XVI-XVII веке при Тауекел хане, при раскопках найдены более 3500 видов петроглифов (арпоузен) бронзового века.

Список столиц Казахстана

- Суяб – Тюркский каганат

- Баласагун – Государство Кара-

ханидов

- Койлык – Карлукское ханство (VIII-X)
- Яныкент – Огузское государство
- Сарай-Джук – Ногайское ханство

ханство

Казахское ханство


- Созак
- Сыганак – столица кипчаков

(XII-XIV); ставка Ак-Орды (XIV- XV); в 1446 году хан Абулхаир перенес сюда свою столицу и вплоть до XVII Сыганак был центром Казахского ханства.

- Туркестан
- Казахстан в XX-XXI веках
- Оренбург (1920-0925)
- Кызыл-Орда (1926-1929)
- Алма-Ата (1929-1997)
- Астана (с декабря 1997).

Қазақ халқы «Мәңгілік Ел» идеясымен қаруланып жатыр. Иә, біз кімнен кембіз дегіміз келеді. Сонда, біздің арғы тегіміз туралы мәліметтер энциклопедиядан көрініп тұруы тиіс емес пе?! Мына тасқа қашалған петроглифке көз салыңызшы. Бұлар Қарт Қаратауда, Созақта, Келіншектаудың етегінде тұр. 3500 сурет сақталынған. Мына қазақ даласында

Әлем бейнесі. Қола ғасыр



Қос ат жеккен соғыс арбасы



Скиф бұғысы.Б.з.д.УП-III
Қола ғасыр...



Буралар буырқанысы.
Б.д.д. I-ғасырдың ортасы

қос ат жеккен арба мінген жауынгерлер Рим империясы кезіндегі Коллизейдегі гладиаторлар мінген қос ат жеккен арбалардан әлдеқайда бұрын пайда болған.

«Андрондық металлург шеберлер көптеген әр түрлі әшекейлер жасай білді, оларға арнайы андрондық белгілер тән: сырғаларды көбінесе бір ұшын кең етіп жасады, көзілдірік тәрізді және табан салпыншақтар, ұштары шиыршықты бұралған білезіктер мен сақиналар, геометриялық ою өрнектеліп салынған белдіктер. Сақтар ежелгі тайпа, Еуразияның кең даласында оларға қарсы тұратын күш болмады. Олар мысты ғана емес, сонымен бірге темірді де қорыта білді. Сақтардың алтынының көптігі жөнінде аңыздар айтылды. Алтынмен жездері есепсіз болды, олармен бас киімдерін, киімдерін, сауыттарын, жылқы ат саймандарын әшекейледі» – деп жазады, өзінің сүйсінуін жасырмай б.з.д. V ғ. ежелгі грек тарихшысы Геродот. Бұл анықтаманы, Сіз, өкінішке орай, ешқандай энциклопедиялардан көре алмайсыз.Тіпті, осы елдің еңсесін көтеретін суреттер сол петроглифтерге басы бүтін иелік жасайтын «Оңтүстік Қазақстан»

энциклопедиясына да түспеген. Бұл энциклопедиядан, тіптен, Елбасымыздың жалпақ жұртқа қарата айтқан ұлық сөзін де кездестіре алмайсыз. Мәселен, XX ғасырда қазақ даласында үш ұлы көтеріліс болып өтті. Алғашқысы 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысы. Соңғысы 1986 жылғы Алматы қаласында орын алған Ұлы Желтоқсан оқиғасы.

Енді, арадағы 70 жылды жалғаған тағы бір тегеурінді тепсініс бар. Ол – 1930 жылы болған Созақ көтерілісі. Бұл алғашқы мен соңғыны бір-біріне жалғаған «алтын көпір» деуге келеді. Бұл көтеріліс әлі толық бағасын алған жоқ. Әйтсе де, Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 5 жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасаған «Қазақстан тәуелсіздігі: тарих тағылымдары және қазіргі заман» (*«Егемен Қазақстан», 17 желтоқсан, 1996 жыл*) баяндамасында:

«Мемлекеттің тізеге салған зорлық-шыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жұртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбайтындар көбейе түсті. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігімен көтеріліске 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері – Созақ, Ырғыз, Ақсу, Абралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер еді. Олардың бәрі де Қызыл Армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды» – дейді.

Бұл аса жұмбақ, тыныс-тіршілігі тылсым дүние десе де боларлықтай. Кеңес үкіметі әбден орныққан, Қызыл әскердің қайраулы қылышы анталаған Антантаны талқандаған, Кольчакты, Юденичтің болса да басмашыларды бық-бырт кылған, заманда әділетсіздікке қарсы шокпармен, қамшымен қарсы ұмтылуы санаға сыймайтын тірлік еді. Бір ғасырға жуық уақыт өтсе де оның көмескі тұстары оның анығынан көбірек екенін мойындауға тиіспіз. Керек болса, көтеріліс кезінде қанша адам набыт болғаны әлі де анықтауды талап етеді. Мысал ретінде мына бір құжатты оқып

көрелік: **«БК(б)П хатшысы И.Сталин жолдасқа. «Ақпанда біз үш ірі бұқаралық қарулы көтеріліске кездестік. Біріншіден – Сырдария округінің Созақ ауданында. ...Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олар жағынан 400-ден астам шығын болды. Ф.И. Голощекин» (Алматы саясаттану жанындағы партия архиві. 141-қ, 1-м, 2948-іс, 44-п.).**

Байқап тұрған боларсыздар, мұнда да **Созақ көтерілісі** алдымен сөз болады. Бірақ, амал қанша, **«Оңтүстік энциклопедиясын»** жасаушылар және басқалар да Елбасының ескертуін назардан тыс қалдырған. **Қазіргі таңда әр облыс, аймақ, тіпті, аудандар да өз энциклопедиясын шығарып жатыр. Олардағы кателерден көз сүрінеді деуге болады. Тіпті, ел арасына іріткі тудыратын жағдайлар да кездеседі. Мәселен Махамбет пен Жәңгірханды қарсы қою, болмаса Сегіз сері деген болмаған деу, «Біржан мен Сара» айтысын мансұқтау қарқын алып барады. Ал, олардың орнына атын ешкім естімеген батырлар, билер, патшадан шен-шекпен кигендер кимелеуде. Жүрек ауыратыны, ара-тұра бір-бірінен кек алатын, «сен кімсің, біз кімбіз» деп нық тіресетін орын боп бара жатқаны да жасырын емес. Мәселен, осы елдің тумасы, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановпен қаз-қатар жүрген Бабажанов Мұхаммед-Салыққа (1832-1879) «Атырау» энциклопедиясы (Алматы. Атамұра. 2000. 169-бет) небәрі 10 жолды әзер қиыпты. Ал, енді, Уәлиханов Шота Ыдырысұлына 25 жол бұйыртып (359-бет), оның ұлы атасы Шоқан Шыңғысұлын энциклопедиядан мүлдем шығарып тастағанына не дерсіз... Бәлкім, осыдан да болар, Нобель сыйлығын өз аяғымен барып алуға ерінген, «тілінің тікені бар» Бернард Шоудан осындай ерен «еңбектер» туралы пікірін сұрағанда: **«Он маймылды он машинкаға отырғызып, он жыл тоқпақтатсаң Британия энциклопедиясы пайда болмағанда қайтеді?!»** – деген екен. Біздің де энциклопедияларымыз ұлттық ұлағат ұясына айналсын десек, осыған өте абай болған жөн шығар деп ойлаймыз...**



Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

«ҚОСТІЛДІЛІК», «ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ»

Алдымен, Қостілділік дегеніміз – «адамның екі тілдің көмегімен қарым-қатынас жасауы» (Михайлов М. М. *Двуязычие. Чебоксары, 1968, 3-бет*) яғни, адамдардың қоғамдық өмірде ана тілімен бірге басқа да шет тілінде сөйлеу құбылысы. Ал, көптілділік - екіден көп тілдерде түсінісу. Жалпы, қостілділік, көптілділік – әртүрлі этносқа жататын адамдардың, ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында ерте замандардан келе жатқан әлеуметтік құбылыс.

Ғалымдардың анықтауынша, болашақта халықтар арасындағы түрлі байланыстардың ұлғая түсуімен байланысты көп тіл білушіліктің де маңызы арта береді. Қазірдің өзінде-ақ көп тіл білушілердің саны бір тілділерге қарағанда, әлдеқайда көп (*Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы, 2012, 472-бет*). Қазір жер шарын мекендеген халықтардың 70 пайыздайы екі, не одан да көп тілдерді әртүрлі деңгейде меңгерген. Өйткені, қазір біз өмір сүріп отырған жаһандану дәуірі шегараларды білмейтін, көп тілде сөйлейтін заман.

Қостілділіктің екі – пайдалы және зиянды жақтары бар. Тағы бір қасиеті бірнеше тілді қолдану барысында оның осы екі жағының бірі ғана жүзеге асады (*Г. Д. Алдабергенова. Явление билингвизма в перспективе исследования. В книге «Язык: система, функционирование». Алматы, 2007, 180-бет*). Сондықтан да, қостілділікті ақ, қарасын ажыратып барып, жүзеге асырудың маңызы зор. Шет тілін үйрену барысында адам басқа бір ұлттың сөзін, сөйлем құрау тәсілдерін меңгеру арқылы оның ойлау жүйесіне еніп, рухани әлеміне қадам басады; жаңа бір халықтың ұлттық болмысын ашады.

Шет тілінде сөйлеу арқылы сол ұлтша ойлайды; мұның өзі сол ұлтпен іштей жақындастыра түсетін болады. Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі. Тіл білуі барысында адамның қарым-қатынас жасау, әлеуметтену, білімін арттыру мүмкіндіктері екі-үш есеге дейін артады. Өйткені, әр тіл өзінше бір тұтас әлем. Тіл үйрену арқылы адам жаңа бір әлемнің, әлемдік өркениеттің тағы бір ғимаратының есігін ашып, ішіне кіріп, таныса бастайды. Бірінші кезекте адамның ақпараттық, мәдени және экономикалық кеңістігі кеңейіп, таным-түйсігі арта түседі. Осы мәселені арнайы зерттеген профессор Б. Хасанов «Қостілділік адамдардың рухани жағынан өсуіне жағдайлар жасайды. Адам үшін қостілділік – ойын жеткізу, шындықты тану құралы болумен бірге көпұлтты қоғамда қарым-қатынас жасау құралы да; бұл жерде оның негізгі компоненті (ана тілі) ұлттық компонентін сыпаттаса, басқа компоненті (екінші тіл) әртүрлі ұлт өкілдерін тану, басқа халықтардың мәдениеттерін игеру құралы болады. Қостілділіктің адамның үйлесімді дамуындағы рөлі орасан; өйткені, ол көпұлтты қоғамда жан-жақты дамудың және де өзін танытудың аса маңызды құралы» (*Казахско-русское двуязычие. Алматы, 1987, 12-13 беттер*) – деп жазады. Қостілділік мәселелерінен диссертация қорғаған Г. Д. Алдабергенова (*Исследования влияния билингвизма на развитие личности детей. Диссертация на соискание кандидата филологических наук. Алматы, 1990*) қостілді баланың айналасындағы тілдік күрделі жағдай оның интеллектуалды дамуының басты көрсеткіші саналатын мәселенің мән-жайын тез аңғаратын қабілетінің қалыптасуына көмектесетіндігін айта келіп, жалпы қостілділік 10-12 жасар балалардың ойлау қабілетінің дами түсуіне оң әсер етеді деген пікір білдіреді (*Язык: система, функционирование. Алматы, 2007, 183-бет*).

Сонымен бірге, ол ана тіліне негізделмеген билингвизмнің тұлғаның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына, ұлттық дәстүр, мәдениет рухында тәрбиеленуіне нұсқанын тигізетіндігін де ескерткен.

Соңғы кездердегі зерттеулер бірнеше тіл білетіндердің басқаларға қарағанда ұқыптырақ, ойын тез жинақтап айтуға қабілеттірек келетіндігін анықтап жатыр. Оның басты себебі, адам бір тілден екінші тілге ойлауға көшкенде, оның миы ақпараттарды шапшаң реттеп, ең маңыздыларын тез іріктеп алуға машықтанады екен (*Кирилл Стасевич. Иностранный язык помогает думать на лобом возрасте. «Наука и жизнь», 2014, №7*). Сондықтан да, көп тілділік мәселесіне ғылыми тұрғыдан келіп, оның жақсы жақтарын да, теріс тұстарын да әрдайым ескеріп отырған жөн. Осы мәселені арнайы зерттеген бірсыпыра ғалымдар қостілділіктің жас баланың ойлау қабілетінің дамуына кері әсерін тигізетінін анықтаған. Ойлау барысында екі тілдің бір-біріне кедергі келтіріп, тежеу тудыратындығы, сөйтіп баланың ойлау жүйесінің қалыптасуындағы айтарлықтай кері әсер ететіндігін алға тартады.

Екінші шет тілін үйрену өмір қажеттілігінен туындап, еркіндік, теңдік, ізгілік ниеттерімен жүрсе ғана ол – пайдалы. Б. Хасановтың пайымдауынша, қостілділік екі жақты (қазақша-орысша, орысша-қазақша) болғанда ғана пайдалы. Негізінен, солай болуы тиіс. Өкінішке орай, бізде бір жақты жүріп жатыр (*Хасанов Б. Х. Казахско-русское двуязычие. Алматы, 1987, 23-бет*). КСРО-ның кезінде белгілі бір мақсаттармен жүзеге асырылған қостілділіктің бір бағытта ғана жүруі күні бүгінге дейін жалғасып жатыр. Қостілділіктің бір жақты жүруі тіл үйренуді түрлі жолдармен мәжбүрлеп енгізу арқылы жүзеге асып, орны толмас зиян шектіреді. Профессор З. Ахметжанова басқа тілдің басымдығындағы қостілділік ана тілін қолдану аясын тарылтуға алып келіп, мұның аяғы ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына кедергі жасайтындығын айтады. Шет тілін білуге ұмтылушылықтың саяси-әлеуметтік, психологиялық, мәдени-антропологиялық себептері бар. Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, сол қоғамның сұраныстарына, талаптарына сай өмір сүретіндігі белгілі. Демек, қостілділік те адамның қоғамдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында туындайтын табиғи құбылыс екен. Бұл – қостілділіктің, көптілділіктің пайдалы жағы.

Мәжбүрлі түрдегі қостілділік ұлт-

аралық алауыздықтарды қоздырып, оның қайнар көзіне айналады; қоғамдағы антогонистік қайшылықтарды күшейтіп, бір ұлттың екінші бір ұлтқа басымдығын жүзеге асырып отырады. Мұның соңы сөйлеушілердің бір бөлігінің немесе толықтай ана тілін тастап, екінші тілге ауысуына, мұның аяғы өз тілінің жойылуына, ұлтының ассимиляцияға ұшырауына алып келеді. Демек, қостілділік ана тілінен екінші бір тілге, яғни, өз ұлтынан басқа бір ұлттың рухани әлеміне өткеріп жіберетін көпір рөлін атқарады. Сонымен, қостілділік, басқа тілді үйрену ана тіліне негізделмеген жағдайда пайдасынан гөрі зияны аса қауіпті екен. Сондықтан да, әрбір бала оның бойында ана тілі негізінде ұлттық ойлау жүйесі қалыптасқанша, алдымен, отбасында, сосын мектептің бастауыш сыныптарында міндетті түрде ана тілінде тәрбиеленіп, содан кейін барып шет тілдерін үйрену пайдалы болмақ. Көбіне империялардың кезінде көрініс табатын қостілділік аз санды ұлттардың тілінің жойылып кетуіне апарып соқтырады. Жаһанданудың барынша қанат жая түсуімен бірге тіл империализмі де күшейіп, қостілділік пен көптілділік басқаша сыпат алып келеді. Сондықтан да, қостілділікке, «үш тұғырлы тілге» барынша назар аудара түскен жөн. Шынтуайтына келгенде, қостілділік қазақтарды орыстандырудың бір жолына айналып отыр. Оған мына бір мысалдар көз жеткізеді: 1989 жылы елімізде ана тілімен қатар орыс тілін де жетік меңгерген қазақтар 62,8 пайызды, ана тілімен бірге қазақ тілін де меңгерген орыстар 0,9 пайызды құраса, бұл көрсеткіш осы ретпен 1992 жылы 63 те 1-де тұрды. Қазақ тілінде сөйлейтін орыстар 1994 жылы 8,5 пайызды көрсетсе, арада екі жыл өткен соң, азайып, 7,7 пайызға түсіп кетті (*Хасанов Б. Х. Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан. Автореферат диссертации на соискание степени доктора филологических наук. Алматы, 1992, 11-бет*). Осындай жағдай күні бүгінге дейін жалғаса түсуде. Сонда, қостілділік дегеніміз де өңін өзгерткен, шапанын айналдырып киген орыстандырудың заманға лайықты «модный» бір түрі болып шығады. Қазақ тілінің қазақ қоғамында өзіне лайықты орнын алуына осы секілді сырты жылтырақ, іші былдырақ саясаттардың айтарлықтай кедергі келтіріп отырғанын айтпасақ болмайды.

Қостілділік қазақ ұлтын іштей ірітіп, аз болса да қолында қазақтың билігін ұстаған, өздерін ұлт «элитасы» санайтын шала қазақтарды іріктеп шығарды. Қазір ұлтының болашағы үшін күресте өздерін прогресшіл санап, үлкен мінберлерде қазақ атынан сөйлеп жүрген шала қазақтардың ұлтының келешегіне келтіріп жатқан зияндықтары оларды іште жүрген ұлт жауларына қосып отыр. Қостілділік ақыр соңында өз тілін білмейтін, ұлтын менсінбейтін, өздерін ұлттан жоғары санайтын космополиттерді, «мәнгүрттерді» шығарды. Сөйтіп, қазақ ұлтын іштей қақ жарды. «Қазақтар бүгін біртұтас ұлт емес. Бай-жарлы болып, орыс-қазақтілді болып, жарылып отырмыз» (*А. Айталы. Қазақтың саны мен сапасының арасында алашақтық бар. «Айқын», 24.07.2014*).

Елімізде қос тілділіктің сақталып қала беруіне, әсіресе, шала қазақтар мүдделілік танытуда. Олардың ойынша, жуық арадағы Қазақстанның болашағы қос тілділікке тікелей байланысты. Әсіресе, биліктегілердің және қазақ элитасының қос тілді болуы – өмір талабы. «Қостілділік – бізге Алла сыйлаған үлкен сый. Сондықтан да, біз мұны барынша тиімді пайдалана білуіміз керек. Қазақ тілін дамыту орыс тілінің есебінен жүрмеуі керек, керісінше қостілділікті сақтау бағытында жүруі керек деп біледі» (*Ж. Жакупов. Шала қазақ. Алматы, 2009, 59-60 беттер*).

Қазіргі қазақ баспасөзі бетінде қостілділіктің ұлтымызға әкеліп жатқан зияндықтары жайлы біршама жазылуда. Солардың бірінде Зия Көкалыптың «Мемлекет ішінде ортақ рухтастықты, ортақ мүдделестікті, ортақ тілеулестікті қалыптастыратын – ең алдымен, ортақ тіл! Тіл бірлігі бірте-бірте дін бірлігі мен дін бірлігін де қалыптастырады. Сондықтан да, тілдің бірлігі діннің бірлігі мен ділдің бірлігінен де жоғары тұруы керек!» – деген сөзін келтіре отырып, қазіргі қазақ қауымының бет-пердесін төмендегіше ашып тастапты: «...қазір қазақ ұлты бірін-бірі іздемейтін, бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі ұқпайтын, бірін-бірі жатырқайтын, бірін-бірі бөгде санайтын, бірінің айтқаны екіншісіне ерсі көрініп тұратын, не болмаса екіншісінің айтқаны біріншісіне оғаш боп көрінетін, бір-бірімен ортақ тіл табыса алмайтын бөлек-бөлек екі ұлтқа айналды. Бұл ұлтың бірі қазақ тілді қазақтар болса, екіншісі орыс тілді қазақтар. Қазақ тілді

қазақтарды «байырғы қазақ ұлтының бүгінгі көзі, бүгінге жеткен жұрнағы, қара шаңырақ иесі» деп, қабылдасаңыз, ал, орыс тілді қазақтар туралы бұлай деп айта алмайсыз. Бұларда қазаққа тән, қазақтыққа тән ешқандай белгі-бедер жоқ, ұлттық тіл жоқ, ұлттық түйсінім жоқ, ұлттық сезінім жоқ, ұлттық өріс жоқ, ұлттық діл жоқ, ұлттық рух жоқ, ұлттық тін жоқ, ұлттық намыс жоқ. Демек, «орыстілді қазақтар» дегеніміз – мүлде жаңа қауымдастық, қазақ ұлтының ұзақ жылдар бойы бодандық пен отарлықта болуының кесір-керінен пайда болған жаңа ұлт, жаңа қауымдастық. «Үйдің ішінен үй тігілді, ұлттың ішінен ұлт пайда болды» дегеніміз де осы» (*Ә. Меңдеке. Ұлтбездерлік немесе ұлтбездерлікті мемлекеттік саясаттың құралына айналдыруға бола ма? «Ақиқат», 2013, №11, 58-59 беттер*) – тұрғыдағы ойын білдіріпті.

«Бұл (үштілділік) – қазақ ұлтының қамын ойлағандықтан ойлап табылған ақыл емес, бұл – қазақты ұлттығынан айыру, ұлт емес, дүбіра бір нәрсеге – әйтеуір қарны тоқ, киімі бүтін болғанына мәз бір тіршілік иесіне айналдыру үшін әлдекімдер, не өздері, не шетел мәдениеттанушылары деп аталатын қаскөйлердің тапсырмасымен ойлап табылған қаскөйлік. Өйткені, көзін ашқаннан ағылшынша, орысша араластырып сөйлейтін байғұс сәби ертең өз ұлтының азаматы болайын десе де бола алмайды. Ал, ең әуелі өз ұлтының азаматы бола алмаған адамның ешқашан кейбір орыстілділер айтатын «планетарный», «общечеловеческий масштабтағы» адам болуы мүмкін емес» (*М. Кенжебай. Ұлтшылықты орыстан үйрен. Сөйтіп құл-мінезден арыл, қазағым! «Қазақстан-Заман», 21.08.2014*).

Сонымен, қостілділік дегеніміз – ұлт әлсіреген кездегі ұлттық тілдің жойыла бастауын байқататын жол; адамдардың суға кетіп бара жатқан ұлт тілінен оны осындай жағдайға душар еткен екінші бір тілге ауысардағы аралық сатысы. Қостілділіктің адамдардың күнделікті тіршілігінде пайдалы жағы көп болғанымен де түптің түбінде ұлттың тамырына балта шабар аса қауіпті құбылыс екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қостілділік екі тілдің теңдігі жайында жүрсе ғана екі тілдің де қатар дамып, байи түсуіне игі әсерін тигізе алады.



Өмір ШЫНЫБЕКҰЛЫ,
тарихшы

Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді

**Қазақстан Республикасы
Конституциясының 2-бабы**

Бүкіл әлем назары Украина дағдарысына ауып, Қырым Ресей құрамына өткен тұста, Оңтүстік Қазақстан облыстық «Южный Казахстан» газеті Оңтүстік өлкедегі патша үкіметінің отаршылығын дәріптейтін мақалаларды бірінен кейін бірін, беріп жатыр. Соның бірі, «НЕПОКОРЕННАЯ СОТНЯ». К 150-летию героической битвы под Иканом («Южный Казахстан» газеті, Притула мен Л.Ковалева -31.07.2014 ж.), атты мақаланы талдап көрейік. Мақалаға арқау болған оқиға, 1864 ж. 4, 5, 6 желтоқсан күндері Түркістан түбіндегі Иқан қыстағы маңында болған Қоқан әскерлері арасында болған шайқаста қырғын тапқан орыс-казактардың «ерлігі». Мақаланың кіріспесінен-ақ, Қоқан ханының регенті (хан атынан мемлекет басқаратын адам) қыпшақ Әлімқұл молданы «хан» деп, тереңдей келе көптеген кемшіліктерге жол берген авторлардың тарихтан мүлдем хабары жоқ немесе болған оқиғаны қасақана бұрмалап отырғанын байқауға болады. Аталған авторлар Түркістан түбіндегі Иқанда болған орыс әскерлерінің «ерлігін» Ұлы Отан соғысы басталған кездегі Брест қамалын қорғаған ерлердің ісіне теңейді. Мақала авторлары орыс жауынгерлерінің «ерліктерін» тізбелеп, есімдерін тізбектеп, атап шығады да, өз жерін отарлаушыларға қарсы тұрған жауынгерлердің атын да атамай жалпылама, «қоқандықтар» дей салады.

«ИҚАН ШАЙҚАСЫ» ШЫНДЫҒЫН БҰРМАЛАУ КІМГЕ КЕРЕК?

Олардың атын авторлар білмеуі мүмкін емес. Архив және басқа да ескі дереккөздерді айтпағанда, осы «Иқан шайқасы» туралы орыстың атақты суретшісі В. Верещагин «Тұтқиылдан шабуыл» (*Нападают врасплох*), «Ізге түсіп, қоршап алды» (*Окружили – преследуют*) атты 2 картина жазды.

....«Әрине, бұл картиналарда біраз нәрсе өзгертілген, кейбір детальдар, мен келердің алдында осы маңда болған белгілі Садықтың (қазақ сұлтаны Садық Кенесарин) өзін іздеуге жіберілген шағын орыс отрядына тұтқиылдан жасаған шабуылы туралы әңгімеден алынды» дейді В. Верещагин өзінің осы картиналары туралы.

Алдымен, біраз тарихқа көз жүгіртсек.

Негізі 18-ғасырдың басында (1709 ж.) қаланған Қоқан хандығында өзбек, қырғыз-қыпшақ, тәжік, сарт және қожалардың арасындағы билік үшін қырқыс, сарай маңындағы интригалар бір күн де тоқтаған емес. Жеңген жағы, жеңілген жақты аяусыз жазалап, қара халықты қырғынға ұшыратып отырды. 19-ғасырдың басында, Қазақстанның оңтүстігін Қоқан хандығы жаулап алған соң, сол тартысқа қазақ руларының басшылары да араласа бастады. Бүкіл Оңтүстік Қазақстанды шарпыған 1858 жылғы болған көтерілістен соң, Бұқар хандығына сүйенген өзбек, сарт, қожалардың ықпалы әлсірей бастады. Нәтижесінде, «қазақ және қырғыз рубасыларының көмегіне сүйенген қырғыз-қыпшақ Әлімқұл молда 1862 ж. 28 ақпанда (ескіше 1278 ж. шағбан айының 24-і жұлдызы) 15 жасар Шах-Мұратты хан тағына отырғызып, өзі оның атынан билік жүргізе бастады. Осы кезде Бұқардан шақырылған Құдияр Қанағат шахтың қолдауына сүйеніп, Ташкентте өзін «хан» деп жариялады. Бұлғақ қайта басталды, Бұқар әмірі Құдиярға қолдау

көрсетті. Дей тұрса да, Бұқар әмірі жетіп үлгергенше, Құдияр Қоқанды алып қойған еді. Енді, Құдияр Қоқанды Бұқар әмірінен қорғауға дайындала бастады. Әмір соғыспай Бұқарға қайтып кетті. Құдияр Бұқар әміріне сый-сияпат беріп Қанағатты жіберді, бірақ, әмір елшілерді өлтіруге бұйрық берді. Осы кезде қыпшақтар қайта көтерілді, Құдияр олармен кескілескен соғыс жүргізуге мәжбүр болды. Бұқар әмірі Қоқанға қайта аттанды. Әйтсе де, қыпшақтарды жеңе алмаған соң, Құдияр ханды алып Бұқарға оралды. Енді, Бұқар әмірі Қоқан тағына Шах-Мұрат ханды ұсынды. Сонда да, оған тұрғындар қыпшақтармен жарасуды ұсынған жалғыз талап қойды. Шах-Мұрат қыпшақтарға барған кезде, қыпшақ Әлімқұл молданың бұйрығымен өлтірілді. Сосын, Қоқан билігі өз қолына өлтірген Әлімқұл таққа Сұлтан-Сейіт ханды отырғызды («Тарих-и-Шахрухи» Молда Нияз-Мұхамед Қоқанди, 1871 (1288) ж. жазылған).

...Ресей әскерлері 1864 ж. жазда Түркістанға шабуыл жасағанда қала хәкімі тәжік Мырза-Дәулет қаланы тастап қашып кетті де, Түркістан-Созақ өңірін қорғауды Созақ өңірінің хәкімі Садық сұлтан Кенесарыұлы өз мойнына алды. «1864 ж. 27 жасар Садықты Қоқан ханы Мұхамед Сұлтан Сейіт Теріскейдің (қазіргі Созақ өңірі) хәкімі етіп тағайындады. Сол жылы маусым айында ол Түркістанды орыс әскерлерін бастаған полковник Веревкиннің отрядынан қорғауға қатысты» («Үлкен Кеңес энциклопедиясы»).

Қыпшақ Әлімқұл да, қазақтың соңғы ханы Кенесарының ұлы Садық сұлтан да Ресей отаршылдығына жан-тәнімен қарсы тұрды. Мәселен, Әлімқұл Ресей отарлаушы әскерлерінің басшылығы елші етіп мәжбүрлеп жіберген Байзақ датқаны Шымкентте зеңбірекке байлап атып жіберсе, Садық «Кәпір Қоқанды алса, Бұқарға барам, Бұқарды алса, Қашғарға барам» деп мәдімдегені белгілі. Енді, осы қыпшақ Әлімқұл молда мен Садық сұлтанмен орыс отарлаушы әскерінің шайқасын авторлар қалай бейнелегенін көрсету үшін мақаладан үзінділер бере кетейік.

«Российская Империя в своих колониальных устремлениях в Среднюю Азию столкнулась как в Джетысу, так и в Южном Казахстане с силами Кокандского хан-

ства, незадолго до этого расширившего свои владения за счет казахских земель, – говорит Е. Смагулов (*Мақалада, «Ерболат Смагулов Түркістан археологиялық экспедициясының бастығы»* деп көрсетілген. Ө.Ш.). – Летом 1864 года отрядом полковника Веревкина был взят город Туркестан с его почитаемой среди мусульман святыней – мавзолеем Ходжи Ахмета Ясави. Это потеря оказала сильное деморализующее влияние на кокандское войско и местное население. Далее, на пути русских казачьих отрядов, которые составляли главную военную силу русских войск, были крепости Чимкент, Ташкент».

«Казаки, защищая подступы к Туркестану, отражали одну атаку другой, стояли стойко и мужественно, не пуская неприятеля к городу».

«Кокандцы бросились в рукопашную и отбиты мужественно сражающимися казаками». «Непокоренная сотня за три часа боев отошла от Икана на восемь верст в сторону Туркестана».

«Высочайшей царской милостью есаул Серов получил чин, орден Святого Георгия (бізде жыл сайын «Жеңіс күні» (9 мамыр) алдында «жыр» болатын «Георгий лентасын» еске түсіріңіздер), урядник Селезнев произведен в хорунжие, казаку П.Мизинову возвращен чин сотника. 4-ой сотне Уральского казачьего полка были пожалованы знаки отличия на головном уборе с надписью: «За дело под Иканом 4,5,6 декабря 1864 года». О подвиге иканцев стали сочинять песни. Вот несколько строк из одной из них:

«В степи широкой под Иканом

Нас окружил кокандец злой.

И трое суток с бусурманом

У нас кипел кровавый бой».

«Битва под Иканом, благодаря которой Российская империя не отдала Южный Казахстан Кокандскому ханству – **ярчайшее событие**». «Чугунная плита, которая хранится в фонде музея, вполне могла бы вернуться туда, где ее устанавливали. Что, это будет сейчас за памятник, не знаем, но туристы, которые едут в Туркестан, уверены, останавливались бы под Иканом и **слушали историю подвига уральских казаков, не менее героическую, чем история Брестской крепости**. Наверняка, можно было бы отреставрировать и найти место и для чугунной плиты с именами **павших героев**».

«Мы и сейчас каждый год в этот день заказываем панихиду по **иканским героям**, – рассказывает заместитель председателя областного славянского культурного центра, атаман южноказахстанских казаков Дмитрий Хрушев».

«И в этом году в **ознаменование 150-летия со дня Иканского сражения** мы запланировали конференцию с участием историков, краеведов, старейшин и всех, кому не безразлична Летопись Туркестана. А в 18 декабря мы установим памятный крест, деньги которой нам помог собрать пенсионер Иван Климантов... Сейчас, Иван Геннадьевич переехал в Россию, но про то, считал необходимым увековечить в Туркестане подвиг казаков под Иканом, не забыл». «Время не шадить памятники из камня и железа, – говорит Е. Смагулов... **И я считаю, что подвиг казаков, отдавших свои жизни за Туркестан, не должен был стерг из памяти народа.**»

Айталық, Мәскеу түбіндегі Бородинода француздар, Волокаламскіде немістер сол шайқастарда қаза тапқан өз жауынгерлерінің ерлігін мәңгі есте қалдырамыз деген ниетпен ескерткіш тақта орнатамыз десе, Ресей халқы не айтар еді. Меніңше, бұл жерде ерлік емес, орыстың ұлы қолбасшысы Александр Невский айтыпты дейтін «Кім бізге семсермен келсе, сол қалқан үстінде қайтады» (Кто придет к нам с мечом, тот возвратится на щите) деген сөзі тура келеді.

Сонымен, 1864 ж. желтоқсан айында Ресейдің отарлаушы әскері кіммен соғысты?

Ресейдің отарлаушы әскерімен соғысқан әскердің басында қыпшақ Әлімқұл молда мен Садық (кей деректерде, Сыздық, Сыдық) Кенесарыұлы тұрды! «Орыс үкіметі елге аман барып оған кіші жүз бен орта жүздің жақсылары әңгіме қылып болған соң, бастығы Сыздық болып барлық төрелер елі мен орысқа бармақты мақұл көреді. Ел жиналып жүруге даярланғанда Сыздық мынадай пікір қозғайды: «Ел жұрт болған жерің түгел барындар. Мен әлде болса мұсылманның қылышын шауып көрейін, сендер түгел барсандар бір мені жоқтай қоймас. Мұсылманға Құдай абырой беріп орысты қайтара қалса мен сендерді аман алып қалуға жарармын. Егер, абыройды орыс алса

жалғыз менімен ел кемімес те артпас та. Дұшпанның сыртында болғанша ішінде бол деген, сендер барындар деп, өзі Қоқан қолымен қосылып орысқа қарсы шықпақ болған. Сыздықтың мұсылман жәрдеміне бармақ болып, елді жинап қоштасып Қоқанға жүруге ордада отырып алдына бір шара қымыз алып кесеге құйып, кім менімен бірге баратын болса, қолымнан келіп қымыз ішсін де, далаға шығып ат ерттесін деген. Сонда, жігерлі батыр жігіттерден қырық жігіт келіп, қолынан қымыз ішіп, баратын болған. Ақырында бізде сіз өлген жерде өлеміз деп екі қатыны да келіп қымыз ішіп бұларда жүрмек болған». Сөйтіп Сыздық қырық жігітімен Түркістандағы Қоқан әскеріне барып қосылған». *Жазған Әзімұхан Ахметұлы КЕНЕСАРИН Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1338 папка. 1-2 беттер.*

...«Тайшық пен Ахмет сұлтандар Русия жағына шыққан кейін Сыздық сұлтан 1864 ж. Қоқан ханының пәрмені бойынша Созақ хәкімі болып тағайындалды, оған орыс шекарасын бақылау тапсырылды (*Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. Алматы, Жалын. 1992. 24 б.*).

...«Ақырында, көптен бері ханның қол астында белгілеп, орныға алмай тұрған Түркістанды 1864 жылы 12 июньде соғыспен орыс полковнигі Вережкин алыпты. Солжылы Түркістанды орысқа бермеске хан Абылайдың шөбересі, Кенесары ханның баласы Сыздық төре де соғысқан екен» (*Міржақып Дулатов «Қазақ», 1913 ж., № 16.*

«Әлімқұл молданың тобы бір зеңбірекпен қаруланған 112 жауынгері бар Серовтың жүздігін қоршауға алды. «Неизвестные страницы забытой войны» Подполковник В. Корнеев – Әскери университеттің қызметкері, сотрудник Военного университета, подполковник (*«Независимое военное обозрение» журналы НВО, N22, 1999 ж., 5 б.*).

Төмендегі мына бір деректен Әлімқұлдың Түркістанға аттануына қазақ пен қырғыздардың өздері мәжбүрлегенін көреміз: ...«1281 (1864) жылы қыстың басында, ол (Әлімқұл молда) тағы да Ташкентке аттанып, алыс жолды жылдам жүріп өтіп, Мыңөрікке тоқтады. Онда жүргенінде қыпшақтар мен қырғыздардың: «Олар келгелі бізден ты-

ныштық кетті, бізге қыпшақ даласы мен облыстарын қарсы қойып бітті, жағдайымыз тіпті қиындап кетті» деген реніш сөздері құлағына жеткен Әлімқұл молда Ташкент тұрғындарымен жаңа шарт жасап, Қарақамыс арқылы қаладан шығып Сырдария жағалауына бет алды. Жылдам жүріп отырып, Иқанға жетті. Олардан бұрын ол жерге Түркістаннан 100 кәпір келіп тоқтаған екен (*4 желтоқсан күні шыққан есаул Серовтың жүздігі*). Қақаған қысқа қарамай, ол әскерін тәртіпшен орналастырып, «Қара бура» жасатты (*қамыс пен сабанды буып жасаған қалқан*). Қарабураны алдына салып дөңгелентіп отырып, жауға жақындап 100 кәпірдің біразын өлтіріп, 60-шақтысын тұтқынға алды» (*«Тарих-и-Шахрухи» Молда Нияз-Мұхамед Қоқанди*).

«1864 жылы 3 желтоқсанда Сыздық сұлтан Әлімқұлдың рұқсатымен өз жігіттерінен сегіз жүз адам алып, ілгері озып Шілік қыстағына барып, ондағыларды тұтқынға алып, Әлімқұлдың келуін күтеді. Әлімқұл молда негізгі қолымен күн батардың алдында келіп жетеді. Сыздық сұлтан өзінің сегіз жүз жігітімен түнде тағы ілгері озып барып, танда Иқанға жетеді. Онда Иқанның ақсақалы Ибн Әминді қолға түсіріп, тағы да Әлімқұлдың келуін күтеді. Әлімқұл молда Иқанға жақындап келіп, негізгі күшімен Шілік жағына тоқтаса, ал, Сыздық өз жігіттерімен Түркістан жағына тоқтап, Түркістан жолына күзет қойды. Бұл жөнінде 4 желтоқсанда хабардар болған Түркістан қаласының коменданты подполковник Жемчужников Сыздық сұлтанның 400 қолмен Шымкенттен Түркістанға келетін төте жолда екендігін ескеріп, оларды соншалықты көп емес ойлап, Қоқан әскерінің қозғалысын бақылап, Иқанға бару үшін Орал казак әскерлеріне жиналуға бұйрық береді. Сонымен бірге, пошта тасушы Паспакты генерал-майор Черняевке аттандырады. Содан, есаул Серов басқаруымен құрамында 2 обер офицер, 5 урядник, 98 казак, 4 артиллерист, 1 фельдшер, 1 фуришат және 1 зеңбірегі бар Орал казак әскерлері жолға шығады. Серов бастаған Орал казак әскерлері Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияны отарлау барысындағы әскери шараларға қатысу үшін Орал қаласынан арнайы алдырылған болатын. Өз әскерімен Түркістаннан шыққан есаул Серов қала маңындағы бақ ішінен пошта тасушы

Ахметті кездестіріп, одан Иқан маңынан қоқан қолын көргенін естиді. Пошта тасушылардан қоқандықтар туралы естіп білген Түркістан басшысы подполковник Жемчужников сондағы тұрғын Әмірді есаул Серовқа аттандырып, егер де, қоқанның қалың қолын көрген жағдайда Түркістаннан 10 верст қашықтықтағы қираған Тышанақ бекінісіне тоқтап, олардың қозғалысын бақылауды тапсырады. Кейін кері қайтқан Әмір арқылы Жемчужников қоқанның 1000 шақты қолы Иқанды қоршауға алғанын, есаул Серов әскерінің Иқанға жетпей тоқтағанын естиді. Серов бастаған Орал казак әскерлері Иқанға 3 верст жетпей қоқан қолын көріп кері шегінеді. Алайда, Сыздықтың күзетшілері түн ішінде осылай қарай жақындап келе жатқан екі топ адамды көріп, хабар жеткізеді. Темекі тартып сөйлесіп келе жатқан олардың атты казактар екенін таныған соң Сыздық дереу Әлімқұл молдаға хабар беріп, өзінің жігіттерін дайындайды. Хабар тиген соң Әлімқұл да әскерін дайындап, алып шығады. Олар келе жатқан есаул Серов басқарған орыстың атты жүздігі екенін біледі. Қоқан әскерін көрген сәтте жанталасқан орыстар аттарынан түсіп, мылтықтан, зеңбіректен оқ ата бастағанымен барлық жағынан қоршауға алынады. Серов ат үстінде кері шегінуге мүмкіндік болмағасын, тез арада отрядқа аттан түсіп, кішігірім орға тасаланып жатып, ал, ашық жақтарына әскердің азық-түлік, жемшөп қаптарымен, т.б. қорғануға болатын заттардан үйінді жасауға бұйрық береді. Сөйтіп, екі жақ күн шыққанша атысып, келесі 5 желтоқсан күні одан әрі жалғасады. Казак әскеріндегі қару-жарақтың басым болуы бірнеше мәрте қоқан әскері тарапынан жасалған шабуылға тойтарыспен жауап беруге ықпал етеді. Түс кезінде казактар оққа ұшқан аттарын айналасына қоршау етіп қойып, солардың тасасынан атысуды жалғастырады. Осы кезде Түркістан жаққа қойған күзетшілерден үш жүздей солдатты бар бір отрядтың келе жатқаны туралы хабар келеді. Шынында да, осы тұста Түркістан қаласының коменданты подполковник Жемчужников өткен күні кешкі сағат 5-тің тұсында басталған күшті атыстың, түні бойы және келесі күні де жалғасып жатқанын естіп, бірақ, Се-

ров отрядынан ешқандай хабар ала-алмай, оған көмекке жаңа отряд жіберуге шешім қабылдаған еді. Содан, подпоручик Суворко бастаған құрамында 152 жаяу әскер, 2 жеңіл зеңбірек, екі пошта тасушы және 8 казак бар отряд Түркістаннан Иқанға аттанады. Жемчужников Суворкоға, егер де, отряд Серов жүздігімен қосылу үшін жаудың айтарлықтай күшін кездестіріп, кедергіге тап болса және олардың Түркістан бағытына қозғалысын көрген жағдайда жүздікті құтқармай кері қайтуды тапсырған. Мұның өзі подполковниктің казактарға соншалықты жаны аши қоймағанын айғақтайды. Түркістаннан орыс отрядының шыққаны туралы хабарды естігенде Әлімқұл молда не істерін білмей саскалақтап қалған. Ол өзінің әскер басшыларынан: «**Мына екі жүз орысты жеңе алмай тұрғанымызда, оның үстіне тағы үш жүз солдат келіп қосылса, бізде бұларды талқандаудың ешқандай мүмкіндігі болмайды. Не істеу керек?**» деп ақыл-кеңес сұрағанда, олардың ешқайсысы да «өзіңіз шешіңіз» дегеннен басқа ештеңе айта алмаған. Сыздық сұлтан ғана Әлімқұл молдаға: «**Сіз негізгі күшпен мына орыстарға шабуыл жасай беріңіз, ал, мен өз жігіттеріммен келе жатқан солдаттардың алдынан шығып, оларды сізге жібермей бөгейін**» деп айтқан және солай істеген. Сыздық сұлтан көмекке келе жатқан подпоручик Суворко бастаған солдаттарды Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, атыса бастайды. Сол ұрыста оның алты аты оққа ұшып, он жігіті жараланады. Ашық әрі жазық жерде солдаттардың оғы өздеріне жақындатуға мүмкіндік бермеген. Сондықтан, Сыздық атыса отырып, Иқан жолымен кері шегіне бастайды. Бұл ұрыс Иқан түбіндегі есаул Серов отрядына да естілген. Серов түскі сағат 2-нің шамасында Түркістан жағынан зеңбіректен, мылтықтан атылған оқтың дауысы естілгенін, кейін білгеніндей бұл өздерін құтқаруға жіберілген отряд екенін және оларға 3 не 4 верст жете алмай кері қайтқанын өкінішпен еске алады. Орыстардың жолын бөгей алмайтынына көзі жеткен соң Сыздық сұлтан, мынадай, айла ойлап тапқан. Ол солдаттарды жайына қалдырып, өзі барлық жігіттерін ертіп Түркістанға қарай кеткен. Бұл орыс отрядын Сыздықтың Түркістанға қарай бет алғанына қарағанда, алдағы орыс казактары, сірә, тұтқынға түскен екен ғой деп

ойлауға мәжбүр етті. Шынында да, орыстар Сыздықтың соңынан Түркістанға қарай кері бұрылады. Сыздық сұлтан Түркістан маңындағы Әли қожа деп аталатын мазардың бағының ішіне келіп тоқтайды. Подполковник Жемчужниковтың айтуына қарағанда, түскі сағат 3-тің тұсында Түркістан бағытына келе жатқан әскердің алдыңғы шебі көрініп, ал, оның артынан 6 сапқа бөлінген 4000 қол жақындаған. Сағат 4-тің тұсында әскер қаланың іргесіне келіп, үш жақтан қоршауға алады. Ал, кешкі сағат 6-да подпоручик Суворко отряды да Түркістанға кері қайтып келеді. Ол өзінің алдынан Қоқан қолының Түркістанға қарай қозғалғанын көрген соң қалаға кері шегінуге мәжбүр болғанын жеткізеді» (*Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. Алматы, Жалын. 1992. 26-29 б. б.*).

«1864 ж. желтоқсанда Қоқан ханының регенті (хан атынан мемлекетті басқарушы) Әлімқұл 10 мың әскермен Түркістанды басып алу мақсатымен Сарыағаш, Шілік арқылы Иқанға жетті. Осы жерде олар есаул Серов бастаған оралдық казактардың жүздігімен кездейсоқ кездесіп қалды. Қоқандықтар казактарды жылдам қоршауға алып, ашық даладағы шайқас екі күнге созылды. Түркістаннан казактарға көмекке ұмтылған поручик Суворко бастаған атқыштар ротасын сұлтан Сыздық Кенесариннің сарбаздары тоқтатты. Сыздықтың шағын тобы екі күн бойы Түркістанды айнала жүріп соғысып, Суворко тобының жолын бөгеп тастады (*«АКАДЕМИК» <http://dic.academic.ru/> Ресей Ғылым академиясының сайты*).

Подполковник Жемчужниковтың генерал-майор Черняевке баянжазбасы:

Түркістан қаласының коменданты міндетін атқарушы Сырдария линиясының командашысына:

9 желтоқсан 1864 ж. № 57.

Шымкентке жүзбасы Свиридовтың басшылығымен көлік жіберу мақсатында, айдың 3-і жұлдызында Жаңа Қоқан линиясының бастығына шабарманнан хат беріп жібердім. 4-і күні таңертең Шіліктен 3 қырғыз келіп кеше кешкісін қоқандықтар Шілікті қоршауға алғанын жеткізді, бірақ, саны белгісіз (*Өздеріңіз байқап отырғандай бұл жерде «қырғыз» деп қазақтарды айтып отыр. Сірә, қазақтар Әлімқұл мен Сыздық бастаған әскерлердің санын айт-*

Міне, мәселенің бар жоғы осы. Бүкіл адамзат баласы отаршылдықтың адамзат тарихындағы үлкен қара таңба екенін әлдеқашан мойындап қойған кезде, авторлардың отаршы әскерлерді неліктен әспеттеп отырғаны мен үшін түсініксіз. Егер, мәселеге, салық төлеушінің көзімен қарасақ, мемлекет бюджетінен қаражат алатын басылымда мемлекет құраушы этнос мүддесіне қайшы келетін мақа-

Ең жойқын деген өрттің де, кішкене ғана ұшқыннан пайда болатынын ұмытпайық, ағайын!



Жанқара ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

АЙДЫНДЫ ОРАҚ

Орақ дегенде, есімізге Мамай түседі. Ноғайлының Мұса биінен туған отыз ұлдың ішінде Орақ батыр болып қол бастады, Мамай би болып ел басқарды. Орақ дүниеден өткенде, сексен бестегі анасы:

*Айдынды Орақ, айды Орақ,
Айбалтасы қанды Орақ,
Аштарханда даңды Орақ,
Арғымақ атың азды, Орақ,
Байтақ жұртың тозды, Орақ,
Келер болсаң, жылдам кел,
Сексенге келген қарт анаң,
Жылай да жылай жазды, Орақ!* [1,

129] – деп жоқтау айтқан екен. Әкесі «хан Мұсадан жүлде алған, ағасы би Мамайдан үлгі алған» Орақтың ерлігі естен кетпейді. Біздің сөзіміз де Орақ батыр туралы. Ол да батыр, ол да айдынды. Бірақ, басқа. Басқа болса да, Мұса биден өніп, өскен бір дарак. Оның Ресей дерек көздерінде сақталған аты-жөні – Петр Урусов, дүниеден 1639 жылы өткен.

Петр Урусов – қазақ ханзадасы, Қасымханы Оразмұхамед Онданұлының қарулас серігі, Ресейдегі аласапыранның қалың тұманынан аман шыққан [2: 91; 158-159] ірі әскербасы, тарихи тұлға. Азан шақырып қойған аты – Орақ. Өзімен тете інісінің азан шақырып қойған аты – Зорбек. Әкесінің аты – Жанараслан, Ноғай Ордасының ірі биі, ұлысбегі. Атасы – Ноғай Ордасының бас билерінің бірі, ұлысбегі Орыс.

Орыс мырза Ноғай Ордасында билік тізгінін 1578 жылдың көктемінен бастап ұстады. Осыдан бастап қашан өлгенге дейін (1590 жыл) оның өмірі үздіксіз ішкі және сыртқы тартыстар мен соғыстардың шиеленіскен өрісінде өтті. 1587-1588 жылдары Ноғай Ордасында болған Мәскеу елшісі Иван Судаковтың жазбаларында Орыс мырзаның Мәскеу патшасының

қоластында болатынына ант бергені туралы мәліметтер бар. Орыс мырза өзінің бұл ісін Түрік сұлтанына елші жіберіп, былай түсіндіреді: «Мәскеу патшасына қарады деп маған және менің қасымдағы мырзаларға кінә қойма – Астрахань, Еділ мен Жайық, Самар кімдікі болса, бүкіл Ноғай да соныкі» [3]. Түрік сұлтаны Орыс биге кінә қойған жоқ, бірақ, бүкіл Ноғай Ордасын өзіне тәуелділігіне, адалдығына ант беруге мәжбүрледі, Ресей билігіндегі Астраханды алуға итермеледі. Оның салдары жайлы болмады. Ел ішіндегі аумалы-төкпелі әлеуметтік топтардың, түрлі күштердің арасы ашыла түсті.

Орыс би өз дәуірінде Ноғай Ордасын басқа мемлекеттерден тәуелсіз етуге, әсіресе, Ресей ықпалынан тыс болуға тырысты. Бірақ, Ресейден де, Қырымнан да, түріктерден де тыс бола алмады. Орданың өз ішінде де бірлік болмады. Борис Годунов патша Ноғай Ордасының ішкі ынтымағы мен бірлігінің нығаюына мүдделі емес еді. Астрахандағы әскербасылары Борис патшадан ноғайлардың арасына іріткі салу, оларды бір-біріне айдап салу, бір-бірімен қырылыстырып, ақырында оларды қайыршылық халге түсіру, әрбір әке өзінің баласын Астраханға өзі алып келіп сататын жағдайға жеткізу туралы тапсырма алады [4, 52]. Патшаның тапсырмасы оның ноғайларға қатысты саясатының қандай сипатта болғанын анық аңғартады.

Орыс дүниеден өткен соң ұлыс билігіне Тінахмет бидің үлкен ұлы Урмамет келді. 1600 жылы ұлыс билігі Естекер мырзаға тиді. Бұл тұста Естекер пен Орыс бидің ұлы Жанараслан мырзалардың арасында билік үшін тартыс қатты шиеленіскен еді. Шиеленіс ашық ұрысқа, соғысқа ұласты. Ағайындылар, бірге туғандар бірін-бірі аямады. Осындай жағдайда Жанарасланнан балалары Орақ пен Зорбек аманат ретінде Мәскеуге келеді. Осы және басқа оқиғалар жайында Естекер мырза окольничий С. С. Годуновқа берген сөзінде мол мәлімет келтіреді. Борис патша ноғай ордасындағы

ішкі тартыста Естерек жағын ашықтан ашық қолдап, оған қарулы көмек көрсетуге дейін барды. Мәскеу қарулы күшінің қолдауымен Естерек ноғай ұлысының билігіне ресми түрде отырды. Ұлыс ішіндегі, ұлысаралық ұрыс, талас толастамады.

Орақ пен Зорбектің Мәскеуге Федор Иванович патшаның тұсында келгені туралы деректер бар. Ал, нақты мұрағат құжаттары негізінде С. А. Белокуровтың берген ақпарында олардың 1594 жылы Ресей патшасы Борис Годуновқа қызметші болуға келгені, патшаның оны қызметке алғаны, шоқындырғаны туралы мәліметтер сақталған. Шоқынғанда Ораққа Петр деген ат, інісі Зорбекке Александр деген ат берілген [5, л. 8]. Орақ батыр жат ел, жат жерде абдырап, адасып қалған жоқ. Ақылға да, айлаға да, әдіске де жүйрік болды. Өзінің табиғатымен, болмысымен ол патша сарайындағы жастардың алдыңғы қатарынан көрінді [2, 123], 1601 жылы Александр Иванович Шуйскийдің жесірі, князь Григорий Васильевич Годуновтың қызы Аннаны әйелдікке алып, үйлі-жайлы болды. Б. Годуновтың, В. Шуйскийдің патшалығы тұсында биік қызметтер атқарды, Ресейдің ішкі, сыртқы жауларына қарсы талай қан майдан соғысқа кірген айтулы қолбасы ретінде танылды.

Ресейдің сыртқы жауларға қарсы соғысында Оразмұхамед (қазақ ханзадасы) оң қанат әскерді басқарғанда, Мәмет (Үргеніш ханзадасы) сол қанат әскерді, Мәметқұл (Сібір ханзадасы) алдыңғы полкты, Арыстанәлі (Қасым ханзадасы) үлкен полкты бастаған. Тосқауыл полк Шихымның (Самарқан ханзадасы) басшылығында болды. Орақ батыр ноғай, татар жасақтарының біріккен құрамасын басқарды. Ол В. И. Шуйскийдің тұсында да қолбасылық етті. Аталған қолбасылардың бәрі де ханзадалар, мұсылман елдері хандарының ұрпақтары, қатарынан асып шыққан ел ұландары еді.

1607 жылы күзге салым И. Болотников бастаған көтеріліске қатысушыларды жазалау үшін, В. И. Шуйский Тулаға мол әскермен жорыққа шығады. Оның қазан, романов, арзамас татарларынан тұратын тұтас бір әскери құрамасын Орақ батыр басқарды [2: 87; 145]. Ұрыс Воронье (Упа) өзенінің маңында өтеді [2, 158]. Туланы қорғаушылар қатты қарсылық көрсетеді. Кеңес берушілер қалаға өзеннің арнасын бұрып алып келуді ұсынады. Ұсыныс мақұлданады. Қала қабырғасының түбінен

ағып жатқан өзен қаланың өзіне ағады. Қала топан судың астында қалады. Қаладағы жалған Дмитрийлердің бірі, князь Г. Шаховский, Иван Болотников және басқалар жазаға тартылады [6, 121-122]. Болотников көтерілісінен кейін Орақ батыр өз полкімен Крапивна түбінде тұрды.

Мәскеуге қарасты Украина аумағын шауып, олжалау ноғайлар үшін пайда табудың өнімді жолына айналған еді. Естерек би оларды тоқтатуға, олжа боп келген мал мен жанды кері қайтаруға дәрменсіз болды. Өзінің осындай ахуалын Естерек Мәскеу билігіне жазған хаттарында ашық мойындады. Патшаның жарлығы бойынша, Крапивна түбінде тұрған Орақ батырдың құрамасы Ноғай Ордасынан келіп, Мәскеуге қарасты Украина жерін шауып, мал-жанын алып жүрген татар жасақтарымен беттеседі. Мәскеу Украинасын шауып, олжа тауып жүрген қандастарына қарсы өзінің құрама әскерімен жазалау шараларын қолдануға Орақ батырдың дәті бармады. Осыған байланысты алдынан шыққан жол айырығында ол өзінің атамекенінен келген ноғай, татарларға қарсы соғысудан бас тартты, сөйтіп өзін патша деп жариялаған екінші жалған Дмитрийдің тобына келіп қосылды [2, 91]. Көзкөргендердің жазбаларында Орақ батыр інісі Зорбек (Александр Урусов) екеуі 1607 жылы Крапивнаны тастап, әскерімен жалған патшаның жанындағы Оразмұхамедке келіп қосылғаны жайлы ойдың ұшқыны да бар. Қайбір деректер Орақ батырдың осы жолы Қырымға кеткені туралы мәліметтер береді [2: 118; 158-159]. Алайда дерек көздеріндегі мәліметтерде Орақ батырдың – Қырымға, ал, інісі Зорбектің (Александр Урусовтың) Астрахандағы әкесіне дәл осы жолы, 1607 жылы, кеткені туралы нақты мәлімет кездеспейді.

Ноғай Ордасының алашылары Мәскеуге қарасты елді мекендерді шауып, олжа алуын жалғастыра берді. Олар бір келгенде, 100 мың қолға дейін келіп, мол олжаға батып оралып жүрді. 1609 жылы Орақ батыр Мәскеу маңына қол бастап келіп, олжаға батқан қырымдықтардың аман-есен кері қайтуына жағдай жасайды. Осы жолы оның Қырымнан келгені туралы пікірлер де бар. Алайда, Орақтың 1607 жылы інісі Зорбек екеуі Крапивна түбінен еліне кетіп, одан ағайынды екеуі 1609 жылы Мәскеу өңірін тонауға қайта келді деуге жеткілікті негіз жоқ.

1610 жылы жазда қырымдықтар он бес мың қол болып келіп, Мәскеу аймағын тағы шабады. Бұл жолы шапқыншыларды Белгород ордасының басы Кантемир мырзаның өзі бастап келген болады. Осы жылы Үлкен Ноғай ордасының адамдары Рязань аймағын талан-таражға салып кетеді. Бұл істердің барысынан Орақ батыр тыс тұрды деу қиын, оны сол шапқыншылықтардың бәрінің басы-қасында болды деудің де жөні келмейді. Бірақ, Орақ батырдың осы шаралардың бәрінен хабардар болып отырғанын жоққа шығаруға болмайды.

1608 жылы күзде жалған Дмитрий Қасым ханына князь Иван Михайлович Борятинскийді бас қылып бес мырзасын жібереді. Олардың мақсаты Қасым ханымен бірге хандыққа қарасты қалалардың құрама қолымен Суздаль қаласына келіп, сол жерде ханды да, ханның жұртын да басқа шонжарлармен бірге жалған патшаға адалдығына ант бергізу еді [2, 15].

Оразмұхамед 1608 жылы желтоқсан айының ортасында жазған хатында Дмитрий атын жамылған екінші бүлікшінің ордасына келмек ойы барын білдіреді [7, 143]. Ол, Жолкевскийдің айтуынша, жалған Дмитрийге шын патша деп сеніп, тамаша нөкерлерімен қалың қол болып келіп қосылады және жасақтарға, жалған патшаның өзіне көл-көсір сый жасап, жомарттық көрсетеді [8, 188-189]. Жалған патшаның қасында ол 1609 жылдың басынан 1610 жылдың желтоқсанына дейін жүреді.

Аласапыранда Орақ Жанарасланұлы қалың қолымен Оразмұхамедтің қасында болды. Ресейге Борис Годунов тұсында келіп, Ресей патшалығы үшін қызмет етіп, еңбек сіңірген айтулы әскери қайраткерлер ретінде бұлар талай сыннан бірге өткен еді. Борис Годунов дүниеден қайтып, аласапыран уақыт туғанда, көп жұрт жалған патша мен шын патшаны бір-бірінен айыра алмай, әрі-сәрі күй кешкені анық. Жалған патшаның дүрбелеңі Қасым хандығын басып өткенде, Қасым ханы Мәскеуден қол үзіп қалған-ды. Оның үстіне Борис Годуновтан соң патшалық еткен, аласапыран уақытта ел басқарған Василий Шуйский Қасым хандығының жұртына да, Қасым ханының өзіне де тура жол көрсете алмаған еді. Өтірік шындай болған аласапыран заман Орақ Жанарасланұлы үшін де, Оразмұхамед үшін де қатерлі сипат алды. Аласапыран кезеңнің сұрапылы тағдырдың тар жол,

тайғақ кешуінде бұл екі арысты жалған патшаның тобымен тоғыстырды.

Жалған патша Тушинода жүргенсіздік жасап, қаныпезерлік көрсетті. Күн өткен сайын оның көргенсіз болмысы әр түрлі қырынан сорақылықпен ашылып жатты. Мұның өзі Қасым хандығының ханы, қазақ ханзадасы Оразмұхамедтің, оның қасындағы қандыкөйлек серігі Орақтың көздерін шындыққа жеткізді. Олар өздері патша деп таныған адамның Дмитрий атын жамылған бір арамза, қасиетсіз қарақшы екені туралы қорытындыға келді. Айналасын жинақтап, Мәскеуге бару туралы ойға тоқтаған бұл екі асыл жан өз жақындарымен астыртын хабарласа бастайды. Тілеулестер, іштартушылар тобы бірте-бірте арта түседі. Жалған Дмитрийдің шын болмыс-бітіміне көздері жеткен белгілі ақсүйектер, әскери қызметкерлер бүлікшімен бірге болуға, оған қызмет етуге арланып, Мәскеуге орала бастайды. Патша тағындағы Василий Шуйский оларға кешіріммен қарап, тиісті лауазым береді. Көзі ашық, ақиқат жолындағы парасатты, арлы азаматтардың мұндай беталысы жалған Дмитрийді қатты үрейлендіреді. Оның берекесіздігі, үрейі ұшқан мүсәпір күйі Орақтың қырағы көзінен де таса қалмайды.

1609 жылдың аяғында Тушинодағы жалған Дмитрийдің тобырына король Сигизмундтың елшілері келіссөз жүргізуге келеді. Сигизмунд бастаған топ пен жалған патша бастаған топ Мәскеу тағынан үміті бар бәсекелестер еді. Соған қарамастан Мәскеуге қарсы күресте екеуі тізе қосып, бірігіп кетіп отырды. Шынға келгенде, бұлардың әрқайсысы екіншісімен және Мәскеу билігімен бірдей соғыс жағдайында болды. Оның үстіне Сигизмундтың адамдары жалған патшаның қарамағында полк басқарып жүрді. Жалған патшаның ордасында Сигизмундке іштартушылар көбейіп келе жатты. Рожинский бастаған кәнігі әскербасылар жалған патшаның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау аясын қысып, өз уысында ұстады. Осының бәрі жалған патшаның өз айналасындағылардың қастандығына ұшыраудан сақтанып, 27 желтоқсанда, әйеліне де қарайлай алмай, түн жамылып Калугаға қашуына алып келді. Ол кеткен соң Тушинода сапырылыс басталады. И. Заруцкийдің басына қатер төнгенде, оны князь Рожинский қорғап қалады [9, 21.02.1610]. Оразмұхамед пен Орақ батыр Тушинода қалып қойғанда, Оразмұхамедтің ұлы Мұхамед-Мұрат жалған Дмитриймен бірге Калугаға кеткен

болып шығады. Жұрт әр тарапка бет алады. Қасым ханы Оразмұхамед 1610 жылдың 31 наурызында кешқұрым Александр Збровскиймен бірге Смоленск түбінде тұрған король Сигизмундтың тобына келіп қосылады [8, 31.03.1610]. Қасым ханы корольмен мына сөздерді айтысып амандасады: «Мен – сенің қарашыңмын. Сенің ұлық мәртебеге қызмет қылып, қанымды төгуім үшін қол бер, қолыма қару бер» [9, 03.04.1610].

Смоленск қамалын күшпен алуға Сигизмундтың шамасы жетпеді. Қамалды қорғаушы жүзбасылардың бірі: «Күшіміз сарқылып, әліміз құрып біткенде амалдың жоқтығынан бәрібір берілуге мәжбүр боламыз. Өйткенше қазір берілейік» [9, 01.11.1609], – деген ойын білдірген екен. Ол сол сәтте жазаға тартылады: сол күннің ертеңінде жан тапсырады. Соған қарамастан, Король қамалды қорғаушыларға Оразмұхамед бастаған әскербасылар мен боярларды және басқаларды елшілікке жіберіп, қамалды бейбіт жолмен алмаққа талпынады. Қамал қорғаушылар елшілер өкілі әкелген хатты оқиды, корольдің талабын біледі, елшінің басына бал құяды, содан соң оны бұдан былай мұндай хатпен келмеу туралы қатты ескертіп, кері қайтарады [9, 18.04.1610].

Оразмұхамед пен Орақ та Смоленск түбінде тұрақтай алмайды. Қасым ханы Мәскеуге оралу туралы ойға біржола тоқтағанмен, ол ойын іске асырудың жолы бұралаң болып шығады. Мәскеу патшалығындағы В. Шуйский 1610 жылы тамызда тақтан тайып, монах кейпіне түсті. Мемлекет билігі Федор Иванович Мстиславскийге тиді. Ол елдегі алпауыттарға, боярлар мен князьдерге ақыл салып, патриарх Ермогенмен бірге Сигизмундтың ұлын Ресей патшасының тағына отырғызу туралы ұсыныс көтерді [2, 19]. Жолкевскийдің айтуынша, Ф. И. Мстиславский король Сигизмундтың ұлы Владиславқа қатты іш тартқанға ұқсайды [8, 118]. Шын мен жалғанды, оң мен терісті, дұрыс пен бұрысты айыру хан үшін де, қараша үшін де қиынға айналды. Осындай аласапыран жағдайда Қасым ханы баласының, әйелінің жалған Дмитрийдің қолында қалғанын айтып, гетманның рұқсатымен Смоленск түбінен Калугаға бет алады [8, 190]. Орақ батыр да сонда келеді.

Калугада болған бірер ай ішінде Оразмұхамед те, Орақ батыр да жалған Дми-

трийдің қылықтарынан жерініп, іштен тынады. Оразмұхамед жалған Дмитрийдің жанында нөкер болып жүрген баласы Мұхамед-Мұратты өзімен алып кетпек болып едәуір уақыт өткізеді. Мұхамед-Мұрат бұл тұста жалған патшаға бар көңілімен ауып, оның: «Қасым ханының тағына сені отырғызамын», – деген алдамшы сөзін буынына түсіріп алған еді. Осындай ойдағы, осындай күйдегі Мұхамед-Мұрат мақтанға, мансапқорлыққа біржола бой алдырып, әке тілегін аяқ асты етеді. Жалған патшадан да, жалған дүниеден де шаршап, шалдыққан әкенің ойы балада болғанда, баланың ойы далада болып шығады. Көз алдында Қасым хандығының алтынмен апталған хан тағы тұрғандықтан, бала басқа жаққа көз салып, басқа нәрсеге ой салып жатпады. Сондықтан, ол әкесінің Мәскеуге кетпек ойын мақұлдамады, онымен тоқтап қалмай, болған әңгімені жалған Дмитрийге жеткізді. Мұны естіген жалған Дмитрий Қасым ханы Оразмұхамедтің көзін жоюға бекінеді.

1590 жылы Ресейдің шведтерге қарсы соғысында қолбасы ретінде үлкен ерлік көрсету, 1598 жылы Ресейдің қырымдықтарға қарсы соғысына қатысу, 1601 жылы Ресейдің Қырым хандығы бетіндегі барлық қарулы күшіне қолбасы (воевода) болу және басқа да ірі соғыс істеріне басшылық жасау Оразмұхамедтің қалың ел алдында да, қаптаған қарулы күш алдында да абыройын асырған-ды. Оның оқ пен оттың ортасына сан рет кіріп, одан сан рет сау шыққан, отқа салса күймеген, суға салса батпаған нағыз қаһарман қолбасы ретінде аты шығып, даңқы жайылған болатын. Қасым ханының ел-жұрт, халық үшін сіңірген еңбегі, хандықтың қарулы күші мен қарапайым халқы алдындағы қадір-қасиеті аса зор еді. Оны бүкіл қарулы күш бек құрметтеді. Мұндай ірі, дара тұлғаның соңындағы қалың қол – ірі күш. Егер, ол Мәскеуге бастар болса, онымен бірге қалың қол да Мәскеуге кетер еді. Ерлігін ел-жұрты таныған мұндай ерен азаматқа, Қасым хандығының бас қолбасысы әрі ханына ашық қарсы шығу, оның көзін жою туралы ашық айту жалған Дмитрий үшін қауіпті, тіпті, оның өз басын жұтуға алып келетіндей қатерлі іс еді. Патшакештің Калугада жақтастары мен сыбайластарының аз еместігіне қарамастан, осы жайлардың бәрі оның ойын оңға, санасын санға бөлгенінде, ма-

засын алып, ұйқысын қашырғанында сөз жоқ. Ақыры ол табиғатына тартып, қарақшылық жолды тандап алады: Оразмұхамедті ел көзінен таса, оңаша жерге алдап шақырып, арам ойын сол сәтте жүзеге асыру туралы шешімге келеді. Елді бұзған жалған патша жаман ойын жүзеге асыру жолдарын алдын ала кесіп-пішіп, іске көшеді. 1610 жылы 22 қарашада нөкерлерін жиып, аң аулауға шығады. Аң аулауға шығарда Оразмұхамедке хабаршы жіберіп, оны өзімен бірге жүруге шақырады. Шақыру табан астында болғандықтан, Оразмұхамед жанына екі адам ғана ертеді. Орақ батыр бұл жайдан хабарсыз қалады.

Құлық пен сұмдық істе алдына жан салмайтын жалған патша Оразмұхамедпен бірге Ока өзенінен өткен соң, қатарына Михайл Бұтұрлин мен Игнашка Михнев деген екі жанкештісін алып, маңындағы көптен бөліне, оңашалана береді. Ойына бөтен ой алмаған хан қапыда қалды. Аңға шыққан жұрттың көзін ала бере, үш қарақшы Оразмұхамед пен оның екі серігін қас қағым сәтте қылышпен қидалап өлтірді де, Ока өзенінің мұзын ойып, денелерін суға батырды. Ойға алған ісін бітірген жалған патша сол жерде бүлініп, өзін Қасым ханы Оразмұхамед өлтірмекші болғанын дабыралап айтып, қорқып-үріккен, шошып-қалтыраған дауыспен сарайына айқай салып, ат қойып келеді. Өзінің өлмей, әрең тірі қалғанын, ал, Оразмұхамедтің Мәскеуге қашып кеткенін айтып, сандырақтайды. Іле Мәскеуге қашқан Оразмұхамедтің артынан қуғыншы жасақ, қарулы топ шығарады [10, 170-171]. Қарапайым жұрт оның мұнысына сенген болады. Ал, Орақ батыр болған істің жайын астыртын зерттеп, шындыққа көз жеткізеді. Ол Оразмұхамедтің өліміне оның баласының қатысы барын біледі. Өз әкесіне өзі опасыздық жасаған, өлім тілеген сатқын баланың басын алуға бекінеді. Бұл кезде жалған патша Мұхамед-Мұратты Қасым ханы деп жариялаған еді.

Орақ батыр Қасым хандығының жаңа ханының жолын тосып, бірнеше түнді өткізеді. Ақырында сәті түскендей болады. Кешкі сауықтан бұлғақтап келе жатқан жазықты деген басты кек қылышы қиып түседі. Бірақ, кейін анықталғандай, бұл Оразмұхамедке де, оның өліміне де қатысы жоқ басқа біреу болып шығады. Жалған

патша Орақ батырды адам өлтіргені үшін жауапқа тартып, абақтыға қамап қояды. Бірнеше жетіден кейін оны абақтыдан босатып, достық құшағын жайған болады. Орақ батыр оның мұнысын сыр бермей қабыл алады. Бірақ, оның сырты тыныш болғанмен, ашу-ызасында шек жоқ еді. Орақ батыр енді жалған патшаның көзін құртуға, Оразмұхамедтің қаны үшін қан төгуге, жаны үшін жан алуға серт етеді.

Көп ұзамай жалған патшаның аң аулауға шығатыны белгілі болады. Орақ батыр өз адамдарына дайын болуды ескертеді. Жалған патша аңға шыққан күні бұлар да қаланың әр қақпасынан бөлек-бөлек шығып, Ноғай даласына бастайтын Пельн қара жолына бет түзейді. Дерек бойынша, бұлардың жалпы саны мың қаралы болған екен. Жалған патшаның шана-сына жанай берген Орақ батыр оның оң қолын иығынан шауып түсіреді. Ізінше: «Оңбаған алдамшы, ханды өлтіріп, мырзаны зынданға салғанның қандай болатынын мен саған көрсетейін!» [11, 189] - деп қаны қайнаған қайсар қолбасының алмас қылышы екінші рет жарқ ете қалғанда, жалған патшаның бүлікшіл басы кеудеден төмен домалап, жерге түседі. Қайбір дерек көздерінде жалған патшаның қолын (басын) шауып түсіретін Орақ батырдың өзі емес, інісі Зорбек болып көрсетіледі [6, 221-222]. Жат жерде табысқан жан бауыры, қимас досы Оразмұхамедтің өлімі үшін Орақ батыр осылай кек қайтарады да, артына алаңдамай, түмен қолды бастап, туған жеріне, атамекеніне қайтты. Бұл 1610 жылдың 11 желтоқсаны еді [2: 57; 217; 7, 364-365; 8, 191; 13, 198].

Жалған патшаның өлімі Ресейдегі аласапыран, бұлғақ жағдайдың оңалуына тікелей ықпал етті. Ол көзі тірісінде өзінің хандық ордасын Астраханға көшірудің жолын ойластыруда еді, оған алып баратын жолды жақсы білетін Орақ батыр мен оның түменіне де жалпақтап, жалған қошамет көрсететін. Аласапыранның ортасында жүрген шетелдік Мартин Бер осы жайларды сараптай келіп, былай деп тұжырым жасады: «Егер, жалған Дмитрийдің ойы жүзеге аса қалған болса, онда Ресей сұмдық алапат ауыртпалықты бастан кешіре еді. Бірақ, одан Құдай сақтады» [11, 187-188].

Мартин Бердің сөзінің жаны бар. Жалған патша хандық ордасын Астраханға алып келгенде, елдегі бүліншіліктің одан ары жалғаса беретінінде сөз жоқ болатын.

Оның салмағы, әрине, алдымен, қарапайым халыққа түсуші еді. Ел азып, ер сасатындай шақта бүлікбасы жалған Дмитрийдің өлім табуы Ресей халқының басына үйірілген бүліншілік бұлтын серпіп, еласпанын ашып, қобалжыған көңілді орнына түсіргендей еді. Ресей халқының аласапыран, дүрбелен, бұлғақ уақыттың қыспағынан аман-есен шығуына өлшеусіз зор қызмет еткен екі жағдай бар. Оның бірі – Қасым ханы Оразмұхамедтің шындыққа көз жеткізіп, жалған патшадан безінген, Мәскеу билігіне бет бұрған саяси ұстанымы. Екіншісі – Орақ батырдың естен кетпес ерен ерлігі.

Орақ батыр осы кеткеннен Қырымға барып бір-ақ тоқтайды. Зорбек әуелі Азовқа келеді, одан соң Астрахандағы әкесіне кетеді [13, 185-186]. Бұл кезде Жанараслан мырза Астраханда еді. Орыс мырза кезінде Ресейдің Ноғай Ордасына ықпал жасауға ұмтылған талабына ашықтан-ашық қарсы күресті. Ресейдің Ноғай Ордасындағы ықпалына, билігіне деген осы қарсылық Жанараслан мырзаның саясатында да сақталды. Ол әке саясатын одан ары қарай жалғастыруға сақадай сай болды. Алайда, Ресейдің ноғай ұлыстарына деген ықпалы бұрынғыдан әлдеқайда күшейіп, Ноғай Ордасы ішкі тартыстан азып, ақыры үшке бөлініп кеткен еді: а) Алты ұл ауылы; ә) Кіші Ноғай ордасы; б) Үлкен Ноғай ордасы. Бұлардың әрқайсысы өздігінше еларалық қарым-қатынас орнатуға күш салды. Мысалы, Алты ұл ауылы Қазақ ордасымен ынтымақта, достық ниетте болды [14, 421].

Еділ мен Жайық бойына жағалай қамал салып, қала тұрғызып, мысықтабандап жылжып келген, Қазан мен Астраханьды алып қойған, Азовқа қол сала бастаған Ресей Ноғай Ордасындағы билігін нығайта түсті. Дербестікке, тәуелсіздікке ұмтылған Жанарасланның ұлысын, ауыл-аймағын шауып, мал-жанын олжалап отырды. Әкесінің қасына келген Зорбектің (Александр Урусовтың) қалыптасқан ахуалды жақсартуға ықпал етуге әлі келмеді. Естекерек мырза Астрахань казактарымен бірлесе отырып, Жанараслан мырзаны қамаққа отырғызды. Астрахань әскербасысы Шереметьев 1608 жылы Василий Иванович патшаға жазған ақпарында (парақтың сыртына) Жанараслан мен Қанай мырзалардың бұрынғыша қамақта отырғанын атап өтеді [13, 162-163]. Естекерек бастаған мырзалардың арасында да мықты бірлік болмады,

алайда, олар Жанараслан мырзаға қарсы шығуға тура келген жағдайда бас біріктіріп отырды. Оның үстіне Естекерек ордадағы билігін Ресейдің қолдауымен қорғап, ұстап отырғанын жақсы білді.

Орақ батыр Қырымға келгенде, ноғайлардың жағдайы осындай еді. Ол Қырымға Мәскеу мемлекетінің жағдайы туралы аса бағалы және ең соны деген мәліметтерді алып келді. Қырымның Мәскеуге қатысты саясатын анықтауда бұл мәліметтердің маңызы өте жоғары болды. Орақ батыр Қырым хандығының Мәскеу ісі бойынша бас кеңесшісіне айналды, Қырымдағы ноғай мырзасы Кантемирдің қызына үйленіп, ордабасыға жақын адамдардың біріне айналды.

Орақ батыр өзінің атамекеніне оралған соң, көп ұзамай Ресейдегі аласапыранның басы болған бүлікші топ Астраханға келді. Орақ батырдың қолынан өлім тапқан жалған Дмитрийдің әйелі, баласы және бүлікші әскербасы Иван Заруцкий Астраханға келіп, жалған Дмитрийдің жас баласын Астраханда патша деп жариялады. И. Заруцкий мен Марина Астрахань аймағына келер қарсаңда Естекерек би Мәскеу қызметіндегі әскери күштің көмегімен өзіне қарсы топтағыларды күшпен бағындырып, бас көтерер мырзаларды қамауға салған еді. Олардың қатарында Жанараслан мырза да болды. И. Заруцкий қамаудағыларға бостандық беріп, оларды өз жағына тартты. Оның қоластында бірталай казак атамандары, қаракшы казактардан тұратын қарулы күш тұрды. Айналадағы мырзалар Маринаның жалған Дмитрийден тапқан баласына адалдығын растап ант бере бастады. И. Заруцкий Естекерек биге қарсы жергілікті мырзаларды, татар жұртын, Астраханьдағы қарулы қолды пайдаланды. 1614 жылы Естекерек би И. Заруцкийге бас иіп, «заңды патшаның ұлына» адал қызмет етуге ант берді. Кейін өзінің бұл ісінің мәнісін ол И. Заруцкийдің мынадай өкімді сөзіне амалсыз бағынуға мәжбүр болуымен түсіндірді: «Заңды патшаның ұлына қызмет ет. Барша христиан жұрты бас қосып, Дмитрий патшаның ұлын ұлықтап, патшалыққа сайлады. Егер, бізбен бір болғың келсе, анттыңды бер, аманатқа баланды бер. Бізді алдама, бізге алдамшы сөз айтпа, әйтпесе, алты ру жұртпен Жанарасланды көтеріп,

бәріміз саған қарсы шығамыз» [14, 443]. Естерек сөзінің соңын Жанараслан мен оның немересі, жетіруы – түп-түгел өзінің бітіспес жауы екенін айтып, патша ағзамды оларға қарсы өзімен, өзінің ұлдарымен бірге соғысуға шақырады [14, 444].

1614 жылы көктемде хатқа түскен мәліметтерге қарағанда, И. Заруцкий Астрахандағы ұры-қарыларды, Естерек мырзаны, Жанараслан мырзаны жұртымен, сонымен қатар, татар жұртын көтеріп, Самара қаласын алуға аттанбақ ойда болғанға ұқсайды [14, 419]. Астрахандағы бүлікші топтың басына аманатқа Естерек, Тінахмет мырзалар – балаларын, ал, Қара Келмембет інісін беріп, өздері айналасындағы ноғайларымен Самараны алуға аттанатынына ант еткен деседі [14, 421]. Естеректі өз жағына тартқан соң, И. Заруцкий Орақ батырдың әкесі Жанарасланға сенімсіздікпен қарап, ақырында оны қамауға алады. Осы жылы мамырдың басында бүлікшілер Астраханды тастап, Жайықтың бойын өрлеп, Аю аралына қарай жылжиды. Дерек көздерінде бүлікшілердің билігі Третьяк Ус деген казак атаманында екені, қалғандарының бәрі соған бағынышты екені, аманаттағы ноғайлардың, солардың ішінде Орақ батырдың әкесі Жанараслан мырзаның билігі де соның қолында екені туралы мәліметтер сақталған [14, 26]. Осы аласапыранда Естерек мырза Мәскеу билігіне елші жіберіп, Жанараслан мырзаны И. Заруцкиймен бірге Мәскеуге, өзіне, ноғай ордасына қастандық жасаушы дұшпан ретінде көрсетіп үлгереді. Мәскеу әскербасыларының Естерек мырзаға жазған өкім-хаттарында (грамота) Жанарасланның Мәскеуге, Естерекке, бүкіл Ноғай Ордасына дұшпандығы И. Заруцкийдің дұшпандығымен бірдей аталды [14, 26-28].

В. Хохлов қарулы қол бастап келіп, Астраханды бүлікшілерден азат етті. И. Заруцкий мен Марина бүкіл айналасымен 25 июньде Жайықтың бойында қолға түсті. И. Заруцкийдің қолында пенде болған Жанараслан (Урусов), Орақ (Тинмаметов) бастаған ноғай мырзаларын, Естеректің балаларын казактар Астрахандағы әскербасылар Одоевский мен Головинге апаруға ұйғарады [14, 32]. Естерек мырза айналасындағы бірнеше мемлекетпен бірдей өзара ынтымақтастық туралы келіссөз жүргізе бастады. Осы келіссөздердің Түрік сұлтанына қатысты бағыты бойынша, Естерек Түрік сұлтанына бодан болды. Бұл Қырым тарапынан үлкен қарсылықтың тууына алып келді.

Естеректің Түрік сұлтанына бодан болып, оған адалдығына ант бергеніне байланысты Қырым ханы Жәнібеккерей наразылық білдірді. Ол Естеректің Түрік сұлтанына емес, өзіне бодан болуын талап етті. Естерек оны тыңдамады. Мұның үстіне Қара теңіздің батыс жағалауынан тәуелсіз жаңа орда қанат жайды. Орда орталығы Белгород болды, орданы Кантемир мырза биледі.

Қырым ханы Жәнібеккерей Естерекке қарсы үлкен қолмен Орақ батырды жұмсайды. Орақ батыр Естеректі Астраханға жақын келіп қонуға мәжбүр етеді. Осылайша, Естеректің ісіне, бір жағынан, Қырым хандығының, екінші жағынан, Мәскеу патшалығының көңілі толмады, сонымен қатар, оның ісіне Түрік сұлтаны да разы болмады. Қалыптасқан жағдайды негізге ала отырып, Орақ батыр мен Зорбек мырза (Александр Урусов) Мәскеу елшісі Г. К. Болконскийге бас иіп, құрмет көрсетіп, Естеректің орнына өздерінің әкесі Жанараслан мырзаны билікке тағайындау туралы тілек білдіреді. Мұның артынша Қырым ханы Жәнібеккерей Мәскеуге жазған хатында былай деді: **«Естерек Сізге дос емес, бізге жолдас емес. Өзі ақымақ, ойы бұзық. Иесіз мал сияқты ең далада маңып, аярлығымен, жолбикелігімен жол тауып жүр. Біресе бізге қосылады, біресе сізге қосылады, енді, біресе қызылбастардың шахына бас ұрып, литовтықтардың короліне жарамсактанады. Бірақ, ешкімге де оңа бермей, желдей еседі».**

Жәнібеккерей ойын одан ары қарай жалғастырып, Мәскеу билігі алдына үлкен мәселе қояды: Естеректің орнына Орақ батырды тағайындауды ұсынады. Мәскеу билігі бұл ұсыныстардың бәріне өз мүддесі тұрғысынан қарады. Орақ батырдың Ресейдегі аласапыран кезде екінші жалған патша жағына шығып кеткенін, одан туған жеріне оралғаннан кейін ноғайларды бастап барып, Ресейдің елді мекендерін шауып, олжа алғанын патшалық қызметіндегілер ұмыта алмаған-ды.

XVII ғасырдың басында Түрік сұлтанының Еуропадағы басты қарсыласы Польша еді. Түрік сұлтаны Польшаға қарсы әскери іс-шараларына Қырым хандығын тартты. Түрік сұлтаны мен Қырым хандығы Польшаға қарсы шапқыншылықтарына Ресейді тартуға мүдделі болды. 1619 жылы Түрік сұлтаны Қырым ханын Польшаға қарсы соғысқа шығарды. Соғыс жорығына алғашқылардың бірі болып Белгород ноғайларымен Кантемир мырза, Орақ батыр көтерілді. Жорық

туралы жарлық Қырымды түгел қамтыды. Олжа тапқысы келген жасақ жорыққа өздігінше жиналды. Қырымды айнала қоршаған дұшпандардан қорғауға қажетті күшті сақтап қалудың өзі қиынға түсті.

1620 жылы Жәнібеккерей Польшаға қарсы жаңа жорыққа шықты. Жорықты ханның өзі емес, қалғасы Дәулеткерей басқарды. Жорықтың алдын Орақ батырдың ауыр қолы бастады. Жорық нәтижесінде Польша Цецора түбінде ойсырай жеңілді. Жорықшылар олжаға қарық болды. Жорық нәтижесіне желпінген Осман сұлтан Жәнібеккерейге жаңа жорыққа шығу туралы жарлық берді. Жәнібеккерей бұл жолы жорыққа қырымдықтардан, таулық черкестерден, кіші және үлкен ноғайдан 100 мың қол шығарады. 1621 жылы бұл жорық сәтсіз аяқталады. Осы кезде Кантемир мырза Бельгород ноғайларының ордасын Қырым хандығына тәуелсіз деп жариялап, Түрік сұлтанына тікелей бағынатын әлеуетке ие болды. Кантемирдің билігі күшейді, бүкіл түрік-поляк шекара аймағының сақшысы мәртебесіне ие болды. Кантемирдің билігінің нығайуына Орақ батыр зор үлес қосты, өзі де күшейді.

1623 жылы Кантемир ұлысының адамдары Ресей Украинасының бірнеше уезінің мал-жанын олжалап алып кетеді. Бұлардың кім екенін сұрастырғандар екі топты көрсетеді: **бірінші топ** – Орақ батыр бастаған Белгород ноғайлары; **екінші топ** – Қырымдағы аласапыран жағдайды пайдаланып, олжа іздеп шыққан қырымдық Шебаш мырза. Дон казактары қағазға түсірген мәліметтер бойынша, Орақ батыр Азовка арнайы келіп, азовтық ноғайларды осы жорыққа қатысуға өзі үгіттегенге ұқсайды. Білемін деушілер осы жорықта Орақ батырдың өз бетінше іс қылатынын, оның Қырымға оралмай, Кантемирге кететінін болжап баяндайды.

Қырым хандығы Кантемир мырзаның өз алдын бөлек, Түрік сұлтанына тікелей бағынатын жеке орда болғанына жайбарақат қарап отыра алмады. **Қырым хандығының басына Махметкерей мен Сағынкерей келді. Жәнібеккерей хандықтан босады. Махметкерей мен Сағынкерей тұсында Қырым хандығы күш алып, нығая түсті. Хан қызылбастардың шахымен, запорождық казактармен мәмілелесті, Түрік сұлтанымен текетіресетін деңгейге дейін жетті. Ол казактарға сүйене отырып, Белгородтағы Кантемирді әуле-**

тімен, ұлысымен Қырымға күштеп алып кетті. Алайда, билік басындағы хан мен ханның қалғасы арасында берік, біртұтас бірлік пен тірлік болмады. Махметкерей (хан) мен Сағынкерей (қалға) екеуі екі жаққа тартты: Махметкерей – түрік сұлтанына, Сағынкерей – қызылбастардың шахына. Хан мен ханның қалғасы арасындағы алауыздық хандықтың күші мен қуатына кері әсерін тигізбей қоймады.

1627 жылы Кантемир мырза өзіне жақын он үш мырзамен бірге мың қаралы адам болып, Қырымнан қашып шығады. Онымен бірге Орақ батыр да болады. Кантемир, Кантемирдің інісі, Орақ мырзалар он мың ноғайлымен Белгородта тұрады [15, 17]. 1628 жылы қыста Сағынкерей Белгород (Аккерман) аймағын шауып, Дунайға дейін барады, Бабадағ асып, олжаға батайын деп тұрғанда, Кантемир мен Орақ батыр 30 мың тың қолмен күтпеген жерден шыға келіп, оның әскерін женеді. Сағынкерей санаулы адамдарымен аман қалып, Қырымға көктемде жетеді.

Ізінше Кантемир қалың қолмен келіп, хан мен қалға, Мәскеу елшілері тығылып жатқан қаланы қоршауға алады. Қоршаудағылар ашығады. Хан мен қалға көмекке запорождық черкестер келіп, олардың жанын сақтап қалады. Кантемир мырза мен Орақ батыр Каф түбіне ығысады [15, 70]. Хан мен қалға түрік сұлтанына қарайтын Каф түбіне келгенмен, шешуші соғыс ісін бастауға батпайды. Сөйтіп тұрғанда, 21 июнь күні Каф түбіне теңіз жолымен бұрынғы хан Жәнібеккерей мен бұрынғы қалға Дәулеткерей Түрік сұлтанының пәрменімен жиырма кеме әскермен келіп түседі де, Кантемир мырза мен Орақ батырдың қолымен бірігеді. Жәнібеккерей мен Махметкерей екі жақ болып қатты шайқасады. Ұрыс барысында Махметкерей (хан) мен Сағынкерей (қалға) жағындағы қол түгелдей Жәнібеккерей мен Дәулеткерейдің жағына шығып кетеді [15, 71].

А. А. Новосельский татарлар мен ноғайлардың 1618-1630 жылдардағы олжа үшін жасаған жорықтарын жылдар және аймақтар бойынша саралап келіп, осы жорықтардың бәрі Орақ батыр, Қылыш мырза және басқа белгілі мырзалардың бастауымен болғанын атап өтеді.

1633 жылдың басында Түрік сұлтаны Ресейге жақтасып, Польшаға қарсы Кантемир мырзаны жұмсайды. Жорық қолын бастап Орақ батыр шықты.

Жорық барысында ол үлкен жеңіске жетіп, қыруар адамды тұтқынға алады. Осы жылдың күзінде Польшаға қарсы қызылбастардың Абаз пашасы да жорыққа шығады. Орақ батыр Абаз паша бастаған жорыққа да қатысады. Бірақ, бұл жорық күткендегідей нәтижелі болмайды.

С. Тарбеевтің Қырымға елшілігінің (1626-1628 жылдар) барысы туралы патшаға берген ақпарында Қырымда Махметкерей хан мен ханзада аяғынан нық тұрса, Кантемир және оның бауырлары мен немерелері Орақ батырмен бірге бүкіл ноғайлармен Қырымнан кетіп, үлкен ноғайдағы Астрахань түбіне барып, патшаға бас имекші, патшаның кең қолтығының астында болмақ ниетте екенін және патшаның астрахандықтардың айыптарын кешіріп, бәрін бастап Қырымға баруынан үміт ететінін жазады [15, 98-99]. Айтылған жайлардан Орақ батырдың ата жұртына, үлкен ноғайға бармақ ойы барын аңғаруға болады. Сонымен қатар, оның Түрік сұлтанына бас иген Қырымға көзқарасы да лайықты сипатталған. Осы ақпардың соңында Қырым патшалығына Жәнібеккерейдің келгені, Махметкерейдің қашып кеткені, Кантемир мырза мен Орақ батырдың өз адамдарымен қырымдықтардың малы мен жанын олжалағаны жайында айтылады [15, 98-99].

1630 жылға қарай Ноғай ордалары айналасындағы мемлекеттердің, хандықтардың, ұлыстардың өзара саяси қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Қырым ханы Махметкерей мен хан қалғасы Сағынкерей кетіп, хан тағына Жәнібек Керейдің отыруына, хан қалғасы болып Дәулеткерейдің келуіне Кантемир мырза үлкен еңбек сіңірген еді. Оның кейбір қырлары доминикандық Эмиддо Доттелли Д'Аскони жазбаларында (1634) суреттелді [16, 106-114]. Кантемир мырза мен Орақ батырдың өмірінде елеулі өзгерістер болды. Кантемир мырзаның хандықтағы орны биіктеп, беделі жоғарылай түсті. Алайда, қырымдықтар оның бұған дейін өз ұлысын Қырым хандығынан тәуелсіз, Түрік сұлтанына тікелей бағынатын әлеуетке жеткізгенінен секемденіп қалған еді. Қырымдықтар оған сенбей, күдікпен, дұшпандықпен қарады. Хан мен ханның қалғасы да сондай көзқарасты ұстанды. Мұны Кантемир білмей қалған жоқ. Қолайлы жағдай туғанда, Қырымды тастап, Белгородтағы өз ордасына келді.

Ноғай ордасының мырзалары мен қырымдықтар арасындағы жаулық іштей пісіп-жетіліп келе жатты. Сонымен қатар, Түрік сұлтанының Қырым ханына талабы да жоғарылай берді. Сұлтан қырымдықтардан қызылбас шахына қарсы соғысқа 30 мың қол жіберуді талап етті. Жәнібеккерей бұл талапты орындай алмады. Хан өзінің айналасындағы ханзалар мен мырзалардың басбұзарлығына да тосқауыл қоя алмады. Ханның жаңа қалғасы Азаматкерейдің өзі осы жолмен олжа тапты. Кіші Ноғай мен Азов татарлары Мәскеу Украинасына өз беттерінше олжа салды. 1632 жылдың басында Жәнібеккерей хандықтың белгілі адамдарының, мырзалардың талабына мойынсұна отырып, олардың Мәскеу аймағына үлкен жорық жасауына рұқсат берді. Бұл хан мен патша арасындағы ынтымақтастық туралы ант беріп бекітілген келісім-шарттар (1615 жылғы және 1630 жылғы) талаптарына қайшы еді. 1633 жылы қырымдықтардың Мәскеу мемлекетіне жорығы басталды. Осы кезде Қырым ханы Түрік сұлтанынан Мәскеу мемлекетімен достықта болу, Польшаға қарсы жорыққа дайындалу туралы жарлықтар алды. 1634-1636 жылдары кіші Ноғай және үлкен Ноғай ұлыстары күш қосып, қырымдықтармен мәмілелесті, сөйтіп Мәскеу патшалығының жеріне олжа салып барды. Өздері де олжа болды. Жәнібеккерейдің хандығының соңғы кезеңінде (1634-1635) Қырым хандығы сырт мемлекеттермен қарым-қатынасындағы саяси бағытын жоғалтып, хандық тізгінін босатып жіберді. Түрік үкіметі Жәнібеккерейдің орнына Қырым хандығына Инайеткерейді тағайындады (1635-1637), Құсамкерей ханның қалғасы болып бекіді. Жаңа хан Түрік сұлтанынан тәуелсіз болу жолын қарастырды. Осы жолды ол алдымен Кантемирді шабудан бастайды. Кантемир үй-ішімен Түркияге қашты. Мырзалар бет-бетімен кетті. Қырымдықтар Кантемирдің ұлысын Донның оң жағалауынан Қырымға аударды. Азов қаласын сырттан қорғаушылардың қатары күрт кеміді. Орақ батыр, Кантемирдің бауыры Салмаш мырза өздерінің Қырым ханына тәуелділігін мойындады. Кантемирдің ұлысын алып, ордасына бет алған хан қалғасы әскерінің ноғайлардың тосқауылына ұшырады. Қырымға келе жатқан жолда таң ата ноғай қолы (мыңға жуық)

ханның қалғасына шабуыл жасайды. Қырымдықтар қырылады, ханның қалғасы өлім табады.

Қалыптасқан жағдай казактар үшін өте қолайлы болады. Олар күш қосып, қару-жарақтарын сайлап, кедергі-тосқауылсыз Азов қамал-қаласының түбіне келеді. Қорғансыз қалған Азовты оны қорғаушы аздаған қол мен тұрғындардан тартып алу казактар үшін қиындыққа түспеді. Азов қаласы сәуір айында казактардың қолына көшті. Азовтың казактардың қолына көшуі Қырым хандығы үшін де, Түрік сұлтаны үшін де, олардың ортасында қыспаққа түскен Ноғай ордасы үшін де орны толмастай үлкен шығын болды. Қаланың маңындағы ноғайлардың тозтозын шығарып, қаланың өзін қорғансыз қалдырғаны үшін Инайеткерей ханға Түрік сұлтаны қатты қаһарын тікті. Инайеткерей үшін оның алдындағы хандардың ұстанған саясаты тиімді болмай шықты. Әсіресе, Азов қаласының казактардың қолына өтуі бүйірге қадалған шаншудай болып тұрды. Ханның кеңесшілері Азов үшін Түрік сұлтанының кез-келген уақытта айып тағуға дайын тұрғанын ескертеді. Бірақ, Азовты казактардан қайтарып алудың жолы табылмады. Хан бүкіл мырзаларын, ақылшы ақсақалдарын жинап, кеңес құрады. Неше түрлі ақылдар айтылғанмен, ханның жаны жай таппайды. Орақ батыр ханға Азовты казактардан күшпен тартып алудың мүмкін еместігін айтады: «Азовқа бар күшіңді жиып келгеніңмен, оны ала алмайсың, оған ештеңе де істей алмаймыз. Егер, Азовты алғың келсе, Мәскеу мемлекетіне жорық жасап бар да, Ресейде күз бойы, тіпті, одан да ұзақ уақыт бойы майдан сал, олар Азовты сонда ғана береді. Мәскеуде өстім, Мәскеудің салтын бір кісідей білемін. Әйтпесе, Азовты өзіндікіндей көре алмайсың, қожана да оны жақсылықпен бере салмайды». Инайеткерей хан Орақ батырдың бұл кеңесін қабыл алмайды, ашу шақырады: «Ауыздарыңды ашсаңдар, айтатындарың – өтірік. Бәріңнің алдайтындарың – мен. Сұлтанның пәрменін орындамағандардың ақыры қандай болғанын білесіңдер. Сендердің ақылдарыңды алып, солардың аяғын құшқым келмейді. Егер, сұлтан Азовқа бар деп бұйырса, онда мен Азовқа баруым керек, тіпті, бәріміз қырылып қалсақ та» [17, 268-269; 12, 771-773]. Азовты қайтарып алу мүмкін болмады.

1637 жылы маусымда Түрік сұлтаны

Қырым ханының орнына Бегадыркерейді бекітеді. Инайеткерей Қырымнан кетіп, сұлтанның дәрегейіне бас ұрады да, сол жерде өлім табады. Кантемир мырза да сол жерде жан береді. Азовты казактардан қайтарып алу Бегадыркерей ханның ғана емес, бүкіл орданың, Түрік сұлтанының алдында тұрған басты міндетке айналды. Бегадыркерейдің Азовты казактардан тартып алуға шамасы жетпеді, сұрап алуға болмады. 1638 жылы сәуірде Бегадыркерей казактарға Азовты қайтарып беру туралы сөз айту үшін ноғайлардың көсемдерінің бірі Қожамұрат Ұлық ағаны, оған қосып Салтанаш Ақсақ-Келмембет дегенді жібереді. Елшінің тобында 400 адам болады. Бірақ, елші Азовқа кірмейді. Казактар оның жіберген адамдарымен сөйлеседі [11: 765-768; 769-770]. Казактар оларды тыңдап болып, мынадай жауап қайтарғанға ұқсайды: *«Не айтып тұрсың? Астрахань мен Қазанның қалай алынғанын білмейміз. Ал, Азовты біз Құдайдан сұрап алдық. Оған дейін біз қорысты паналап, қамыс күркеде тұрып, Құдайға жалбарынып жан сақтадық. Енді, міне, Құдай тілегімізді берді, тас қабырғалы, биік шатырлы қалаға ие болдық. Ал, сендер сондай қаланы тастап шық дейсіңдер. Біздің әлі де Құдайдан үмітіміз бар. Құдайдан сендердің Темірек, Табань, Керчь деген қалаларыңды, артық көрмесе, Кафты да сұрап алмақ ойымыз бар»* [17, 271].

Азовты казактардың оп-оңай басып алуы оның айналасындағы ноғайларды Қырым маңына аударумен байланысты екенін кеш білген Түрік сұлтаны Қырым ханына ноғайларды еркіне жіберу туралы жарлық шығарады. Бұл шақта ноғайлардың өздеріне тән ұлыс жоққа тән еді, өзгелердің ұлысында тұру олардың таршылықта, жоқшылықта күн көруге мәжбүр етті. Қырымдықтар ноғайларға сенбеді, оларды Мәскеуге қарап кете ме деп қауіптенді. Осы қауіпке бойын алдырған Бегадыркерей хан ноғайлардың басындағы бірнеше беделді мырзалардың көзін жояды. Мәскеудің Қырымға жіберген қызметшілері Фустов пен Ломакиннің 1639 жылдың көктеміндегі (14 мамыр) ақпарларына қарағанда, Бегадыркерей хан Орақ батырды ел басына туған қиын күннің жайы бойынша «ақылдасуға» шақырады. Бегадыркерей хан «ақылдасуға» алаңсыз келген Орақ батырды қасындағы мырзаларымен бірге өлімге қияды. Айдынды Орақ, ноғай халқының қаһарман ұлы Орақ батыр, бауырының жамандығы мен

арамдығынан, санасыздығы мен опасыздығынан, сатқындығы мен оңбағандығынан ойда жоқта опат болды. Мәскеуде қалған ұлы Василий Петрович Урусов Ресейдің белгілі әскербасысы, князь Иван Борисович Репиннің қызы Степанида Ивановна Репинаны әйелдікке алып, үйлі-жайлы болды.

Қырымдықтар ноғайларды өзара ұрыстырып, шабыстырып қоюмен шектелмей, оларды езіп, жаншуға бағыт алды. Ноғайларды Қырым маңынан аластау, ашық далаға айдап тастау туралы Бақшасарайдағылар ұран тастайды. Қырымдықтар ноғайларға қарсы жазалау шараларын жүргізеді. Казактар ноғайлардың Дон бойындағы бұрынғы қоныс-

тарына оралуына, сөйтіп Ресей патшасының қоластына кіруіне мүдделі болды. Ноғайлар Донның арғы бетіне қарай шұбырды. Көзкөргендердің айтуына қарағанда, Қырымнан ауып, Донға кеткен ноғайлардың саны, әйелдер мен балаларды есептемегенде, 30 мың мөлшерінде болғанға ұқсайды. Ноғай мырзалары Мәскеуге өз қалауларымен бодан болып қосылды, Азов айналасын мекен етті. Дон казактары қырымдықтардан жан сауғалап қашып келген ноғайларға пана болды. Ноғайлардың енді біразы Еділ мен Жайық арасындағы далалы аймақты мекендеп қалды.

Ноғай, ноғайлы дәуірінің шындықтарын жырлағанда, жыраулардың омырауын жас жуды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Досмұхамедов Х. Аламан / Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар: Гарифолла Әнес, Аманқос Мектепов, Шәмшәдин Керімов. – Алматы, 1991.
2. Белокуров С. А. Разрядные записи за смутное время (7113-7121 гг.). – М., 1907.
3. Статейный список московского посланника в Крыму Ивана Судакова в 1587 - 1588 году // Известия Таврической ученой архивной комиссии. Том 14. 1891// http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVI/Iv_Sudakov_SS_1587_88/text.phtml?id=5442
4. Новый летописец (Глава 80. Об учинении вражды от Бориса между Ногайскими людьми) // Временник. Том 17. – 1853. – С. 1-190.
5. Разряд ХХУІІ, д. №8. «Роспись, кто был на Москве царей и царевичей разных земель, и кто был Черкасских и Ногайских мурз и при котором государе и кто в каком чину был». Сообщил Действ. Член С. А. Белокуров // Разрядная книга от 7067 до 7012 года. <http://www.vostlit.info> ; <http://www.simbir-archeo.narod.ru/Russian/16vek/sbornik/index.htm>
6. Русская историческая библиотека, издаваемая Археографическою комиссиею. Том первый. – Санктпетербург, 1872.
7. Акты исторические, собранные и изданные Археографическою комиссиею. Том второй. 1598-1613. – Санктпетербург, 1841.
8. Рукопись Жолкевского, изданная Павлом Мухановым. – Москва, 1835.
9. Поход его королевского величества в Москву [Россию] 1609 года // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Polen/XVII/1600-1620/Pochod_Sigizmunda_1609/text1.phtml?id=10795
10. Краткая повесть о бывших в России самозванцах. – Санктпетербург, 1774.
11. Сказание современников (иностранцев) о Дмитрии Самозванцеве. Часть 1. – СПб., 1831.
12. Русская историческая библиотека, издаваемая Археографическою комиссиею. Том восемнадцатый. Донские дела. Книга первая. – С.-Петербург, 1898.
13. № 93. 1608 г. Отписки в посольский приказ Астраханских воевод Шереметева с товарищами по делам Нагайским // http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Russ/XVII/1600-1620/Akty_Vas_Shujskogo/81-100/93.htm
14. Акты исторические, собранные и изданные Археографическою комиссиею. Том третий. 1613-1645. – Санктпетербург, 1841.
15. Савелов Л. М. Из истории сношений Москвы с Крымом при царе Михаиле Феодоровиче. Посольство С. И. Тарбеева в Крым 1626-1628 гг. – Симферополь, 1906.
16. Д'Асколи. Описание Черного моря и Татарины // <http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Krym/XVII/1620-1640/Askoli/frameset.htm>
17. Новосельский А. А. Борьба Московского государства с татарами в первой половине ХУІІ века. – Москва-1948-Ленинград.



Бактияр СМАНОВ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
Халықаралық Ш.Айтматов
академиясының академигі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

СҮЙІНБАЙ, МАЙЛЫҚОЖА және МОЛДА ҚОШЫҚ ДАТҚА

Бірде қазақ әдебиетінің білгірі, ҚР ҰҒА академигі Рахманқұл Бердібаев 2009 жылы Қ.А.Иассауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінің «Түркология» ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда Майлы ақынның шығармашылығы жайында айта келіп: «...ақынның өлең толғауларында айтылған адамдардың кім болғанын, олардың қазақ баласына істеген қызметтерін анықтауымыз міндет», — деген орынды ой, оңды ұсыныс айтқан болатын. Бұл тек Майлықожа ақын ғана емес, басқа да халық ақындарының шығармаларында ардақтап аталатын ел жақсыларына да тиесілі. Өйткені, халқымыздың өткен тарихына зер салсақ, небір қол бастаған батырлар, ел бастаған көсемдер, сырлы-сұлу сөзімен халықты аузына қаратқан би-шешендер, жұртты баурап алған өнер иелері мен ел егемендігі, ұлт бостандығы, азаттық пен әділет жолында басын бәйгеге тігіп, халықты соңынан ерткен талай-талай қайраткер тұлғалар, бүкіл иісі қазақ жұртына үлгі-өнеге болған қаншама ардагер асыл азаматтар дүниеден өткені белгілі. Сондықтан, олардың өмір жолын зерттеу-зерделеу, ол кісілердің кім болғанын, қандай адам болғанын анықтау, ұлт үшін нендей жақсылықтар жасағанын, қандай игілікті істер атқарғанын айқындау — әлеуметтік-тарихи әділдікті қалпына келтіру мен ұлт мүддесі, ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңызды мәселе болып табылар еді.

Сондай көне құжаттарда, халық

ақындарының шығармаларында жиі ұшырасатын ұлық есімдердің бірі — биыл өмірден озғанына 130 жыл толып отырған қайраткер тұлға, даңқты датқа Молда Қошық Токбайұлы. Ол XIX ғасырдың өнегелі де өрелі өкілі. Қоқан билігі дәуіріндегі аумалы-төкпелі кезеңдерде, замананың дүлей-дауылдарында елім деп еңіреп, «қар жамылып, мұз жастанған», елдік пен ерліктің туын көтерген әйгілі батырбасы, барша түркі жұртының қамын ойлаған, өз халқының бақытты болашағы үшін жанын арына құрбан еткен үлкен саяси күрескер, қазақ елінің амандығы мен жерінің тұтастығы үшін жан-тәнімен ерлік істер жасаған қаһарман тұлға. Мұны тарихи мәліметтер мен мұрағат деректерінен, халық ауыз әдебиеті мұралары мен сол дәуірдегі ақын-жыраулардың жыр-дастандарынан, ел арасындағы тарихи аңыз-әңгімелер мен патшалық Ресей заманындағы орыс, қазақ, өзбек, қырғыз зерттеушілерінің жазбаларынан, бүгінгі күнгі көркем әдебиет туындыларынан, ғаламтор жарияланымдарынан байқаймыз.

Молда Қошық 1796 жылы Ташкент қаласының аумағындағы сол кезгі Дархан ауылында дүниеге келген. Ол алғаш ауыл молдасынан сауат ашқан. Содан соң, алдымен Ташкенттегі «Көкалташ», кейін Бұхарадағы «Мір-Араб» медреселерін тәмамдаған, Орта Азияға келіп сауда-саттықпен айналысып жүрген орыс көпестерімен аралас-құралас бола жүріп, орыс тілін жете меңгерген. 1814 жылы Қоқан хандығын Омар хан билеп тұрған шақта 18 жасында Молда Қошық «мынбасы», «датқа» лауазымына ие болады. Ал, 1844-1846 жылдары Қоқан хандығының Ресейдегі елшісі, Хан әскерінің Бас қолбасшысы (Әмір-Ғаскер яғни Батырбасы, 1859 ж.), Ташкент қаласының даруғасы (әкімі),

қартайған шағында (70 жасында) алғаш Түркістан генерал-губернаторлығы ұйымдастырған қалалық әкімшілік деңгейіндегі «Мекемеде» Түркістан әскери губернаторы генерал-майор Д.И. Романовскийдің өкімімен Ташкенттің бас биі (1866 ж.) болады. Мұны Құрама уезінің (орталығы – Ташкент қаласындағы Тойтөбе деген жерде болған) бастығы подполковник Карзаковтың Сырдария облысының әскери губернаторы генерал Головачевқа 1868 жылы 12 сәуірде жазған №248 ресми мәлімдемесі дәлелдейді.

Датқа өмірінің соңғы жылдарына дейін ел тәуелсіздігі үшін, әлеуметтік әділдік жолында жанқиярлықпен күрескен қайсар батырбасы. Ташкенттің он екі (*Бесағаш, Қаймас, Жолбарыс, Қоқан, Қашқар, Ләззак, Қарасарай, Сағдат, Шағатай, Көкше, Самарқан, Қамалан*) қақпасының әскери күзетінің басшысы кезінде оның Қоқан билігіне наразылық ретінде хан тағайындаған Ташкент бегі Қанағатшахқа қарсы 1859 жылы халықтың көтерілісін басқарғаны, қаланың 12 қақпасын қоршауға алып, билеушіні он күн тұтқында ұстағаны, сонан ханға бүкіл елдің талабын орындатқаны, өзі Батырбасы дәрежесіне қол жеткізгені, сондай-ақ, Шымкент, Ташкент қалаларын қорғауда, Түркістан маңындағы Иқан жерінде, Алматы жанындағы Ұзынағаш түбіндегі Қарақастек өзені бойында болған орыс басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыстарға қол бастап келгені, онда Сыпатай, Сұраншы, Тайшық, Сыздық, Тойшыбек, Байсейіт сынды т.б. халқымыздың елі мен жерін қорғаған батырларымен бірге жан аямай шайқасқаны Орта Азия халықтарының тарихи жазбаларында, мұрағат деректерінде, түркі жұрты халық ақындарының жыр-дастандарында, жазба деректерінде жиі кездеседі. Әсіресе, ел аузында даңқты датқа жайлы аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, толғау-дастандар көп сақталған. Өкінішке орай, бұл мол мұра әлі арнайы зерттелмеген. Сондықтан да, біраз деректер, оқиғалар басқа адамға телініп, жаңсақтықтармен бұрмаланып жүргені байқалады. Айталық, басқаны былай қойғанда, оның азан шақырып қойған атының өзін кейбір зерттеушілер мерзімді басылым беттерінде, тарихтанымдық кітаптарда «Молда Қыпшақ», «Молда Күшік», «Молда Мұжық», «Молда Көшік», «Молда Қосық», «Мол-

да Құшық», «Молда Пұшық», «Молда Қошым», «Молда Көшім» деген секілді әркелкі атап жүргені соның салдары дер едік. Мұны жазушы һәм зерттеуші Әдіһам Шілтерханов та жазады.

«Елдестірмек – елшіден» демекші, Молда Қошық өз заманының сарабал саясаткері, мәмілегер елшісі ретінде Қоқан хандығының атынан әр жылдары Бұқар әмірлері Насрулла мен Мұзаффардың қабылдауына барғанын, бауырлас халықтарды береке-бірлікке, ынтымақтастыққа шақырғанын Ахмет Кенесарин «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты (Ташкент, 1889 ж.) еңбегінде келтіреді. Ташкентте Түркістан өлкесінің генерал-губернаторлығы құрылып, оған К.П. фон Кауфман басшы болып келген соң, 1866 жылдың басында Молда Қошық патшалық Ресейдің ұлы императоры Екінші Александрдың арнайы шақыртуымен түркі жұртының бетке ұстар беделді датқаларын (7 адамды) Санкт-Петербургке бастап барады. Бұл сапарында Молда Қошық ақ патшаға Түркістан халқының мұн-мұқтажын, талап-тілектерін жеткізіп, сол ұсыныс-тілектерін түгелдей орындатқан саясаткер. Осы тарихи қабылдауда датқа орыстың қатыгез генералы М.Г. Черняевтің басқарған отаршылдар отрядының озбырлық әрекеттерін, зұлымдық-жауыздық іс-қимылдарын, полковник Н.А. Вревкин жасағының Қожа Ахмет Иассауи кесенесін зеңбірекпен 12 дүркін атқылағанын, басқа да исламдық діни қасиетті орындарды талқандағанын, жергілікті халықтың қайта-қайта жан аямай қарсы соғысуы қасиетті туған жер мен асыл дін үшін болып жатқанын ашық айтып, саяси-стратегиялық мәні бар бірнеше талаптар қояды. Сол ұсыныс талаптың бірін – патша ағзам осы қабылдаудан соң қолма-қол орындайды. Ол – генерал Черняевті қайтарып, оның орнына басқа дені дұрыс адамды жіберу еді. Сөйтіп, Ресей императоры II Александр «Ташкентті алғаны үшін» деген жазуы бар гауһар қылышпен марапатталған, күллі орыс жұрты «Ташкент арыстаны» деп атап кеткен озбыр генералды кері шақырып алып, орнына ақ патша өзінің жиені, орыс әскері Бас штабының Әскери-ғылыми комитет мүшесі, генерал-лейтенант, князь Д.И. Романовскийді жібергенін, сонан кейін ғана отарлау соғысы, орынсыз қантөгіс тоқтағанын, елдің өз еркімен

амалсыз бағынғанын орыс әскерилері тарихи жазбаларында еш бүкпесіз жазды. Айталық, Ресейдің белгілі әскери тарихшысы, генерал-лейтенант М.А.Терентьев аталған оқиға туралы «Орта Азияны жаулап алу» атты үш томдық кітабында: «...Черняевтің алғаш жарқырап көрінген әскери мансабы осылайша аяқталды. Содан ол 475 сомдық зейнетақымен отставкаға шығарылды», – деп көрсетеді (1906, 1-том, 335-б.).

Мұндай шешімге ренжіген М.Г.Черняев ақ патшаға қарсы оппозициялық қозғалыстарға қосылады да, кейіннен Белоруссияның Могилев облысындағы өзі туып өскен Тубышка селосында 1890 жылы жұмбақ жағдайда қайтыс болады. Әрине, атакты қанішер отаршының осындай абыройсыз өліміне Түркістан өлкесіндегі «теңдессіз ерліктерінен» (жауыздықтарынан деп ұғыңыз) соңғы әскери қызмет жолының күрт құлдырауы әсер еткені ақиқат. Бұған сол тұстағы халықаралық шиеленістің ушығуы мен Орта Азияны мекендейтін жергілікті халықтардың жаппай наразылық көрсеткен қарулы қақтығыс-соғыстарының көбейіп кетуі себеп болғанын, 1866 жылы наурызда Черняевтің орнына Романовскийдің тағайындалуына байланысты Ресейдің әскери мұрағаттарының деректері де, туған әдебиетіміздің асыл мұралары (Мәделіқожа) да, Қоқан билігі заманының тарихи жазбалары да растайды.

Өмірі қым-қиғаш күреске толы, бітім-болмысы бөлек, рухы биік датқа 1884 жылы 88 жасында өмірден өткен. Сүйегі Ташкент қаласының орталығынан 1870 жылдары өзі көшіріп апарған қазіргі Дархан ауылының Сарыағаш шипажайы жанындағы биік төбеге орналасқан Ыссы ата зиратына қойылған. Оны соңғы сапарға шығарып салардағы жаназаға күллі түркі жұртының игі-жақсылары қарақұрым болып жиналып, ақ жауып, арулап жерлеген. Осы күнге дейін ел арасында «датқаның қазасы Ташкент атырабындағы аса бір сыйлы, ең бір абыройлы өлім болды» деген әңгіме бар. Қазақ елінің дербестігі мен бостандығы жолында аянбай еңбек сіңіріп, күрескерліктің жарқын үлгісін танытқан Молда Қошық датқаның қайсар қайраткерлік, сарабал саясаткерлік, еларалық, халықаралық деңгейдегі мәмілегер елшілік, дарынды батырбасылық, ерлік істерін орыс,

қазақ, өзбек, қырғыз, қоқан тарихшы жазбагерлері және әдебиетші ғалымдар академик Н.Н.Веселовский, А.И. Добромыслов, М.А. Терентьев, Н. Ульянов, А. Кенесарин, қазіргі ғалымдардан С. Қирабаев, Ә.Оспанов, Ә.Шілтерханов, С. Тілеуқұлов, Ж.Дәдебаев, А. Махаева, С.Сайфулмәлікова, С.Өмірзақов, З.Илхамов, М.Миразов өз еңбектеріне арқау етті. Молда Қошық бейнесі М.Қалдыбаев, Ж. Аяшев, Б. Тұрмағамбетов, М.Омаров, М. Ахметов, М. Әбдіәкімов секілді оңтүстік өлкенің т.б. қаламгерлерінің көркем шығармаларынан лайықты орын алды.

Көрнекті тарихшы, ғұлама имам Құрбанғали қажы Халидұлы «Тауарих хамса» атты еңбегінде «...Қазақ халқы кітап көрмей, оқып жазбай-ақ, тек қана ауыздан ауызға айтылып келген, естіген сөздерін ұмытпай келе жатқанына дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына да қашанда құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек. Қарт, қариялары бар жастарға бізден өсиет: Уақыт өтпей тұрғанда олардың сөзін ұғып қалсын. Осыдан «Естуің болмаса да ескің болсын» деген екен. Олардың сөздерін аударып-төңкермей сол күйі тыңдап алу керек», – дейді (90-бет). Сол айтпақшы, талай тар жол, тайғақ кешулерде шынығып шыңдалған даңқты датқа жайлы жырлардың дені патшалық Ресей заманында шыққан, енді бірсыпырасы еліміз тәуелсіздік алғалы бері жарық көріп келе жатыр. Мәселен, 1884 жылы академик Н.А.Веселовский жазып алатын халық ақыны Қалыбай Мәмбетұлының «1853-1865 жылдары Түркістан өлкесіне Ресей әскерінің жасаған басқыншылығы» атты көлемді жыр-дастанында, жыр алыбы – Жамбылдың ұстаз санаған, пір тұтқан ақындары – Майлықожаның «Алладан пайғамбарға келген аят», «Қараның өтті хандары», «Датқалардың Петірбор барғаны», «Құйрығын айдаһардың қайдан бастың?», «Қолыма қағазбенен алдым қалам», «Майлықожа ақынның датқаларды мақтау сөзі», «Молда Қошық датқаның асында айтқаны», «Қошық датқаның баласы Нарбекті жоқтағаны», «Мәделіқожаның көңілін сұрап айтқаны» атты он шақты жыр-толғауларында, Жетісудың жыр дүлдүлі Сүйінбай ақынның жырларына, айтыстарына Молда Қошық датқа бейнесі арқау болған.

Біз мұнда, алдымен Майлықожадан 20 жастай үлкендігі бар, келесі жылы 200 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде атап өткелі отырған Жетісудың жыр сұлейі, өлең сөздің ұстасы Сүйінбай ақын Аронұлы жайлы ой тарқатып көрсек дейміз.

Сүйінбай XIX ғасырдағы қоқан хандығы билігінің қазақ еліне жасаған зорлық-зомбылықтары мен қанды жорық қиянаттарын: **«Қазақ, қазақ болғалы, Қазақ атқа қонғалы, Не көрмеді бұл елім?! Батырдан тапқан тірегін... Қоқанның қолы көп болды, Жетісуда жатқалы, Бар жақсыны талап жеп, Сүбене қолы батқалы. Бейсенбі күні бесінде, Ғизрат күні кешінде, Қордайдың биік төсінде, Қоқанның ханы Құдияр, зорлық қып алған көп малды, Әндіжанға айдатты. Қолаяғын кісендеп, Қонбеген ерді байлатты, Қауызын әлі жармаған, Сұлуларды зорлапты. Араша тұрар пенде жоқ, Еліңді сөйтіп қорлапты, – деп батыл сынап, оған қарсы шыққан.** Ақынның бұлай дейтіні, ол бұл жағдайлардың бәрін өз көзімен көрген, сол заман оқиғаларының бел ортасында жүрген адам. Оны қайталанбас ақындық дарын иесінің өмірі мен қызметі жайлы соңғы табылған деректер айғақтайды. Өйткені, Сүйінбай сол кезеңде от ауызды, орақ тілді ақындығымен қоса, алты жыл ауылнай, 23 жыл бойы Ұзынағаш болысында билік еткен көзі ашық, сауатты адам болғанын тарихшы-ғалым Д.Рахымқұлов «Қазақ әдебиеті» газетінде (2011 жылғы 3 маусымда) тарихи құжат-деректерге сүйене отырып жазды. Мақалада Сүйінбайдың аумалы-төкпелі қоғамда өмір сүргендіктен сал-серіліктен гөрі қоғамдық-әлеуметтік істерге белсене араласқаны, еліміздің Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұрған **«Алатау округі және Үлкен орда қазақтарының бастығы»** атты үшінші нөмірлі қорда алғаш рет ақын есімі 1860 жылдан бастап кездесетіні, онда оның аты Сарыбай би-мен қатар аталатыны, соған қарағанда ол Сарыбайдың үзенгі жолдасы, жақын серігі әрі айнымас досы болғаны, ел басқару ісіне, ұйымдастырушылық-басшылық жұмысқа белсене араласқаны айтылады. Мәселен, 1864 жылы Алатау округінің шенеуніктері құрастырған **«Ұлы жүз қазақтарының рулары мен қызмет иелерінің тізімі»** атты құжатта Сүйінбай Аронұлы ауыл старшыны (ауылнай) ретінде көрсетілген. Ол бұл қызметке екі рет сайланып, 1870 жылға

дейін мүлтіксіз жұмыс атқарған.

1871 жылғы қаңтарда Ұзынағаш болыстығы болыс басшылығына, би қызметіне, ауыл билігіне жаңа сайлау өткізеді. Сол кезде Сүйінбайдың кандидатурасы би қызметіне ұсынылады. Содан көпшілік халықтың қолдауы мен елубасылардың жақтап дауыс беруінің арқасында ол Ұзынағаш болыстығының №2 әкімшілік ауылының биі болып сайланады. Сөйтіп, бұдан кейін, жоғарыда атағанымыздай, 23 жыл бойы – 1895 жылға (өзі сексен жасқа толғанға) дейін үзіліссіз би қызметін атқарады. Мұның өзінде ол 8 рет сайлауға түсіп, бірауыздан орнына қайта сайланып отырған. Сондай-ақ, мұрағат деректерінде Сүйінбай Аронұлының Жетісу аймағында өткен билердің төтенше съезіне қатысып, өлкедегі айтарлықтай күрделі де маңызды мәселелерді шешуге тікелей атсалысып отырғаны да көрсетіледі. Ақынның ауылнай, би қызметтерінде осындай абыройлы жұмыс атқарғаны, елдің ең ықпалды адамы саналғаны бұрындары айтыла бермейтін. Соңғы тарихи деректер, мұрағат құжаттары бойынша ақиық ақынның қызметтік өсу баспалдағына зер салғанда, оның Ұлы жүздің аға сұлтаны Тезек төре Нұралыұлына айтқан сөзіне назар аудармай кетуге болмайды: **«...Балаң өліп төсектен тұрмай қапсын, Өлмесе қайда кетті Нұралы хан? Хан Тезек жатырмысың тұрмаймын деп, Сүйінің келді ордаңа жырлаймын деп, Балаң өліп төсектен тұрмай қапсын, Баланды алса Құдайдың өзі алды, Жатырмысың Құдайдың жылқысын ұрлаймын деп»,** – деген сөздермен төренің **«ұры», «кәз-зап», «қорқау», «сайтан», «жемқор», «қарақшы»** болғанын тайсалмай бетіне басуы Тезек төремен иық тірестіре алатын биік лауазым иесі, ел ішінде халықтың құрметіне бөленген аса беделді кісі болғандығын көрсетеді. Сондықтан, Сүйінбай ақын **«Арғымақтың тәуірі арбада кеткен, Ер жігіттің тәуірі арманда кеткен»** зар заманның куәгері ретінде қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, елдің тыныс-тіршілігін өте жақсы білді деп сенімді түрде айта аламыз.

Қоқандық дәуір жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Серік Қирабаев: **«...Қоқан хандығының билігі – оңтүстік**

қазақтарының отаршылдықта көрген қиянатының ең бір сорақы беттері. Адамды кісілік қасиеттерінен айыратын, азаматтың жазықсыз қанын төгетін, әйелдерге деген зорлықтың неше түрлі айуандық түрлерін қолданған, қолындағысын тартып алып, жалпы жұртты зар еніреткен жендеттік тәртіп орнатқан бұл хандықтың сыры тарихтан белгілі», – дейді. Бұл, рас әңгіме. Шындығында да қазақ қоғамы ол кезеңде осындай ауыртпалықты басынан өткерді. Сүйінбай өз қызметінде жүріп, күнделікті өмірде байқаған ел ішіндегі ханның көзі секілді болған жағымпаз датқалардың, сатқын, екі жүзді, дәрменсіз би-болыс, басшылардың сорлығын әшкерелеп, беттеріне басады. Ал, қара орман халықтың жоғын жоқтаған иісі қазаққа әйгілі ардагер азаматтардың, баһадүр батырлардың аттарын атап, олардың жанқиярлық ерлік істерін, қайсарлығын, еліне деген жанашырлығын, ерекше қамқорлығын дәріптеп, үлгі-өнеге етеді. Соның бірін Ұлы жүздегі Дулат тайпасының Ботбай руынан шыққан атақты батыры ер Сыпатай асындағы айтысынан байқауға болады. Онда әр жүзден, әр рудан келген ақындар бір-бірімен айтысқа түскен. Ал, Сүйінбай ақын Майлықожамен айтысады. Жыр жарысын Сыпатайға арнап көңіл айтудан бастаған Сүйінбай **«Сексен беске жеткенде, дәу Сыпатай бұл дүниеден өткенде»** Ысырапыл, Ноғай, Пірімкүл атты ұрпақтары Қоқан хандығына қарайтын барша елді асқа шақырып, 40 жігіт хабаршы жібергенін, оған қазақ жұртынан Тезек төре, Атамкүл, Жайнақ, Тазабек, Естемес, Шаншар, Қожмамбет, Жаңабай, Сәмбет, Тілеуберді, Құдайберген майыр, Сыйқымбай, Әйтпен, қырғыздың саяқ руынан – Садыр, Қаработадан – Нәдір, Сарыбағыштан – Ниязбек, Үмбетәлі, Шарғын, хан Жантай Қарабекұлы сияқты белгілі адамдар шақырылғанын айта келіп:

Екі кісі жіберді,

Шапырашты еліне.

Екі кісі шаптырды,

Ыстының жеке Шоқай бегіне.

Екі кісі жіберді,

Қаңлы, Шанышқылы еліне.

Дұғай сәлем жіберді,

Молда Қошық бегіне, – деп жыр төгеді.

Осы жерде **«Сүйінбай ақын Молда Қошықты қайдан біледі?..»** – деген занды сұрақ тууы мүмкін. Бұл сұраққа

жауапты мына бір тарихи құжаттан табуға болады. Ташкенттегі Түркістан әскери округінің мұрағатында Сібір корпусының қолбасшысына Верный бекінісіндегі Алатау округі бастығының 1860 жылғы 8 қыркүйектегі №2147 «Аса құпия», «Өте қажетті» деген белгімен жолдаған хаты сақтаулы. Онда Қанағатшах Қоқан хандығы тапсырмасымен құрамында ташкенттіктер мен құрама көшпелі рулардан тұратын 10-15 мың әскермен Әулиеатаға жеткенін, олардың 24 лафеттегі қаруы (зеңбірек), бұдан басқа 600 жалдамалы парсылардан құралған жаяу әскері бар екенін, бұлардың мақсаты – Пішпекті қайырып алу және орыстармен келіссөз жүргізбек ойы бар екенін, онда хандық шекарасын бұзып, қазақ жеріне өткеніне орыс әскерілерінен жауап алу туралы ханнан тапсырма алғанын, одан жауап алудан бөлек отаршылдардың тұтқынына түскен датқалар мен оларға өткен адамдарды қару-жарақтарымен қайтаруды талап ететінін, егер ол талаптарды орындамаған жағдайда соғыс жарияламақ ниетте екенін жазады.

Құпия хатта қоқандықтардың отрядында Ташкенттің Нармұхаммед күшбегісі, Қанағатшах әскеріне Әндіжаннан келіп қосылған қырғыз Әлімбек датқаның жауынгерлері, Ниязқұл пансат, Керімкүл пансат, Молда Қошық датқа және т.б. келе жатқаны айтылады. Бұл ресми жазбаша хабардың 1860 жылы 23 қазанда қабылданғаны жайлы белгі соғылыпты. Осы дереккөздерден біз 1860 жылғы әйгілі Ұзынағаш соғысының тарихын, Қарақастек өзенінің бойында Қоқан хандығы әскерлерін подполковник Г.А. Колпаковский басқарған отаршылдар зеңбіректің оғына орағанын, оған қоқан әскерінің құрамында қазақтың Сыпатай, Сұраншы, Тойшыбек, Байсейіт, Керімбек, Байзақ, Момынбек, Андас, Арыстан, Ақмолда секілді т.б. ел қорғаушы батырлары мен өзбек, қырғыз, тәжік сияқты Орта Азия халықтарының өкілдері белсене қатысқанын көреміз. Тарихта **«Ұзынағаш шайқасы»** деген атпен қалған сұрапыл соғыс 1860 жылдың 18-21 қазанында Қарақастек өзенінің бойында өткен.

«Оған қоқандықтар тарапынан Отан қорғау үшін жергілікті түркі жұртының 40 мыңнан астам жауынгерлері қатысты» деп жазады А.Кенесарин. Осы

соғыста отаршылдар жеңеді. Бұл жеңісі үшін әскери округ басшысы подполковник Колпаковский полковник шеніне жоғарылатылып, төртінші дәрежелі Қасиетті Георгий орденімен марапатталады, ал, Қастек пен Пішпекті тасталқан етіп, басып алғаны үшін ол 1862 жылы генерал-майор атағына ие болады. Мұны айтып отырғанымыз, Қарақастек – Сүйінбай ақынның туып-өскен жері. Ақын ол кезде 45 жаста. Ал, сол соғысқа сонау Ташкенттен келіп қатысып жүрген Молда Қошық датқа 64 жаста екен. Демек, Майлықожа айтқандай, «40 мың ләшкер ілескен батырбасы» Молда Қошық датқаның бұрынғы кимыл-әрекеттеріне, елшілік-мәмілегерлік істерінің мән-жайы мен Түркістан, Иқан, Шымкент, Ташкент жеріндегі отаршылдарға қарсы қарулы шайқастардағы әскери қолбасшылық қызметіне Сүйінбай ақын әбден қанық болғаны анық. Оған дәлел – жыр жампозы Сүйінбай ақынның өз шығармалары. Соның бірі әрі бірегейі – ұлы ақын Жамбылдың шәкірті Өмірзақ Қарғабайұлы жазып тапсырған Сүйінбай мен қырғыз ақыны Қатағанның атышулы айтысы. Бұл айтыс халықаралық, ұлтаралық деңгейдегі айтыстың озық үлгісі дерлік. Мұны ҚР Ұлттық ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорынан жақында ғана тауып ұсынған белгілі әдебиетші-ғалым, Жамбылтану және халық ақындары институтының директоры, профессор Бекен Ыбырайым мырза. Осы көлемді жәдігерлік мұраның 55-56 беттерінде Сүйінбай айтысының мынадай жолдары бар:

*Қарақалпақ, түрікпен,
Бет алған жауы үріккен.
Одан былай құрама,
Құрамадан сөйлемей.
Сүйінбай қарап тұра ма?
Қазаққа байлық нәсіп қып
Қырғызды құдай ұра ма?
Құраманың байлығын
Есебі жоқ сұрама.
Онан былай еліміз,
Жұпар тауын жайлаған,
Өгіз-қойды айдаған,
Майданталды баспаған,
Сабырлықтан саспаған.
Қайрақты деген сақ жұртым,
Байрақты деген мол жұртым,
Толып жатқан ол жұртым.
Қырық пенен жүз дегенің,*

*Есебі жоқ көп жұртым,
Қорасының шетіне
Құс та ұшып жетпеген.
Бақ пен қыдыр басынан,
Шыр айналып кетпеген.
Тоғай-тоғай бұлтылдап,
Найзаның ұшы жылтылдап,
Қаңлы, шанышқылы көп елім,
Онда жатқан бек елім,
Ел-қауымның ішінде
Молда Қошық батырым.
Оның айтқан сөзіндей,
Жан таппайды ақылын.
Атты мінген жаспеннен,
Тәшкенді кеше билеген.
Сөйлесе кеткен кісінің,
Сөзіне бойы үйренген.
Батырлық пен бектікпен
Солайша өтті дүниеден.*

Айтыстың осы жолдары, неге екені белгісіз, Сүйінбай шығармаларының барлық жинағынан түсіп қалған. Сондықтан, бұл үзінді баспа бетіне тұңғыш рет ұсынылып отыр. Біз, бұл орайда, келтірілген үзіндінің ақын шығармалары жинағына енбей қалуының екі түрлі себебі болуы мүмкін деп ойлаймыз. Біріншісі – зерттеушілер, ақын шығармаларының жинағын құрастырушылар Ташкент айналасында өмір сүрген қазақтың руларының ішіндегі қарақалпақ, түрікпен, құрама (кейіннен өзбекке сіңіп кеткен) атты аталары болғанын жете білмей, қазіргі дербес ұлттармен шатастырып, «оларды қайтеміз» деп енгізбеген болуы мүмкін, екінші себебі – кеңестік кезеңде «молда», «датқа» әрі Қокан билігі дәуіріндегі қайраткер адамдардың бірі ретінде Молда Қошық аты әдейі алынып тасталуы да ықтимал. Қалай дегенде де, бұл үзінді ел билігін, ұлт тұтастығын жырлаудағы «айтыс өнерінің алтын діңгегі» (М.Әуезов) атанған Сүйінбайдың ақындық өресінің жоғарылығын, ақыл-ой көкжиегінің кеңдігін, азаматтық танымының биіктігін танытатын жарқын мысал. Қуаныштысы сол – келесі жылы 200 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған ұлы ақынның жыр-жәдігерліктері бір жарым ғасырдан астам уақыттан кейін ортамызға толығып оралуы. Өйткені, айтыс мазмұнынан көрініп тұрғандай, ақын «көппін» деп мақтанған Қатағанға жауап ретінде қазақ халқының Албан,

Суан, Жалайыр, Қаңлы, Шанышқылы, Сіргелі, Сыйқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр, Арғын (Атығай, Қарауыл), Найман, (Бегімбет, Қызай), Керей, Қыпшақ, Қоңырат, Он екі ата Байұлы, жеті аталы – Жетіру, Әлім, Шөмекей, Алшын, Жаппас, Тама т.б. секілді руларының аттарын тұтастай атай келіп, оларды бел тұтады, өзіне арқау етеді. Осылайша, ол туған халқының қадір-қасиетін ардақтайды. Онымен қоса өз елінің Сұраншы, Саурық, Қарасай, Сыпатай, Андас, Байсейіт, Биназар, Дәуітәлі сынды батырларын мақтан етеді. Сөйтіп, Сүйінбай елдік пен ерлікті, ынтымақ пен бірлікті, ата-тек пен бата-тілекті, әділет пен әділетсіздікті, жақсылық пен жамандықты жыр етіп, анадан ұлы перзент туылатынын, туған елі үшін белін буынатынын дәріптейді.

Бұл айтысқа Тезек төре Нұралыұлы, Бөліткір шешен Әлменұлы, Боранбай манап Бекмұратұлы (*Шоқан Уәлиханов суретін салатын*), Жантай манап Қарабекұлы, Орман хан Ниязбекұлы, Бәйтік датқа Қанайұлы сынды қазақ-қырғыз елінің жақсы-жайсаңдары қатысады. Ақындық көркем сөз өнерінің осынау әйгілі сайысын туыстас екі жақ, екі халық та жоғары бағалаған. Қырғызша нұсқасында Сүйінбайдың:

«Андан бери мен келсем, Сөзүндүн жок чаласы, Сен Буйлаштын баласы. Анжыянга барыпсың, Азынатып жетелеп, Айгыр аттан алыпсың, Ангиге жакшы жарыпсың, Ат сурайт деп ардыкпа, Айта берип кардыкпа, Бий баласы болсоң да, Бий үйүнө батпаган, Бий өргөсүн баспаган, Сен салбардан тууган карыпсың. Айыл сөзгө жакыным, Тегинди айтып мактандың, Мени тексиз деп айтып какшадың, Менин ата-тегим ыр болгон, Ыр менен күүге пир болгон, Сөз чынына келели, Силерде Кабандай ырчы ким болгон? Бак дарыган бабамдын, Баскан жери сыр болгон, Барган жери ыр болгон... Текти сөздөн кеп кылгын, Мактана турган жайың жок, Жаш кезинде Арстанбек, Карагай, тикен аралап, Колу-бутунды жаралап, Козу бактын кокуйлап, Кой кайтардың чокулап, Бакканың болчу козу-лак, Калыпсың эми сөз улап», – деп жыр маржанын нөсерлеткені айтылады (*Мұнда Арыстанбек – Қатағанның азан шақырып қойған аты. Ал, Қатаған – лақап аты, ақынның*

руының аты). Сүйінбайдың Қатағанмен айтысындағы аттары аталған туыстас екі халықтың азаматтарының қай-қайсысы да қазақ-қырғыз тарихынан, ел жадынан ерекше орын алған тарихи тұлғалар.

Айтулы тарихи айтысты Сүйінбай: «Орай сайға қондырып, Келтірді құдай кезінді. Қозғалма енді Қатаған, Оярмын екі көзінді! Мен бір емен ағашпын, Білесе де сынбаймын! Алдаспанға жолықтың, Түбіне жетпей тынбаймын! Сөз бастаған бұлбұлмын, Топ бастаған дүлдүлмін. Судан шыққан сүйрікпін, Бәйгеден озған жүйрікпін! Шығарма, Қатаған, үнінді, Есінде сақта құлаған, Қанатың сынған күнінді. Қырғыз, қазақ жиылып, Жалпылатпа мұныңды!» – деп аяқтайды. Сонан екі ел жақсылары жеңісті Сүйінбайға береді.

Сөз орайы келгенде айтысқа байланысты мына жайтқа зерттеушілер назарын аударғаны жөн деп білеміз.

...Қазақ, қырғыз басылымдарында Арыстанбек Бұйлашұлының туған жылы 1824, 1828ж.ж., енді көпшілігінде 1840 жыл деп үш түрлі көрсетіліп жүр. Ал, айтыс 1850 жылдар шамасында болған делінеді. Сонда, соңғы 1840 жылды ақынның туған жылы деп есептесек, 10 жастағы Қатаған 35 жастағы Сүйінбаймен айтысқан болып шығады. Бұл ақылға қонбайтын дерек. Сондықтан, оның туған жылын алғашқы жылдардағы қырғыз ғалымдарының деректеріндегідей 1824 жылы деп алсақ, қисынға келуі мүмкін. Сонда Қатаған 26 жастағы кезінде, Сүйінбай 35 жас шамасында айтысқан болып шығады.

Дәуір тынысын дөп басып жырлаған қазақтың халық ақындарының келесі бір шоқтығы биік өкілі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы, 1835 жылы туылып, 1898 жылы дүниеден өткен. Ол өзінен бұрын өмір сүрген қазақ ақындарының дәстүрін берік ұстаған жыр зергері. Ақын шығармаларында Қоқан хандығына қарсы күрескен ерлердің ерлігі, халық қамын ойлаған қайраткерлердің игі істері, аштық, зорлық-зомбылық жылдардағы қазақ қоғамының ауыр күйзелісі, жергілікті би-болыстардың жемқорлығы, махаббат бостандығы, жалпы адами ізгілікті қасиеттер мадақталып, адамдар бойындағы жат мінез,

оғаш қылықтарды түзету, елге деген сүйіспеншілік сезім, ұлтқа қызмет ету, адал еңбек, егіншілік кәсіп көрініс тапқан. Онда терең философиялық ой, өткір сыншылдық пікір-көзқарас айқын суреттеліп отырады.

Майлы ақын шығармашылығындағы ең елеулі есім – біз сөз етіп отырған XIX ғасырдың көрнекті өкілі, ел қамқоры болған күрескер тұлға, даңқты датқа Молда Қошық. Оның өнегелі өмірі, өз халқына, бүкіл түркі жұртына сіңірген ересен еңбегі айрықша жырланады.

*Алтын жүген ауырлап ат басында,
Алды болған Алаштың датқасында.
Көшпелі қазақы адам болып жүріп,
Талас қылған Ташкенттің*

қақпасында.

*Тең бе еді Молда Қошық кісіменен,
Теңгеріші қылып өткен ісіменен.
Батырбасы Ташкентте болып еді,
Қылыш, мылтық, найзаның*

ұшыменен, – деп Ташкенттің он екі қақпасының әскери күзетінің бастығы болып тұрғанда хан билігіне, оның сенімді өкілі Ташкент әкімі Қанағатшахқа қарсы көтеріліс басқарғанын еске түсіреді де, одан соң дарынды датқаның хандықтың әмір-ғаскері (батырбасы) болғанын:

*Қырық мың ләшкер ешкіммен ілескен
жоқ,*

*Қырық сан Барақ Тәшкенмен
тірескен жоқ.*

Уағында алдеқалай озып еді,

Мұндай ешкім ерлікпен күрескен жоқ, – деген өлең жолдарымен айқындай түседі.

Майлы ақынның жоғарыда біз атаған жырларының ішінде ерекше маңыздысы – «Датқалардың Петірбор барғаны» атты толғауы. Жыр тарихи мәні бар аса ірі саяси оқиғаға арналған. Онда 1866 жылдардың басында Ресей императоры II Александрдың шақыртуымен барған түркі ұлысының 7 адамнан құралған өкілдерінің сапары баяндалады. Олар өкілдердің басшысы – шанышқылы елінен Молда Қошық датқа, қаңлы Әкімқұл төре, жаныстан Момынбек датқа, сыйқымнан Құдайберген датқа, қоңыраттан Қоныс датқа, өзбектен Марқа қазы, қырғыздан Бәйткі датқа сынды түркі жұртының аты шыққан игі жақсылары мен беделді адамдары еді. Мұны ақын:

*Датқасы шанышқылының Молда
Қошық,*

*Қайтпаған ерегісте тәні шошып.
Жақсысын әр шаһардың аты*

шыққан,

Үкіммен жолдас қылды оған қосып, – деп датқаның батырлығын, елдегі ерекше абырой-беделді тұлға екендігін еске ала отырып, оны бас қылып Ресей императоры II Александрдың үкімімен әр жердің басқа да датқаларын арнайы шақыртқаны сөз етіледі. Молда Қошықтың патша қабылдауында айтқан ұсыныс-тілектері ақын шығармасында өлең сөздің кестесімен көркем көрініс тапқан:

*Ақ патша «тілегіңді берем» дейді,
«Антына мұсылманның сенем» деді.
«Достасып қарым-қатынас жасап
тұрсақ,*

*Әлімше жәрдемдесіп көрем» деді.
Мал-басың, әдет-ғұрпың өздеріңде,
Көрсетсем мен бір зиян өлем деді.
Соны айтып орнынан ұшып тұрып,
Қошықтың қолын қысып сәлем берді,* – деп ақын Ресейдің ақ патшасы II Александрдың ерекше құрмет көрсеткенін тілге тиек етеді.

Жыр-дастандағы:

*Тілегін Молда Қошық алысқанын,
Есіттік патшаға да жағызғанын,*
Немесе:

*Жарасар Молда Қошық мақтағанға,
Қалалы қорған еді жақтағанға,* – деп ақынның датқаны әсерлі әспеттеуі де тарихи шындыққа негізделген жайттар.

Майлықожа ақынның өмірі мен шығармашылығын ғұмыр бойы мұқият зерттеген әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Әсілхан Оспанұлы бұл жайт туралы өз еңбегінде: «Орта Азия ел-жұртының сөзін ұстай барған бұл адамдардың патша сарайындағы қабылдауда елдің елдігін көрсететін халықтық салт-дәстүрлердің, шаруашылық қалыптың, ұстанған діннің қысым көрмеуі турасындағы тілек-талаптарын қысылмай-қымтырылмай айта білген Молда Қошық халық қамын ойлаған жұрт жоқшысы санатында көріне алғаны ақынды айрықша сүйсіндіргені аңғарылады», – деп орынды бағалайды. Бұл орынды айтылған пікір. Өйткені, Майлы ақын Сүйінбайдан 20 жас, ал, Молда Қошықтан 39 жас кіші, яғни, датқаның балалары қатарлы адам болған. Шындығында да, Молда Қошық жастайынан өз өмірінің басты өлшемі – елін-жерін шексіз сүю, сол

жолда жанын пида ету екенін берік бойтұмар еткен. Сондықтан, ол өз ғұмырында қалың қазақ елі мен туған жері, оның ділі мен діні, салт-дәстүрі үшін жанқиярлықпен игі істер атқарған, қаһармандық әрекеттер жасаған қайсар күрескер.

Майлықожа өз шығармашылығында Молда Қошық датқаға байланысты, жоғарыда айтқанымыздай, он шақты жыр-толғау арнаған. Соның екеуі – «Молда Қошық датқаның асында айтқаны», «Қошық датқаның баласы Нарбекті жоқтағаны» атты көлемді шығармалары былтыр ғана мерзімді басылымдарда жарық көріп, ғылыми айналымға енді. Бұл бізге белгілісі, қазіргі күнге дейін жеткені, табылғаны ғана. Ел ішінде ақын шығармалары әлі де болуы ықтимал.

Ақын «Молда Қошық датқаның асында айтқаны» атты ұзақ толғауында Байзақ, Сыпатай, Құдабай, Құралбай, Сапақ, Мұсабек, Құдайберген, Батырбек, Қанай, Қасымбек, Төртбай, Шоқай, Қоныс, Тұрлыбек, Асқарқожа секілді тағы басқа қазақ өлкесіндегі, сондай-ақ, Түркістан жұртындағы (қырғыздың, Бәйтік сынды т.т.) ел бастаған қайраткерлердің, қол бастаған батырлардың есімдері ілтипатпен атайды:

*Қожада Асқар, жандарда Сапақ еді,
Мұсабекті батыр деп атап еді.*

Азбен жүріп, топ жиган дәу

Сыпатай,

Молда Қошық солардың қатары еді.

Жырда аттары аталған ерлердің қай-қайсысы да қазақ халқының тарихынан, ел жадынан ерекше орын алған тарихи тұлғалар. Мұндай терең мәнді мысалдарды толғау-өлеңнен көптеп келтіруге болады.

Қысқасы, Сүйінбай, Майлықожа т.б. ақындардың шығармашылығында Молда Қошықтың ғибратты ғұмырын, жарқын бейнесін, тұғырлы тұлғасын суреттеуге осыншама мән беруінің себебі, оның туған халқына жанашырлығын, қала берді бүкіл Орта Азияны мекен еткен барша түркі халықтарының қамын ойлағандығын терең түсінгендігінен әрі оны ерекше бағалап сезінгендігінен деп білеміз. Ал, Майлы ақын жырларының мазмұнына мән бере отырып қарасак, ол кісінің, тіпті, ұрпақтарының, балаларының,

немерелерінің атын жаңылмай атауынан Майлықожаның датқаның отбасы мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста, олармен аралас-құралас, сыйлас адамдар болғанын байқаймыз. Оның өлең-толғаулары тек бір адамның, не бір отбасының ғана емес, бүкіл елдің күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, олардың өмір сүрген кезеңінен, былайша айтқанда, бір дәуірдің жай-жапсарынан, қоғамдық-саяси өмірдің тарихи-әлеуметтік жағдайынан хабардар ететінін, ақын өз заманының тұтас көркем картинасын жасағанын көреміз. Бұл ақын шығармашылығының өзіне тән ерекшелігін, алған тақырыптарының өзектілігін танытады, әрі оның жалпыхалықтық мәні мен бүкілелдік сипатын аңғартады. Осылайша, әйгілі ақын Молда Қошықтың қайраткерлік қырларын дәріптеу арқылы даңқты датқаға өзінің жауһар жырларынан өшпес белгі, өлмес мұра қалдырды. Оған ұрпақтан-ұрпаққа жететін мәңгілік ескерткіш орнатты.

Қорыта айтқанда, Молда Қошық датқаның қайсар қайраткер, баһадүр батырбасы, саңлақ саясаткер, мәмілегер елші, әйгілі датқа ретіндегі шынайы бейнесін, өз халқының нағыз патриоты болғандығын сол замандағы орыс, өзбек (қоқан), қырғыз зерттеуші-тарихшылары ғана емес, Сүйінбай, Мәделіқожа, Майлықожа, Қалыбай т.б. халық ақындарының жырларынан айқын көре аламыз. Бұл шығармалар – ұлтымыздың көне тарихының қайнар көзі, мөлдір бастауы.

Елбасымыз – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» (1999ж.) атты еңбегінде: «...Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық... қасиетін түсінуге енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ, бұл мүмкіндік қана; ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет. Ал, осы міндет біздің алдымызға тек қана бір ұлы мүмкіндік түрінде ғана емес, қатал қажеттілік түрінде де қойылып отыр. Оны шешсек, біз тарихтың өзімізге шақталған мезгіліне сәйкес боламыз...», – деген болатын. Ендеше, біз осы талапқа сай әрекет жасағанымыз мақұл болар.



Серік ЕРҒАЛИ,
«Тұран-Астана» университетінің
магистранты

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – ТҮРКІЛЕРДІҢ ЛОГИКА ДАМУЫ ОЙЫНЫ

немесе неге біреулер төлтума ойын екеніне
күмән келтіреді?

Түркі халықтарының қазақ, қырғыз, қарақалпақтарда сақталған манкала тектес ойыны – тоғызқұмалақ. Тоғызқұмалақ зерттеушілерінің пайымы бойынша, ойынның тарихы кемінде 4-5 мыңжылдық уақытты қамтиды. Ағылшындық ғалым Э. Маккей түрлі құмалақ (шарик, тас) ойындарын 5 мың жыл бұрын тайпалық халықтарда ойналғанын жазады. Осыған ұқсас африкалық овари ойынының шығу кезеңін зерттеушілер 6 мың жылға апарып жүр. Осынша уақыт ішінде бұл ойын қалыптасып қана қоймай, сол өзін туғызған орта тарапынан түрлі аспект бойынша байытқаны да қисынды. Осынша, ежелгі тарихы мен болмысы бар тоғызқұмалаққа да үңілу арқылы оның бойындағы тарихи үдерісте сіңірген мәдени-танымдық сипаттардың қатпарларына қанығуға болады.

Зияткер ойындарды зерттеуші ресейлік И.Зелинская мысырлық калах ойынынан тараған деген пайыммен [4], тоғызқұмалақтың түркі халықтарының төлтума мәдени өнім екеніне күмән келтіреді. Әрине, сыртқы ойындық тұрқына қарап оның шығу тегін тектеу соншалықты қисынды бола бермейді, оның үстіне тоғызқұмалақ ойыны калах ойынымен сырттай ұқсастығы болғанымен, оның сыртқы тұрпаты мен ішкі болмысын, мазмұндық сипатын білдіретін барлық құрамталар (компоненттер) тоғызқұмалақтың дербес ойын ретінде қалыптасып, күрделене дамығанын

көрсетіп отыр. Қазақстандық зерттеуші М. Шотаев [13, 508] «Тоғызқұмалақ – ең алдымен халықтың дүниетанымы, одан кейін ой шығармашылығы, спорт, ғылым. Ресейлік және американдық зерттеушілер тоғызқұмалақты этнографиялық ерекшелік ретінде қарастырса, еуропалықтар ұлттық мұраны ой шығармашылығының бір түрі ретінде, ешбір халыққа бұрмаламай, әділ бағасын беріп отырған» деп пайымдайды.

Ойынның қай маңның, қай ұлттың танымы мен болмысын аңғартатынын оның ғасырлар бойы түзілген мәдени-танымдық сипаты назар аудартады. Әрине, мұндай зияткерлік ойын бір күнде немесе белгілі бір уақыт кезеңінде пайда бола қалуы мүмкін емес. Тіпті, оның бастапқы туындау сәті басқа ойынмен туыстас болғанымен, белгілі бір дәуірде қалыптасқан өзге этномәдени мазмұндар мен сипаттардың ойынға мүлдем басқа танымдық-философиялық қатпар енгізуі шынайы да, қисынды әрі тарихи жайт. **Тоғызқұмалақ та өзінің түзілу тарихында түрлі сипаттар мен тұрпаттарды сіңіре отырып, бүгінгі толық та аяқталған нұсқасын қалыптағандығы сөзсіз. Біздің мақсатымыз да – тоғызқұмалақтың мүмкіндігі мен болмысын қарастыра отырып, оның бойындағы мәдени-танымдық қырына үңілу және ойынның түпкі сипаты мен дүниетанымдық мазмұнын зерделеу.**

Тоғызқұмалақты түркі халықтарының ойлау мәдениетімен қатар, олардың дүниетанымдық төлтума болмысы мен философиялық көзқарасын да танытатын тарихи дәйек екенін мойындауға болады. Ойынның мұндай танымдық қабілеті оның



атаулары мен ережесінде, құрылымында, ішкі логикалық сипаты мен мазмұнында сақталған. Тоғызқұмалақ ойынының атауы белгілі бір дәрежеде оның болмысы мен сипатына жол ашады. Оны түркі халықтары түрліше атағанымен, ойынның негізгі сипаты мен тумысы сақталған, өзгергені сыртқы көрініске қатысты жағы ғана. Мәселен, қазақтар бертінірек «тоғызқұмалақ» деп, ал, қырғыздар «тоғызкоргоол» («коргоол» – маңғолиша «құмалақ») атағандарымен, бұның екеуі де «құмалақ, домалақ» деген ойын құралының сыртқы сипатын ғана білдіріп тұр. Ал, Ақтеңіз жағалауындағы көшпелі түркі тайпалары «тоғызташ» атағаны да мәлім [11,521]. Бұл ойынның ішкі мазмұнын бұзбайтын, бар болғаны ойынның ережелік мәніне емес, сыртқы тұрпаттық қасиетке тән атау екені көрініп тұр.

Орыс географы әрі этнографы А.Н. Краснов [5,15] Жетісу қазақтарының тұрмыс-тіршілігін зерттей келе, тоғызқұмалақ ойынына да назар аударып, оны көшпенділердің ойыны деп есептейді. Ол тоғызқұмалақ туралы ойын: «Тоғызқұмалақ очень остроумная игра, заставляющая киргиза ломать голову не менее, чем у нас в шахматы. В перевод на русский тоғызқұмалак значит девять катышков баранего помята – название

прямо показывающее, что это изобретение принадлежит исключительно кочевникам» деп түйеді. Алайда, ойынның атауына қатысты жіті назар аударғанын жайт – XIX ғасырда қазақ-қырғыздар тұрмысынан жазба қалдырған ресейлік этнограф Г.С. Загряжскийдің [3,531] тоғызқұмалақты «Тоғызат» атауымен сипаттап қалдыруында. Біздің ойымызша, ойынның осы атауы оның түпкі болмысына барынша жуық әрі шынайы. Одан кейінірек тоғызқұмалақ ойынын жазып қалдырған Н.Н. Пантусовтың 1906 жылы жарияланған сипаттамасында [7] ойын өзінің болмысынан ажырап «аттын» орнына «құмалақ» анықтаушының қосылғаны байқалып отыр.

Тоғызқұмалақ ойынының құрылымына зер сала отырып, оның салт аттылар өмірінен ажырағысыз мәдениеттен хабар беретініне куә боламыз. Атаулар мен ұғымдар негізінен жылқыға, аңшылыққа және көшпелі бағдарға қатысты. Аталмыш ойындағы отау атаулары қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында сәл өзгерістері болғанымен, әуелгі тұтас мазмұнға барынша жуық әрі бірін-бірі толықтырады. Оны төмендегі кестеде берілген отау атауларынан [8,17-21], [6,12] байқауға болады.

Мұндағы «мандай» – «арт» немесе «қу мойын» - «құйрық» түркі танымына қатысты полярлық қарама-қарсы бағдар екені белгілі, бұлар қозғалыс нысанының қайдан басталып, неден бітуін білдіруге қатысты түркілік танымдық әмбебап ұғымдар. Соғыс не шайқас үдерісінде мандай майданға, арт/құйрық тылға қатысты ұғылады. Зерттеуші Т. Сұлтанбеков [8] тоғызқұмалақтың әскери

Отаулар	Қазақша	Қырғызша	Қарақалпақша
№ 9 отау	мандай	ооз	куу моюн
№ 8 отау	көкмойын	көк моюн	көк моюн
№ 7 отау	қандықақпан	эки тишти	қанлы қақпан
№ 6 отау	белбасар	ак колтук	ак далы
№ 5 отау	бел	бел	бел
№ 4 отау	атсыратар	далы	белдин алды
№ 3 отау	атөтпес	текилдек уй	жаман үй
№ 2 отау	тектұрмас	ат өтпес	ат өтпес
№ 1 отау	арт	куйрук	куйрук
			арт немесе таңдық

майданға қатысты бағдарын анықтай түседі: «Отау аттары кездейсоқ қойылмаған. Мәселен, ойынның алды және арты болады. Алды тоғызыншы отау – Мандай, Арты – бірінші отау». Дегенмен, «бел» ұғымы түркілік кеңістің үшке бөліну дәстүрін тағы бір еске салады: «бел» – адам денесінің қақ ортасы ретінде аталғанымен, жалпылама кеңісті үшке бөле қарастыруда бұл ұғым кеңістің де, үдерістің де ортасын білдіреді. 5-отаудың қақ ортада тұрып, осылай аталуы да сондықтан. Ендеше, әр ойыншыға тән тараптың өз алдына бүтін кеңіс ретінде қарастырылып, оның басы мен аяғы және ортасы нақтыланып тұр. Ал, көк-мойын, қандықақпан /экишти, бел-басар/ аққолтық, атсыратар, атөтпес/ жаманүй, тектұрмас аталған ұғымдардың төркіні ойын үдерісіне тән ақуалды ұйымдастыратын әрбір отаудың сипатын танытады. Тоғызқұмалақты зерттеушілер бұл атаулардың әр отауға сәйкес міндеті мен мүмкіндігін ашатындығын пайымдауда.

Бұл ойында барлық отауы дымсыз қалған ойыншының жағдайын «атсырау» ұғымымен атайды, бұл – атсыз қалу дегенді білдіреді. Егер де, ойын барысы атқа байланыссыз болғанда оны «құмалақсырау» немесе «тассырау» секілді ұғымдармен беруге болар еді. Демек, ойынның басты атрибуты да ат болғаны және бір кезде «тоғызат» аталғандығы да осыдан көрінеді; атсыз қалған өмірдің аттылы қоғамда тұл екендігін білдіріп, үдерістің бұл ахуалы ойынды аяқтауға апарып тірейді. Тіпті, ойын кезіндегі жүрістің «көшу» етістігімен айтылатыны да [11,537] тоғызқұмалақтың «көшпелі» болмысын аша түседі. Ендеше, ойынның бар мазмұны аттылы, көшпелі қоғамды дәріптеуде болып тұр. Тоғызаттың аттылар өркениетіне тиесілі екенін С.Аманжоловтың [2]: «Бұл ойынның ерекше бір қасиеті терминдерінде: терминге қарап бұл нақтылы мал шаруашылығының тудырған нәрсесі екен дейсің. Шынында да «құмалақ» деген

сөздің өзін алыңыз. Құмалақ – қойға, түйеге, ешкіге, қоянға, т.т. ғана тиісті зат. Ал, «көк мойынды» алсақ, оның өзі бейнелі сөз. Нақтылы көк мойын деп қазақ, көпке дейін ұстатпай ыза қылған, артынан ұсталғаннан кейін айлар бойы мойнына бұғалығы түспей, мойны көгерген жылқыны айтады» деген сөзі нықтай түседі.

Бұған қарап, тоғызқұмалақ ойынының тақтасы белгілі бір дәрежеде аттылардың біртұтас әрекет алаңын елестетеді де, әрбір отау/үй ойын үдерісіне тән субъектілік қасиетін аңдатады. Демек, бұл атаулар мен ұғымдардың түбінде түркілік қозғалыспен кеңістік, ондағы үдерістің барысын аңғартатын ілімнің ізі анық байқалады. Бұған назар аударып отырып, ежелгі түркілік мемлекеттердің тоғыз тайпалық одақ арқылы толыққанды хандық мемлекеттің бекер құрылмағандығын аңдауға болады. Бұны «тоғыз оғыз» аталған түркілік мемлекеттік құрылымды, «тоқсоба» атауымен рулық қауымның «тоғыз үй» мағынасын білдіретін құрылымнан аңғару қиын емес.

Ойынның келесі бір тұтас танымдық бірлігі «қазан» аталып жүрген қарсы тараптардың ұпайды жинау орындары бұрын «орда» аталған [2] да, тоғызқұмалақтың өзі де соған сәйкес обаста «орда» [6,30] делінгендігі анық:

Баштаптыр Манас Ордону,

Ордо деген оюнду

Бизге мирас қылғаны

Тоғыздан қоргоол салғаны

Бу Манастан қалғаны («Манас» жырынан).

Тоғызқұмалақ ойынының болмысынан зерттеушілер көшпелі түркілердің түрлі өмірлік көрінісінен бастап [10,30] көшпелі қоғамның саяси сипатына дейінгі тірлік мазмұнын аңғаруда. Тоғызқұмалақтың ойын үдерісінен екі тараптың әскери шайқасын елестете отырып, оның нағыз көшпелі қоғамға тән әскери тайталасын байқаймыз. Айталық, қазір «қазан» аталып жүрген шұңғылдың бір кезде «орда» аталғанын да ескерсек, онда ойын тақтасы қарама-қарсы орналасқан құрамында тоғыз тайпасы (ойында әр

тайпа «отау/үй» аталатын ұямен шартты түрде таңбаланған) қос хандықтың бір бірімен тайталасу көрінісі көз алдымызға келеді. «Қазан», «орда» ұғымдарының екеуі де біріктіруші атрибуттық ұғымдар болып табылады: **тайқазан** – елдің рухани-идеологиялық бірлігін қамтушы нышан болса, **орда** – әуелден-ақ көшпелі саяси құрылымды басты ұйытушы мемлекеттік орган, астана.

«Қазан» ұғымын этнограф Г.С. Загряжский [3,531] Шу мен Сырдария қазақтарының тоғызқұмалақты сипаттаған жазбасында бұл ұяның «қала» атауын келтіріпті. Бұл атау да көшпенділер үшін қаланың белгілі бір дәрежеде орталық, астана екендігінен хабардар етеді. Шамасы, ойынға дөп-дөңгелек шұғыл болғандықтан «қазан», аттың орнына «құмалақ» ұғымдарының кірігуі көшпелі өмір салтының әлсіреп, сыртқы көріністік ұғымдардың ығыстыруынан ойынның атауы да, бұрынғы біртұтас танымын жоғалтқан ұғымдардың орнын кейбір «өгей» атаулардың басуынан аңғару қиын емес.

Енді, әрбір отаудың түркілік танымда тұтас әулетті білдіретін ұғым бар, оны «үй» атайды, қырғызша ойындағы отаудың «үй» [11,541] аталуы да содан. Қазақ ұғымындағы бұл тұтастық ежелгі мифологиялық «Ер-төстік» ертегісінде Ерназардың 9 ұлы ретінде көрініс береді. Тоғызқұмалақ ойынында да әрбір отау біртұтас үйді меңзейді де, соғыс жағдайында ол әскери қолға тең: 9 ат және ойнаушы түркілік әскери құрылымның онбасы/жүзбасы/мыңбасы рөлінде іспетті.

Зерттеуші М. Шотаев [13]: **«Кентаулық шебер Т. Құдияров тоғызқұмалақты әскери ойынға жатқызып, осы отаулардың орналасу ретіне өзгеше көзқарас ұстанады. Яғни ойындағы 9 отау – белгілі бір мемлекеттің, көшпенділер үшін қағанаттың құрылымы»** деген дәйекті ұсынады. Мәселен: №1 отау – жаяу әскер; №2 отау – шекара; №3 отау – қорған; №4 отау – штаб; №5 отау – уәзір орны; №6 отау – ханзада орны; №7 отау – хан сарайы; №8 отау – қазына; №9 отау – халық.

Ғалым әрі белгілі тоғызқұмалақшы М. Шотаев [11,513] бұл пайымды одан әрі:

«Тоғызқұмалақта жүріс бағытқа негізделгендіктен, шындап келгенде бетпе-бет соғысу жоқ. Ойын ережелеріне көнедегі ғұндардың сенімі әсер еткен. Сондай-ақ, тоғызқұмалақ ойынында ғұндардың таңдап алған соғысу стратегиясына сәйкес, тактикалары да көрініс тапқан. Мәселен, шабуылдау, қорғану, торуылдау, негізгі күштерді артқы күштерден бөліп тастау, жауларын өз жеріне тереңдей енгізу арқылы тұтқиылдан шабуыл жасау және т.б.» – деп аша түседі. Алайда, тоғызқұмалақ ойынын тек қана түркілік дүниетаным мен болмыстың, құндылықтың көзі ретінде ғана қарау жеткіліксіз. Аталмыш ойынға ежелгі математикалық ойлау жүйесінің де араласы бары байқалады. *«Находки шариков III-IV веков до н.э. только подтверждают мысль, что игра древнее самой казахской нации. Уникален факт сохранения игры казахами в условиях кочевого образа жизни»* – деп тамсана жазып, зияткер ойындарды ресейлік зерттеуші А. Шиляев [12] тоғызқұмалақ ойынын жер бетіндегі ондық санау жүйесінің пайда болу куәсі ретінде тартады. Белгілі алашордашыл қайраткер әрі ғалым Елдес Омарұлы өзінің **«Қазақ тарихынан»** деген мақаласында Шыңғысханнан бастау алады дейтін **«ондық жүйелі»** әскердің жасақталуынан мың жыл бұрын, аталмыш жүйені ең алғашқы ғұн қағаны Мөденің (Модэ) мемлекеттік жүйесі ондық, жүздік, мыңдық бөліністерден тұратын әскери құрылымнан тұрғандығын ежелгі Қытай мен Әбілғазы ханның шежіресіне сүйене отырып, ашып жазады. Өзірге адамзаттық өркениетті туындатқан Азия мен Еуропа құрлықтарындағы мемлекеттік-әскери сала бойынша ондық санақ жүйесінің басты тұтынушысы ретінде түркілер көзге көбірек түсетінін жоққа шығару қиын.

Зерттеуші А. Шиляев өз мақаласында **«Казахи широко применяли десятичную систему, а счетная доска могла применяться для вычисления налогов»** деуінде тиянақты қисын бар. Түркі қағанаттарында, әсіресе Шыңғысхан мемлекетінде әрбір табыстың оныншы бөлігі ғана мемлекетке салық есебінде алынғанын

ескерсек, А. Шияев мырзаның «Слово тогыз переводится с казахского языка: девять. Многие авторы считают, что число 9, доминирующее в игре тогызкумалак, считается священным у монгольских и тюркских народностей и его можно считать традиционным у казахов. Однако, если смотреть на игровую доску как на древнейшую счетную доску, то цифра 9 - символ заполнения разряда, т.к. при попадании в лунку следующего камушка все камушки из нее вынимаются и в следующую лунку кладется один камень. Казахи широко применяли десятичную систему, а счетная доска могла применяться для вычисления налогов...» деп, оны қазақ танымына телуі шынында да тоғызқұмалақ ойынының салық салуға қатысты тағы бір қыры мен оның мемлекеттік сайман түріндегі сипатын әйгілейді.

А.Шияевтың тоғызатқа қатысты пайымын тереңдете түссек, бұл ойын ғана емес [2], «бұл ойын қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған

адамның миы істеп, есепшілігі артып, тез тапқыштық жағы күшеймек», яғни, бұл далалықтардың зерде мен логиканы дамыту құралы болғандығын әйгілейді. Тіпті, одан да маңыздысы сол – тоғызаттың ежелгі гректердің абақ санауыш құралымен қатар қолданылған математикалық сайманы болғанын аңдауға болады. Тоғызат тақтасының жартысы алсақ, ұя-отаулардың 9 цифрлы санды білдіретінін және 9-дан асқан сан 10-ордаға/қазанға түсетінін аңдасақ та жеткілікті.

Қорыта келгенде, тоғызқұмалақ ойыны – түркі халықтарының мәдени-танымдық құндылығын бойына сіңірген күрделі де аса терең мағыналы зияткерлік мұра. Сол себепті де, аталмыш ойын түркілік қоғамдық-саяси құрылымды, тарихи-дүниетанымдық құндылықты, тұрмыстық-әлеуметтік көзқарас пен қажеттілікті қамтитын әмбебап ақпараттар мен дәйектер көзі ретінде жан-жақты зерделеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдужаппаров М.Н., Сағындықов И.Ө., «Зияткерлік тоғызқұмалақ ойынындағы отау аттарының мағынасы» //Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. I (А-Й). Ш.Ибраевтың редакциясымен. – Астана, 2011.482 б.
2. Аманжолов С. Тоғызқұмалақ. – А., 1936. Қазақша және орысша.
3. Загряжский Г.С., // Быт кочевого населения долин Чу и Сыр-Дарьи. «Туркменские ведомости», 1874 г., №29.- «Игры народов СССР», 1933 г., «Полиграфкнига», г. Ленинград, 563 стр.
4. Зелинская И. Домино, нарды, кости. – Москва: «Вече», 2001.
5. Краснов А.Н. Очерь быта Семиреченских Киргизь. (Известия русского географического общества). Общ. 23 том, 1887.
6. Орозобаков Т., Чылымов А. Тогуз коргоол. – Бишкек, 1997.
7. Пантусов Н.Н., // «Киргизская игра «Тогузкумалак». 4-выпуск XXII тома «Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете» (том 22, вып. 4, Казань, 1906 г., стр.249-252).
8. Сұлтанбеков Т. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ. – Алматы: Қазақстан, 1967.
9. Таникеев М. От старта к Олимпиаде. – Алматы, 1983. – С.165.
10. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – А.: Қайнар, 1994.
11. Түркологиялық зерттеулер. Жауапты редактор Сағидолда Г. – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 560 б.
12. Шияев А., *Тогызкумалак*. Казахская игра - свидетельство зарождения десятиричной системы счисления - http://thaichess.narod2.ru/shahmatnie_legendi/nagrada_izobretatelyu/
12. Шотаев М., Жұмабаев Н., Ақназаров С. Таңғажайып тоғызқұмалақ. – Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2004.



Герольд БЕЛЬГЕР,
жазушы

ТІЛ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

1. Белгілі тілші-лингвист Дуг Уоленнің пікірінше, дүниежүзіндегі қазіргі бар тілдердің келешекте тек бес пайызы аман қалады екен. Қалғандары біржола құрдымға кетіп жоғалмақ. Мұны ойлағанда жаның түршігеді, жүрегін сыздайды.

Есептеп көрелік. Қазіргі таңдағы тілдер мен диалектілер алты мың қаралы екен. Жыл сайын жиырма бес тіл қолданыстан шығып қалады дейді ғалымдар. Демек, ХХІ ғасырда дүниежүзілік тілдердің сексен пайызы ақи-тақи ұмытылмақ. Бұдан асқан трагедия бар ма? Әлгі ғаламдастыру дегеннің кесірі емес пе?

Халқының кем дегенде бір миллионы ана тілінде сөйлесе, ол тілдің азын-аулақ келешегі бар екен.

Жер шарында ең көп таралған қай тілдер? Жалма-жан блокнотымды ашып қарасам, былай екен:

Қытай тілінде 844 млн. адам сөйлейді.

Ағылшын тілінде 434 млн.

Хинди тілінде 338 млн.

Испан тілінде 331 млн.

Орыс тілінде 291 млн.

Араб тілінде 192 млн.

Бенгал тілінде 181 млн.

Португал тілінде 171 млн.

Индонезия-малай тілінде 138 млн.

Жапон тілінде 124 млн.

Француз тілінде 119 млн.

Неміс тілінде 118 млн.

Бұл ООН (БҰҰ)-ның – оншақты жыл бұрынғы мәліметі. Пәлендей өзгере қоймаған деп ойлаймын.

Содан шығатын қорытынды: бұл тілдерге таяу ғасырда қауіп жоқ екен. Ал, қазақ тілінің халі нешік? Қазақстандағы сегіз миллион қазақтың ең кемі бір миллионы, Құдай біледі, ана тілінде еркін сөйлейтін шығар. Оған шетел қазақтарын қосыңыз. Демек, қазақ тілі де, иншалла, таяу арада ес-түссіз жоғала қоймас. Дегенмен сақ болған жөн. Әйтпесе, сексен пайыз үмітсіз тілдердің қатарына қосылып қалуымыз ғажап емес.

2. Осыған орай тағы бір мәлімет. Алматыдағы кіші ассамблеяның дерегі бойынша, оңтүстік астанамызда мемлекеттік жалпы білімдік 171 мектеп бар екен. Олар-

да 182576 оқушы оқиды. Ал, сол 171 мектептің 33-інде оқу қазақ тілінде жүреді екен. 72 мектепте сабақ орысша, 57-сінде орысша-қазақша аралас, 3-інде ұйғырша, 2-інде орысша-ұйғырша, 1-інде орысша-қазақша-ұйғырша аралас оқытылатын болып шықты.

«Аралас» дегенге менің о бастан күмәнім бар. «Аралас» болған жерде орыс тілінің басым екендігі өзінен-өзі түсінікті. Ол тұрмақ «таза» қазақ мектептерінде де оқушылар көбінесе орысша шүлдірлейді.

3. Ойыма ұбых тілінің тағдыры орала кетті... Дағыстан өңірінде ХХІ ғасырдың орта тұсында сондай халық болған. Олар ұбых тілінде сөйлеген. Жылдар өте, сол ұбых тілінде сөйлей алатын әкелі-балалы екі-ақ адам қалыпты. Олар да Түркияға қоныс аударған екен. Осыдан он-он бес жыл бұрын 102 жасқа келіп, жаңағы ұбых шал о дүниелік болыпты. Ұбых тілін сақтап қалған сексендегі баласы ғана. Ол қазірде бар ма, жоқ па білмеймін. Тіл құрыған, адам құрыған, бір тайпаның мәдениеті өшкен. **Аз халықтың тағдыры осы. «Өлдің, Мамай, қор балдың».** Тілің өлді – өзің өлдің. Дүниеде ізің де қалмады. «Мен өлгенде, тілім не болмақ?» деген ойда жүрген дұрыс-ау.

4. Орыс тілі жайында Пушкин айтқан екен: «Он один останется неприкосновенной собственностью несчастного нашего отечества». Қазақшаласак, былай болып шығады: «Біздің бақытсыз отанымызда бірден-бір басыбайлы меншігіміз тіл болып қалмақ».

Әй, осыны көбіміз (қазағы, немісі бар) түсіне бермейміз-ау...

5. Тіл тек қатынас құралы емес. Ол – халықтың жүрегі, жаны, ділі, діні, мақсат-мүддесі, ой-арманы, болмыс-тірлігі. Осыны жиі айтамыз, бірақ байыбына бара бермейміз.

6. Көптен бері ұлттық идея іздеп келеміз. Бір кездері үй-күйі жоқ, сақалы беліне түскен қаңғыбас, есі ауысқан, қысы-жазы тыржалаңаш жүруге әуес Порфирий Иванов дегенді уағыздап, ұлттық идеяға жақындатып едік. Соңғы бір-екі жылдан бері байқаймын, ол шалды мазаламайтын болдық. Оған да шүкір, әйтпесе, маскара емес пе?

Енді бірде «жалған сөйлеме, өтіріктен ада бол!» деген Солженицынның қағидасы ұлттық идеяның тұғыры бола алады деп ойлаушы едік. Маған бұл қағида да теріс емес

сияқты. Бірақ, қазаққа, мен білсем, Солженицынның өзі де, сөзі де ұнамайды, ал, өтіріктен ада болу тіпті де қиын. Мүмкін де емес шығар. **Өтірік бізде сасық қулықтың бір нұсқасы іспеттес. Ал, қулық, қазақтың ұғымында, пәлендей жағымсыз мінез емес. Сонда не қалады? Сол бабалардан қалған тілің ұлттық идея болу керек деп топшылаймын. Қазақты біріктіретін бірден-бір қасиетті күш ана тілі болуға керек.**

7. Қазақ тілі – жаралы тіл. Оған күн сайын жара салатын өзіміз. Атадан қалған рухани байлықты шұбар-шұбар, кедір-бұдыр, мәнсіз, сәнсіз, көріксіз, жұтан, қаны-сөлі жоқ былжырақ, қойыртыпак бірдеңеге айналып келеміз. Сөйтіп жүріп, жалғыз байлығымыз – тілді құртамыз.

8. Аяған Сәндібаев таяуда «Известия-Қазақстанда» жақсы айтты: «Біздер, қазақтар, ана тілімізден басқа тілдерді үйренуге оңтайлы тұрамыз». Шынында да, қазіргі қазақтар ана тілінен гөрі шет тілдерін меңгеруге әуес.

9. Не жетпейді? Намыс жетпейді. Ыждағаттылық жетпейді. Құрмет жетпейді.

Баяғы қазақшылық: «Әй, қойшы! Өзіміздің тіліміз ғой. Қайда қашар дейсің?».

10. «Тілбұзаризм» жалғыз қазаққа емес, көбінде бар індет. Орыстар да, немістер де, француздар да зар жылап жүр. Ресейде «фрусский лапотъ» атты сыйлық қарастырылып жүр. Ол сыйлықты («орыстың ша-табасы») Черномырдин сияқты қалай болса, солай сөйлейтін «сөлкебайларға» бермекші. Біздің Мырқымбайларға да осы тақылеттес сыйлық керек-ақ. Министр, депутаттарды, Президенттің манайындағы білгіш-белсенділерді қазақша сөйлету керек. Сөйлей алмайды екен, кеуделеріне үлкендігі таба нандай «Сақау» орденін тағу керек. Бізде кедір-бұдыр, шұбар, қотыр сөйлеу дағдыға айналған. Оны көбінесе өзіміз сезбейміз. Тілді қор қылудың басы осы.

11. Көшелердегі ірі-ірі мекемелер мен зәулім дүкендердегі жарнама-жазуларға бірауық назар аударыңызшы. Бүкіл Қазақстан қазақ үшін емес, шетелдіктерге арналып, солардың құзырына бағышталғандай. Мұны құлдық психология демей не дейміз?

12. Тілді зорлап үйрету мүмкін емес. Иә, қажеттілікте үйренеміз (мәселен, бізден Алманияға көшкен немістер қазіргі немістің әдеби тілін амалсыздан үйренеді, өйткені онсыз күні жоқ), иә ыждағаттылықтан. Ана тіліне зәру болмасаң, қалай үйренесің.

13. Мен қазақ арасында 61 жылдан бері тұрамын. Әлбетте, қазақ тілінің қуаныш-қайғысына немқұрайды қарай алмаймын. Біздің ресейлік немістер соңғы алпыс-жетпіс жылдың ішінде өздерінің диалектілерінен айырылып қалды. Оған халық жазықты емес: жер аударылды, қорлық-зорлық көрді, қудаланды, мәдениетінен айырды, тоз-тоз қылды, мектептері жабылды, оқулықтары болмады, тілін-ділін мазақ етті. Ол өз алдына мәселе.

Ал, қазақтың елі-жері аман. Тәуелсіз болды. Өз билігі өзінде. Керек жағдайдың бәрі бар. Тарихы, мәдениеті, діні қаз-қалпында. Игі дәстүрлер де ұмытылған жоқ. Демек, ана тіліне ие болу керек, оны қастерлей білу керек. Осы жайында мен биыл «Казахское слово» деген кітапша жаздым. «Елордада» шықты. Сол еңбегімді шама-шарқымша қазақ тілінің құдірет-қасиетін, байлығын, көркемдігін, бейнелілігін, көп мағыналығын ашып айтқан сияқтымын. Кітапшам, негізінен, шала мен ада қазақтарға арналған. Енді кейде ойлаймын: сол кітапшам мақсатына жетті ме, оқушысын тапты ма, қажеттілікке асты ма, қазақ тіліне септігі тиді ме?

Ай, қайдам...

Со-о-на-ау замандарда жер шарында, мамандардың есебінше, 150 мыңдай тіл мен диалект болғанға ұқсайды. Бүгінде олардың саны 6 мыңға жетер-жетпес. Демек, әрбір екі апта сайын бір тіл жантақсыз болады.

... Қолдану аясының кеңдігі жағынан БҰҰ-ның дерегі бойынша жапон тілі – 10, француз тілі – 11, неміс тілі 12 орынды алады. Қазақ тілінің бұл тізімдегі орнын білмеймін, бірақ, шамалауға болады. Өркениеттің қарқынды ағымына шыдай алмай көп тілдер әлсізденіп, қажеттіліктен шығып, көмескіленіп, сал болып, «шықпа, жаным, шықпалап», ақыры өледі екен. Оның ең бір айқын көрінісі – архаизм сөздерінің көбейіп, жаңа сөздердің азайып қалуы...

... Қазақтың күнделікті тұрмыс-салтына, жер бедеріне, мал шаруашылығына, туыстық қарым-қатынасына, этнографияға, қолөнеріне, санаға, дүние танымына байланысты ұғым-атаулар санында, Құдай біледі, сан жоқ. Жылқы мен түйеге қатысты сөздердің өзі жүздеп саналады. Бір киіз үйдің төңірегінде жүз сөз табылып қалады... Бір ғана «вид» деген сөзге қазақтың 26 синонимі бар. Бір ғана сырғаның қазаққа 20-30 түрі табылады. Бір ғана пышақтың ұшы, қазинегі, кежегесі, ілдірігі, жүзі, сағасы, алқымы, жемесі, сырты, сақинегі, құрсауы, дүмі, шығыршығы болатынын марқұм Дәркембай ұста жазып та, суретін салып та түсіндіріп еді.

ҰЛЫЛАРДЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ТҮСТЕРІ: ОЛ – АҚИҚАТ ПА, ӘЛДЕ АҢЫЗ БА?

Түстің мағынасы, оны жору сипаттары жөнінде фольклортанушы Ә.Диваев («Түстің баяны») пен ғалым Э.Б.Тайлор («Первобытная культура») жан-жақты зерттеу жүргізген болатын. Бұрын да, қазір де түстің мәнін ашуға ғылыми талпыныстар жасалғанымен, оның сыры толық ашылып отырған жоқ. Алайда, «Пайғамбарлықтың қырық алтыдан бір нышаны» деп саналатын жақсы түс – болашақтың бағдары іспеттес. Оған тарихи ұлы тұлғалардың көрген түстерінің өңінде ақиқатқа айналуы нақты дәлел боларлықтай...

Исламда түс үш топқа бөлінеді. Олар: рахмани, шайтани, аяни. Анатомияда адамның ұйықтау мезетіндегі таңғы төрт пен бестің уақыты – түстің уақыты деп саналса, халық ұғымында тансәрідегі түс адамның болашақ тағдырын меңзейді. Ал, бұл – тансәрідегі уақыт – «аяни» түс кезі. Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадис-шәріптерінің бірінде: «Жақсы түс – пайғамбарлықтың қырық алтыдан бір нышаны» деп айтылғанын басшылыққа алған кейбір дінтанушылар Алла тағаланың түзу жолындағы адал мұминдердің көп түс көрмейтінін, тек қана қатты қиналған кезде сол тығырықтан шығатын жол көрсеткен «аяни» түстерді көретінін айтады. Біздіңше, адам баласы қиналған кезінде ғана емес, мамыражай шағында да «аяни» түстерді көреді. Алла тағала мейірім шапағатын төксе, оның келешегі де түсіне аян болып кіреді.

Бір күні Харон ар-Рашид патшаның түсінде оның аузындағы барлық тістері түсіп қалады. Ол ұйқысынан оянысымен көріпкеліне түсін жорытады. Сонда көріпкел: «Мұсылмандар әміршісінің көрген түсінің мәні мынада: ол өз туысқандарынан ұзақ ғұмыр кешеді» деп, патша тісінің түсіп қалуын оның барлық жақын жұрағатының өзінен бұрын көз жұматынына жориды. Расында да солай болады.

Әйгілі Кир патшаның да түсі өңінде шындыққа айналады. Оның түсіне аяғының астында шуағын төгіп тұрған жарық күн енеді. Ол күнді үш рет ұстамақ болып құшағына қысуға ұмтылғанымен, күн үш рет оның құшағынан сытылып шығып кетеді де, домалаған күйі алыстай береді. Көріпкелдер мұны: «Сіз отыз жыл патшалық құрасыз» деп жориды. Шынында да Кир патша отыз жыл бойы әмірін жүргізеді.

Кезінде Айша анамыз біздің Ұлық Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) да көрген түстерінің өңінде жүзеге асатынын айттып кеткен екен. Біз енді соған назар аударсақ, Ұхыд соғысының алдында Мұхаммед (с.ғ.с.) бір түс көреді. Онда ол сауытын кигенін, біраз сиырлардың бауыздалғанын, әрі қылышының жүзінің кертіліп сынғанын көреді. Ұйқысынан оянганнан кейін түсін былайша жориды: «Сауыт – меніңше, Мәдинаның іші, демек Мәдинадан шықпай қорғанғанымыз дұрыс. Дұшпандардың шабуылын осы жерден күтіп алып, тойтарайық. Бауыздалған сиырлар – сахабаларымнан шейіт болатындары, қылышымның жүзінің кертіліп сынуы – жақындарымның біреуінің қайтыс болуы болса керек». Расында да, сол соғыста жақын туысы, хазіреті Хамза (радиаллаһу) шейіт болады.

Түсті жору Египет пен Индия, Ежелгі Греция мен Римде ортағасырлардан бастап-ақ кең өріс алған. Тіпті, Аристотель: «Кім образды дүниеден шынайы нәрсені айырып шығара алса, сол – түстің ең керемет жорушысы», – деп айтса, Платонов: «Адамның ақыл-ойы түстің болашақты болжап тұрған тұсын айырып ала білуі тиіс», – деген. Ал, біздің данагөй бабаларымыз: «Түс қорғасын тәрізді балқып тұрады. Қалай жорыса, солай болады» – деп, сәуегейлік танытады. Ең қызығы, қазақтың түс жорышылары «Адам ұйқыға жатар алдында жастық шағын, бақытты сәттерін,

алғашқы махаббатын еске алып, түсінде сол бал дәуреніне оралып қайтса, ұйқыдан жасарып, тың күш-қуат алып, тіпті бетіңіздің әжімдеріне дейін жазылып тұрасын», – дейді.

Әйтеуір, түстің адам болашағына, ғылыми жаңалықтар ашуға қатысы өте таңғажайып. Атақты ғалым **Д. И. Менделеев** химиялық кестені түсінде көріп, өңінде оны есіне түсірген ғой. Оқиға негізінен, былай болған: химиялық элементтердің орнын анықтаумен ұзақ жылдар айналысқан ұлы ғалым азапты ойдың тұтқынына түсіп, газ, металдың басын біріктіруші заңды жасай алмай қалжырап, отырған орнында ұйқыға кетеді. Түсінде ол атақты Менделеев кестесін көреді. Шырт ұйқыдан шошып оянған ғалым әлгі кестені қағазға түсіреді. Жер-жаһанда бұрын-соңды өмір сүрген астрологтар мен көріпкелдердің ең әйгілісі **Мишель Нострадамус** те (де **Нотр-Дам**) 1549 жылы түс көріп, сол күннен бастап өзінің болашақты болжаған атақты «Центуриялар» (Ғасырлар) атты еңбегін (2242 жылдық аралықты қамтыған, яғни 1555 жылдан 3797 жылға дейін) жазуға отырған. Жиырма үш жасар **француз философы Рене Декарт** болса, түс көру арқылы XVII ғасырдың ұлы ғалымына айналған. Өз сөзіне қарағанда ол 1619 жылы 10 қараша күні титықтап шаршап, ғылыми болжамын дәйектей алмаған күйі төсекке құлайды. Түсінде ол шеше алмай жүрген ғылыми жұмысының нәтижесін көреді. Сөйтіп, оның түсінде дүниеге келген жұмысы 300 жыл бойы әлем ғалымдарына орасан зор әсер еткен. Түс көру мен шығармашылық жұмыстың тығыз байланысы туралы әңгімені бастаған да осы Рене Декарт.

Біз, енді, XVII ғасырда өмір сүрген **Италия композиторы Джузеппе Тартиниді** еске алсақ, ол түсінде скрипкада ойнап отырған шайтанды көреді. Шошып оянған композитор скрипкасын қолына алып, құлағында қалған әуенді қайталап тартып, қағазға түсіреді. Бұл кейін оның ең үздік шығармаларының қатарына қосылады. **Ағылшынның ұлы жазушысы Чарльз Диккенс** те өз кейіпкерлерін түсінде көреді екен. Олардың басынан өтетін оқиғаларды ертеңіне асықпай отырып жазып шығатын көрінеді.

Мұның сыртында, **Пушкин** мен **Феттің** түсінде өлең жазғаны, көрген түстерінің бірі **Ф.М.Достоевскийге** «Жас-өспірім» романының оқиғасын баяндап бергені, **Державиннің** «Құдай» деген оданы жазып отырып ұйықтап кететіні, шығармасының соңғы жолдары түнде оның түсіне енетіні, **И.С.Тургеневтің** өз кейіпкерлерін түсінде де көретіні, француз математигі **А.Пуанкареге** ерекше жемісті идеялардың оның басына ұйқылы-ояу жатқанында келетіні тарихтан бізге жеткен нақты шындықтар.

Қазақ халқында «**Мөңке бидің түсі**», «**Абылай ханның түсі**», «**Шақшақ Жәнібек батырдың түсі**», «**Балуан Шолақтың түсі**», «**Қонаевтың түсі**» дейтін қызықты хикаяға, терең даналық ойға толы түстер туралы әңгімелер бар. Біз енді соған тоқталсақ:

«**Мөңке би түс көріп, сол түсін Сырым батырға жорытпақ болады.**

– Бір жолы бәйгеге 40 ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. 30 ат қостым, біреуі де келмеді. 5 ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түлкі шықты. Түлкіні жарғанда, қоян шықты. Осыны жорып берші, – дейді Мөңке би.

Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарды. Бірақ, ол би үш рет шақыру жібергеннен кейін әрең келеді. Қыз түстің жайын білген соң Сырымға:

– «Түсті жездеңе жорытпа, жиеніңе жорытпа, әйелге жорытпа» деген сөз бар еді. Сонда да айтайын, – дейді.

– Түс адал түс, қияли түс, шайтан түс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызырымды білмеймін, бірақ, оның шешуі мынандай: «40 ат дегеніміз – мұсылманның 40 парызы орындалмай қалатын заман болады екен; 30 аттың бәйгеден келмей қалатыны – 30 күн ораза ұстамайтын заман туады екен; 5 аттың төртеуі келмей, біреуі келгені – бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны – кісінікін тартып алып, ұрлап

жейтін зорлықшыл заманның туатыны шығар; түлкі шыққаны – алдаушы мен арбаушы көбейетін, түлкідей бұландаған заманның күтіп тұрғаны шығар; қоян шыққаны – ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман болар».

Осыны айтып болғаннан кейін Мөңке бидің қызы:

– Маған түс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билеген заман келеді. Ол заманда әйелден ұят кетеді, еркектен намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры осында еді, – депті» (*Мыңнан бір мезет, №13, желтоқсан, 2002 жыл*). Айтса айтқандай, сондай заман туған жоқ па?! Бұл Мөңке би бабамыздың түсі Жаратқан Иеміздің түс арқылы болашақтан хабар бергені емес пе екен... Ал, енді, Абылай ханның түсіне назар аударайықшы: Ұлы хан түсінде арыстанды қуады, ол жолбарысқа айналады. Ол жолбарысты қуса, жолбарыс қасқырға, қасқыр түлкіге, түлкі құрт-құмырсқа, бақашаянға айналып кетеді. Мұны ханның көріпкелдері ұрпақтарына байланыстыра жорып, әулетінің, ұрпақтарының өзінен бастап арыстан, жолбарыс, қасқыр болатынын, одан кейін түлкі болып, төртінші ұрпағының ұсақталып, құрт-құмырсқа, бақашаянға айналатынын айтады... Иә, хан тұқымынан енді қайтіп Абылайдай тарихи ұлы тұлғаның туатыны, тумайтыны бір Аллаға ғана белгілі.

Шақшақ Жәнібек тарханның түсі тіпті қызық. Оны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да өзінің «Абылай хан» атты әңгімесінде жазып қалдырған. Бір жылы қалмақтың ханы Цэван Рабдан Абылай ханға кісі салып, өзінің жекпе-жекке бір батырын шығаратынын, ол Абылайдың батырын жеңіп шықса, қазақ ханы малдан, жаннан екі қолын төбесіне қойып безіп шықсын. Ал, менің батырым жеңіліп қалса, мен солай жасайын, деп шарт қояды. Абылай хан қартайыңқырап қалса да Шақшақ Жәнібек тарханды жекпе-жекке шығармақ болып, оған дайындал дейді. Сол түні Жәнібек батыр түсінен шошып оянып, оны жорыту үшін Абылай ханға келеді. Абылай хан

Жәнібек батырдың қандай түс көргенін айтқызбай-ақ біліп қойған екен. Ол Сейіс деген атқосшысын шақырып алып:

– Нар қызыл атымды есік алдына алып кел, –ө дейді де, аты есік алдына көлденең тартылғанда Жәнібек батырға қарап: «Жай қолыңды», – дейді. Жақсы түске де – садақа, жаман түске – де садақа. Жаратқан Ием, батырдың түсін мен қалай жорысам, сен соған қабыл ет!

Абылай хан атты сойдырып, етін табан астында таратып жібереді де, батырдың түсін сұрайды. Сонда Жәнібек батыр былай дейді:

– Түсімді айтсам, қалмақпен жекпе-жекке шыққан екенмін. Екеуіміз шартпа-шұрт шайқасып қалғанда, ол мені найзасымен шаншып түсірді. Кеудеме атша мініп, тамағымнан орып жіберуге оңтайланғанда, кеудеме қарасам, оң емшегімді бір айдаһар жылан, сол емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен, шошып ояндым. Сонда Абылай хан:

– Түсің түс-ақ екен, – дейді. Түсінде сені шаншып түсірсе, өңінде сен шаншып түсіресің. Түсінде ол сенің кеудене мінсе, өңінде оның кеудесіне сен мінесің. Оң емшегіңді емген айдаһар өзіңнен бір қыз туып, одан туған жиенің – айбынды ер болады. Ұлдан туған ұрпағың, қыздан туған жиенің – ту ұстап туады екен. Өсіп-өнгелі тұрсын, батырым. Мына жекпе-жек сенің даңқыңа даңқ қосады.

Расында сол жекпе-жекте Жәнібек батыр жеңеді. Сол сәт қалмақ батыры:

– Түнде түсті сен де көріп едің, мен де көріп едім. Сені мен алып едім-ау, алып табан астына салып едім-ау. Тек әттең, сенің түс жорушың жақсы жорығандықтан, менің түс жорушым жақсы айта алмағандықтан, сенің мәртебең асып кетті-ай...

Иә, кейде түс керісінше жорылады. Түсінде жылау – өңінде шаттану, түсінде қуану – өңінде – қайғыру да болады. Тек есте болатын бір жағдай, адамның көрген түсі имандылыққа, Ислам құндылықтарына, діни наным-сенімге қарсы болса, оған көңіл бөлмеу, оны орындамау қажет.

Алаш айнасы сайтынан



Тұрғанжан ТӨЛЕБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

ТАЛҒАМЫ ТЕРЕҢ ТАРИХШЫ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ғылымына шет елдерде жүрген бауырларымыздың үлкен шоғыры келіп қосылып, ғылымның әр саласын жаңа сатыға көтеруге ат салысып келеді. Солардың ішінде Нәбижан Мұхаметханұлының тарих ғылымына қосып жүрген үлесі зор. Ол өзінің сонау көне заманнан бүгінге дейінгі қазақ тарихы мен Қытайдың сыртқы саясаты туралы зерттеулері мен ғылыми еңбектері арқылы терең білімді, кең ауқымды тарихшы екендігін көрсете білді. **Бірден айтуымыз керек, мұндай орасан кең хронологиялық ауқымдағы өзекті мәселелерге тарихшылар қалам тарта қоймайды. Ол үшін ең алдымен білім, ол мәселелерді ғылыми негізде меңгеру керек. Ал, ол оңай шаруа емес. Сондықтан да, тарихшыларымыздың көпшілігі белгілі бір кезең немесе мәселе көлемінен көп аса алмайды. Осы тұрғыдан алғанда Н. Мұхаметханұлы энциклопедиялық тарихи білімі бар ғалым. Бұл оның ғалым – тарихшы ретіндегі бірінші ерекшелігі.**

Екіншіден, ол екінің бірі бара бермейтін ежелгі және ортағасырлық қазақ тарихының күрделі мәселелерін зерттеуге үлкен үлес қосып келеді. **Үшіншіден,** ол қазақ этнологиясы мәселелері туралы да зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым. **Төртіншіден,** қазіргі Қытай аумағындағы қазақтардың тарихын зерттеу арқылы, қазақ тарихының географиялық аумағын кеңейту қажеттігін дәлелдеп жүрген тарихшы. **Бесіншіден,** осы бағыттарда ауқымды да, терең зерттеулер жүргізуіне қытай, жапон, орыс және т.б. тілдерді еркін меңгеруі, ол тілдердегі дерек көздерін шебер пайдалануы да оны басқа тарихшылардан ерекшелендіріп тұр. Енді, осы

тұжырымдарымыздың дәлелді екендігін оның еңбектеріне талдау жасай отырып көрсетейік. Н. Мұхаметханұлы «Қазақ тарихынан зерттеулер» [1], «Тарихи зерттеулер» [2], «XVIII-XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары» [3], «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы» [4], «Қазақ тарихының өзекті мәселелері» [5], «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері» [6], «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы» [7] сияқты оннан астам монографиялық еңбектері мен 250-ден аса макалалары жарық көрген. Бұл шағын баяндамада аталған еңбектердің барлығын қамту мүмкін еместігін ескере отырып, Біз оның соңғы жылдары жарық көрген жекелеген монографиялық еңбектеріне тоқталып өтеміз. Мәселен, 2010 жылы жарияланған «Қазақ тарихының өзекті мәселелері» [5, 312] атты еңбегі оның тереңге тарта отырып, тарихи шындықты айқындауға бағытталған қарымы мен қабілетінің жоғары екендігін көрсетеді. Еңбек қазақ тарихы мен этнологиясының күрделі, тіпті пікірталасты мәселелеріне арналған бес бөлімнен тұрады. Н. Мұхаметханұлының тарихи мәселелерді терең де жан-жақты сипаттауды мақсат ететіндігі үйсіндер мен қаңлылар тарихы туралы жазған көлемді макалаларынан айқын көрінеді. Ол тарихи сипаттауды этимологиялық мәселелерден бастап, әр мемлекеттің саяси құрылысы, сыртқы саясаты және көрші елдермен қарым-қатынасы, экономикалық-әлеуметтік жағдайы, мәдениеті тарихы мәселелерін баяндай отырып қорытынды жасау негізінде жүйелейді.

«Қазақ халқы және мемлекетінің бастауы» аталған бірінші бөлімінде үйсін, қаңлы және алан мемлекеттері тарихы баяндалады. Отандық тарихи әдебиеттерде үйсін атауының қытайшадан орысша аудармасының «усунь» болып транскрипцияланғандықтан дұрыс қолданылмай келе

жатқандығын, ал, қытай деректерін тікелей пайдаланатындардың бұл атауды қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес транскрипциялап «үйсін» деп отырғандығын айта келе, осы пікірталасты шешуді мақсат етеді. Қытай тілін жетік меңгерген ол қытай еңбектерінде термин жасаудың үш тәсілі туралы айта келе, олардағы деректер бойынша үйсіндердің арғы тегіне тоқталады. Қытай деректерін және белгілі қытай және жапон ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдай келе қазақстандық тарих ғылымы үшін жаңа тұжырым жасайды. Ол бойынша б.з.б. XVI-VIII ғғ. Күн иілер, Күн рондар үйсіндердің арғы тегі, ал, б.з.б. III ғ. сақтардың бір тармағы болып есептелетін Үйін шың роң – үйсіндердің басқаша атауы делінетін тұжырымдардың тарихи негізі бар екендігін атап көрсетеді. Үйсіндердің өз билеушілерін күнге теңеп Күнби атауы, ал, олардың арғы тегінің өздерін б.з.б. IV ғ. дейін «Күн әулетіміз» деуі тарихи шындыққа жақын, қисынды екендігін дәлелдейді. Мұнымен қатар қытай деректеріндегі У сүн немесе У сунь жазуларын бастапқы дыбысталуына қарай транскрипциялағанда Үйсін болып шығатыны және оның Тоныкөк жазбаларында да солай аударылатыны туралы қорытынды жасайды. Н. Мұхаметханұлының түпнұскалық деректер мен зерттеушілердің тұжырымдары негізіндегі терең талдаулар мен бұлтартпас дәлелдері бұған дейінгі пікірталастарға нүкте қойды. Үйсін атауын сан-саққа жүгіртудің тарихи шындықтан алыс екендігі осылайша дәлелденді.

Бұдан соң автор үйсіндердің қай өңірде ел болып ұйымдасқандығы туралы мәселе көтеріп, оған былайша тоқталады: «Қытай деректерінде айтылатын Күниілер ең алғаш б.з.б. бірінші мыңжылдықта Гансудың (қазіргі Шыңжанның шығысындағы провинция-Н.М.) солтүстік-батыс өңірінде өмір сүргені анық. Олар б.з.б. III ғасырдың басында Дуньхуан аймағында тұрғындар ретінде Үйін немесе Үйсін болып аталғаны белгілі. Б.з.б. II ғасырдың басында үйсіндер белгілі бір ел немесе этникалық топ ретінде аталған», – деп тұжырымдайды [5, 11]. Сол үйсіндер Нанды би атты билеушісі кезінде Чилинь тауы мен Дуньхуан аралығында ұлы

үйежылармен қанаттас отырады. Сол кездері ұлы үйежылар үйсіндерге шабуыл жасап, жерін басып алады да, үйсіндер ғұндарға қарай ығысады. Ғұн тәңірқұты Нанды бидің ұрпағы Күнбиді жас нәресте асырап, ұлы үйежыларға қарсы қол беріп бірнеше рет соғысқа аттандырады. Сондай соғыстардың барысында қайтадан өзінің бабаларының жеріне, Іле-Жетісу аймағына ие болып, б.з.б. II ғ. бұрынғы мемлекетін қалпына келтіреді және ол Қытайдың батыс өңіріндегі ең күшті мемлекет болады. Автор бұл мәселелерді көптеген деректер мен зерттеушілердің тұжырымдарына талдау жасай отырып баяндайды.

Бізде, әсіресе, оқулықтарда, саяси тарих ретінде билеушілер туралы жазу әдетке айналған. Ал, Н. Мұхаметханұлы үйсіндердің тоғыз сатылы басқару жүйесін сипаттай отырып, олардың саяси тарихын терең, әрі кең түрде баяндайды. Бұл өте дұрыс. Зерттеуші үйсін мемлекетінің басқару жүйесінің тоғыз сатылы болғандығын, оның үш негізгі әкімшілік аймаққа бөлінгенін жан-жақты, әрі терең талдай отырып дәлелдеген. Осы зерттеулерінің нәтижесінде: «Үйсіндер Қазақстанда мемлекеттіліктің алғашқы үлгісін қалыптастырды», – деген маңызды тұжырым жасайды. Осындай ірі мемлекеттің V ғасырда сыртқы күштердің әсерінен әлсіреп, VI ғ. орта шенінде Түрік қағанатының құрамына енгенін көрсетеді. Жалпы, үйсіндер тарихын жан-жақты және кең түрде зерттеген бірден-бір зерттеуші – Н. Мұхаметханұлы. Бұны біз оның осы пікір жазылып отырған еңбегіндегі «Үйсін мемлекеті жөнінде», «Қытай жылнамаларындағы қазақтар», «Атау керек айғағы», «Тәңірілік ұғым және күн би лауазымы» атты тақырыптарынан да көреміз. Үйсін тарихына қатысты қытай, орыс, қырғыз және ұйғыр зерттеушілерінің еңбектеріндегі тұжырымдар мен көзқарастарды да зерттеп, зерделей отырып жасаған қорытындылары тарихи шындықты бейнелейді және ұлттық тарихта өзіндік орнын алуы, соның негізінде үйсін атауына байланысты кейде айтылып қалатын кейбір дәлелсіз пайымдаулар алынып тастауы да, керек деп есептейміз. Қанды мемлекеті тарихы мәселелерін қанды атауынан бастай отырып, алғашқы рудың өсіп-өніп, кейіннен мемлекетке айналғанын, ол ыдырағаннан

соң оның халықтары кейінге дейін өз атын сақтап қалғандығын айқындайды.

Қаңлылардың үйсіндер мен ғұндардың ығыстыруы нәтижесінде ұлы үйежылар Жетісудан оңтүстік-батысқа қоныс аударған кезде олардың құрамынан бөлініп шығып, Талас бойында мемлекет құрғанын көрсете отырып, өзбек, орыс, қытай және жапон зерттеушілерінің көзқарастарына талдау жасайды. Қаңлы мемлекетінің саяси тарихын этноаумағын айқындаумен бастай отырып, бес дәрежелі басқару жүйесінің болғандығын, қытай деректері негізінде олардың әрқайсысының атауын, атқаратын қызметі мен басқару жүйесіндегі орнын дәлелдеп көрсеткен. Мұнымен қатар: **«Қаңлы мемлекеті өзінің оңтүстік өңірінің географиялық ерекшелігіне орай, оларды бес әкімшілік басқару аймағына бөліп, бесеуіне бес билеуші князь тағайындау арқылы оларға билік жүргізді. Ал, елдің солтүстік өңірін қаңлы патшасы өзі тікелей басқарды»,** – дейді. Автор, әсіресе, қытай-қаңлы қарым-қатынастарына кеңірек тоқталған. Үйсіндер мен қаңлылардың экономикалық даму туралы мәселелерді сипаттау барысында ауыл шаруашылығын жеке, қолөнерін жеке баяндайды. Бүгінгі таңда **«қазақи қой»** деп аталып жүрген қойлардың сонау қаңлылар өсірген қойлар екендігін айқындауы үлкен жаңалық болып табылады және Біздердің үй жануарлары тарихына назар аударуымыздың да қажеттігін көрсетеді.

Қаңлылар тарихындағы келесі бір маңызды мәселе – қаңлы жазуы және жазбаша заңы жөніндегі мәселелер. Н. Мұхаметханұлы: **«Қытай деректерінде қайталанып жазыла берген «қаңлыда жазу болған» және «қаңлыда жазба заң болған» дейтін мәліметтерге қарағанда, жоғарыда айтқан бағанадағы қаңлы жазуы заң әктісі болуы әбден мүмкін»,** – деп тұжырымдайды. Еңбекте қаңлылардағы музыка және би өнерлерінің, әртүрлі музыкалық аспаптар жасау ісінің жақсы дамығандығы дәлелденген. Тарихтан оқулықтар жазу барысында осы мәселелерді де ескерген дұрыс. Қаңлы мемлекеті Қазақстан аумағында сегіз ғасыр өмір сүрген алғашқы толық қанды, яғни, барлық белгілері қалыптасқан, мемлекеттің бірі деген қорытынды жасайды.

Кітапта арнайы сөз етілген келесі бір

мемлекет Аландар немесе Яньцайлар. Цыма Сянның б.з.б.1-ғасырға тән **«Тарихи жазбалары»** бойынша бұл елдің Қаңлылардың батыс-солтүстігінде өмір сүрген көшпелі, әдет-ғұрпының ұлы үйежілерге, үйсіндер мен қаңлыларға ұқсас болғандығын айқындайды. III-ғ. соңында жазылған **«Үш патшалық деректемесінде»** Яньцайдың тағы бір атының Алан екендігі және олардың бұл кезде қаңлыларға тәуелділіктен құтылғандығы айтылса, V-ғ. тән **«Соңғы ханнамада»** қайтадан қаңлыларға тәуелділікке түскендігі туралы жазылғаны нақты мәліметтер бойынша көрсетіле отырып негізделеді. Біз зерттеушінің қытай деректерін сыни тұрғыда талдау жасай отырып пайдаланғанын V және VII-ғасырлардағы жылнамаларында қаңлылар және соғдыларды шатастырушылықтың болғанын дәлелдеген тұжырымдарынан көреміз. Моңғолдар Орта Азияны жаулап алғанда көптеген аландардың асулар деген атпен моңғолдар әскерінде жауынгерлік және Юань империясында қолбасшылық қызмет еткендігін де ерекшелеген.

Кітаптың екінші бөлімі ежелгі және ортағасырлық қазақ тарихындағы пікірталасты мәселелерге арналған. Оның алғашқысы **«Үйсін мемлекеті»** деп аталады. Автор мұнда үйсін, күн би атаулары туралы пікірталастар басты мәселе ретінде көтеріледі. Бұл дұрыс еді. Өйткені, автордың дұрыс көрсеткеніндей, кейбір тарихшылар орыс зерттеушілерінің қытайшадан орысша усунь деп аударғанын пайдаланады, оның қытай иероглифінен тікелей қазақшаға аударғанда үйсін болатындығын **«бейне ол атау ең алғаш орыс тілінде жазылған іспеттес»** түсінбейді. Қытай жазба деректеріндегі Үйсін иероглифінің жазылуы және оқылуы, дыбыстық және фонетикалық транскрипциялануы туралы мәселелерге жан-жақты талдау жасай отырып: **«Міне, осындай негізде мен қытай тілінде Усун-Усунь болып жазылған атауды өзінің алғашқы атауы бойынша «Үйсін» деп қолдануды дұрыс санаймын»,** – деп тұжырымдайды. Ал, күнби атауына жасаған деректанулық талдауларының негізінде оны үйсіндердің арғы тегімен байланыстыра түсіндіреді және: **«Демек, үйсіндердің арғы тегі «Күн», «Күн әулеттері», одан «Үйіндер»**

одан «Үйсіндер» болып өзгерген», – деп қорытындылай отырып, оның әлеуметтік-тарихи мәніне талдау жасайды. Соның нәтижесінде, Үйсін мемлекеті қазақ халқының ұлттық құрамының бір саласын қалыптастырды дей келе: «Ал Қазақстан территориясында сақ, үйсін, қаңлы, алаңдардан басталған мемлекеттік құрылым, оншақты мәрте басқалай атаулармен қайта құрылып ыдырау барысында жетіліп отырды. Соның нәтижесінде Қазақстанда XV ғасырда ұлттық мемлекет – Қазақ хандығы құрылды» – деп маңызды тұжырым жасайды.

Қазақ халқының және Қазақ мемлекетінің қалыптасуы туралы күрделі мәселе туралы жаза отырып: «Сондықтан, Қазақ халқының және Қазақстандағы мемлекеттік құрылым қалыптасу тарихында үйсіндердің алатын орны орасан зор. Бұны бізден бұрын басқа елдер жақсы түсінген. Сондықтан, олар қазақтың этногенезіне, мемлекеттің қайнар көзі болып табылатын ежелгі Үйсін мемлекетіне және Қазақстанның мемлекет тарихына қалам тартқанда оны жоққа шығаруға тырысады», – деп қорытындылайды және шетелдік тарихшылардың кейбір көзқарастарының сыңар-жақ, идеологияландырылған, ғылыми негізсіз екендігін дәлелдейді.

Н. Мұхаметханұлы өзінің терең білімі мен жан-жақты біліктілігі арқасында Қазақстандық тарихшылар бара бермейтін ежелгі Қырғыздар тарихы мәселелерін де зерттеген. Қырғыздардың арғы тегінің қытай деректерінде «гегундар» деп аталғанын және олардың алғаш ғұндардың солтүстігінде көшпелі тайпа ретінде өмір сүргендігін, ал, б.з.б. II-ғасырда ғұндарға бағынғанын ерекшелейді. Қытай деректері бойынша қырғыздардың ғұндардың билеушісі Жыжының кезінде «цзянкун», 91 жылы қытайлар ғұндарды жеңіп, сәнбилер ғұндардың иеліктерін өздеріне қосып алған кезде «гыгу», ал, V-ғасырда телілердің құрамында «хугу», VI-ғ. ортасында Түрік қағанаты құрылар кезде «чигу» аталған деп есептейді. VII-ғ. ортасында Шығыс Түрік қағанаты құрамында, VIII-ғ. ортасында Ұйғыр хандығы құрамында бола отырып, қырғыз басшыларының дербестікке ұмтылып отырғанын, ақыры 840 жылы

Ұйғыр қағанаты ыдырағаннан кейін Қырғыз қағанатының құрылғанын баяндайды. Бірақ, X-ғ. басында қырғыздар Қидандар өктемдігіне бағынады. Кейіннен XIII ғ. басында монғолдарға бағынады. 1290 жылы Юань империясы билігіне қарсы шыққандықтан оларға қарсы әскер аттандырылған кезде Хайду ханның тапсырмасымен қырғыздардың бір бөлігі Алатауға қоныс аудартады. «Сонымен «Алатау қырғыздары» – деген тарихи қоғамдық құбылыс пайда болды. Содан басталған қырғыздардың Тянь-шань тауын жағалап, батысқа қоныс аудару үрдісі онан ары жалғасып отырды. Ол процестің соңы XVI-ғасырда біржолата аяқталды», – деп тұжырымдайды. Бұл еңбектен біз қазақ тұрмақ қырғыз тарихшыларының да анықтай алмай жүрген біраз мәселелерінің іс

Тараз қаласын кім және қашан салдырғандығы туралы күрделі мәселе де осы еңбекте өз шешімін табады. «Жыжы қаласы», одан соң «Даньлосы», «Далосы», «Талас қаласы» одан «Тараз қаласы» болып өзгергенін және бұл қаланы ғұнның билеушісі Жыжының негіздегенін қытай деректері бойынша дәлелдейді. Бұл жағдайдың төмендегідей болғандығы да қытай деректері мен тарихшылары еңбектері негізінде сипатталады. Ғұн билеушілерінің тартысы барысында жорыққа кеткен Жыжының ордасын қарсыласы басып алады. Оны естіген Қаңлы билеушілері Жыжыны шақырып алып, үйсіндерге қарсы пайдалануды ұйғарады. Оған өзіне қарасты ел-жұртымен көшіп келіп, Талас өзені бойына орнығуға мүмкіндік жасайды. Бірақ, Жыжы Орта Азияда өктемдік етуге ұмтылып, қаңлы елін қанауға көшеді. Күніне 500 адамнан жұмыс істеткізіп, екі жылда өзіне орда ретінде қала тұрғызады. Автор қала б.з.б. 40 жылдарының бас кезінде салынғанын айқындайды. Жыжының күшеюіне жол бермеу үшін б.з.б. 36 жылы Қытай билеушісі орасан зор әскерін оған қарсы аттандырып, өзін өлтіріп, қаласын қиратады. Осының барлығын баяндай отырып: «Бірақ, оның негізгі құрылысы сақталып қалды. Кейінгілер сол негізде қала құрылысын жалғастырып, дамытып отырды. Сондықтан, бұл қаланың аты «Талас

қаласы» немесе «Тараз қаласы» болып өзгергендігі бұлжымас шындық», – деп қорытындылайды.

Автордың келесі бір айқындаған мәселесі Талас өзенінің алғашқы атауы Дүлей су болғандығы. Оны ежелгі қытай деректерінде «Дулай шуй» – «дүлей су» деп жазғанын, көшпелілерге өткел бермей ағатын, кейде арнасынан асып тасыған кезде, тіптен, қауіпті болып кететін бұл өзенді ежелден-ақ оның бойындағы халықтардың Дүлей су деп атағаны, оны қытайлар сол негізде «Дулай шуй» дегендігі дәлелденеді. Бұл еңбекте қазақстандық тарихнамада алғаш рет Қазақ этногенезінің Қытайда зерттелуі туралы мәселе біршама толық әрі жүйелі түрде баяндалған. Қытайлар қазақтар туралы алғашқы мәліметті XVIII-ғ. соңында алады. Ал, XVIII-ғ. ортасынан бастап қытайлар қазақтар туралы мәліметтерді арнайы жинай бастайды. Автор оның себебін қытай үкіметінің жоңғарларды талқандау жоспарымен байланыстыра түсіндіреді. Дәлірек айқанда: **«Чин патшалығы жоңғарларға жорық жасағанымызда олардың батысында жатқан қазақтар тарапынан қандай реакция болады деген мәселені анықтау үшін қазақтар жөнінде жан-жақты мәліметтер жинап, талдау жүргізгендігін олардың орда күнделіктерінде хатталған материалдардан айқын байқаймыз»**, – деп көрсетеді. Қазақтардың қытайлармен байланыстары туралы алғашқы еңбектер де осы XVIII-ғ. ортасында пайда болғандығы да дұрыс негізделіп, нақтыланады. Автор бұған әсер еткен орыстардың қазақ жеріне тереңдей енуі екендігін деп басып көрсеткен.

Қытайда қазақ этногенезі мәселелері алғаш 1777 ж. жарық көрген **«Батыс өңірде естіген, көргендерім»** атты еңбекте сөз етілгенін, 1808 жылы **«Лені басқару істері»** атты көптомдық туынды қазақтардың шыққан тегіне назар аударудың арта түскендігін көрсетеді. Ал, XX-ғ. 30-40 жылдарында білім мен ғылымның дамуы барысында қазақтардың генезисі мен Қазақ хандығы мәселелерінің ғылыми негізде зерттеудің басталғанын бірнеше еңбек бойынша айқындайды. Солардың ішінде, әсіресе, Нығмет Мыңжанидың еңбегіндегі ойлар мен тұжырымдардың тарихи шындыққа біршама жакын екендігіне ерек-

ше назар аударады. Қытайда қазақ тарихы туралы мәселенің 1949-1979 жылдар арасында онша зерттеле қоймағандығын, тек 1980 жылдардан бастап жарық көрген еңбектерде қазақ этногенезі туралы қайта жазыла бастағандығын көрсетеді. Автор бұл еңбектерді энциклопедиялар, жалпы зерттеу еңбектері және арнаулы тақырып бойынша зерттеулер деп үш топқа бөле отырып қарастырады. Бірінші топқа жататын, энциклопедиялар мен сөздіктердегі қазақ генезисі және Қазақ хандығы мәселелерінің саяси-идеологиялық астарын аша отырып: **«Жоғарыдағы ұлттық анықтамалық құралдардың біртұтас қазақ халқын қазіргі кездегі өмір сүріп отырған мемлекеттері бойынша, екі ұлт немесе екі халық деп көрсетуі ешқандай ғылыми қисынға келмейтін бір мезгілдік идеологияның әсері екендігі айтпаса да түсінікті... Оның мәні – ондағы жас ұрпаққа Қытайдағы қазақтар өз алдына жеке бір ұлт – деген түсінік қалыптастыруда болса керек деп ойлаймыз»** дейді. Біздіңше бұл ашық та айқын айтылған тұжырым. Ал, екінші топқа тән еңбектерге талдау жасай келе, олардың тұжырымдарында көп алшақтықтың жоқ екендігін, сондай-ақ, үшінші топқа тән зерттеулер де қытай тарихшыларының көзқарастарының ортақтығын көрсетеді деп есептейді. Автор, сонымен қатар, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір қытай тарихшыларының бұған дейінгі өз отандастарының қазақтардың арғы тегін сонау сақ, үйсін, қаңлы, аландардан бастайтын тұжырымдарын жоққа шығару әрекеттерінің басталғанын да атап көрсетеді. Мәселен, Ли Чэн атты тарихшының жазғандарына талдау жасай келе: **«Автор қазақ халқын Алтын Орданың қармағындағы ру-тайпалардың бірігуінен бірнеше ондаған жылдың ішінде кездейсоқ құрылған халық дегенді аңғартады. Аталмыш автордың ғылыми қисынға сыймайтын, этникалық даму заңдылығына жанаспайтын тұжырымдарды тықпалауы – Қытайда қазақ тарихын зерттеу саласындағы жаңа бір тенденцияның басталғандығын аңғартады»**, – деп ескертеті.

Автор қазақ хандығының құрылуы туралы пікірталасқа қатыса отырып, өзінің

көзқарастарын көптеген зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, ғылыми тұрғыда негіздеп айтқан. Ол, тіпті, осы мәселені арнайы зерттеген Б. Кәрібаевтың кемшіліктерін көрсетеді және Қазақ хандығының құрылған жылын 1465-1466 жыл деп есептейді. Н. Мұхаметханұлы эволюционизмнің кемшілігін ашық айтқан тарихшылардың бірі. Ол мемлекеттің қалыптасуы туралы айта келе: **«Бұлай дегенде, оқырмандарда адамзат тарихының әр кезеңінде қалыптасқан мемлекеттердің барлығы түзу сызықпен жетілу-өрлеу үрдісінде болады екен дейтін түсінік тұмауы керек. Өйткені, тарихта қалыптасқан мемлекеттердің күйреп жойылғандары қаншама»**, – дейді. Қазақ ұлттық мемлекетінің қалыптасуын Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің пісіп-жетілуінің нәтижесі деп қарастыру керектігін негіздей отырып: **«Сондықтан, қазақ мемлекеттілігінің тарихын б.з.б. II ғасырдың орташесінде құрылған Үйсін мемлекетінен бастап қарастыруымыз керек. Ал, қазақ мемлекетін XIV ғасырдағы Ақ Ордадан бастап қарастырамыз жөн деп санаймын»**, – деп тұжырымдаған.

Кітаптың қазақ тарихына қатысты қытай деректері туралы мәселелер баяндалған үшінші тарауының зерттеушілер үшін пайдасы зор. Өйткені, мұнда әлі күнге дейін аз зерттеліп отырған, айқындалмаған мәселелері өте көп, ежелгі және ерте ортағасырлық қазақ тарихы бойынша таптырмас деректерге сипаттама беріліп, олардан қай кезең бойынша қандай деректер алуға болатындығы көрсетілген.

Орталық Азия мен Қытайдың арасындағы XIII-XV ғасырлардағы қатынастар, дәлірек айтқанда, Алтын Орда мен Юань және Темір әулеті мен Мин патшалықтары арасындағы елшіліктер мен сауда-экономикалық байланыстар туралы мәселелер еңбектің төртінші бөлімінде баяндалады. Ал, бесінші бөлім мәдени-этнографиялық мәселелерге арналған. Онда **«атау-кере»** ұғымының сонау үйсіндерден бері келе жатқандығын дәлелдейді және тәңірі және күнби ұғымдарының байланысын көрсете келе: **«Қорыта айтқанда, ертедегі үйсін этносы және Үйсін мемлекетінің Күн би лауазымы – өздерін күн ұрпақтарымыз**

деп санайтын «Күн иелердің» әлеуметтік дамуы барысында біртіндеп қалыптасқан. Күн ұрпақтары қауым болып ұйымдасқан кезде өз билеушісін «Күнмо – Гуньмо» деп атаса, жеке дербес мемлекет құрған кезде олар өз патшасын «Күн ми – Гуньми – Күн би» деп атаған», – деп тұжырымдайды. Түріктер мәдениетінің қытайларға ықпалын қаған атауын және билеушілерге лақап ат қою арқылы әртүрлі мағынадағы ұлықтау мен ерекшелеу дәстүрін қабылдауы арқылы сипаттайды. Абылай ханның тұсында қытайлармен дипломатиялық байланыстар барысында тотын жазуын қолдануы оның себептері мен маңызын айқындайды және Ресеймен байланыста шағатай жазуының да пайдаланылғанын дәлелдейді. Еңбектегі жекелеген тақырыптар Н. Мұхаметханұлының уақыт талабына дер кезінде үн қосып отырғанын да байқатады. Мәселен, Қытайда бала санын шектеу саясаты кең орын алып, оны аз санды ұлттармен де байланыстыру саясаты тұсында 1992 жылы Үрімжіде **«Қазақ отбасындағы баланың орны және қазақтардың дәстүрлі ұрпақты болу көзқарасы»**, тәуелсіз еліміздің шекарасы мәселелері заңдастырылып жатқан тұста **«Көшпенділердің этно-территория ұғымы және Қазақстан аумағының қалыптасуы»** тақырыптарында, ал, бүгінгі қазақ тілінің мемлекеттің дәрежесінің кері кету кезеңінде оның қауіпті салдарларын тарихи мысалдармен ескертетін **«Мұражайдағы мемлекеттік тіл және манчжур архивтерінің ғибраты»** атты тақырыптар оның туған халқының тағдырына алаңдайтын патриот екендігінің айғағы.

Сонымен, Н. Мұхаметханұлының осы бір еңбегі арқылы ғана оның тарих тамырын тереңнен барлайтын, тарихты кеңістігі бойынша да уақыты бойынша да кеңінен қозғай отырып зерттейтін, соның нәтижесінде әртүрлі тақырыптағы мәселелерді еркін меңгерген ғалым екендігін көреміз. Бұл тұжырымды оның әрқайсысы жеке тарихнамалық талдауды қажет ететін басқа да монографиялық еңбектері дәлелдей түседі.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
ҚазҰУ-і филология факультетінің
деканы

1975 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне «өлдім-талдым» дегенде, әрең құжат өткізіп», енді, «собеседованиге» кіретін болдық. Бір-бірлеп кіргізіп жатыр. Өз кезегім жеткенде кірсем, төрде иығына пальто жамылған, атжақты, қарасұр кісі отыр екен. Ол кісінің сол жағында өңі аппақ, жасы үлкен сұлу апай, одан кейін бидай өңді, әдеміше келген жас келіншек отыр. Оң жақта өзімізге жақсы таныс – құжаттарымызды қабылдаған дайындық бөлімінің деканы Талғат Сайрамбаев ағайымыз.

Төрдегікісі: «**Кәні, сұрақ қойыңыздар!**» – деді. Алғашқы сұрақты: «**Халықшылдар деген кімдер, олар туралы не білесің?**» – деп, үлкен апай қойды. Сұрағынан ол кісінің тарихшы екенін сездім. Бұл кісі кейін жақсы көріп кеткен апайымыздың бірі тарихшы Қабдушева екен. Екінші сұрақты сол кісінің қасында отырған келіншек қойды. Ол кісінің өзіміздің ең сүйікті апайымыз Алма Қыраубаева екенін де кейіннен білдік. Оның: «**Шоқан Уәлиханов – әдебиетші!**» дегенге не айта аласыз?» – деген сұрағына да өзімше жақсы жауап бердім. Үшінші болып, Сайрамбаев ағай «Сан есімді» сұрады. Оған да жауап бердім. Бәрі риза болғандай болды. Төрдегі кісі: «Жақсы, бала, жақсы... Бара бер, жақсы!», – деді. Сыртқа шықсам, сыртта мені күтіп ҚазПИ-дің тарих факультетінде оқитын бөлем Оралбек Тұрманбетов тұр екен. «Не болды?» – деді Ол. Төрде отырған кісінің «Жақсы, бала, жақсы» дегенін айттым. «О, болды онда, қорықпа, түстің. Ол филфактың деканы Мырзатай Жолдасбеков қой», – деді, таниды екен. Кешке бәрімізді үлкен залға жинап,

АЛМА АПАЙ

сынақтың қортындысын жариялады. Филология факультеті бойынша мені екінші атады. Сонымен, ҚазМУ-дің студенті атандық. Мен Алма апайды сонда бірінші рет көрген едім.

Алма апай! Өзгені қайдам, өзіме осы бір есімде жаныма жылудық ұялататын, санама сәулелі нұр қуат құятын құдіретті күш бар. Өйткені, осы бір тұла бойы адамгершілік пен ізгілікке тұнған, жаны жайсаң, әулие жан ақ-адал пәктігімен талайдың көкірегінде есімі жатталып қалған Ұстаз болатын.

Ұстаз! Не деген мейірімділік лебі есіп тұған жанға жылы сөз еді десеніңші! Ұстаз – ұлы ұғым. Менінше, біз кейінгі кезде осы ұғымның қадір-қасиетін біршама арзандатып алған секілдіміз. Осы жерде «неге» деген сұрақтың кесекөлденең шыға келері сөзсіз. Негесі сол, біз ұстаздықты, тіпті, ұсақтатып жібердік. Оны бір қырынан ғана көріп, соған ғана мән беріп келеміз. Дәрісханаға кіріп-шығып, сабақ түсіндіргенді де, мамандыққа баулығанды да, тақырып тауып беріп, жетекшілік еткенді де ұстаз деп мақтап, марапаттап жатамыз. Ақиқатында ұстаз – мұндай тар шеңберлі түсініктің аясына сия бермейтін құбылыс. Өлгі айтқанымыздың бірі – оқытушы, екіншісі – тәлімгер, үшіншісі – ғылыми жетекші ғана. Шынайы ұстаз – білімнің кәусарына қандырған оқытушы, ақыл-ойыңды байытқан ғұлама, азаматтық тұлғанды қалыптастырған тәлімгер. Біздіңше, аталған осы үш бірлікті тең ұстаған жан ғана нағыз Ұстаз деген ұлы ұғымға лайық бола алмақ. Ол шәкіртіне талғам дарытады, танымын қалыптастырады, дүниені танытады, өмірлік жолын айқындайды. Бір сөзбен айтқанда, ұстаз – бар асыл қасиетті бойына дарытқан «бүтін бітім» (З.Қабдолов).

Ұстаз шәкірт жанының шамшырағы іспетті. Өйткені, жеткен биігің, мерей-

мәртебең ұстаз ұлағатымен тығыз байланысты. Жаныңа жарық нұр құйған жанның ұлағаты жадында мәңгі жаңғырып, санаңда өшпестей боп жарқырап тұрады. Жаңа бір істі бастар немесе жаңа бір өмір белесіне көтерілер сәтте сол бір аяулы адаммен іштей кеңесіп, келісіп алып, кесімді шешімді содан соң қабылдайсың. Ұстаз ұғымының ұлылығы да, ұстаз тұлғасының биіктігі де осында. Әрине, осынша құрметке, шәкіртінің шексіз сүйіспеншілігіне бөлену – кез-келген ұстаздың маңдайына жазыла бермеген бақыт. Оның себеп-салдары санқилы. Қадірсіз ұстаздың кемшілігінен де, қасиетсіз шәкірттің кешелігінен де болуы мүмкін. Мен көбіне алғашқысының кінәсінен бе деп ойлаймын. Өмірде «өз уақытын аямаған, өзгенің жанын аялаған» ұстаз өте сирек кездеседі. Ілуде біреу десе де болғандай. Тағы да баяғы «неге?» көкейге тіреледі. Тақ етер жауабымыз даяр болса да, толықтыра айтқымыз келіп тұр. Негесі сол, данышпан Абай айтқан «толық адам» Абай заманында қандай аз болса, болмыс-бітімі, тәні мен жаны, білімі мен біліктілігі, ілімі мен ізгілік қасиеті бірдей келіп, біте қайнасып жатқан ұлағатты ұстаз мына заманда да сондай тапшы. Тіпті, жоқтың қасы деуге болады. Социалистік заманды артқа тастап, капиталистік келешекті алға ұстап тұрған өліара шақта, бұл – әрине, үлкен кәсірет.

Өмірде өзім көрген жандардың арасында қандай жағдайда да ұстаздық ақ жолынан еш адаспаған, шынайы ұстаз, шын ұстаз бір жанның болғанын мен жақсы білемін. Ол – қасиетті қара шаңырақ ұлттық университетте 30 жыл ұстаздық еткен, менің сүйікті ұстазым Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева. Менің ұстазым деп, меншіктей айтқанымды қалың шәкірті кешіре жатар. Осы күні жақсыны өзіне тән қып естелік жазып, сөйтіп, «атың шықпаса, жер өрте» деген қағиданы ұстанған адамдар көбейді ғой. Бұл да бір «нарықтың» берген несібесі шығар. Біз өзімізге айтқанымыз болмаса, өзгедей ойдан аулақпыз. Шынын айтқанда, Алма Мүтәліпқызы өзінен оқып, дәріс алған бар шәкіртін бөліп-жармайтын, «бес саусақ бірдей еместігін» біле тұра, әр шәкіртінің бойынан бір ерекшелік танып тұратын, олардың мінез-құлқындағы ала-құлалықты елемеге тырысатын

үлкен жүректі адам, адал ұстаз еді. Жанына жақын жүздеген шәкірттері іштей өзінің ғана ұстазы санағанмен, ол бәріне ортақ ұлық ұстаз болатын. Жалпы, ұстаз атты ұлы ұғымға сай болу үшін осы жолды мұрат тұтқан жанның бойында бірін-бірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Меніңше, оның **біріншісі** – телегей теңіз терең білім, **екіншісі** – өмірімен өзектес деп біліп, тандаған мамандығын жетік меңгерген біліктілік, **үшіншісі** – өз ортасына сыйлы бола білген кісілік келбет. Міне, осы үш қасиет ұстаз тұлғасында тұтаса тоғысып, әрқайсысы көзге ұрып, әрі бір-бірімен кіріге жымдасып кеткенде ғана нағыз ұстаз жаратылысы ерекшеленіп түседі. Баршаға «Алма апай» атанып кеткен Алма Мүтәліпқызының бүкіл болмыс бітімінен осынау үш қасиет анық байқалып тұратын-ды. Таныс-біліс болған ширек ғасырдан астам уақыт ішінде шәкірті ретінде де, қатар қызмет атқарған әріптесі ретінде де бұған көзіміз әбден жеткен.

Алдымен білімділігі туралы. Алма апайдың білімділігін кейінгі шәкірттері түгілі, арысы өзін оқытқан данагөй ұстаздары, берісі бірге оқыған курстастары мен қатар жүрген әріптестері түгел мойындаған. Алма апай бойындағы білімділіктің бұла бұлқынысын алғаш сезген ұстазы, ғұлама ғалым Бейсембай Кенжебаев. Талант пен дарынды жазбай танитын көпті көрген көнекөз Алманы алғашқы курстарда-ақ байқап, қазақ әдебиеті тарихының зерттелмей жатқан тыңына түрен салдырыпты. Алтын орда – қыпшақ дәуірінің жауһар жәдігерлері «Рабғұзи қиссалары», Хорезмидің «Махаббатнамасы» оңай шағылар жаңғақ емес, оған қайтпас қажыр, жасымас жігер, бірегей білім, ересен еңбек керек. Алма бойынан осының бәрі де табылды. Табылғаны сол, ол бір орында тұрып қалмай, ғылыми атаққа бола ізденбей, әдебиет тарихын тереңдей зерттеп, қопара қазып, үдете жазып, ежелгі дәуір әдебиетінің Қазақстандағы бірден-бір білгірі атанды. Кезінде Бейсекең үміт артып, осынау кезек әдебиетінің тың тарихын зерттеуге қосқан алдыңғы ілектегі талантты да, дарынды шәкірттерінің көбі ежелгі дәуір атты «асау тайдың» жалынан ұстап, үйретуін үйреткенімен, кейіннен тайқып шығып, қайта қойшы торыға ер салды.

Алма ұстаз жөн сілтеген бағдаршамнан көз жазбай, орта ғасырдағы шығыс, түрік, қазақ әдебиетінің байланыстарын тұңғыықтан тартып, жарыққа шығарды. Оның бұл саладағы еңбектері санының көптігімен, көлемінің молдығымен емес, жазғанының жаңашылдығымен, ғылыми ізденісінің тереңдігімен бағаланады. Ғұлама ғалым зерттеулеріне тән басты қасиеттер – ой биіктігі, ізденіс тереңдігі, тақырып кендігі. Ғалым Алма қысқа ғұмырында аз еңбектенген жоқ, бірақ, көп дүниесі басып жүзін көрмей кетті. Жалпы, басылып шыққан зерттеулері аса көп емес, айналасы бес-алты кітап. Бірақ, аз болса да саз жазатын зерттеушінің еңбектері аса сапалылығымен айшықталады. Алма жазған ғылыми зерттеулердің ішінде «Ғасырлар мұрасы» (1986), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) атты екі еңбегін айрықша атауға болады.

«Ғасырлар мұрасы» – ұзақ жылдарға созылған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жемісі. Мұнда XIII-XIV ғасырлардағы түркі тектес халықтар әдебиеті қазақ жазба әдебиетінің арғы бастаулары ретінде қарастырылып, сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдай мен әдеби байланыстың тамырластығы жүйелі ғылыми негіздемеге түседі. Сол дәуір әдебиетінің XIX-XX ғасыр басындағы ауызша, жазбаша және нәзира әдебиетте дәстүрлік жалғасын табуы тарихи-әдеби нақты деректер арқылы дәлелді түрде пайымдалып, терең зерттеледі. XIII-XIV ғасырлардағы «Рабғузи қиссалары», «Махаббатнама» атты тарихи жәдігерлер – әдебиет тарихында өшпес із қалдырған, мәңгілік мұралар. Міне, ғалым «Ғасырлар мұрасы» еңбегінде бірін – аударма-нәзира әдебиет, екіншісін – тыңтума әдебиет деп алып, осы екі шығарманың жанрлық, тақырыптық, көркемдік сипаттарын ашады. Сонымен бірге, осы шығармалардың қазақ әдебиетіндегі алар орны туралы өзіндік тың тұжырымдар жасайды. Мәселен «Рабғузи қиссалары» жөнінде ғалым былай деп жазады: «Рабғузи қиссалары» сөз болып отырған бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әртүрлі жанрдағы шығармалары қамтылған өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра». Ал, Хорезмидің «Махаббатнамасы» жайлы «Түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әде-

биетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар бергідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз» деген ойға қонымды түйін түйеді. Ғалым осы еңбегінде, орта ғасырдағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің кейінгі дәуірлердегі әдебиеттермен дәстүрлі сабақтастығын сөз ете келіп, осы бағыттағы ғылыми зерттеулерді дамытудың міндеттерін алға қояды. Академик-жазушы С. Мұқановтың «Қазақ халқының рухани мәдениетінде қиссалар елеулі орын алады» деген пікіріне сүйене отыра, «Қиссалардың әдебиетіміздің бұрынғы – соңғы тарихымен дәстүрлі байланысы, шығыс халықтары әдебиетімен сабақтастығы, әдебиетімізден алатын орны, т.б. мәселелер кең зерттеуді керек етеді. Қисса жанрын зерттеп білу әдебиеттегі шығыс дәстүрі дейтін үлкен мәселелердің де беттерін ашпак» – деп, болашақ зерттеушілерге жол көрсетіп, жөн сілтейді.

Алма Қыраубаева кейінгі еңбектерінде осы бір өзі көтерген мәселелер төңірегінде ауқымды жұмыстар жасады. Оның айғағы – «Шығыстық қисса-дастандар» атты терең мазмұнды монографиясы. Бұл – шын мәніндегі күрделі ғылыми зерттеу еңбек. Онда XIX-XX ғасыр басында қазақ жазба әдебиетінде елеулі орын алған қисса жанрының түп төркініне барлау жасап, өзіне дейінгі осы тақырыпты игеруге біршама еңбек сіңірген ғалымдар Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаевалармен кейде бір арнада табысып, кейде өз сағасының ағысымен адаспас айдыға шығып, әдебиетші ғалымдарды жаңалығы мол ғылыми жетістіктеріне тәнті етті. Мұндағы зерттеуші ұстанымының айқындығы – оның қазақ қисса-дастандарының шығу тегіне қарай топтастыруы. Мәселен, А.Қыраубаева кейбір ғалымдардың қиссаларды тақырыптық-идеялық тұрғыдан топтастыруымен келіспейтіндігін білдіріп, «Біз қисса-дастандарды «Тотынама» желілері, «Шахнама» желілері және орта азиялық желілер деп бөліп қарастырамыз» деген ойды ашық айтады. Сөйтіп, қисса-дастандардың қазақ топырағында пайда болуының арғы негізіне үңіліп, өзекті ғылыми мәселелердің өзіндік шешімін табады. Еңбекте қазақ қисса-дастандарының шығыс дәстүрімен

желілестігіне назар аударып, оның өзіне тән төл ерекшелігін айқындайды. Олардың XX ғасыр басындағы жазба әдебиетке тигізген игі әсері нақтылана түседі. Мысалы, ғалымның «Қазақ қисса-дастандары XIX-XX ғасыр басында қалыптаса келіп, поэма, повесть, роман жанрының тууына негіз болғанын көреміз. Мағауия Абайұлының «Меғдат-Қасымы», Мұхаметжан Сералиннің «Гүлкәшимасы» біздің ойымызша қисса-дастандар дәстүрі бойынша жазылып, бірақ, қиссалық тұрақты ерекшеліктерден ажырай бастаған дастандар. Тіпті, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы» да ежелгі қиссалық дәстүрдің кей ерекшеліктерін сақтаған шығарма» деген орнықты ойлары болашақ ізденістерге жол ашқан, нақты ұсыныстар. Осы өміршең ойлардың талай зерттеу еңбектерге негіз болары даусыз. Жоғарыда сөз болған, бір-біріне сабақтас егіз еңбектің зерттеу нысаны бөлек-бөлек болғанымен, мақсаты бір зерттеулер. Ол мақсат – бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетінің арғы бастау бұлағының бір екендігін дәлелдеу. Олардың әлемдік руханиятта алатын орнын, оған қосар үлесін айқындау. Алма Мүтәліпқызының түркі әлеміне, түркі тектес халықтар әдебиетіне арналған зерттеу еңбектері ірі түрколог ғалым ретінде есімін әлем жұртшылығына мәшһүр етті. Осының нақты көрінісі – ғалым Алма Қыраубаева зерттеу еңбектерінің Түркияда шыққан 30 томдық түркі тарихы мен мәдениетіне арналған энциклопедиялық жинаққа енуі.

Иә, Бейсембайдай ғұлама ұстаз сенімін арқалаған Алма апай «көк аттыға» айналған көп ғылым докторының бірі ретінде қалып қоймай, қазақтың білімпаз қызы ретінде танылды. Қазақ әдебиетінің Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастау алатын ежелгі дәуірінен бүгінге дейінгі әдебиет атты алып айдынның дәуір-кезендерден тұратын жал-жал толқындарын бөліп-жармай, бірдей игерген бірегей ғұламаға айналды.

Алма – өз бойындағы білімді ұстаздық еңбек арқылы шәкірт санасына құя білген жан. Ғалымдығы мен ұстаздығы таразы басын тең басып, білмекке ынтық шәкірт жүрегін алғаш көргенде-ақ баурап алатынды. Әлі есімде, осыдан отыз бір жыл бұрын бір топ шәкірт Алма апайдың дәрісін алғаш рет тыңдаған едік. Ол кезде, кеңестік

дәуірдің бір жақсылығы болып табылатын университеттер мен институттар жоғарыда айтқан дайындық бөлімі деген бар болатын. Өзімізше оны «Рабфак» атаушы едік. Бүгінгі елге танылған айтулы азаматтардың көбі сол «Рабфактың» «шекпенінен» шыққандар. ҚазМУ-дегі сол «Рабфактың» бір топ тыңдаушысы 1975 жылдың желтоқсан айының суық бір күнінде, дәл түскі бірдің кезінде әдебиет пәнінің оқытушысын күтіп отырдық. Алдында бірді-екілі оқытушылардан дәріс алып, көзі ашылып қалған кейбір «тісқаққандар» ұстазға сынай қарайтын болғанбыз. Әзірше өзіне айрықша тартып, елең еткізген ұстазды кездестіре қойған жоқпыз. «Рабфакқа» осы да жетеді дей ме, әйтеуір, доцент деген атағы дардай болғанымен, көбіне жанының жылуы жоқ жандар сабақ беретін. Кенет аудиторияға үстінде жағасына ақ шілтерден кестелі өрнек салған өзіне сондай жарасатын көгілдір көйлегі бар, сәнді етіп қидырған шашын елпіл-желпіл етпей, жинақтай тарап, әдемі әсемдеген, түр-сипатынан өзгеше бір жылылық ескен, қарақаттай мөлдіреген екі көзіне сыр тұнған, қыр мұрынды, бидай өңді, толықша денелі, әдеміше келген жап-жас апай кіріп келе жатты. Аты-жөнін білмесек те, бірден таныдық. Көзге оттай басылған – «собеседованиеде» әдебиеттен сұрақ қойған апай. Бір сәтке тыншы қалған біздер танданысқа толы сезімнен арыла алмай қалдық. Жарқын жүзді апаймен бірге суық дәрісханаға жан жадыратар шуақ еніп, жылылық тарағандай болып еді. **Шіркін!** Табиғатында туа біткен ұстаздықтың ұлы құдіреті бар жанның алғашқы әсері қандай?! Қараңғы түнде жарық сәуле нұр шашқандай әсер қалдырады. Біз Алма апаймен осылай таныстық. Одан әрі дәріс сайын ол әсер толыса береді, толығы түседі. Сөйтіп, ұстаз бен шәкірт арасында көзге көрінбес, бірақ желісі мәңгілік үзілмес, алтын арқау пайда болады. Бүгінде өзіміз де ұстазбыз. Талай ұстаздың дәрісін тыңдап, ақыл-кеңесін алдық. Ішінде данасы да, шаласы да болды. Шынын айтсам, шәкірт жанын дәл Алма апайдай баурап, аялай білген ұстаз кездестірген емеспін. Бұл – асыра мақтау да, өтірік көлгірсу де, артық дәріптеу де емес, ерекше тәнті болудан туған, шын көңілден шыққан шынайы ризашылық. Расында да, Алма апай

Менің ұстаздарым

ақыл-парасаты мол, ұстаздық еңбекке саналы құштарлықпен келген, бар шәкіртіне мейірім шуағын тең бөлген, айрықша жаралған жан еді. Жалғыз біз ғана емес, саналы ғұмырының тура 30 жылын ұстаздық еңбекке арнаған Алманың әрбір шәкірті алғашқы жүздесуден әлгіндей әсер алғанына мен кәміл сенемін.

Ұстаз Алма сабақтың қай түрін болмасын есте қалардай етіп, қызықты өткізетін. Бұл – білікті ұстаз белгісі. Тәжірибелік сабақтардың қайсысы да қызу пікірталассыз өтпейтін. Әр сабақ әдебиетті, оның сол күнге арқау болған мәселелерін қорытқан түйін болып шығатын. Әр пікірдің нәрі мен дәні алынып, қилы көзқарастар тартысынан шындық туады. Алма апай жүргізген сабақ шәкірт пен ұстаздың бірлескен ізденісінің жемісі еді. Алма апайдың лекциялық сабақтарында кейбір «ұстаздың» ауа жайылған «әлеулайынан» жалыққан студенттің мағынасыз тірлігі мен марғау мінезі көзге түсе бермейтін. Ұстаздың шынайылық шырайын ашқан сүйкімді кейпі, жан-жағына шуақ шашқан жеңіл жымиысы, әуезді де, назды үні бәрі-бәрі өз жарасымын тауып, шәкірт назарын өзіне аудартып отыратын. Тылсым тыныштықтағы ұстаз аузынан шыққан әрбір сөз шәкірт кеудесіне қонақтап, санасын оятып, білім-біліктің бірлігінен туған ой ағындары тереңіне тартып, ұйытып-ақ тастайтын. Әр сабақ осылайша өтетін, әр студент ұстазын асыға күтетін.

Лекция сабағында да, тәжірибелік сабақтарда да шәкірт ойының ұшқынын маздатуға ұмтылатын асыл ұстаз, сол сабақтарда шәкірт жанарынан сыр ұғуға тырысады екен-ау. Иә, солай екен. Сол күндердің әсерінен туған «Жаным садаға» атты тәрбиелік мәндегі еңбегі бұған куә. Ондағы үзік ойлар былай деп сыр шертеді: «Алдымда томпиып-томпиып отырған мынау 25 баланың әрқайсысының бойында бұққан таланттар жатуы сөзсіз». Бұл алдына алғаш келген шәкіртті бөліп-жармай, бірдей көретін ақжарма адал көңіл көрінісі. «Өзінің ашық мінезіне қысылмай сөйлей алатынына қарап, «әдебиетші болу үшін тұғанмын», – деп есептеп қойған бала бар». Шәкіртке ұстаз сыншының белгісі бұл. Шәкірт жанын аялай білетін ұстаздың мақсаты осы студентінің «бойын-

дағы тамаша таланты – ойындағысын жасқанбай айтушылық» қасиетін өшіріп алмау. Ұстаздың әр шәкірттің мінез-құлық ерекшелігін тап басып тануы таң қалуға тұрарлық. «Тұйық баланың табиғаты, тіптен, қызық. Емтиханда болмаса, дауысының қандай екенін ешкім білмейді. Бірақ, өзіме осы баланың көзінде тұнған ой жатқандай көрінеді». Өз шәкіртінің көзге көрінбес жан дүниесін, ішкі әлемін ашу осы болар. Мұндай ұстазға тап болған шәкірт – бақытты шәкірт.

Жоғары мектеп ұстазы тек сабақ жүргізуші ғана емес, сол сабақты өткізу тәсілдерін жете меңгерген әдіскер де болуы тиіс. Бұл бағытта да Алма апай біраз жұмыстар тындырды. Жалпы, курстар мен арнаулы курстардың типтік бағдарламаларын, әдістемелік нұсқауларын жасап шығарды. Олар бірнеше рет қайта басылып, әлі күнге дейін қолданыс тауып келеді. Әсіресе, Алма Мүтәліпқызының «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәніне арналған оқу-әдістемелік еңбектері – өз құнын жоймас, қашан да болса студент сұранысын қанағаттандыра алатын қажетті дүниелер. Бірақ осылардың ішіндегі ең көрнектісі 1999 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген, өлмес мұраға айналар «Ежелгі әдебиет» атты оқулық. Бұл кітап – қазақ әдебиеті тарихының хандық дәуіріне дейінгі 20 ғасырлық тарихын қамтитын, ұңғысын тереңге салған іргелі зерттеу нәтижесінде дүниеге келген бағасы құнды, мазмұны құнарлы еңбек. «Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлар» (б.з.д. VII ғ.-б.з. IV ғ.), «Түркі қағанат дәуіріндегі әдебиет» (V-VIII ғ.ғ.), «Оғыз дәуіріндегі әдебиет» (IX-X ғ.ғ.), «Ислам дәуіріндегі әдебиет» (X-XII ғ.ғ.), «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет» (XII-XIV ғ.ғ.) деп аталатын үлкен-үлкен бес бөлімнен тұратын нәрлі оқулық – небір кірпияз студенттің талабын қанағаттандырып қана қоймай, ежелгі әдебиеттің түрлі дәуірін зерттеймін дейтін ізденімпаз ғалымдардың үстелінің үстінен табылатын құтты жәдігер. Кітапта әр дәуір әдебиетінің ерекшеліктері, бағыттары бүгінгі күн талабына сай қарастырылып, тұщымды бағамдамалар жасалады. Мұнда қазақ әдебиеті зерттеуінде тұңғыш рет мың жылдықтан арыдағы әдеби бастауларға зер салынып, сақ, ғұн замандары барланып, «Авеста» т.б. ежелгі кітаптардағы ортақ

сарындар әдебиетіміздің «әу бастағы» бастау көздері ретінде қарастырылады. Бұл Алмадай білгір ғалымның әдебиет тарихын жүйелеудегі үлкен табысы болатын. Ұстазы Бейсембай Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын 13 ғасырға жылжытып тереңдетсе, шәкірті Алма Қыраубаева әдебиет тарихы бастауларын мың жылдықтан әрі асырды. Бұл ұстаздан шәкірт озғанның мысалы емес, мұны рухани үндестіктің олжасы деп бағалаған жөн.

Алма шәкіртін жанына жақын тұта да, арақашықтықты ұстай да білетін ұстаз да еді. Ашуы зілсіз, реніші мұңсыз жан болатын. Өз басым ұстаздан дәріс алған жылдарда ол кісінің біреуге дауыс көтергенін, не жекігенін көрген де, естіген де емеспін. Ренішін сөзбен емес, көзбен жеткізе білетін. Зілсіз реніші тез арада ақ пейілге айналып жүре беретін. Өйткені, ол шәкірт жанын қинаған жайды тез сезініп, қолынан келсе, көмегін аямайтын. Алма апай өзі айтқандай «үзілісте студенттері қоршап, жібергісі келмей, соңынан еріп жүріп сөйлесетін», өзгелер қызыға да, қызғана да қарайтын білікті ұстаз еді.

Алма Қыраубаева – жоғары оқу орны ғана емес, мектеп ісін өркендетуге де өзіндік үлес қосқан тұлға. 90-жылдарда ұлттық мектептің өрісін кеңейту, ұлттық тәрбиені жетілдіруді жолға қоюдың қажеттігін алғаш көтеріп, ой-тұжырымдарын республикалық басылымдарда ашық жазған және оны нақты жүзеге асыруға талпыныс жасаған да осы Алма ұстаз болатын. Бала бақытын аялай білуді өзіне мұрат тұтқан Алма апай мектептегі білім берудің оқу-әдістемелік бастамаларына белсене араласты. 1995 жылы Сорос-Қазақстан Қоры Қазақстан Республикасы Білім министрлігімен бірлесе отыра «Гуманитарлық білімді жаңарту» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы оқу орындарының барлық түрлеріне арналған Гуманитарлық пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарына ашық конкурс жариялады. Сол конкурста мектепке арналған ежелгі дәуір әдебиеті бойынша оқу құралының жеңімпазы болып Алма Мүтәліпқызы танылды. Оның «Ежелгі әдебиет» атты оқу құралы бұл саладағы тұңғыш бастама еді.

Ғылыми зерттеушілік ізденістерінің негізгі өрісі ежелгі дәуір әдебиеті болғанымен, мектеп балаларының сана

сезіміне, қабылдау қабілетіне сай ежелгі дәуірден оқулық жазу, әрине, Алмаға қиын тиді. Бірақ табиғатына қайсарлық пен табандылық жарасқан «Қазақтың қара қызы» талабын ашқан талантын таныта білді. Төл әдебиетіміздің қайнар көзі, тереңде жатқан тылсым дүниесі «Ежелгі әдебиет» жайлы ұғынықты өте майда тілмен қызықты да сырлы әдемі кітап жазып шықты. Тартымды оқулықтың ұлттық мектептегі оқушылардың ой санасын арбап алғаны шындық. Бұл кітап ұлтжандылыққа тәрбиелейтін нағыз ұлттық тәлім өнімі еді. Өйткені, «Әр бала туған әдебиетінің тереңіне жүзіп, тұнығын сіңіріп өссе, оның жүрегінде еліне деген мақтаныш қалыптаспақ. Елі үшін мақтанатын баланың рухы жоғары болмақ. Ендігі ұрпақты осылайша өсіруге міндеттіміз. Алдымыздағы оқулық осыған қызмет етеді» деген автордың кіріспедегі ағынан жарыла айтқан тілегі нақты мақсатты меңзеп тұр. Жалпы, бала болашағы, келешек ұрпақ тәрбиесі – ұстаздық етуден жалықпаған Алманың өмірлік мұраты болатын. Ұстаздың «Бізде қазақ мектебі бар, бірақ, ұлттық мектеп жасалған жоқ. Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын. Қазақ мектептеріне осы жетіспейді. Қазақ мектебі дегеніміз – қазақ тілінде оқытатын, ұлттық сананы, рухты қалыптастыратын мектеп» деген орнықты ойларының білімді ұлт болашағын меңзеген ұлы мұраттардан туғандығына күмән болмаса керек-ті.

Қазақ өзіне келгенде қашан еліп етіп, ілесе кетуші еді. Айтылған сөз айтылған жерде қаларын сезген, қолдаушылар табылмасына сенген Алма осы іске өзі кірісіп кетті. Ұлттық мектептегі оқыту үлгісі іспетті «Сенім» атты бағдарлама жасады. Онымен тоқталып қалмай, өз бастамасына өзі демеуші болып, теорияны тәжірибеге айналдырып, таза ұлттық негізде тәрбие беретін мектеп-лицей ашты. Сөйтіп, зиялы қауым мен өзгедей жұртшылыққа үлгі-өнеге шашпаққа талпыныс жасады. Сол кездегі астанамыз Алматының іргесіндегі Қарасай ауданының Жандосов ауылынан ашылған бұл мектеп – ұлттық танымға ұмтылған ұлтжандылықтың бүршік жарған алғашқы гүлі еді. Бұл мектепке талай марқасқа қазақ зиялылары арнайы барып көріп, қызығушылық

танытып, ризашылығын білдірген-ді. Тіпті, уақытында осынау жас талап, жаңа ізденіс шаңырағына бүлдіршіндер қамын ойлап, Бөбек қорын ашқан Сара Алпысқызы Назарбаева да арнайы барып, аналық жүректен шыққан «Мынау бір жаңа бағыттағы қажетті іс екен» деп, жаңа бастаманы шын көңілден құптаған болатын.

Ғалым-ұстаздың «Сенім» бағдарламасы үш таған бірліктен тұратын-ды. Олар: бала тәрбиесіне ұлттық рух дарыту жолдары, білім беруде ұлт және әлем мәдениетінің байланыстылығын арттыру тәсілдері, ұстаз тұлғасының ұлттық құндылықтарын жетілдіру әдістемесі тәрізді бағыттар еді. Осы үш тағаннан үш үзік үзінді келтірейік: «Шәкірттің кемшілігін көргіш болсан, ықыласын өшіресің. Жеңілісін емес, жеңісін ізде»; «Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу»; «Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін үйретуден тереңіректе, ол – адамды қалыптастырушы адам».

Алманың арманы өзі айтқандай: «Қазақ баласының ұлттық болмысын, мәдениетін, менталитетін қалыптастыратын жүйелі білім беру тәсілін іске асыру» еді. Адам шіркін арманға жеткен бе?! «Қысқа жіп күрмеуге келмей», оған қол жалғап жіберетін «мырза қазақ» табылмай, ақыры «Алманың мектебі» жабылып қалды, «жауып тындық». Өкініштігата-ана, өксікті бала қалдыдалада. Кінәлі кім?... «Кінәлі» – біз, сіз, бәріміз. Ұлттық тәрбие беретін төл мектепті жапқан – қазақ ұлтының «ұлтсыздығы». Түпке жеткен – ұлттық енжарлығымыз. Алма өз бағдарламасын басын тауға да, тасқа да ұра жүріп, шамасы келгенше насихаттай алды. Астана асты, Семей барды, Атырауға жетті, Алматыны жаяу аралады, рухани «перзентін» ертеңге жетелегісі келді. Бірақ, «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпастың» кері келді. Өзі кеткен соң, сол бір аяулы арман, ұлы мақсат бүгінде ұмыт болды. «Баяғы жартас – сол жартас» – ел үн шығарар емес.

Алма апай ұстаз, ғалым ғана емес, керемет өнерпаз да еді. Қайран ұстаздың тұла бойы тұнған өнер-тұғын. Кәдімгі «сегіз қырлы, бір сырлы» кісіңіздің өзі болатын. Өнер демекші, сан қырлы саңлақ талант, асыл ұстаздың әншілігі қандай еді

десеңізші! Өзіне ғана тән күмбірі басым әсем даусымен домбыраға қосылып, сызылтып ән салғанда, әннің ажарын ашып, сөзін үлгідетіп жіберетін. Оған үлкен сахналардан да, кішігірім отырыстарда да тыңдағандар куәлік етері хақ. Көп әншіден әншілігі басым болса да, жиын-тойларда өзгелердей «бір ән салып жіберейінші» деп, өзін-өзі көрсету үшін өзеуреп алға ұмтылмайтын. Ел кеу-кеулегенде ғана әдемі бір жымынып алып, домбыраны қолға алатын. Ұзақ шертпін, құлақ күйін келтіріп алып барып, көзін бір нүктеге ойлана қадап, кенеттен бастап кететін. Сол сәтте әсем әуен жан баурап, жүректің қылын шертетін. «Құлақтан кіріп бойды алар» Алманың әншілігі – «есті әншілік» еді. Ол кезінде өлең жазып, ақын да атанған екен. Кейіннен белгісіз себептермен қойып кетіпті. Оған мүмкін өзін керемет ақын санайтын жанмен бас қосуы да себеп болған шығар... Ал, Алманың талантты ақын болғандығына «көз көрген» куәлер әлі де табылады. Әсіресе, оның студент кезінде жазып, халқымыздың ардақты ақыны Әбділда Тәжібаевпен ҚазМУ-де болған кездесуде оқыған «Менің тілім» атты өлеңін атақты ақынның аса жоғары бағалағанын тамсана еске алушылар әлі де кездеседі.

Алма апайдың кісілік келбеті – ә, дегеннен-ақ көзге түсетін айрықша адами қасиеті болатын. Кісілігі бар кісінің ортасына сыйлы болары бесенеден белгілі. Өйткені, Кісілік – адамдық қасиеттің көрсеткіші. Алма апай ұстаған кісілік кілті – «сыйлы боламын десең, сыйлай біл». Ұстазымның кісілік сапасын анасының ақ сүтімен беріліп, ұлтының ұлы рухынан дарыған деп білем мен. Ол өз ұлтының дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын өте терең білетін, жан-тәнімен қадір тұтатын. Ізеттілік, ізгілік атты асыл қасиеттер ол кісінің таным-түйсігімен тұтасып кеткені шындық еді. Ежелгі түркі жұртының ұлы ұстанымдары мен ислам арқылы әдет-ғұрпымызға сіңіп, діліміз бен дініміздің алтын дінгегіне айналған әйел бала тәрбиесінің ізгі тәлімдерін Алма апай сөз жүзінде де, күнделікті өмірдегі іс-әрекеті, өсиет өнегесі арқылы да үлгі ете білді. Сондықтан да, Алманың кісілігін шәкірттері ғана емес, үлкен ұстаздары да бағалай білген-ді. Сонау отызға жетер-жетпес жас кезінің өзінде, ұстазымыз ту-

ралы алғашқы жылы лебізді белгілі тіл маманы, «Маманиядай» мектеп салып, Жетісу өңіріне білім нұрын шашқан атақты Маманның немересі ғалым Ыбырайым Мамановтан естіген едік. Ол кісі Алманың білімділігін қатты құрметтеп, көп мақтайтын. Ұстазымыз үшін біз мақтанатынбыз. «Мен», – дейтін ол кісі, кейде оқып тұрған дәрісін бөліп жіберіп, өзіне тән тәкәппарлықпен сұқ саусағын төбеге қадап қойып, «ана Алманы бес профессорға айырбастамаймын». Содан соң, Алманы бірз мақтап алып, сабағын жалғастырып кететін. Алманың кім екенін білетін біз ол кім деп сұрап жатпаймыз, ол кісі бізге тәптіштеп жатпайды, іштей ұғысамыз. Иә, тілші ұстаз әдебиетші шәкіртін осылайша мақтан тұтатын. Біз ұстазбен шәкірт арасындағы кісілік парықты жақсы түсінетінбіз. Түсінетінбіз де, сүйсінетінбіз.

Алма апайдың үлкен бір кісілік белгісі кейбіреулердей ұстаздарының мінін қазбай, жақсы қасиеттерін тізімдеп, түгендеп отырушы еді. Ол кісінің ұстаз туралы сөзінің бісмілласы «Мейірімді жүрегі талантты баланы іздеген Бейсембай ағайдан (Кенжебаев), әр лекциясы кісілік сабағындай Зейнолла ағайдан (Қабдолов), айтқанынан «Мен – адалдық» деген азаматтық үн естілетін Тұрсынбек ағайдан (Кәкішев)» басталатын. Ұстаздары жайлы айтқанда шешіле сөйлеп, өткенге өзі де қызыға көз жіберіп, қызықтыра, еліте, еліктіре әңгімелейтін. Сан түрлі ұстаздар бойынан кемшілік термей, кеменгерлік тану – кісілік емей, не?! Сол ұстаздар да жас Алманы да, кемеліне келген Алманы да аялай білді, кісілік келбетіне сүйсіне білді. Кейде еркелетіп өз шәкіртіне Тұрсекең де, Зекең де «Алма апай» деп қайырылатын. Мұның бер жағында әзілдің нышаны болғанымен, ар жағында Алмадай шәкірттің кісілігін құрметтеудің астары, Алмадай ұстазды бағалаудың әділ бағасы жатыр. Өзін құдірет көріп, қадір тұтқан ұстаздарың еркелетіп «Алма апай» деп жатса, одан өткен бақыт бар ма?! Қадірің артып, кісілігіңді ел танығаны да.

Алма Қыраубаевада мемлекеттік атақ-даңқ болған жоқ. Тіпті, екінің бірі алып жатқан академияның Шоқан

Уәлиханов атындағы сыйлығы да, мектепте ұзақ жыл сабақ бергеннің көбі қол жеткізген оқу ісінің үздігі атағы да бұйырмапты. Бірақ АЛМА – орден-медальсіз-ақ халқы батыр атандырған БАУЫРЖАН атасы секілді жылтыраған темір тақпай-ақ, ел-жұрты нағыз ғалым, ұлағатты ұстаз таныған, ел үшін, ұрпақ үшін ерінбей еңбек еткен қарапайым қазақ қызы ретінде бағаланды. Иә, ел құрметі оңай құт боп қонар нәрсе емес. Оған қажымас қайрат, талмас талап, ерен еңбекпен жетесің. Алма апайдың өзге әйел затынан бір артықшылығы – қандай жағдайда болмасын жан тебіренісін сездіре бермейтін өр мінезділігі. Тағдыр соққысы ауыр тиіп, қанаты қайырылғандай болған анау бір тұста да, ауыр науқас әлсіретіп, қиналып жатқан соңғы кезде де қайсар қыз боркемік күй танытпай, өз еркін өзі билей алды. Соңғы көргенімде, әл үстінде жатқан ол кісінің ерік-жігерінің соншалық күшті екеніне анық көзім жетті. Тәнін әлсіретсе де, рухын жене алмаған «бейдауаға» берілмей, арпалысып жатыр екен. Көзінен өмірге деген құштарлықты көрдім, сөзінен сабырлылықты сездім. Соңғы сөзі «Алладан сұрағаным бұл емес еді, шыдаймын да!...» болды. Жүзінен қажығандық білінгенімен, жәудіреген жанары отты еді-ау, отты! «Жақсы Құдайға да керек» деген жан жұбату осындай адамдарға арналып айтылар болар.

Иә, Алма апай үлкен-кішіге бірдей қадірлі, әмбеге ортақ асыл адам еді. Өкініштісі – Алатаудай арман аркалап, ұлты үшін атқарар ұлы мақсаттарының шыңына шыға алмай, дүниеден ерте озғаны. Көңілге демеу, жанға дәру болатыны – «шәкірт аңсаған Ұстаз» бейнесінің барша шәкірт жүрегінен мәңгілік орын тебері. Ғұмырын әр шәкірт бойындағы өзіндік жұмбақты шешуге арнаған ұлағатты ұстаздың ұрпаққа аманат тілегі мынау: «Өз халқын шексіз сүйетін, оны мақтаныш тұтып, салт-дәстүрін құрметтейтін өр рух – Салауаттылық, Парасаттылық, Білімділік». Ұлы ұстаз ұлағаты шәкірттер жадында мәңгілік жаңғырып тұрары сөзсіз! Өйткені, Алма апай – шәкірт жанының шырағданын жаққан шырақшысы.



Ораз ҚАУҒАБАЙ,
«Ақиқат» журналы

ТӨЗІМ ЖӘНЕ ТАБАНДЫЛЫҚ

Белгілі қаламгер, журналист, арда азамат Сарбас Ақтаев туралы айтқанда бір тосын оқиғаны жиі есіме аламын. 1988 жылы мен «Қазақстан мұғалімі» газетінде қызмет етіп жүрдім. Аяқ астынан Бас редакторымыз басқа қызметке ауысатын болды. Редакция ұжымында гу-гу әңгіме жалғасты. «Бізге редактор болып «СҚ»-дан Сарбас Ақтаевтың өзі келеді екен. Ол Орталық Комитеттің органы аға газеттегі қарымды қаламгер және қатаң кісі. Ол келген соң біразымыз бұл жерден кететін шығармыз» деп біреулер, тіпті, үрейленді. Өйткені, редакцияда мамандықтары журналист емес, кәсіптері педагог қызметкерлер бар еді. Кәсіби журналист болмағандықтан олар қарымды қаламгерлерден, атақты шығармашылық адамдарынан сескенетін. Педагогикалық басылым ұжымы келетін болашақ бастықты жақтырмай, онша ұнатпай біраз күн көңілсіз жүрді. Соңында бір күні бөлім меңгерушісі: «Жігіттер, бағымызға қарай бізге С.Ақтаев келмейтін болыпты. Оның орнына министрдің жерлесі, «Жетісу» газетінен Жәнәбіл Темірбеков келеді екен. Бұл анық дегенде менен басқа ешкім қуанбады. Өзім куә болған бұл өткен оқиғаны айтып отырғанымның мәнісі мынада. Сәкең – Сарбас аға сол кездегі қазіргі «Егемен Қазақстан» бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газетінің білікті басшыларының бірі еді. Д.Қонаевтың өзі басқарып отырған Орталық Комитет басылымы ең таралымы көп, беделді және барлық мәселеге тікелей араласатын сол дәуірдің үні болды.

«Социалистік Қазақстанда» сыналған бастықтар қатаң сөгіс алатын немесе қызметтен кететін. Партиялық басылым тек үгіт-насихат құралы ғана емес ұйымдастырушы зор күш еді. Мен өз басым бізге Сарбас аға редактор болып келеді дегенде қатты қуандым. Өйткені, менің тырнақалды тұңғыш әңгімем сексенінші жылдары әдеби басылымдарда емес осы «СҚ»-да жарияланды. Ал, Сәкеңнің жазғандарын, аудармаларын жиі оқитынмын. Кезекшілікте типография цехында «қол қоюға» келетін Сәкеңді сыртынан көріп, оның қарапайым жүріс-тұрысын ұнататын едім.

Сәкең «зам.редактор» болып қызмет ететін сол кездің белгілі басылымында бір жылы «Қарқара қандай жер еді» деген менің дабыл қаққан мақалам жарияланды. Осы мақаланы оқыған белгілі сыншы «теле-комитет» төрағасы болған марқұм Сағат Әшімбаев мені іздеп, әңгімелескені әлі есімде. Өйткені, «СҚ» Орталық Комитет хатшыларының, министрлердің және Кеңес төрағаларының міндетті түрде оқитын газеті болды.

Қазақта «кім екенінді айтайын досыңды көрсет» деген мәтел бар. Сәкеңнің досы, жерлесі Жәнәбіл Темірбековтың соңында бізге редактор болып келуі мен үшін, тіпті, жақсы болды. Ол кісі бір аңқылдаған, қулық-сұмдығы жоқ, журналистиканың нағыз майталманы. Жәкең тұңғыш келіп кезекті нөмердің макетіне қол қойғанда мен кезекші болатынмын. Құдай атқанда қате кетіп қалды. Алғаш рет ауызша жай ескерту берді. Арада көп өтпей менің кезекшілігімде тағы қате кетті. Газеттегі қатені айтып, «әй, өзің бір жолың болмайтын жігіт екенсің» деп

қатты айтты. Бірақ, ар жағында зіл жоқтығы сезілді. Арқа азаматтары майда-шүйдеге мән бермейтін даладай кең дархан ғой. Сәкеннің досы марқұм Жәнәбіл аға екеуіміз кейін ағалы-інідей болып кеттік. Қайын-жұрт арқа жақтан болғандықтан «күйеу бала» деп әзілдейтін. Сәкең де қазір мені анда-санда көргенде «әй, күйеу қалайсың» деп қалжындайтыны бар. Тәуелсіздіктің алдында бірде көшеде аға екеуіміз кездейсоқ кездесіп қалдық. Мен өзінің шығармашылығы жайында және аласапыран кездің партияны «жерден алып, жерге салған» сол кездің саясаты жөнінде сауал қойдым. «Әй, Оразжан біз үкіметтің үретін иті болдық» деп әзілдеді. Ащы шындықты ағынан жарылып айтқан ағаға қатты риза болдым.

Сәкеннің қаламгерлігі мен шығармашылығы өзалдына – Сәкең Кеңестік дәуірдің ішкі, сыртқы саясатының сұңғыласы болды десем артық болмас. Димекен кезінде Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы жөніндегі деректің шындығына көз жеткізу үшін көп іздегенім бар. Орталық Комитетте істеген, тіпті «КТБ»-ны басқарған адамдар бұл деректен бейхабар екен. Бірде осы тақырыпқа байланысты Сәкенге сауал қойдым. Сәкең Димекен кезінде облыстардың санын жиырмаға жеткізіп, Қазақстанды БҰҰ-ға мүше ету жөнінде әңгіме тарағанын дәлелдеп айтып берді. Кеңестік дәуірдегі әлемдік саясатты Сәкеннен артық білетін қазақ журналистері жоқ сияқты. Сталиннің өзі көріпкелдігіне табынған В. Месниг туралы киноны көріп, бұл адам туралы Сәкең білеме екен деп бірде әңгіме бастадым. Кремль саясаты үшін құпия – бұл ерекше тұлға туралы біраз жайларды айтты.

Сәкеннің жазған кітаптары мен шығармашылығы жөнінде айтсам әңгіме ұзаққа кетеді. Еңбек жолын Көкше өңірінде бастап, жер жанның Жетісуда жалғастырған Сәкеннің «Жетісу» газетіндегі журналистік қызметі, ұжымдағы жетекшілігі оның өмірбаянындағы керемет кезең. Мен «Жетісу» газетінде өндірістік практикада болып, осы басылымнан диплом жұмысын

қорғағанмын. Бұл басылымды қала мен облыс еңбеккерлері және колхозшылары түгел оқитын. Газет олардың мүдделерін қорғайтын. Жергілікті жерден «Жетісуға» жазылған хаттар қандай мәселе болсада шешетін. Ал, ғұмырының он жеті жылы өткен «Социалистік Қазақстандағы» қаламгердің даңқын жоғарыда айттық.

1990 жылы қазіргі өркениет үрдісін ұстанған жаңа басылым дүниеге келді. Оның бас редакторы болып, Сәкең тағайындалды. Мен осы басылымның тұрақты авторы болдым. Тарихи тақырыпта жазған жақсы мақалаларым осы басылымда жиі жарияланды. Жаңылмасам 1993 жылы «Қаладағы қанды нүкте» деген дабыл қаққан сын мақалам жарияланды. Бұл мақалам да Сайын мен Шалапин көшелерінің қилысындағы көлік апатының жиі болатыны МАЙ қызметкерлерінің есіне салынды. Өйткені, мұнда бағдар шам жоқ болатын. Осы дабыл қаққан мақала шыққан соң көп өтпей мұнда бағдаршам орнатылды. Сәкең басқаратын газет «қаны сорғалаған» сын мақаланы қорықпай басты. Сондай-ақ, осы газетте жарияланған «Мамырдағы машахат» атты мақала аталған мөлтек жаңа ауданға газ бен жарықтың келуін тездетті. Сәкең басшылық еткен «Халық кеңесі» газеті шын мәнінде халық жағдайын, бұқара ахуалын ойлап, күрделі мәселелер көтерді.

Сәкең ұлы Шоқан туралы біраз жазды. Оның таңдаулы еңбектерін аударды. Ал, Тәуелсіздіктен кейін Арқа өңіріндегі бұрын халық аты-жөндерін естімеген тарихи тұлғалар мен дін ұстаздары жөнінде тереңнен тартып, құнды дүниелерді бұрқыратты. Екімыңыншы жылдардың ортасында «Ақиқат» журналында нөмер сайын Сәкеннің зерттеулері, эссе-естеліктері жарияланды. Жас кезінде естігендері көп, білгендерінде шек жоқ екен. Зейнетте жүріп көптеген дүниелер жазды. Мен өзім қашанда қағазға шұқшиып отыратын екі қаламгерге тәнтімін. Бірі кеше ғана дүниеден өткен Қалихан Ысқақов, бірі ортамызда жүрген Сәкең.

Сәкең Кеңестік дәуірде бірге жүрген, араласқан белгілі тұлғалар жөнінде де біраз

қалам тартты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – дейді. Сәкең бойындағы жақсы, ұрпаққа сабақ болатын үлгі-өнегені де айта кету артық болмас. Бұл қаламгер өте ізденгіш, табанды және еңбек сүйгіш, ерен істің адамы. Кеңестік дәуірде өз ұстанымы бар тұлғаны «принципті кісі» дейтін. Бұл қасиеті әлі бойында бар. Әсіресе, шығармашылығындағы ұстанымы, көзқарасы әрқашан сезіліп тұрады. Жасы біразға келсе де қаламгерлік hareketін тоқтатпай тынымсыз, әрі табанды еңбектеніп келе жатқан Сәкең өңі сары болғанымен нағыз «қара нардың» өзі.

Сәкеңнің о бастағы мамандығы ұстаз-педагог екен. Ұстаздар газетінде қызмет еткеннен болар өз басым «тәлімгер қалам» иелерін ерекше құрметтеймін. Айтпақшы, Сәкеңде ақындық қасиеттің болуы бұл ағамызды тағы бір қырынан танытады. 1963 жылы шыққан алғашқы кітабы оның о баста ақын болып, кейін прозаға түскенін дәлелдейді.

Кеңестік дәуірдің кереметтері мен құндылықтары қазір тарихқа айнала бастады. Қазақстанда Қапшағай қаласы мен теңізінің өмірге келуі сол дәуір жасампаздығының қазір көзге ұрып тұрған белгісі. Бұрын мал жайылған құм далада аз уақыттың ішінде айдын көл пайда болып, кеме жүзді. Қапшағай Тәуелсіздіктен кейін Қазақстанның інжу-маржан – «брендіне» айналды. Қаламгердің «Қапшағай хикаясы» атты кітабы тарихқа айналған таңғажайыпты ұрпаққа ұғындырып тұр. Атақты Абылай хан туралы жазылып жатыр, кино түсіріліп, спектакльдер қойылуда. Ал, осы хан ағамыз туралы тарихшылардың өзі білмейтін тың деректер мен оқиғаларды Сәкең біраз басылымға жариялады. Батырлар мен хандардың және билердің жеке бастары жөнінде жиі жазылады. Ал, олардың отбасы, сүйген жарлары туралы шынайы еңбектер жоқтың қасы. Қаламгердің «Қазақ

ханымдары» атты кітабының ерекше дараланып тұратыны осыдан.

Әлемдік әдебиет және классикалық орыс әдебиетінен үйрену қарымды қаламгерлерге тән ерекше қасиет. Сол әлемдік жауһарларды қазақ тіліне майын тамыза аударғандардың бірі Сарбас Ақтаев ағамыз. Дүниежүзі әдебиетінің корифейлері Э.Сетон-Томпсонның, Теодор Драйзердің, П. Киплингтің шығармалары Сәкең аудармасы арқылы қазақ оқырмандарына жетті. Сондай-ақ, И. Тургеневтің, А.Пушкиннің және М. Шолоховтың шығармаларын аударуы жазушының қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін көрсетеді. Өзім студент кезімде Сәкең аударған М. Шолохов әңгімелерін оқып, бір досымыз екеуміз алған әсерімізді айттып, авторға риза болғанбыз.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «КСРО баспасөзінің үздік қызметкері», тағы да біраз марапат белгілердің иесі Сәкең жайында әлі айтар, жазылар... Сәкең жайындағы мақаламды қаламгер шығармасына арқау еткен Қапшағай теңізіндегі өз басымнан өткен бір оқиғамен аяқтағым келіп отыр.

1974 жылы «Жетісу» газетінде өндірістік практика кезінде редакция мені Қапшағайға жіберді. Барып-келу бір-ақ күн болатын. Мен ол жақта теңізде саяхаттаймын деп үш күн «жоғалып» кеттім. Редакция ұжымы «практикант оқыс оқиғадан опат болды немесе суға кетті» деп қатты үрейленсе керек. Төртінші күні редакцияға келгенде ол кезде «замредактор» Сәкеңнің досы Жәнәбіл аға: «Айналайын, өзің тірісіңбе, хабар-ошарсыз кеттің ғой. Бір жағдайға душар болғаныңда бәріміз жазаланар едік. Қалқам, бетімен кетуге болмайды. Енді, мұндай жағдай қайталанбасын» деп практикант-студентке кешіріммен қараған сол абзал азамат кейде менің түсіме кіреді. Сәкеңнің көп достарының бірі Жәнәбіл аға осындай жанашыр жан еді. Ал, досы көп Сәкең – бақытты адам.



ГУМАНИСТ ПРОФЕССОР

Өмірде жаны жайсаң, көңілі ақ, мейірімі шуақты жандар болады. Олармен жақындап, тілдесе кетсең, әңгіме желісі де жеңіл, өмірлік ойлары да жеп-жеңіл тартып, жадыраңқы көңіл сыйлайды. Ондай жандарды адамгершілігі жоғары деп атауға болады. Олар үшін «АДАМ» атты ұлы есім ең жоғары құндылық саналады. **Жалпы, гуманист деген кім дегенде, сонау, Қайта өрлеу дәуірін еске алуға тура келеді. Адамзат өмірінде ғылым мен өнер, техника мен мәдениет өрлеген заманды ренессанстық гуманизм деуге келсе, онда біз өмір сүріп отырған тәуелсіз қазақ қоғамын қайта өрлеу кезеңін бастан кешуде деп батыл айтуға болады.** Гуманистік қоғамның тірегі, идеялық демеушісі болған зиялылар қатарында профессор Сағымбай Қозыбаевтың есімі ерекше аталады. 70 жасын толтырған ғалым өзінің өмірлік-ұстаздық принциптеріне адал, ұстанымдарына берік.

Профессор Қозыбаев қоршаған ортасына жаңа ілім мен білімді юмормен де, әзілмен де, өмірлік пәлсапамен де шұрайлы тілдің тезіне салып жеткізетін дәріскер. Шәкіртіне әкелік мейірім мен достық ілтипат көрсете алатын жомарт жан. Еліміздің бүкіл БАҚ нарығына 80 жылдан астам маман дарялап отырған алтын ұяның дәстүрлерін жадына сақтаған тәлімгер. Сексен жылдың тарихын сана атты таспасына көшіріп, факультет шежіресін мүлт жібермей баяндауға шебер ұстаз әлі де болса жадына берік. Оны гуманист, энциклопедист ғалым деп атауға толық негіз бар.

Алаштың ардақтыларын дүниеге әкелген де, алаш зиялылары талай тер төккен Қостанай өңірінде дүниеге келген профессор-ұстаздың өмір тарихы қайталанбас шежіреге ұқсас. Қазақ ғалымдарының арасынан суы-

рылып шығып, Мәскеуде ғылыми еңбектерінің негізінде баяндама жасап, докторлық диссертациясын қорғаған ол заманынан озық, жаңашыл ғалым. Қазақ журналистикасының мэтрі атанған Сағымбай Қозыбаев елімізде Қазақстан журналистика академиясының негізін қалады, бүгінде осы ұйымның Президенті. Оның қаламынан мыңнан астам ғылыми әрі публицистік туындылар жарық көрді. Қос тілді еркін меңгерген ұстаз-ғалым шығармалырының басым бөлігін орыс тілінде жариялады. Оның шығармаларының басты ерекшелігінің өзі – орыс тілінде жазылуында. Тілі жеңіл, сөздік талғамы жоғары, тіркес құрамдары орайлы келетін Сағымбай ағаның әр туындысы шағын классикалық дүниеге тең. Журналист-публицистің қаламынан туындаған бірнеше циклдарға талдау жасағанды жөн көрдік.

«Лики времени» циклі журналистің өмір сүрген ортасы, аға буын өкілдері, замандастары жайлы шағын ғана көсемсөздерден тұрады. Жалпы, журналист естеліктерден тұратын эсселер жазуға машыктанған. Қозыбаевтың журналистік зертханасының ерекшелігі де заманын – шежіре, өмірін – тарих, ертеңін – болашаққа айналдырар ұстаханасында. Д. Қонаев, С. Сейфуллин, Қ. Сәтпаев, М. Барманқұлов, Ө. Әлімжанов, Т. Амандосов, Ш. Уәлиханов... бұл тізім қазақтың көрнекті қайраткерлері, журналистері, ғалымдарымен толығы бермек.

Журналистік сөз саптауында мін жоқ. Шағын ғана сөйлемдер. Қысқа ғана ой оралымдары. Тауып айтылған теңеулер, үндескен метафоралар. Оқырманын еліктіре де, еркелете де, ой сала да алатын журналистің естелік-эсселері асылдың сынығындай таза, жинақы, құнды. Журналист-публицист туындыларын қазақ тіліне аудару күн тәртібінде кезегі келгендей. Жас журналистер буыны профессордың тағылымға, мәнге толы туындыларын төл тілінде оқып, сөз құдіретін түсіне, сезіне білетін уақыт та келді. Оның: «Қонаев для многих и се-

годня остается, скажем так, мини-богом», «Сейфуллин был красив, как Бог», «Эффективная внешность букеевского хана, гордый лик сибарита, пронзительный взгляд» сиякты сөйлем саптауларын қазақ тілінде сөйлету екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Журналистің мен сүйіп оқыған «Взгляд», «Там, за горизонтом», «Имя в истории», «Этюды на полях» секілді циклдарының әрбірінде өмір, қоғам, адамгершілік, достық, замана, тарих жайлы эссе-толғауларын атауға болады. Журналист толғанбай дүние жазбайды. Оның әрбір туындысында өмірдің ағысы, жүректің соғысы, замана тынысы сезіліп, сөзбен өріліп жатады.

Журналистің жолсапар эсселері де бір-қатар. Оның қаламынан Ресей («Питер», «Другая Русь»), Украина («Ночи Украины»), Түркия («Азан у Европы»), Германия («Любовь и гармония»), Таиланд (Сиам), Америка («Трость и небо»), Сингапур («На пути к экватору») ел мен жер, адам мен қоғам жайлы іссапардан түйіп қайтқан әсерлері мен ойлары тізбектеледі. Жай ғана тізбектелмейді. Оқиға журналистің маңында басталып, өрбіп, аяқталады. Журналист туындыларында параллелизм сарындары басым. Сонау Еуропа не Америка, Түркия не Шығыс Азия жайлары әсерлі баяндау туған елге деген сағынышпен араласып, теңесе кетеді. Елінің ұлы, отанының азаматы атану журналистке басты сын. Міне, осы сыннан мүдірмей өткен журналистің туындыларында сиямен тараған күш бар, қуат бар.

Профессор, журналист, ұстаз-ғалым С. Қозыбаевтың бізге танылмаған әлемі бар. Бір қарағанда сондай ашық, сондай жұмсақ профессор кейде ұзақ ойға шомады. Журналист ретінде тандаған кәсібінің мәтрі атанған, ғылым жолында тың да инновациялық қадам жасаған профессор, көсемсөздерін жиып, теріп баласындай қызғыштай қорып, оқырманымен бөлісуге асығатын көсемсөздің шебері Қозыбаев әлемін зерттеу – уақыт ұсынған, замана сыйлаған миссия. Бұл бағытта профессордың шәкірттері алда талай зерттеулер жүргізіп, ғылыми ортада тың дүниелер ұсынары сөзсіз.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
саяси ғылымдарының докторы,
профессор

Мемлекеттік тіл – мәртебелі тіл

«Казахстанская правда» газетінің тілшісі Гүлнәр Нұрпейісова 2004 жылы жергілікті жерлердегі мемлекеттік тілдің мәртебесін зерделеу мақсатында Украина, Белоруссия, Литва, Латвия, Эстония елдерінде болып қайтқан еді. Гүлнәрдің әкесі – қазақ, шешесі – орыс. Төменде сол сапардан келгенде «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан қысқаша үзінді.

...Балтық жағалауындағы елдердің мемлекеттік тілі – олардың құндылығында. «Мәртебелі тіл» деген түсінік бар ол жақта. Халық сол мәртебелі тілде сөйлейді. Ол – өздерінің ана тілі. Басқа ұлттарда тұрып жатқан елінің тілін білмеуден артық сұмдық жоқ. «Мемлекеттік тілді білесіз бе?» деген сұрақ қойылса: «Мен неге білмеуім керек» деп өзіңізге сауал тастайды. «Мен Эстонияда тұрамын, мемлекеттік тілді білуге міндеттімін!» деп таңданыспен қарайды олар мұндай сұрақ қойғандарға.

Литвада беделді «Еңбек» деген партия бар. Партия басшысы – орыс. Литва тілін өте жақсы меңгерген. Өзі Парламентте қызмет етеді. Оны литвалықтар да, басқа ұлттар да ұлтына қарамастан, қадірлейді. Тілін білгені үшін, тілді қастерлегені үшін.

... Литвада «Мемлекеттік тілді білу, білмеу» деген әңгіме жоқ. Меңгерген тілдің сапасына назар аударылады. Өте жақсы білуге тиіссін. Литва тілінде дұрыс сөйлеу қадағаланады. Айыппұл салу жүйесі тіл мәселесінің басын ашып берді деуге де болады. Себебі, инспектор бір тексерер, айыппұл салар. Келесі жолы бұл тағы қайталанса, жұмыссыз қаласыз. Кейбіреулер бізді тіл үйренуге мәжбүрлеуде деп даурығады. Мұндай жағдайда былайғы тағдырыңды таңдауың керек. Не үйде отырасың, не тілді үйреніп қызмет істейсің.

... Эстонияда азаматтық алу үшін мемлекеттік тілді білуің шарт. Бұны қысым деп те атады Ресей. Бірақ «өз елдеріңе қайтыңдар!» деген бір ауыз сөз айтылмады ғой. Елде тұрыңыз, жұмыс істеміз, тек тілін біліңіз – деген ғана талап қойылды.

(«Ана тілі», 12.08.04).



ХАЛЫҚТЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН ҚАЛАМГЕР

Жасампаздық өнерін құлпырып тұрған Иранбакқа ұқсатар болсақ, оның бағбандары – шығармашылықпен шұғылданатындар. Бақшадағы жемістердің дәмінің әр алуан болатыны секілді жазылған шығармалардың деңгейі де әртүрлі болып келеді. Сол себепті, көптеген қаламгердің ішінен ілуде бірі ғана халқының жүрегінен орын алады да, оның рухани мұрасы мәңгілік тарихта сақталып қалады. Мұндай тұлғалар өз мұңынан гөрі халқының мұңын бірінші орынға қояды. Жалындаған жүрек оты арқылы адамзаттың жолын жарықтандырады, сана-сезімін, көкірегін нұrlандырып, өздері тап-таза әдеби әлемге айналып кетеді. Әдебиетте қолына қалам ұстағанның бәрі данышпан емес, миллион жанар қадалған, көптің көңілі сүйген ерекше дарын иелері ғана елеулі! Яғни, көңіл көзімен көріп, сезген-түйгендерін жүрегінен қайнап шыққан мөлдір бұлақтарына шомылдырып, образды көркем сөздерге айналдырып, махаббат-мерейге толы қалам сиясына ақ қағазға қондырып, оқырманына жеткізгендер ғана ардақты... **Көрнекті жазушы, белгілі драматург Әхмәтжан Хашири – әдебиетке дәл солай келген, айтулы қалам иесі.**

Ол мықты шығармалары арқылы мыңнан озған жан. Жазушы келешек ұрпаққа мұра болатындай көп әңгіме, хикаят, роман, пьесалар жазып, сол арқылы өзіне өлмес өмір, таусылмас тірлік түзді. Біз ХХ ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр әдебиетінің дамуын сөз еткенімізде оған үлкен үлес қосып

келе жатқан Әхмәтжан Хаширидың есімін де мақтанышпен ауызға аламыз.

Бүгінгі әдебиетіміздің жарқын беттері – проза, драматургия жанрларының өсу жолдарын белгілейтін жазушыларымыз саусақпен санарлықтай болса, олардың арасында – сөз жоқ Әхмәтжан Хашири бар. **Ол – қос қанатты қаламгер. Бір қанаты көркем проза болса, екінші қанаты – драматургия.**

Жаны жомарт, көңілі пәк бір ізгі жанның аз ғана демеуі, көңілін көтермелеуі оны жаңа әлемге жетелейді. Дарқан көңілді, дара бітімді жазушы Хизмәт Абдуллин Әхмәтжанның «Ақ көйлекті әйел» атты әңгімесінің қолжазбасын оқып көріп, кеңесін айтып, артық-кеміне түзету жасайды. Осылайша, ол жас қаламгердің еңбегінің алғаш рет жарық көруіне ғана емес, болашақ үлкен жазушылық сапарының да көшін көлікті етіп, әдебиет әлеміне бағыттап, ақ батасын береді. Алысты ойлайтын, алдын-ала сезетін аға буын өкілі – асыл азамат артынан ерген інісінің бүгініне де сеніммен қараған екен-ау! **Көрнекті жазушының ықыласына бөленіп, шалқар шабыттың теңізінде тербелген Ә. Хашири кейін тартымды әңгімелерімен оқырманына ұнап, олар іздеп жүріп оқитын авторға айнала бастады. Оның бірнеше көркем дүниесі прозалық «Қарапайым кісілер», «Таңғы самал» атты ұжымдық жинақтарға еніп, кітап болып басылып шықты...**

Жазушы осы заманғы әдебиетіміздің алтын қазынасын «Өмір сүремін», «Кешпес көңілім», «Солмас гүл», «Нұр ана», «Төгілген жас» хикаяттары, «Жалғыз жалбыз» романымен байытып, соңғы

жылдары жазған «Идикут» атты тарихи романымен өз шығармашылығының үлкен асуын алып, биік тұғырға орныққанын байқаймыз. Оның «Жалғыз жалбыз» романы мен «Солмас гүл» хикаяты көп жыл бұрын орыс тілінде де жарық көрген еді. Енді, міне, «Идикут» романы орыс және ағылшын тілдерінде жарық көру алдында. Әр кезде, әр басылымда жазушы қаламгерлігі туралы алтын қалам иелері Қалтай Мұхамеджанов, Тұманбай Молдағалиев, Нұрлан Оразалин, Қалихан Ысқақ, Сайын Мұратбеков, Марфуға Айтхожина, Әкім Тарази, Әзілхан Нұршайықов, Ғалым Жайлыбай, Жанарбек Әшімжан, Шерияздан Елеуенов және басқа да көптеген көрнекті кісілер шынайы бағасын айтып, пікір білдірген еді. Сол арқылы жазушының шабытын шарықтатып, ойын тасқындатты. Әхмәтжан Ғаширидың ендігі бір қыры: оның қазақ пен ұйғыр әдебиетінің алтын көпірі бола отырып, достықты ту етіп, бүгінгімізге озық өнеге көрсетіп жүргені дер едік.

Жазушының қайсы хикаятын оқысаңыз да, көпшілікке, қарапайым еңбек адамдарына деген мейірге толы махаббатын көресіз. «Нұр ана» хикаятындағы бас кейіпкері Нұр ананың образы арқылы адамзат үшін кіндік қаны тамған ата жұртының қаншалықты қымбат екенін көрсетіп, сүйіспеншілігін паш етеді. Шығармада ауыр тағдыр жолынан өткен Нұр ана өзінің мұқалмас жігері, келешекке деген бұлжымас сенімі, өскелең адамгершілігі арқылы типтік образ дәрежесіне көтерілген. Жазушының кейіпкерлері – әйелдер, әр қандай қиын-қыстау кезеңде сабыр салауатымен, кешірімділігімен, көңілі жұмсақ, жүрегі нәзік қасиетімен көзге түсіп отырады. «Төгілген жас», «Жалғыз жалбыздағы» Бостангүл – барлығы адамзаттың асыл құндылықтарға бай, анаға тән артықшылықтарымен абзал болып сомдалған бір-біріне жақын кейіпкерлер. Олардың бәрінің мінез-құлықтарындағы ортақтық үйле-

сімді дараланған. Жазушы өз өмір тәжірибесіне негіздеп ауыл және ауыл адамдары туралы қалам тербегенде ұлттар арасындағы достық тақырыбын бірге жазып отырады. «Нұр анадағы» Нұр ананың тастанды қазақ сәбиін бағып алып, оны қатарға қосуы, «Жалғыз жалбыздағы» Қасқарау қарияның жас кезінде Сейіт тоқұны өлімнен құтқарып қалуы адамдарға болған мейір-шапағатының ешқашан ұлт аламамайтынын көрсетіп, ұйғыр-қазақ достығының ежелден жалғасып келе жатқан тамырланған қасиет екенін алға тартады.

Ә. Ғаширидың «Солдаттан қалған тұяқ» повесін атақты жазушы Д.Әшімханұлы, «Нұр ана» повесін көрнекті қаламгер Н. Қазыбеков тәржімалады. «Жұлдыз» журналында басылды. Қазақ оқырманының рухын көтергенін білеміз. Ақын-жазушылар өмір бойы өзінің ең көрнекті мықты шығармасын жарыққа шығаруды армандайды, әрі қалайды, соны жазуға тырысады, дегенмен бәрі бірдей мақсаттарына жете алмайды. Ә. Ғашири «Идикут» тарихи романын жазу арқылы өзінің үлкен асуынан асты. Ол осы еңбегі арқылы қаламгерліктің ләззәтін сезінді. Тарихи романның баға жетпес құндылығы сол – ол өткен бабалар мен бүгінгі ұрпақты ұштастырып, ұлттың рухын көтеріп, еңсесін биіктетті. Ұрпақтар қанындағы ұластық сезімді оятып, ерлік пен намысты тірілтті. Осы тұрғыдан алып айтқанда «Идикут» романы оқырмандар жүрегіне рухани нұр құйып санасын жарқыратады. Бұл романды жазу барысында автордың қаншаласаған тарихи деректер мен зерттеулерге жүгінгені айтпаса да түсінікті. Ол оқығаны мен тоқығанын көркем шығармаға айналдырып үлкен ескерткіш соқты. ХІІІ ғасырдағы Идикут мемлекетінің тарихындағы рухани және ақыл парасат жағынан кемелденген ханзада Баурчұк Арт Текиннің бойындағы кемелділікті еңбекші халқының мүддесі жолына жұмсағанын тасқа

ойып таңба салғандай мөрлейді. Ол қарамағындағы қараша халқы үшін тәуекелге бел буады. Жұртын, Елін ойлайды. Жазушы Ә. Ғашири бұл тарихи шындықты заман шындығы деңгейіне жеткізе суреттеп, оны романның басты идеясына айналдырады. Осы арқылы оқырманы мен ұлтына рухани мөлдір бұлақ сыйлайды. Автор Баурчук және ол өмір сүрген дәуірді барынша шыннайы бейнелеп, ханзада өміріндегі ең маңызды түйінді тауып жарқыратып көрсеткен. Бұл халқының тағдырын өз тағдырынан биік қойған Баурчуктың отанын дүниені аузына қаратқан Шыңғыс ханның қанды жорықтарынан, қырғын апатынан қайтсем аман сақтап қаламын деген толғанысы және соны іске асыру жолындағы қимылы. Баурчуктың қиын кезде шығар жол тауып елін күйзелістен құтқарып қалған қадамдары сөз болады. Осылайша перзенттік борышын өтейді. Бөгеу бермес қара тасқын – Шыңғыс хан шабуылы болар алдындағы алғашқы қарауыл Идикут елін қалай сақтап қалғаны егжей-тегжейлі суреттеліп, бүгінгі ұрпаққа тарихтан сабақ береді. Міне, бұл жазушының басты мақсаты.

Биік жазушының «Идикут» романы «Жазушы» баспасынан 2003 жылы мемлекеттік тапсырыспен басылған болса, романның жалғасы «Баурчук Артекин» романы он жылдан кейін 2013 жылы оқырман қолына алды. Ұлттық әдебиетімізді «Идикут» секілді өміршең туындымен толықтырған Ә. Ғашири өз қарым-қабілетін драматургия жанрында да көрсете білген қаламгер. Ол жазған «Өлмес болып туылғандар» («Ажалсыздар»), «Мұқамшы», «Дихан», «Әпчил» және Қурван Абдурасуловпен бірлесіп жазған жуықта ғана сахналанған «Идикут» драмасы дамуы кенже болып келе жатқан жанрды алға жылжытып, үлкен үлес болып қосылды. Өте-мөте «Идикут» романы желісімен жазылған пьеса бойынша қойылған спектакль ұлттық театрымыздың үлкен жаңалығы және жетістігі болды.

«Идикут» спектаклі Орталық Азия мемлекеттерінің Ш халықаралық театрлар фестивалінің лауреаты атанды. Бұл үздік қойылым үшін драматург Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері болды. Драматургтың «Жалғыз жалбыз» (2014 ж.) спектаклін Қазақстан өнер сүйер көрермендері көріп баһраман болғанын көрдік.

Ә. Ғашири – көп қырлы талант. Ол тәржіма саласында да өнімді еңбек етіп, өзге ұлт әдебиетінің озық жауһарларын халқымыздың игілігіне айналдырған қаламгер. Қ.Шаңғытбаевтың «Жігіттер-ай!», испан драматургы Г. Лорканың «Қанды той», А.П.Чеховтың «Шиелі бак» пьесаларын ана тілінде сөйлетті. Ал, оның еңбектері қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, украин, шешен, якут тілдеріне тәржіма етіліп, «Жұлдыз», «Простор», «Алатоо», «Шарқ юлдузи» секілді көптеген журналдарда жарық көрді. «Төгілген жас» хикаяты Шынжан халық баспасында басылып кітап болып оқырман қолына тиді. Міне, бұлар жазушының ұйғыр әдебиетінің өсуіне ғана емес тұтас Қазақстан әдебиетінің көркеюіне үлкен үлес қосып келе жатқанын білдірсе керек-ті.

Әрбір ұлтты әлемге әйгілейтін факторлар – оның топ жарған ұл-қыздары, спорт саңлақтары, ақын-жазушылары, суретші-көркемөнершілері десек, ұйғыр ұлты мақтан етер перзенттерінің арасында сөз жоқ, Әхмәтжан Ғашири де бар. Өйткені ол – өзі жасап отырған дәуірінің ұлы, болашаққа жетіп, жаңғырығып тұратын үні!

Әхмәтжан Ғашири ұлт мақтанышына айналған, күллі инсаниетке және бірлігі жарасқан тәуелсіз Қазақстан халқына рухани байлық жаратып келе жатқан, халықтың қамын ойлаған, жазушы-драматургты нағыз инсани кәміл деп жүрек жылуымен айта аламыз.

Патигул МАҚСАТОВА,
ақын, филология ғылымдарының
кандидаты



Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ,
ҚР мәдениет қайраткері,
халықаралық журналист

АЛТАЙ ШЫҢЫНДАҒЫ ӨШПЕС ІЗ

Қаймағы бұзылмаған қазақы ортадан шалғайда, туған жерден жырақта өстім. Университетке түскен кезден бастап қана жерлестеріммен етене араласа бастаған жайым бар. Ол тұста ел астанасына Баян-Өлгийден ақын, жазушылар жиі келіп тұратын. Өртүрлі мәдени іс шаралар, жиын-мереке атаулы көп. Жазушылар одағының сиезі, пленумы секілді жиындар болған кезде жыр сүйер студенттер үшін нағыз той. Өр өңірден жиналған есімдері елге әйгілі ақын, жазушылармен кездесіп арқа-жарқа болып жатамыз. **1982 жылы өткен жазушылар жиынында Кәкей ақынды алғаш рет көргенім бар. Ол тұста студенттермен етене араласатын жалғыз ақын болды. Ол – Тойлыбай Құрмандолдин ағамыз. Жиынның үзілісінде Тойлекең бізді Кәкей ағамен таныстырды. Монғолия жазушылар одағының Баян-Өлгийдегі қазақ бөлімінің меңгерушісі, «Шұғыла» әдеби басылымының бас редакторы болып жаңадан тағайындалған беті сол болатын. Орта бойлы, ақ сары өңді байсалдылау кейіптегі кісі көрінді.**

Бір топ студентпіз, жапырыла барып құттықтап қолын алдық. Қайсібірімізді аңғарды дейсің. Тойлекең арамыздағы жазатын-сызатын, бірлі-екілі әңгіме, көркем аудармалары жарық көрген әрі журналистика мамандығы бойынша білім алып жатқан жас ретінде маған ерекше екпін беріп, атап көрсеткен болды. Бірақ, Кәкей ағаны одақ басшысы шақыртып әкеткендіктен әңгімеміз сол арадан үзіліп қалды. **Ол кісі туралы ары қарай Тойлыбай ақыннан естіп білдік. Алматыда Абай атындағы**

ҚазПИ-де білім алып, 1971 жылы бітіріп келгенін естігенде іштей «Шіркін-ай не арманы бар екен. Қазақтың астана-сында, ұлы Абайдың атымен аталатын институтта білім алу неткен бақыт» деп ойлағаным есімде. Бір жылдан кейін университет бітіріп, Эрдэнэттегі қалалық газетке жолдама алдым. Қаладағы жазушылар бөлімінің меңгерушісі Т.Даржаа деген атақты жазушы бар еді. Ол кісі Ұланбатырда өткен одақтың пленумынан оралғанда Кәкей ағаның сәлемін ала келді. «Шұғыла» журналының бірнеше сандарын, жаңа жыр жинақтарын беріп жіберіпті. Кітабының ішкі бетіне **«Қуандық! Қаламың ұштала берсін! Зор ілтипатпен, ағаң Кәкей»** деп қол қойыпты. Бәрінен бұрын мені қанаттандырғаны Даржаа ақсақалдың демеу сөздері мен Кәкей ағаның ыстық сәлемі болды. **«Сенің Қазақстанның бас әдеби газетінде жарияланған көркем аударманды Кәкей ақын мақтады. Мен сені монғолша ғана жазатын шығар деп ойлаушы едім. Өз ана тілінде де жазатынына риза болдым. Екі тілде жазатын қаламгер қос арғымақпен сапарға шыққан жолаушы секілді. Атыңның бірін тынықтырып, екіншісіне мініп дегендей алмастырып отырсаң алысқа шабасың ғой»** деген еді. Дүйім жұртқа есімдері мәлім бірі монғол, екіншісі қазақ екі бірдей атақты ақын-жазушының менсініп, тіпті, әжептәуір қаламгер ретінде мойындауларынан асқан бақыт ол тұста мен үшін жоқ еді.

Бір жарым жылдан кейін орталық үкіметтің шешімімен «Жаңа өмір» газетінің монғол шығарылымының редакторлығына тағайындалып, Өлгий қаласына ауыстым. Осылайша, 1984-1993 жылдар аралығында Кәкей ағамен шығармашылық тығыз қарым-қатынаста болдым. **Аймақтағы бір газет, екі журнал, радио редакция**

қызметкерлері бір ұжымдай араласып, ресми, бейресми жиын тойларды бірге өткізетінбіз. Жазушылардың дені менен 14-15 жас үлкен, көбі Кәкей ағамен құрдас. Арасында Мағауия Сұлтанин, Арғынбай Жұмажанұлы, Даниял Дікейұлы, Қауия Арысбайұлы сынды ақсақалдар, Даян Қалаубайұлы, Имашхан Байбатырұлы, Елеусіз Мұхамедіұлы, Яки Ілиясұлы, Шынай Рахметұлы секілді от тілді, орақ ауыз орта буын ағалар да бар. Жас жағынан келгенде ең кішісі екендігіме қарамастан сол алтын ағаларым ерекше сый-құрмет көрсетіп, әрдайым орталарынан ойып тұрып орын беруші еді. «Ақыл жастан ғой, сен айтшы» деп әр жиындар мен әдеби талқылауларда арнайы сөз беріп жататын. Енді, ойласам, соның бәрі өмірлік үлкен мектеп екен ғой.

Хош, сонымен Кәкей ағамен айналасы оншақты жылдың ішінде талай іссапарларға бірге шығып, бір ұжымда иықтаса тер төгіп, қаламдас әріптес ретінде дәмдес-тұздас, аралас-құралас та болдық. Ол кісінің бір ерекшелігі – тікелей міндетін айтпағанда, кез келген қоғамдық жұмыстарға бар ынтасымен беріліп кірісетін өте іскер адам болатын. Үкіметтің кезекті бір саяси науқандарының өзінде арнайы дайындалатын билбордтардың эскиздерін, баспадан шығарылатын парақшалардың карикатуралық суреттерін өзі бояуын қанықтыра асқан шеберлікпен салып әкеліп, идеяларын айтып маған монғолша мәтіндерін жаздырып әкетіп жүргені. Апта сайын жұма күні кешке әдебиет үйірмесін ұйымдастырып өткізеді. Өзі дәріс оқып, пікірсайыс ұйымдастырады. Оған зейнеткерлікке шыққан ақын, жазушылардан бастап, орта мектептегі өлең-жырға әуес жеткіншектер де қатысады. Аймақтық әкімшіліктегі, партия және жастар комитетіндегі жоғары лауазым иелері: Зұқай Шәріпакынұлы, Ақын Алақанұлы, Мұрат Бұшатайұлы, мүйіздері қарағайдай ғалым-профессорлар: Қабидаш Қалиасқарұлы, Ислам Қабышұлы және Батай Мақабылұлы секілді білдей бір мекеме басшыларының өзі жазған-сызғандарын ортаға салып, талқылатып

ақыл-кеңес алып жататын. Кәкейдің алдында жас та, кәрі де, бастық та, бала да бір саптағы ақын-жазушы ретінде бәріміз тең құқылымыз әрі әдебиет атты күдіретті күшке сөзсіз бағынатын елгезек шәкіртпіз. Нағыз әділдік пен демократия сол сәтте Кәкей ағаның ат шаптырым кеңсесінде, сол бір екі қабат шағын ғимараттағы жазушылар бөлімінде кеңінен салтанат құратын.

«Шұғыла» журналына келіп түскен туындыларды да осы үйірмеде таныстырып, өлеңдерді ақындарға, әңгіме, повестерді прозаиктерге, әзіл-сықақтарды сатириктерге таратып беріп, мұқият оқып пікір білдіруді арнайы мерзім белгілеп тапсыратын. Журналдың кезекті саны жарыққа шыққан сайын лездеме өткізіп, алдағы санның жоспарын бекітетін. Жалпы, әрбір қадамында «келісіп пішкен тон келте болмайды» деген қағиданы қатаң ұстанатындай көрінетін, бізге. Кәкей аға редакторлық еткен жылдары «Шұғыла» журналы 4200 дана таралыммен Монғолияның қазақтар өмір сүретін барлық қала, аймақтарына кеңінен таралды. Небәрі 150 мыңды ғана құрайтын азғана қазақ үшін бұл дегеніңіз айтарлықтай ірі тираж еді. Журналдың көлемі алты баспа табакқа үлкейіп, мазмұны да тереңдей түсті. «Әдебиет мәселелері», «Проза», «Поэзия», «Очерк», «Әдеби мұра», «Әзіл-оспақ», «Аударма», «Сөз маржаны» деген журналдың тұрақты айдарлары болды. Бұл туралы көрнекті ақынның өзі мерейтойлық есептік баяндамасында: «Отыз жыл ішінде журнал отыздай айдарлар бойынша материал жариялап, 400-ден астам автордың туындысын ұсынып, әдебиетімізге бірнеше буын өкілдерін әкелді, оларды тәрбиелеп өсірді» («Шұғыла» журналы, №3, 1985 ж) - дегені тарихи шындық.

Совет елінің, әсіресе, Қазақстанның және Монғолия жазушыларының елді елең еткізген тың шығармаларымен дер кезінде сусындап отыруды жолға қойған еді. 1985 жылғы «перестройка» біздің жазушылар бөлімінің жұмысын одан әрі жандандыра түскендей болып еді. Сталин заманында әдебиет әлемінен аластатылған

Борис Пастернактың өлеңдері, Анатолий Рыбаковтың «Дети Арбата» секілді романдар, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы секілді алаш зиялыларының шығармалары да Кәкей ағаның басшылығымен өтетін жиындарда назардан тыс қалмайтын. Сол тұста Ақыт қажы Үлімжіұлы, Дөңтай Қожамбетұлы сынды саяси жаламен атылған арыстарымыз ақталып, олардың әдеби мұралары «Шұғыла» журналы, «Жаңа өмір» газеті, Баян-Өлгий радиобабыры арқылы жерлестерімен қауышты. Ежелгі мәдениетімізбен, әдеби мұраларымызбен жіті таныстыруды көздеген Кәкей аға тағы бір үйірме ашып, әдебиетшілер мен әуесқойларға араб жазуын үйрете бастаған болатын. Кейін сол үйірме медресе болып ұлғайтылды. Токсаныншы жылдардан бастап елде құрылған «Монғолия мұсылмандар қоғамының» бас уағызшысы болған, әдеби туындыларында да, былайғы өмірде де имандылықты, ислам қағидаларын насихаттап келген **Кәкей аға қазақ тілінің шынайы жанашыры да болды. Тілдің тазалығын сақтауды, қаймағын бұзбауды айтумен шектелмей өзінің талай очерктерімен, фельетондарымен іс жүзінде көрсетіп үлгі-өнеге бола білді.**

Публицист ретінде газет бетінде жиі көрінумен қатар рухани нәрге бай ғибратты әңгімелерімен Баян-Өлгий радиобабырында да жиі сөз алып жүретін. Сонымен қатар, Жазушылар бөлімінің жанынан «Мұрагер» атты этно топ құрып, халық әндерін, айтыс өнерін де қолға алды. Аймақтағы 12 ауылды түгел аралап, суырып салма ақындардың басын қосып, айтыс ұйымдастырды. Қазақтар көп шоғырланған Налайх, Багануур, Чандаған қалаларына да жеткен кездері болды. Ондай кезекті сапарларда реті келсе бізді ерте жүреді. Жиналған жұртқа ата салт-дәстүрді насихаттайтын тартымды әңгімелер өткізеді. Оған жұрттың ықыласы ерекше болушы еді. Ол тұста қазақ аймағынан тысқары елді мекендердегі қандастарымыз тіл мен дәстүрден аздап болса да айырыла бастаған болатын. Ұлтын жанындай сүйетін ақынды осы жай қатты алаңдатса керек. Кейін шекарадан тыс өңірлерді де аралауға кірісті. Ресейдің Алтай өлкесінен бастап, Тува

елінің Қызыл, Хакастың Абакан қалаларына дейін сапарлаған кездеріміз болды. Ол елдерде өзімен таныс-біліс ақын-жазушылар, суретші өнер қайраткерлері де табылып жататын.

Алып Ресейдің құрамындағы түркі тілдес аз ұлттардың өз дәстүрінен, тіл-мәдениетінен ажырап жатқанын, «өгізге туған күннің бұзауға да туатынын» бізге ескертіп жүретін. Алтай, тува, хакас халықтарының да талай жыр-эпостарының болғанын, кейбірі біздің «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» секілді туындыларымызбен үндесетінін тілге тиек етуші еді. Жалпы, бірге жүріп, ел, жер аралаған ұзақ жолдарда үзеңгі жолдас болған сәттерімде мен ол кісінің тіл, әдебиет, тарих, этнография, өнер саласындағы білімінің телегей теңіз тереңдігіне сан мәрте тәнті болған едім. Бір өзі дербес бір өнер институты дерсін.

Кәкей ағаның ықпалы болған шығар, кейін Таулы Алтай өлкесінің Қош-Ағаш ауданындағы қазақ бауырларымыз «Шүй нұры» атты қазақ газетін шығаруды қолға алған тұғын. Ол тұста Таулы Алтай өлкесінде 15 мыңдай қазақ тұратын. Олардың басым көбі, яғни, 10 мыңы Монғолиямен шекараласатын Қош-Ағаш ауданында қоныс тепкен. Шығыс Қазақстан облысы, Семей өңірінің тұрғындары оларды ежелден «Алтай қазақтары», «Шүй наймандары» деп атап келген. Шүй даласы – Ресей, Қытай, Қазақ, Монғол төрт мемлекеттің түйіскен жері. Бұл өлке 1880 жылға дейін ешбір елдің еншісінде болмаған. Көшпелі халықтардың (*қазақ, монғол-ұранқай, тува, төлөңгіт-алтай*) жайлап – күзеп жүретін ортақ мекені болған деседі. XIX ғасырдың аяғында Ресей империясы Қытаймен жер бөліскенде Шүйдегі қазақтар мен жергілікті түркі тектес алтайлар Түмен губерниясына қаратылған. Қазан төңкерісінен кейін Кеңестік жүйе әмірін жүргізіп, орыстарды әкеліп, қоныстандыра бастаған. Жергілікті қазақтар мен алтайларды жаппай орысша оқытып, ассимиляциялауға кіріскен.

Соған қарамастан, халықтың ана тілін

қаймағын бұзбай сақтауына әр кезде өл-келік үкімет орындарында басшы болған қазақ азаматтарының ықпалы мол болған. Облыс басқарған елағалары Қазақстаннан ұстаздар шақыртып Қош-Ағаш мектептеріне жіберіп, қазақ тілінен дәріс оқытып тұрған екен. 1985 жылы М.С.Горбачевтың қайта құруы басталған кезде Алтай қазақтары да айналаға басқаша қарап, өздерінің салт дәстүрлерін жаңғыртуға, тіл-мәдениетін қастерлеуге көшті.

Іргелес көрші Монғолияның Баян-Өлгий аймағындағы қандастарымен барыс-келісті, араласуды жиілете түсті. Оған Кәкей ағаның басшылығымен өзіміз де бірге атсалыстық. Мәдениет, өнер қызметкерлері, кәсіпкерлер өзара келісім-шарттар жасасып, бірлескен іс шаралар ұйымдастыратын болды. Еңбек шарты бойынша Монғолиядағы қазақ құрылысшылар отбасы лег-легімен ағылып Қош-Ағаш ауданына шекара асып көшіп келе бастады. Осылайша екі елде бөлініп қалған туыстар қауышты.

Кәкей бастаған зиялы ағалардың күшімен аудандық «Чуйское зори» газеті мен Баян-Өлгийдегі «Жаңа өмір» газеті арасында әріптестік қарым-қатынас орнады. Қош-Ағаш газеті орыс тілінде жарық көргенімен, оның бас редакторы Әнуарбек Исановтан бастап күллі журналист-қызметкерлері жергілікті қазақ азаматтары болатын. Редакция аудан орталығында болғанымен газетті Горно-Алтай қаласындағы баспаханада басып әзірлейтін. Монғолиядағы қазақ газетінің редакциясымен тұрақты қарым-қатынас орнатуларының арқасында олар өз ауданында қазақ газетін ашуға белсене кірісті. Олардың бастамаларын жергілікті қазақ басшылар қолдады. Қош-Ағаштық журналистер қазақ газетін «Шүй нұры» деп атауды бір ауыздан мақұлдап алғашқы санын 1989 жылы күзде Баян-Өлгий аймағының «Жаңа өмір» газетінің баспаханасында бастырып, жарыққа шығарды. Газет Қош-Ағашта әзірленіп, Баян-Өлгийдің баспаханасында линотиппен теріліп, офсеттік үлгімен басылып тұрған. «Шүй нұры» газетінде Таулы Алтай қазақтарының арғы-бергі тарихынан

мағлұмат беретін естеліктер, танымдық материалдар, жергілікті жаңалықтар молынан қамтылып тұрды. Газет ұзақ өмір сүрген жоқ. Оншақты саны жарық көргеннен кейін жабылып қалды.

Осылайша, зиялы ағалардың шаралары бір аумақпен шектеліп қалмағанын, өзінің нұр шуағынан бәріне молынан шашып, игі ықпал еткенін сөз арасында айта кетуді жөн көрдім. Неге? Ойлап көрейікші. Ресей Федерациясында ұзын саны 1,5 миллионға жететін қазақ өмір сүрді. Монғолияны мекендеген небары 150 мың ғана қазақпен салыстырғанда ол дегеніңіз алапат зор күш. Тіпті, жеке бір республика дерсің. Бірақ, солардың арасынан туған бір ақын-жазушыны атап бере аласыз ба? Жоқ, әрине. Міне, рухани күш-қуат пен тектіліктің түп-төркіні қайда жатыр. Ресейлік қандас бауырларым айыпқа бұйырмасын, біртұтас қазақты бөле жарғаным да емес, ағайындар мені мың мәрте кешірсін. Бірақ, шындық солай.

Қай заманда, қайда болса да, ел-жұрттың рухын өлтірмейтін, оларды алға жетелейтін басты қозғаушы күш – оның төл әдебиеті мен мәдениеті болса керек. Бұл тұрғыдан келгенде, Монғолиядағы ат төбеліндей ғана аз қазақ рухани мол байлық жасады. Әрине, Кәкей сынды дара туған дарындарының арқасында.

«Танымасаң танып ал, мен

Қазақпын,

Жағам жайлау, көңілім кең Қазақпын.

Ұлысым бай іргелі ел Қазақпын,

Ырысым сай нұр жері кең Қазақпын.

Мен емеспін кешегі өшкен Қазақ,

Құба жонда тентіреп көшкен Қазақ,

Мен боламын қойнауға қой қаптатып,

Қала салып, білім алып өскен Қазақ!

Қазақпын, тегің кім деп тектемеген,

Ере келген итке де кет демеген,

Пейілі түссе бір атын түсіп беріп,

Бір атым насыбайға өкпелеген.

Қазақпын, түнемеген төріне түн,

Бар сыры домбырада төгілетін.

Аңқылдаған ақ көңіл ел боламын,

Аузын аиса жүрегі көрінетін.

Қазақпын, қаз мойны ойнақтаған,

Ой да баққан бір өңкей қой бақпаған.

*Ер елдігім ешкімді жатсынбаған,
Тереңдігім ешкімді бойлатпаған.
Қобыланды Қазақтың батыр елмін,
Қозыбаян Қазақтың тату елмін.*

*Қожанасыр Қазақтың аңқау елмін,
Абай туған Қазақтың ақын елмін*» – деп, жырлаған Кәкей ақын бар болмысымен шын қазақ бола білді.

Алғашқы өлеңін 1963 жылы өзі оқитын орта мектептің қабырға газетіне жариялап, ауызға іліккен ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы – «Жауқазын» деген атпен 1979 жылы жарық көрді. Кейін «Маусым», «Жебе», «Қош көктем» жыр жинақтарын оқырмандарға ұсынды. Монғол тілінде «Яргуй дэлгэрэх цагаар» (Бәйшешек атқан маусымда), «Диваажинд заларахын нууц» (Ұжымаққа жетудің құпиясы) деген жыр жинақтарын шығарды. Ол кезекті бір сапарымен Ұланбатырға жол тартқан еді. Мақсаты, «Құран оқудың әліппесі» мен «Тажуид ілімінің» қазақ тіліндегі аудармасын баппадан жарыққа шығару болатын. Кітапты басудың алдында кейбір техникалық және мазмұндық мәтіндерді жетілдірудің қажеттілігі туындайды. Сол себептен шұғыл түрде кері қайтуға билет алады. Алайда, дәл сол 1993 жылы 23 сәуір күні таң сәріде Өлгийге бет алған ұшақ ізім-ғайым жоғалып кетті. Апта бойы сабылып іздеп жүріп, Алтай тауының биік шыңдарының біріндегі шоқыға соғылып үшке бөлініп апатқа ұшыраған ұшақты табады. Кәкей аға «Қош көктем» кітабындағы «Тау ұлымын, тауда өстім, тауда өлемін» деген өлең жолдарындағыдай тұп-тура тау шыңында көз жұмды. Кітабының атымен аталған өлеңіндегідей көгілдір көктемнің мұнар тартқан көк аспанында өмірге қош айтты. Алыс сапарда апат сапарынан мерт болып, соңғы жинағының атауындай шейіт кетіп бейне бір ұжымаққа жол тартқандай болды.

Ғұмыры тым қысқа елуді еңсермесе де Монғолиядағы қазақ әдебиетінің мәңгі сөнбес шоқ жұлдызы Кәкей ақын артында «өлді деуге келмейтін өшпейтұғын сөз де іс те қалдырған» бірегей тұлға. Бүгінде

өзі негізін қалап кеткен медресесі, өзі оқыған, кейін директоры болған «Барам ана көктемде, Жаңбыр сеуіп өткенде. Алтай алқа таққанда, Бұлғын сылдыр қаққанда» деп жырлаған Бұлғындағы орта мектеп Кәкей атымен аталады. Өте білімді әрі дарынды қаламгер 1982-1993 жылы Монғолиядағы қазақ әдебиетінің жаңа сипатта дамып, қалыптасуына өлшеусіз зор үлес қосты. Сонау жылдарда әдебиет ауылына бет бұрған көптеген жастардың ішінде Кәкей Жаңжұндының тәрбиесін көрмегені кем де кем. Ол қаламының желі бар талай жасты әдебиет деген киелі әлемге тартып, оның қыр сырына баулыған еді.

Солардың бірі ретінде мен Кәкей ағаны көркем әдебиеттің сатира саласындағы өзімнің ұлағатты ұстазым деп білемін. Кәкей Жаңжұнды менің ғана емес, сондағы азғана қазақ үшін ұлт ұстазы іспетті еді. Себебі, мамандығы филолог Кәкей аға Монғолиядағы қазақ орта мектептеріне арнап әдебиет оқулығын дайындаған әдіскер ғалым да еді.

Жоғарыда атап өткенімдей, Монғол жерінде айтыс өнерінің қанат жаюына өлшеусіз үлес қосты, этно ән өнерінің тобын құрып, халыққа насихаттады. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін, асыл қазынасын жинап, бірнеше кітапты жарыққа шығарды. Өз қаламынан туған оншақты жыр жинақтары мен әзіл-сықақ әңгімелері қазақ және монғол тілдерінде жарияланды. Осы бір аса талантты ақын әрі ұлағатты ұстаздың «Қасқыр» атты шағын повесі мен бірнеше әңгімелерін монғол тіліне аударып, орталық әдеби-көркем «Цог», сатиралық «Тоншуул» журналдарына марқұмның көзі тірісінде жарыққа шығарып, батасын алғанымды өз басым әрдайым мақтаныш етемін.

Тынымсыз еңбектен қолы босамайтын қарымды қаламгер, біртуар талантты ақын адал да кіршіксіз таза ұстаз ретінде ол ондаған шәкірттерінің жүрегінде мәңгілік сақталып, қазір де өзі өшпес ізін қалдырған Алтай тауының биік шыңдарынан көз салып, рух сыйлап тұрғандай сезіледі.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯҒА ЖӘНЕ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБАЛАР

(Академик Ә. Марғұланның туғанына 110 жыл толуына орай)

XVIII-XIX ғасырлар аясында қазақ даласына аяғы жеткен жатжұрттық саяхатшылар мен этнографтардың жазбаларында көне музыкалық аспаптар жайлы деректер кездескенімен, олардың арасында қазақтың *аспапты-музыкалық археологияға қатысты* мәліметтер жоққа тән еді. Аспапты-музыкалық археология жайлы түсініктер XIX ғ. соңы мен XX ғ. басынан бастап белгілі бола бастады. Әйтсе де, ұлт ғылымында бұл салаға терең мән берілмеді. Себебі, сол тұстарда, жалпы, Кеңес Одағы кезеңінің гуманитарлық ғылымында аспапты-музыкалық археология жайлы зерттеу еңбектер, мәліметтер мен деректер көзі тапшы болды. XX ғ. басында бұл саланың мәнісі мен міндетін анықтаған тарихшы, әрі музыка зерттеуші Н.Ф. Финдейзен (1868-1926) болды. Оның сөзімен айтсақ: «...Бұл ғылым – өте күрделі еңбек пен ұзақ ізденісті қажет етеді» [1, 12-б.].

Қазіргі зерттеулер бойынша адамзат тарихымен бірге дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихының да терең тамыры анықтала түсуде. Ежелгі дәуір адамдары айнала тіршілік жайлы пайымын, табиғат туралы түсінігін, жан-жануарлар мен жаратылыс әлемін, тұрмыс қамқаракеті мен діни-ғұрыптық жораларын жартас беттеріне қырнап түсіріп, мүсін тастарды қашап бәдіздей білген. Қазіргі кезде қазақ аспаптану ғылымы – тасқа мүсінделген, жартас беттері мен үңгір қабырғаларына тұрпайы таңбаланған көне музыкалық аспаптар тарихымен толыға түсуде. Қазақ ұғымында бұл сала «Тасқа таңбаланған музыкалық аспаптар туралы ғылым» деген мағына берсе, орыс тілінде ол «Наука о музыкальных инструментов в камне» деген мағынаға ие. Бұл саланы зерттеп-танитын «музыкалық археология», «аспапты этнография», «аспапты-музыкалық қолөнер», «аспапты-музыкалық археология» немесе «аспапты археология» деген сөздер аспаптануға байланысты бұрын-соңды жарияланған еңбектерде кездеспейді. Ол түсінікті де. Себебі, музыкалық аспаптар таңбаланған қандайда бір археологиялық ескерткіштердің, жалпы, археология ғылымы мен аспаптану біліміне қатысы бары белгісіз болып келді. Соның салдарынан қазақ аспаптану ғылымында осы сөздер қолданылған зерттеу еңбектер жоққа тән болды. Осы тұрғыдан келгенде этнограф-ғалым, академик Ө. Жәнібековтың:

«...Әттен, бізде *әуездік археологиямен* айналысатын мамандар болғанда көптеген жаңалықтардың бетін ашуға болатын еді», – деп осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын айтқан өкінішті сөзі бүгінгі күні де өз мағынасын жойған жоқ [2, 183-б.]. Десек те, қазіргі зерттеулер бойынша ұлт ғалымдары ішінде аспапты-музыкалық археологияға қатысты болып келетін деректер көзін ашып, аспаптар қашалған мүсін тастар мен жартас беттеріне таңбаланған ескерткіштерді тауып, олардың ұлт тарихындағы маңызын анықтаған академик Әлкей Марғұлан (1904-1985) болғаны кеш те болса анықтала бастады. Сол себептен, ғалымның еңбектеріндегі аспапты-музыкалық археологияға қатысты болып келетін деректер мен мәліметтер көзі жинақтала бастады. Соның бірінде: «...Неолит дәуіріне жататын жыланмаға дейінгі IV-III мыңжылдық шамасында қашалған «Таңбалы жартас» көне тас дәуірі ескерткішінде тұтыну құралдары, үй түлігі, тағы андар, биіші адамдар сұлбаларымен қоса *музыкалық құралдар* да қоса кескіңделген», – деп жазады Ә. Марғұлан [3].

Көне заман адамдарының наным-сенімі бойынша, бақсылар жан-жануарларды өзіне бағындыра алатын күшке ие. Сондықтан, қасиетті деп танылған тағы андар мен мал-түлікті мифтік бейне тұрғысында қабылдап, оларға «кер жылан», «қара дәу», «қара бұра» деп ат қойып, бақсы өз зікірі кезінде оларды көмекке шақырып сыйынатын болған. «Таңбалы жартасқа» үрлемелі аспап ұстаған адам, бақсы зікірі (ойыны), оның айналасында түйе, керік, жылан секілді бейнелер түсірілген. Осыған сай, ел арасында бұл тас «Зікір тас» деп те аталғаны жайлы деректер баршылық. Жазқазған облысы, Ұлытау өңірінің «Зыңғыр» тауы алабынан анықталған осы «Таңбалы жартас» ескерткіші 1983 жылдан бері Қазақтың халық музыка аспаптары музейінде сақталуда [4]. Ғалым қазақ даласындағы көнеден қалған, тарихымыз таңбаланған ескерткіштерді зерттей отырып, Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндердің ерекшелігі жайлы жазады. Оларға: «...Түркі қағандығы дәуірінен (VI-VIII ғ.) қалған тас мүсіндердің ерекшелігі – олар қашанда қарулармен (қылыш, қанжар т.б.), құты-сауытпен, құлағындағы сырғасы, қолындағы *асатаяғы*, беліндегі кісесімен қоса қашалады...», – деп түсінік береді [5, 14-15-бб.].

Әлкей Марғұланның басшылығымен өткен ғасырдың 1950-60 жылдары жүргізілген Орталық Қазақстан өңірінің «Тасмола», «Жолқұдық» секілді археологиялық қазбалардан аспапты-музыкалық археологияға қатысты болып келетін мұралардың анықталуы ұлттық аспаптану білімі үшін маңызды болды. Алайда, бұл мұралар қазақ аспаптану ғылымы айналысына түспеді. Себебі, жоғарыда Ә. Жәнібеков ағамыз жазып кеткендей, ол кезде қазақтың төл мұрасын зерттеп-танитын аспаптанушы-этнолог мамандар шыға қоймаған-ды. Мәселен, «Тасмоланың» ежелгі қоныс орнына жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде б.з.д. VII-V ғғ. жататын, мүйіз бен сүйектен жасалған бірнеше нұсқадағы үрлемелі *сыбызғылар, ысқырықтар мен бұғышақ* аспаптары табылды. Көне дәуірлік бұл аспаптардың анықталуы үрлемелі аспаптар жайлы осы кезге дейін айтылып келген пікірлерге түбірімен өзгерістер әкелді. Мәселен, мүйізден жасалған бұғышақтың іші қуыс, жалғыз дыбыс ойық көлденең салынған. Бұл – бұғы секілді жануардың ұзынша болып келген мүйізінен жасалған бұғышақтың ең көне нұсқасы. Ал, сыбызғылар екі, үш және төрт дыбыс ойықты болып келсе, ысқырыққа екі және жалғыз дыбыс ойық салып жасалған [6, сурет – 66; 307-370-бб.]. Мұндай мысалдар әлемдік аспаптану ғылымы тарихында сирек те болса кездесетін жәйт. Осы «Тасмола» қазбасынан біздің заманымызға дейінгі қола дәуіріне (VII-VI ғғ.) жататын шулы-сылдырлы *қоңырау* аспаптарының анықталуы да қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының терең тарихын айғақтай түсті. Бұл аспаптар қолдан тұрқы сопақша, кейде тік бұрышты етіп, ішіне шағын сылдырмағы салып жасалған. Олардың салмақтары 150-ден 260 граммға дейін болып келеді [6, сурет-17 (№1,3); 419-б.].

Қазақ тұрмыс-салтында *қоңыраулар* үн ерекшеліктеріне қарай әр түрлі жағдайларға қарай қолданылатын болған. Мәселен, қуанышты жиын-тойларда дыбысы ашық, орташа үнді, сынғырлы *қоңыраулар* қолданылады. Ал, діни жораларда, бақсылардың зікірі мен ғұрыптық ойындарында магиялық дыбыс беретін үлгілері, жаманшылықты, жаугершілік пен шапқыншылықты хабарлауда дыбысы үрейлі ірі *қоңыраулар* қолданылатын болған. Сондай-ақ, жас қыздардың шашқабы мен шолпыларына, сәбидің бесігіне нәзік үнді, сыртына жұқа етіп алтын жалатқан шағын *қоңырау-сылдырмақтар* тағатын болған. Академик Ә. Марғұлан еңбектеріндегі бұл аспаптардың арада қаншама ғасырлар өтсе де олардың жасалу әдіс-тәсілінің, затының және қолданылу ортасының көп өзгеріске түспегені қайран қалдырады.

Ғұлама еңбектерінде кездесетін және өзі сипаттап жазған тарихи құнды ескерткіш-мұраның бірі – «*Бақсы тас*» аталады. Жалпы биіктігі – 88 см, ені – 42 см болып келетін сұр

граниттен жасалған бұл мүсін тасты ғалым Жезқазған өңірінің, Ұлытау ауданына қарасты, Жанғабыл өзенінің, «Төртқара» қыстауы алабынан 1943 жылы анықтады. Мүсіннің екі қолы кеуде тұсында, бір қолымен тостаған секілді ыдыс ұстаған. Ғалым бұл ескерткіш жайлы: «... **Көне түркі ғасырына (б.з. VI-VIII ғғ.) жататын бұл тасқа ертедегі бақсы-жыраулардың мүсіні, ал, арты мен бүйірінде шағын қоңырау мен қылқобыз қашап түсірілген. Бұл аспаппен олар өздерінің діни-ғұрыптық сарындарын сүйемелдейтін болған. Қоңыраудың басы дөңгелек, ұстайтын тұтқасы бар. Қылқобыздың мойыны төмен қаратылған**», – деп сипаттама береді [7, 38-39-бб.]. Бұдан біз қазақ үшін киелі саналатын қобыз бейнесін тасқа қашап түсіру әрекетінің *бақсы* және *бақсылық дәстүрмен* байланысты болып келетінін көреміз. Бұл тарихи ескерткіш Ә. Жәнібековтың алғызуымен 1982 жылдан бері Қазақтың халық музыка аспаптары музейінде сақталып, насихатталып отыр. Ғалым тасқа таңбаланған тағы бір қобыз жайлы жазбасында: «...*Қобыздың ең ескі түрі – Ұлытаудың теріскей баурайында бір ғажайып мүсін таста сақталған. Екінші бір түрі – Қарқаралы аймағында, «Дегелен» тауының бір алабында VI-VIII ғғ. жататын мүсін тасқа қнып түсірілген*», – делінеді [8, 217-б.].

...Елден елге,

Бектен бекке

Қылқобыз байлап беліне,

Ұзандар жүрер ел кезіп..., – деп айтылатын ескілікті халықтық өлең-жырдағы ұзандардың бейнесі (ұзандар – дәуіш, сопы, бақсы-жырау мағынасындағы ежелгі атау) өз заманында тасқа осылайша қашалып, Ұлы даланың айбыны, мәңгілік сазды сарыны болып ел шетін күзеткен сақшыдай әсер береді. Бұл ескерткіш 1982 жылдан бері Халық музыка аспаптары музейінде сақталып отыр.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан Ұлы Дала төсінде сақталған аспапты-музыкалық археологияға қатысты болып келетін осы секілді тарихи ескерткіштер жайлы құнды мәліметтер берумен қатар, ел арасынан өзі кездестірген жекелеген көне музыкалық аспаптарды да көзден таса қалдырмаған. Олардың ұлт мәдениеті, өнері мен тарихында алар орнына мән беріп, қағазға түсіріп, қайсыбір аспаптар жайлы тұңғыш рет мәлімет береді. Мәселен, соқпалы-шулы аспаптар жайлы: «... *Дауылтаз – больше применялся во время соколиной охоты, шындауыл – во время грандиозной облавной охоты на диких зверей, имевших военно-парадный характер*...», – деп халық тұрмыс-салтындағы қолданысына сипаттама береді [9, 83-б.]. Көне музыкалық аспаптар жайлы осы секілді мәліметтерді ғұлама еңбектерінен алғаш кездестірген өнертану ғылымының кандидаты, белгілі коллекционер, аспаптанушы-ғалым Б.Ш. Сарыбаев (1927-1985) былай деп жаза-

ды: «...Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Марғұлан «Қазақ халқының көне поэтикалық мәдениетін таратушылар жөнінде» деген еңбегінде бұрын белгісіз болып келген кейбір аспаптар жайында *тұңғыш рет* хабарлады. Аталмыш еңбекте *тілқобыз, шаңқобыз, сырнай, керней, дауыптаз, шыңдауыл, ұран* суреттеліп жазылған. Ә. Марғұлан этнографиялық мәліметтерге сүйене отырып, қазақтың музыкалық аспаптарының дамуы жөнінде маңызды мәліметтер береді», – деп жазады [10, 39-б.]. Бұдан біз Б. Сарыбаевтың көне музыкалық аспаптар жайлы өзінің зерттеу еңбектерінде Ә. Марғұлан мәліметтері мен деректеріне сүйенгенін көреміз. Бөкең бұдан әрі: «...Әлкей Марғұлан *шаңқобыз, сыбызғы, дауыптаз, шыңдауыл* секілді аспаптар туралы жазғандарында этнографиялық материалдарды басшылыққа алады. *Дауыптаз бен шыңдауылдың айырмашылығын тұңғыш рет ашып көрсетті*», – деп жазады [сонда, 40-б.]. Осылайша, Ә. Марғұлан еңбектеріндегі жекелеген көне аспаптар кейін аспаптанушы-ғалым Б. Сарыбаевтың зерттеулері арқылы ғылыми айналысқа түсірілді. Зерттеуші-коллекционер Ә.Х.Марғұлан жазбалары мен мәліметтерінің құндылығын жоғары бағалап, ұлт аспаптарын зерттеп-тануда маңызды болғанын атап көрсетеді.

Кейінгі жылдардағы біздің зерттеулеріміз бойынша Әлкей Марғұлан жазбаларынан бұрын белгісіз болып келген «*сайрамақ*» аталатын үрлемелі аспаптың атауы анықталды. Алайда, аспаптың сипаты жайлы дерек жоқ. Соның өзінде де ғалым аспап атауына аса мән беріп қойын дәптеріне жазып алған. «*Атауы бардың – матауы бар*» деген халық даналығына сүйенсек, Әлекең жазып алған «*сайрамақ*» атауымен аталатын аспаптардың ертеде ел ішінде болғаны талас тудырмаса керек. Себебі, біздің зерттеуіміз бойынша осыған ұқсас аталатын аспап атауы ертедегі қазақтар арасында – «*құссайрауық*» (З.Ж.), Сібір түркілері арасында – «*құссаба*» деп айтылатыны жайлы мәліметтер қолымызда бар. Сол сияқты, ғұлама ғалым Ш. Уәлихановтың ел ішінен жазып алған аңыз-әңгімесінде «*ұшатын ән*», «*әнші құс*» мифтік бейне тұрғысында аспаппен байланысты қарастырылған-ды.

Академик Ә. Марғұлан заттық мәдениетке жататын түпнұсқа айғақты заттардың Адамзат тарихын зерделеудегі орнына аса мән берген ғалым. Осыны өткен XX ғасырдың басынан-ақ аңғара білген ғұлама өзінің бүкіл зерттеушілік еңбегін қазақ халқының дүниетанымына, поэтикасына, салт-дәстүріне, баксы-жыраулар өміріне, халқымыздың терең тарихына, археологиясына, қазақ жерінің қатпар-қатпар құпияларын ашуға арнады. Оның ел тарихы мен мәдениетіндегі ұшан-теңіз еңбегін заңғар жазушы М.О. Әуезов: «...Ә.Х. Марғұлан тек ғалым ғана емес, ол өз алдына дербес ғылыми мекеме», – деп бағалады [11]. Ғалым алғаш рет 1926-27 жылда-

ры академик А.Е. Ферсман мен профессор С.И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Алтай өңірі мен Қазақстанда жүргізілген археологиялық экспедициялардың жұмыстарына қатысып, жастайынан мол тәжірибе жинақтады. КСРО Ғылым академиясы президиумының ұсынысымен 1938 жылдың соңында Қазақ ССР Ғылым академиясына жұмысқа жіберіліп, өмірінің соңына дейін сонда еңбек етті. Қазіргі кезде Ә. Марғұланның қазақ тарихы мен мәдениетіне арналған он төрт томдық еңбегінің бірнеше томы жарық көрді. Бірінші томның алғы сөзін жазған еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...Исследование этой неведомой прежде неотъемлемой части ранней истории мира поставило имя А.Х. Маргулана в один ряд с именем выдающихся археологов, открывших нам древние цивилизации Египта, Месопотамии, Китая, Индии. Открытие А.Х. Маргулана получило в наши дни развитие, и Казахстан стали называть колыбелью древнейших культур Евразии... В трудах А.Х. Маргулана мы постигаем мировоззрение кочевника, жителя Великой степи», – деп жазды [12, 5-б.].

Археология ғылымының Қазақстандағы негізін қалаған, академик Ә. Марғұлан салған жол Қазақстанның көне Тараз, Ақтөбе, Жезқазған, Семей, Байқоңыр, Алматы, Түркістан, Өскемен т.б. секілді өңірлерде халық тарихын орнықтыруға байланысты қарқынды жұмыстармен жалғасуда. Жабдықталған ғылыми экспедициялар өз жұмыстарымен қоса, әуездік археологияға қатысты болып келетін бірқатар мұраларды да анықтады. Олардың бірі Алматыдағы халық музыка аспаптары музейінің қор-көрмелері арқылы насихатталып отырса, енді бірі мұра анықталған жергілікті жердің өлкетану музейлерінде сақталуда. Аспаптанушы-ғалым, академик В. М. Беляев: «...Адамзат дамуындағы музыка тарихын зерттеу қажеттігінің біріне әр түрлі халықтардың *музыкалық аспаптарын* зерттеу жатады. Әлбетте, бұл зерттеулер қоғамдық және тарихи негіздерге сүйене отырып, жалпы *музыкалық-этнографиялық және археологиялық* зерттеулермен міндетті түрде байланыста қарастырылады», – деп жазады [13, 143-б.]. Бұл пікірді академик Әлкей Марғұлан зерттеулерінен нақты көре аламыз.

Ғалым өз зерттеулерінде заттық және рухани мәдениетке бірдей қатысты болып келетін көне музыкалық аспаптар жайлы этнографиялық деректер мен мәліметтерді қоса жинақтады. Бұл салаға алғаш рет зер салып, түпнұсқа ескерткіштердің тұрағын анықтап, ғылыми анықтамаларын жазып, ел өмірі мен тарихындағы орнын нақтылады. Соның нәтижесінде, кеш те болса еліміздегі ең жас, әрі кенже қалған қазақ аспаптану білімінің бір тармағы – *аспапты-музыкалық археология саласы* белгілі болды. Бұған ғұламаның еңбектеріндегі толып жатқан мәліметтер, дереккөздер мен түпнұсқа ескерткіш-мұралар қуәлік етеді.

Әлкей Марғұлан әуездік археологияны зерт-

теуді алдына әдейілеп мақсат етіп қоймады. Алайда, өзінің зерттеушілік жолында кездескен көне музыкалық аспаптар мен аспапты-археологиялық ескерткіштер жайлы жазып қалдырған ғылыми жазбалары мен құнды деректері арқылы қазақ аспаптану тарихы толығымен түсті. Қазіргі таңда ғұламаның еңбектеріндегі көне музыкалық аспаптар мен ескерткіштер жайлы жазбаларды, мәліметтерді, түпнұсқа мұралар жөнінде қалдырған деректерді жинақтап-зерделеу арқылы қазақ ғылымына

аспапты-музыкалық археология аталатын жаңа бағыт келіп қосылды. Бүгінгі кезде ғұламаның еңбектері уақыт елегінен өтіп өнер-мәдениет тарихымызды, Мемлекеттік «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына», «Халық – тарих толқынында» аталатын бағдарламаларды жүзеге асыруда маңызды орын алып отыр.

Зәбира ЖӘКІШЕВА,
Халық музыка аспаптары музейінің
жетекші маманы, аспаптанушы-этнолог, ҚР
Мәдениет қайраткері.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Садоков Р.Л. Тысяча осколков золотого саза. – Москва: Советский композитор, 1971.
2. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы: Жазушы, 1966.
4. Қазақтың халық музыка аспаптары музейі қорынан. Негізгі қор №302.
5. Марғұлан Ә. Мақ: Ұлытау өңіріндегі тас мүсіндер // Кіт: Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: 1966.
6. Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Классификационная таблица памятников тасмолинской культуры VII-VI в.в. до н.э., рис-66. – Алматы: Наука, 1966.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: 1966.
8. Марғұлан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // Сборник статей. – Алматы, Жазушы, 1959.
9. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1981.
10. Білім және еңбек. №11, 1985.
11. Марғұлан А.Х. Сочинения. В 14 томах. Т.1. – Алматы: Атамұра, 1998.
12. Беляев В.М. Музыкальные инструменты народов СССР // Советская музыка. №10-11, 1937.
13. Марғұлан Ә. Қазақ халқының музыкасындағы Қорқыт дәстүрі // Ежелгі жыр, аңыздар. Ғылыми-зерттеу мақалалар / Құрастырған: Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985.

ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Алаш зиялыларынан кейін кеңес қоғамы тұсында, олардың ізімен Қ. Сәтпаев, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Е. Бекмаханов, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, А. Жұбанов сынды зиялыларымыз қазақтың ұлттық санасын сақтайтын құнды дүниелер қалдырды. Бұл талай тұлғаларды ел алдына шығарып, олардың рухын қалыптастырып отырған қазақ идеясының кеңес дәуірі тұсында да жалғасын тапқандығын көрсетеді. Ұрпаққа кеңінен мәлім болып отырғандай, қазақ қоғамының рухани өмірімен тұспа тұс келген әр бір тарихи уақыттың талабы ұлт тарихының тәжірибесі, сол тәжірибені қалыптастырған қазақ зиялыларының тағдыры арқылы келер ұрпақтың рухани өміріне жетіп отырған. Олардан қалған өнеге, армандап үлгеріп алмай кеткен дүниелері кеңес дәуіріндегі қазақ ғалымдарының міндетіне жүктелген. Бұны жүктеп отырған қазақ елінің тәуелсіздік идеясы. Кеңес өкіметі тұсында қазақ ғылымының дамуына аяныбай еңбек сіңірген Қ. Сәтпаевтың, М. Әуезовтың, Е. Бекмахановтың еңбектері ғасырлар бойы қазақ тұлғаларының арманына айналған ұлттық идеяның тармағы.

Тарихта сақталып, уақытпен бірге жаңа

ұрпақ буынның рухани өміріне жетіп отыратын ұлт тұлғаларының рухани мұрасын игеру, оның талабын тез ұғынып, талғамына икемделіп, ұлт ісіне адал қызмет ету ұрпақтан талап етілетін қасиет. Алаш зиялыларынан кейінгі кеңес қоғамында өмір сүрген қазақ ғалымдарының еңбегі, ғылым жолындағы тазалығы, ұлттың мұрасын қорғап, оны жарыққа шығарудағы ерлігі ұлтымыздың және оның ойшыл тұлғаларының ғылым жөніндегі түсінігін де тереңірек ұғындырады. Әл-Фараби бабамыз ғылымның қасиеті, ізгілікке толы ғылыми мұра қалдырудың мәні жөнінде былай деп жазып кеткен: «Білім, яғни, ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қарекет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені, көп мал мүлік күйттеу ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан, мұра қалдыру дүниеауи қам-қарекетке қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. О дүниелік ғұмырда дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса, ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен

кейін де игілік болады» [1. 704 б.]. Тұлғаның ізденісі, ғылыми мұрасы халықтың рухани азығы, ұлт мүддесінің қазығына айналып отырады. Бұндай дәрежеге ие болған рухани мұра ғылыми дүние. Себебі, қасиетті дінімізден белгілі адам баласының игі парыздарының бірі, яғни, ұрпаққа игілік әкелетін адамгершілігінің тұлғалық өлшемдерінің негізі халыққа дұрыс жөнді, жастарға дұрыс білімді үйрететін мұра қалдыру. Осы тұрғыдан зерделеген адамға ғылым адамды дұрыс жолға бағыттап, қоғамды дамудың игілік әкелетін тура жолына жетелейтін дүние.

Тарихи уақыттың талабы бойынша адамға берілетін қасиет ол алдымен халықтың игілігі, ұрпақтың ырысына айналуы тиіс. **Ғылым жолының қасиеті адамның нағыз білімге қол жеткізу жолында ақиқат үшін күресіп, адамгершіліктің ізін қалдыра білуде. Ғылымның алдымен адамнан талап ететін адамгершілік. Егер, адамгершілік болмаса, адам бойынан қасиет қашады, білім адамнан алшақтайды, адамгершіліксіз келетін білім ілімге айналмай қалады, бұндай білім уақыт өте келе өзінің күшін жойып жоғалып отырады. Ұлттық руханиятымыздың өрісінде даналықпен зерделенген білімнің қадір қасиеті туралы ойшылдарымыздың түсінігін ескерсек, ғалым білім жолының тазалығы мен түзулігін сақтау арқылы халық түсінігінің тереңдігін, қоғамның дұрыс даму жолын сақтайтын қасиетке ие білім иесі.** Бұндай деңгейдегі ғалымның мұрасы оны тұлға деңгейіне жеткізеді. Қазақ даналығында қалыптасқан білімнің қасиеті жөніндегі идея қазақ зиялысы атанған қазақ ғалымдарының рухани қызметінің тірегіне айналған.

Ғылым бір жағынан шексіз дүние, екінші жағынан шектеулі де. Ғалымның ғылым мен тарих алдындағы зиялылығы ғылым өрісінің шегі мен шексіздігін танып, оны мойындай білу. Елге игілік әкелетін ғылым халықтың өмірі мен мүддесіне қызмет ететін ғылым. Бұндай бағыттағы ғылымның мүмкіндігі шексіз. Себебі, әр уақытта заман ағымына сай ұлт пен ұрпақты сақтап отыратын ғылым, өзінің шексіз рухани мүмкіндіктері арқылы құндылыққа айналады. Бұндай жағдайда, білім әр бір тұлғаның руханияты арқылы халыққа жетіп отырады. Халықтың түсінігіне жеткен нәрсе кез-келген рухани мұра, ұрпақтың рухани өмірінде ғылымның тірегіне, тәжірибесіне айналады. Мәселен Бұқар жыраудың айтып кеткен мына бір ойлары ғылым мен адамзат тағдыры алдындағы ғалымның зиялылығын межелейді:

*Ілімді түгел білсе де,
Қызығын көзбен көсе де,
Қапалы күні қабырып,
Қайғының түні төнсе де,*

Үмітін жоймас адамзат [2. 50 б.]. Жырауларымыз білім мен ғылымның мәнін, сол арқылы өмірдің мәнін терең зерделеген. Адамзаттық ғаламдық мәселелердің түп себебі, ғылымның да-

муында, ғылымды себепті пайдаланып, игілікке бағыттау ғалымның дүниетанымы. Ойшылдарымыз ғылымның мәртебесін ғаламдық, жеке адамдық деңгейде терең мағынада көрсетіп отырған. Ғылым жолындағы өз ісіне адалдық пен тазалықтың мәнін ұрпаққа дұрыс насихаттап кеткен:

*Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса.*

*Молла есімін алған жан толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жүзға алмаса* [2. 90 б.].

Жақсы сөз қайда өмір сүреді? Жақсы сөз, адал іс, адамгершілік көзі бұл – тарих. Қазақтың тарихы ол даналардың сөзінің бастауымен бір, бабалар қызметінің көзіне, тұлғалар ісінің ізіне айналған дүние. Ол ғылым өрісі, өйткені, интеллектуалдық деңгейдің өрісін қалыптастырып, сақтап отырған қазақтың ойшыл ғалымдары қазақ тарихының ішінде. Алаш зиялылары айтып кеткендей, «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде онге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрымасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғынып білуге тиіс болады» [3. 16 б.]. Ұлттың төл дүниелерін игеріп, оның идеясын, білімін ұрпаққа жеткізудегі қазақ ғалымдарының тарихи бейнесі, әл-Фарабидің мына бір сөздерін тағы да есімізге түсіреді: «**Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік - жігері – зор, тілек мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт және ләззат іздеу, кәсіп құмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек**» [1. 704 б.]. Алаш зиялыларының рухымен ұлт ісіне келген ғалымдарымыздың тілегі, ол қазақтың ұлттық санасының өрісі тарихы мен мәдениетінің болашағына қызмет ету.

Тұлғалық деңгейдегі ғалымның ізденісі, ол уақыт жағдайына қарамастан ұлт тарихын зерттеудің бағытын дұрыс тауып, ғылымда оның тура жолын қалдыруында. Әрине, бұған білім мен қоса күш пен жігер, ақыл мен рух қажет. Ғалымның ұлттық мүдде тұрғысындағы ойлауы елдің тағдырын шешетін күш, ал, зиялының тұлғалық өмірі ұрпақтың елдік санасын қалыптастыратын дүние. Зиялыларды біріктіріп, олардың нағыз шығармашылығын оның пайдалы тұстарын айқындап отыратын ұлттық мүдде. Тарихи уақыт бір жағынан нағыз ұлт жанашырларының шығармашылығына, еркіндігіне бөгет болып отырса, екінші жағынан олардың рухын серпіп, қоғам алдына нағыз тұлғалық деңгейге ие адамдарды іріктеп шығарады. **Тұлғалық деңгейге ие ғалым, бұл – барлық адамгершілік қасиеттерге ие, білімді, тарихтың білімін толық меңгерген,**

ұлттың идеясымен тәрбиеленіп, оны қорғай алатын, діни түсінігі мол, ақиқатқа адал, әділеттілікті ұстаным тірегіне айналдырған қабілетті адам. Бұлардың ұлттық мұраға айналатын шығармашылығы, оларды уақыт келе ұлт тұлғасы, ұлт зиялысы мәртебесіне жеткізеді. Кеңес дәуірінде осы бағытта өмір сүрген ғалымдарымыз алаш тұлғаларының қатарында. Себебі, олар ұлттың рухын сақтайтын, мемлекеттің болашағына, яғни тәуелсіздікке қызмет ететін ғылыми бағытты қалыптастырып, тарихта көміліп бара жатқан құндылықтарды зерттеп үлгергенінше жарыққа шығарып кеткен.

Ғылым халыққа, одан қалды адамзат баласына ортақ дүние. «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, – деген М. Дулатов – ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса адам керекті болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды» дейді [3. 31 б]. Ғылым жеке адамға емес, халыққа қызмет ететін дүние. Ғылымның маңызын дұрыс түсіну, оның келешекте ілімге айналып, ел игілігіне қызмет етіп отыруы ғалымның жауапкершілігі. Қазақ зиялылары ғылымды осы деңгейде түсінді. Олардың ұғымында ғылым ұлттың байлығын дұрыс игеретін, оны ұлттың игілігіне жаратып отыратын қазақ қоғамының өмірінде тәжірибесі терең мектепке айналуы тиіс. Е. Бекмахановтар осы алаш зиялыларының ілімі негізінде қазақ тарихын зерттеу жолын дұрыс бағыттап, оны ұлттың мүддесінің талабына сай зерттеуді айтып кеткен.

Қай ғылым саласы болса да халықтың игілігіне сай еркін дамуы тиіс, ғылымның халық игілігіне қызмет ететін деңгейде еркін дамуы дегеніміз ғылымда нағыз талант иелерінің, зиялы ғалымдардың ұстаздық етуі. Б. Момышұлы Ермұханды жақсы көретін себебім, «...ол Абай айтқан ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұстап халқымызды шын сүйе білді, оның отына күйе білді. Сүю аз, оны әркім-ақ бастан кешіреді. Ең қиыны – халық қайғысының отына күйе білу...»

Екінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім, Москваның атақты, үлкен тарихшы ғалымдары оны шын пейілімен құрметтеп сыйлайтын, онымен ашық пікірлесіп сырласатын, санасатын. Бұл – үлкен жеңіс. Мен оның сыртынан да жылы лебіз білдірген туысқан республикалар тарихшыларын талай кездестірдім.

Ермұханды үшінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім, басына ашылмас қайғының қара бұлтты қат-қабат төнгенде де халқымыздың болашағынан үміт үзген жок...» деген [4. 21 б.]. Тарих, әдебиет, философия, мәдениеттану халықтың жүріп өткен жолын, оның бойында ұлттың өмір сүруіне жетекші болатын барлық мүмкіндігін зерттейтін ғылым. Ұлттық болмыс өзінің

бойына болашағына қажет барлық мүмкіндігін жинап, сақтап отырады. Өзінің болашағы үшін қажет уақытында барлық мүмкіндіктерін қалыптастырып, бойынан шығарып отырады. Уақыттың ағымына, ұлттың болашақ тағдырына байланысты оның бойындағы құндылықтарды игеріп отыру тұлғаларымыздың өмірінен байқап отырғанымыздай ғалымның басты міндеті де және амалы да. Қазақ тарихының және сол тарих өрісінде тұтас дүниеге айналған халық руханиятының ойшылдық бейнесі, даналық деңгейге ие болуының себебі осында. Қазақ тұлғасы Е. Бекмаханов қанша қудаланса да қазақ батырларының қасиеті туралы идеядан қол үзбеген: «Қазақ халқының Ресейге бет түзеуге және өз тағдырын орыс халқының тағдырымен байланыстыруға итермелеген себептерді, сондай-ақ, патша саясатының Қазақстанды бағындыру, өзіне қосып алу және түптеп келгенде, оны отарға айналдыру әдістерін егжей-тегжейлі айқындау тарихшылар үшін, әлбетте бірінші дәрежелі маңызы бар іс» [5. 7 б]. Ұлттың тарихы мен мәдениеті, руханияты жолындағы ғалымның міндеті оның тазалығын сақтап, оның ұрпақ тарапынан әділ бағаның берілуіне мүмкіндік жасау. Бұл бағыттағы ізденуші жас ғалым үшін ең басты міндет ақиқатқа адал, шындыққа келгенде ұстамды болу. Е. Бекмахановтың ғылыми мұралары бүгінгі біздерге осы қасиетті үйретеді.

Кенесары заманы қазақ батырларының ғана емес, әр бір адамның рухын, елдігін шыңдаған уақыт. Осы уақыт жағдайында орын алған ұлт болашағына қайшы келген отыршылдыққа қарсы көтерілген Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысы болашақ қазақ ұлтының тағдырын шешетін күшке айналды. Бұны ашық ғылыми деңгейде көрсету қай күнде де ғалымның жауапкершілігі. Отаршылдықтың зардабына қарсы тұрып, онымен Кенесарының күресу саясаты ол тарихи уақыттың күрделі құбылыстарына толы нәрсе. Қазақ батырлары мен тарихи уақыттың құбылысын, оның қазақ батырларына жүктеген қатаң талабы мен қатаң заңдарын ашық көрсетудегі Е. Бекмахановтың идеясы алдымен ұлт мүддесінің тірегі сақтап, оны болашақ қазақ елінің ұлттық идеясына айналуына мүмкіндік жасау. Ол шынымен де, Кенесары тарихымен байланысты бүкіл қазақ елінің жағдайын, рухани өмірін, елдігін, батырларының қызметін, бірлігін бейнелейтін мол мұра қалдырды, оны танудың, зерттеп жазудың ғылымда жолын салды, тарихта көміліп бара жатқан ұлттық санамыздың ізін аршып кетті. Бірақ, ұлттың тарихын және оны қалыптастырушы халық тұлғаларының феноменін толықтай жазып үлгеруге қазақ ғалымының өмірі жетпеді.

Өмірдегі жалған мен шындықты ажыратудан, тарихтың шындығына көз жеткізіп, оны жарыққа шығару қиын. Кеңес қоғамында өмір сүрген Е.

Бекмахановтың еңбегін, оның бойындағы қасиеті, дарындылығы, бір сөзбен айтқанда тектілік қасиеті деп түсінгеніміз орынды. Себебі, қазақ зиялыларының тағдыры көрсетіп отырғандай тарихтан бірінің рухын бірі іздеп, идеясын жеткізіп сол арқылы ұлттың мүддесін қорғау тұлғаларымыздың бойынан көрініп отыратын тектілік. Е. Бекмахановтың ғылым жолындағы тұлғалық қасиеті, шығармашылығы ұлт тарихын зерттеуде оның қай саласы болмасын қазақ ғылымының болашағы үшін аянбай ұлттың тарихы мен мәдениетіне қызмет еткен, осы бағытта шәкірттерін тәрбиелеп кеткен ғалым екендігін байқаймыз. Ғалымның тұлғалық қасиеті, зиялылығы оның мұраларында. Ол дүниеден өтсе де тарихта қалады, ал, тарихта қалатын оның мұраларындағы идея нағыз дарын иелерін тауып, соны ұлт игілігіне сай ізденуге бағыттап түсетіндігі белгілі. Тарих бұрмаланса оның рухы жоғалады, тарихтың рухы ел тұрмысының өрісінде, халықтың рухына ара түсіп, оның болмысын қорғау зиялылар рухы. Кенесары хан бастаған қазақ халқының ұлт азаттық қозғалысының тарихын Е. Бекмахановтың зерттеп, ақиқатты негізде жазып кетуі қазақ тарихының рухын, сол арқылы ұлттың рухын сақтап қалған дүние: «Кенесары өлтірілер алдындағы соңғы сәт былайша суреттелген: «Кенесары жиналған жұртқа, алыстағы тауларға, күн шуағы төгілген биік аспанға, сонан соң жан-жағына қарап алып, ән бастады. Ән ұзақ айтылып, жиналғандар ұйып тыңдады. Ән сөздері тыңдаушының бойын билеп, жүрегін баурап, қатты толқытқан. Ол өзінің өлеңінде туып-өскен кең даласында, кіндік кескен ауылында өткен бар өмірін есіне алған еді» [5. 336 б.]. Бұдан ұғынатынымыз батыр халықтың иесі ғана емес оның киесіде. Оның рухы тебіренсе дала тебіренеді, себебі батыр халықтың ғана емес туған даланың да қамқоршысы. Тұлғалар рухының ұйытқысы.

Қасиетті адамдарынан айырылса даланың да рухы тебіренеді. Туған елдің иесі, туған жердің киесі батырдың рухы халқының және оның тарихын бойында сақтап қалатын туған даласының рухымен тарихта мәңгі сақталып қалады. Елдің топырағына сіңіп, тарихтың өрісінде тұратын қазақ батырларының рухы ел тарихының рухын сақтайды. Бұл да Е. Бекмахановтың жазып кеткен мұраларында қазақ тарихының қасиетін ұғындыратын түйіндердің бірі: «Я. Палферов көтеріліске қатысқан Нысанбай ақынның сөздері арқылы көсемінен айрылған қазақтардың терең қайғысын білдіреді. «Кенет шатқал тыныштығын ғажап домбыра үні бұзды, оған қосыла Нысанбайдың «... Алла - ай! деп басталып, сол жерде шығарылған жоқтауы айнала жұрттың жүрегін мұңға бөлеп, жанын тебірентті:

*Кенекем менің кеткен соң,
Заманым қалды тарылып.
Халық иесі Хандардан
Жетім қалдық айрылып.*

*Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайрылып,
Балдағы алтын ақ берен
Тасқа тиді майрылып.
Кемшілік түсті басыма
Көрінгеннен қаймығып....
Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағмымыз,
Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан тайды бағмымыз.
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тілмен жағмымыз.*

«Жоқтау ұзақ айтылып, шатқал-шатқалды, сай-сайды қуалап, кең далаға Кенесары батырдың өлімін естіріп кете барды. Зар еңіреген домбыра үні барлық дүниені булықтырды. Тыңдаушылардың қара торы жүзін ағыл-тегіл жас жуды, кейде олар өксіп-өксіп алды. Бүкіл табиғат осы жоқтау әніне бой алдырып, жылап тұрған сияқты» дейді [5. 337 б.]. Кенесары хан рухы осылайша елдің топырағында, ұлттың санасында қалды. Батырдың қасиетінен күш алған қазақ тарихының рухы Е. Бекмахановтың қаламында түзу жолға салып, аз ғұмыр ішінде оның мол мұра, өнегелі ой қалдыруына себеп болған. Ол себеп, сол кездегі қазақ рухының қасиетінде. Қазақ ғалымының тарих пен ұрпақ алдындағы қасиетті де мәнді еңбегі алдымен тарихтың қасиетін, сол ұлт мұрасының иелері қасиетті адамдарды дүниеге әкеліп, тәрбиелей білген қазақтың рухын тануға жетелейді. Ғалымның даналығы алдымен оның өз ұлтының мүддесіне адал, тағдырына жақын және оның рухымен бір бола білуінде. Өзінің қасиеті арқылы тарихта беделін сақтап қалған, сол арқылы қазақ батырларының қасиетін сақтап отырған дүниелердің бірі Е. Бекмахановтың мұралары әлі де талай талант иелерінің ғылым жолына түсіп, қоғамға адал қызмет ететін, кейінгі уақытқа мол дүние қалдыруына жетекші болып отыратындығы ақиқат.

Үмбетхан СӘРСЕМБИН,
философия ғылымдарының кандида-
ты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің, Әлеуметтік-
саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Түркілік тәрбие» антологиясы. – Алматы: Интеллсервис, 2013. – 1004-бет.
2. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 бет.
3. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
4. Бекмаханов Е. Жеті томдық шығармалар жинағы. 7 том. (Естеліктер). Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, 2005.-238 С.
5. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 416 бет.

МЕДИАМӘТІНДЕГІ СӨЗ ЖАНРЛАРЫНЫҢ ПРАГМА- СТИЛИСТИКАСЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Медиаментін траекториясы – ХХІ ғасырдың БАҚ даму үрдісінде пайда болған телеарнадағы көрермен, баспасөздегі оқырман мен радиодағы тыңдарманның зердесіне әсер етіп, ой салу мақсатындағы белгілі бір іс-әрекетке қозғау салатын прагматикалық негізге құралған жаңа ағым. Қазіргі заман талабына сай ақпараттар легінің жылдам, нақты, қысқа, әрі шынайы болуы – медиа саласының басты талабы.

Теледидар табиғатын зерттеу қызықты да күрделі мәселе. Себебі оның құрылымы әртүрлі жанрлардың прагматикалық интенсификаторларды қамтиды. Сондықтан біз зерттеу барысында телеарнадағы «прагматика» ұғымының анықтамасын айналып өте алмаймыз.

Кеңестік заманда қазақ баспасөз жарияланымдарында «прагматика» ұғымы болмады. Бұл ұғым медиа ұғымымен жанасып келіп, ХХ ғасырдың аяғында пайда болды. Ресейдің қарамағындағы мемлекеттер сол елдің талаптарына сай БАҚ құралдары да – баспасөз жарияланымдары, телеарна, тіпті ғалымдардың кітап басып шығаруы заман талабынан тіпті басқа қалыпта болды. Мәселен, газеттің жарияланатын мерзімі, жазылған авторлық мақалалар белгіленген уақытымен жарияланып, баспа ісінің талабы аяқталады. Яғни, посткеңестік заманның ағымы «адресат – адресант» аясында шектелген, оқырман мен автордың өзара байланысы болмады. Келе-келе бұл ұғым аясы тарылып, оқырманды баспасөз жарияланымдарынан алыстатуының салдарынан «адресат – прагматика - адресант» деп аталатын жаңа көш алып келуін талап етті.

Бұл мәселенің себебін Қалбике Есенова: «Кеңестік кезеңде газет материалы тақырыбынан бастап мақала құрылымы мен қолданылуы тиіс тілдік құралдарға дейін алдын ала бекітілген формаларға (қалыпқа) түсірілетін. Журналист қандай да бір ойын жеткізу үшін сол қалыптасқан нормадан ауытқымай, дайын трафареттік қолданыстарды пайдаланатын болғаны әлі ұмытыла қойған жоқ десек қателеспейміз. Ілуде бір автор өз бетімен, тың тәсілдерді тауып, ойын еркін жеткізуге ұмтылып, қаламын еркін сілтегендей болса, оған редактор тарапынан жасалатын кәсіптік шеберлігіне қатысты ескертулерден бөлек, партия ұйымының хатшылары ұйымдастыратын сын дайын тұратын.

Ал, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ газеттеріне тән айрықша жаңалықтардың бірі – «сөз бостандығы» ұғымынан туындайтын автордың «ой еркіндігі» мен «шығармашылық ізденістерінің» көріністері ретінде бағаланатын тың тәсілдердің басылымның тақырыптық аясынан бастап, әрбір материалдың жазылу

ерекшеліктерінен, адресанттың прагматикалық ұстанымына қол жеткізу үшін бірнеше әдіс-тәсілді араластыра қатар пайдалана білуінен байқалады» [1. 258б.].

Прагматиканың басты мақсаттарының бірі – сөздің қолданылу ерекшеліктерін түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау болып табылады. Тіл біліміндегі прагматика ұғымы туралы тұжырымдардың барлығы әсер ету нәтижелерін талдауға негізделген. Онда адамның, яғни автордың қажетті тілдік бірліктерді таңдаудағы және мақсатқа жету барысында ақпаратты беру қабілетіне ерекше назар аударылады. Прагматика тілдің сөйлесім тәжірибесін халық өмірімен байланыстырып, адамның әлемді қабылдау ерекшеліктерінің когнитивтік базасын, ұлттық-мәдени дәстүрлерін, танымын тануды үйретеді.

Қазіргі таңда ғалымдардың «сөз жанрларына» анықтама беріп, зерттеп-зерделеуінің мәні – ең алдымен бұл тілдік заңдылық жаңа антропологистика бағытының құрылымдық элементі тұрғысынан мәдени және тілдік құндылықтарды сақтаудың негізгі кілті болып табылады.

Сөз жанрлары мәселесіне қатысты ең алғаш ғылыми тұжырымдамаларды ғұлама ғалым, философ М. М. Бахтин еңбектерінен кездестіруге болады. Бұл тілдік құбылысты ол әлеуметтік нақтылықты тілдік ақиқатпен байланыстыратын, қоғам тарихынан тіл тарихына итермелейтін қозғаушы категория деп есептейді.

Жанр ұғымы кейбір ғылыми еңбектерде мәтін типі деген терминдік атаумен айтылып келеді. Егер мәтіннің типтеріне, яғни, түрлерге ажырауының басты себептерін қарастыратын болсақ, онда оның тілдік бірліктері іріктеліп, сұрыпталып, топтасып қолдану ұстанымына байланыстылығы екендігі бірден айқын байқалады. Мәтіннің типтерге, түрлерге бөлінуі сөздің жанрларға жіктелетіндігін толық көрсетеді. Орыс тіл ғылымында жанр туралы зерттеулер өткен ғасырдың сексенінші, тоқсаныншы жылдарында басталған болатын. Жанр туралы ғылыми жүйеленген анықтама, ережелер әлі толық тұрақталған жоқ. Әдебиеттану тұрғысынан алып қарағанда «жанр – міндетті» түрлер ретінде қарастырылды, ал, қазақ тіл ғылымында сөзтану ғылымы зерттелінбегендіктен, жанр мәселесі тіпті айтыла қойған жоқ [1, 42].

Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезінде публицистика жанрының өркендеуі газет-журналдардың көптеп шығарылып, олардың өзіндік тіл ерекшеліктері қалыптасуымен тығыз байланысты болды.

Жанр дегеніміз – белгілі бір газет, журнал материалдарының, радио, теледидар хабарының көріну, өмір сүру формасы. Нақтылап айтсақ,

болмыс-құбылысты жазып суреттеп айтып берудің, оқиға, фактілерді көрсетудің ғылыми белгілеген, жұрт таныған кескін-пішіні болады, ол «жанр» деп аталады [2, 24].

А. Байтұрсыновтың тіл білімінде «речь» деп айтылып келе жатқан жанр түрін «сөйлеу» деп атағаны белгілі. *Сөйлеу жанры* – коммуниканттардың кәдімгі сөйлесу әрекеттерін жүзеге асыратын коммуникативтік оқиғалардың бір түрі десек, ол публицистикалық стильдің бір түрі, оған барлық әдеби жанрлар, оған қоса, ең алдымен, публицистикалық шығармалар (қоғамдық және саяси) жатады. Бұл тілдік жанрлар теориясының, сөйлеушінің (жазушының) сөйлеу барысындағы қарым-қатынасына, коммуникативтік мақсатына орай, әмбебап екендігін көрсетеді.

Кез-келген публицистикалық шығарма, лингвистикалық тұрғыдан алғанда – мәтін. Публицист оқырман аудиториясына ықпал жасайтындай етіп мәтін құрастырады және сол мәтін арқылы күнделікті болып жатқан саяси үрдістердің шұғыл, деректі-эмоционалдық көрінісін сипаттайды. Публицистикалық мәтін ең кемі екі сөйлемнен тұрады және ол синтаксистік тұтастықты құрайды, сонымен қатар, оның белгілі бір категориялары да бар [3, 12].

«Сөз прагматилистикасы» сөзінің кең мағынасына тоқталатын болсақ, бұл бір ғана жүргізушісі, бірнеше қатысушылары және көрермені бар бағдарлама, оның мазмұны осыған сәйкес белгілі бір тақырыпқа құрылады. Бұл шоу мен интервьюдің араласуынан тұратын теледидарлық пікірталастың ерекше нұсқасы болып табылады. Осыған байланысты, сөз жанрларының прагматилистикасы дегеніміз – қазіргі теледидардың ақпараттық (бағдарламаның тақырыбына байланысты ақпарат, аудиториядағы және телекөрермендерге кеңес беру және т.б.) және ойын-сауықтық (музыкамен көркемдеу, документалды немесе көркем фильмдерден үзінділер қолдану, бағдарламаның қатысушыларына қатысты жүргізушінің комментарийі және т.б.) сипатта берілетін формаларының бірі. Сөз жанрларының прагматилистикасы әр алуан жанрларының бір-бірінен айырмашылықтары өте көп.

Ағылшын тілінен орыс тіліне «сөз прагматилистикасы» ұғымы «әңгіме», «пікірталас» және «көрініс», «спектакль» сияқты сөздерге аударылады.

М. К. Барманқұлов [4, 261 б.] өз еңбегінде «сөз прагматилистикасы» жанрына ауызша теледидарлық бағдарлама деген анықтама береді. Осылайша ол француз радиосы мен теледидарлық диалогтық бағдарламаларының шоу және шоу-элементтеріне шолу жасап, неміс және француз халықтарының осы жанрда жасалынған бағдарламаларын жекелеген аспектілер бойынша салыстырмалы түрде талдау жасаған. Ғалымның зерттеу жұмысының тақырыбымен танысып және жарыққа шығарылған әдебиетін қарастыра отырып, біз оның теледидарлық бағдарламалардың әр алуан түрлерін қысқаша суреттеген бір ғана еңбегін таптық. Сөз прагматилистикасы сипаттау барысында автор қысқаша комментарий берумен және қазақстандық сөз прагматилистикасымен салыстырғанда, ресейлік сөз прагматилистикасының басым көпшілігін тізіп шығумен ғана шектелген.

Сөз жанрларының прагматилистикасы дегеніміз – қазіргі теледидар саласының жаңа жанрларының бірі, ол ойын-сауық және ақпараттық сипатта беріледі. Сөз жанрына құрылған бағдарламалардың теледидар арналарында жиі берілуінің нәтижесінде тілдің қалыптасуының қажетті қосымша құралы болып табылатын тілдік коммуникацияны (радио бағдарламаларға қарама-қарсы) нақты талдауға мол мүмкіндік туындайды.

Б. РҮСТЕМБЕКОВА,

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистрі,

Г. ҮРІСТЕНБЕКОВА,

Ш. Есенов атындағы КМТИУ доценті,
педагогика ғылымының кандидаты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы, 2007 – 450 б.
2. Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б. (12 б.т.).
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия / Бас ред. К. Хұсайын. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999. – 752 б.
4. Барманқұлов М.К. Жанры печати, радио-вещания и телевидения. – Алматы: Мектеп, 1974. – 127 б.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек»

десе, осы Жолдаудың III тарауында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымыз»

да тұр» делінген. Осылайша оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

«Инновацияларды енгізген кезде білім беру саласының басшылары оның түбегейлілік, өзектілік, айқындалушылық сипатына, бүкіл білім беру жүйесін өзгерте алатындығына сеніп, негізінен «Нені енгізу қажет?» мәселесіне басымдық береді. *Бұл сұрақтың жауабы ретінде қалыптастырушы бағалауды енгізуді, шағын жинақталған сыныптарды ашуды, оқытудың, атап айтқанда бүкіл әлемде тиімді қолданылып жүрген математиканы оқытудың заманауи тәсілдерін қолдануды атауға болады.* Біліктілікті арттыру курстары аясында мұғалімдерге, объективтік факторларға қарамастан, жергілікті жерлерде белгілі бір инновациялық тәсілдер мен әдістерді іске асыру тапсырылады, содан кейін мектеп басшылығы сыныпта шұғыл өзгерістерді күтеді.

Бірінші деңгей бағдарламасы өзінің мазмұнын сұрақтарды төмендегі ретпен қою арқылы құрылымдай отырып, басқа тәсілге негізделген. Неліктен біз біздің оқыту тәсілдерімізді өзгертуге тиіспіз, содан кейін мәселені шешуге бағытталып, біз бұны қалай істейміз, тек содан кейін ғана – біз сыныпта не істеуіміз керек? деген сұрақты алға тартады» делінген (5).

Қазіргі білім берудегі жаңаша талаптар білім беру кеңістігінде жоғары технологияларды қолдануды талап етеді. Жалпы өркениетті деңгейге жету үшін математика пәнін, соның ішінде геометрияны оқытуда да жаңа ақпараттық технологияны енгізудің қажеттілігі туындайды.

Кез келген басқа пәндер сияқты геометрияны оқыту да көрнекіліктерді қажет етеді. Оқушылардың жазықтықтан кеңістікке көшудегі, кеңістіктегі фигураларды сызбада кескіндеудегі кеңістіктегі ойлау қабілеттерін дамыту геометрияны оқытудағы проблемалардың бірі болып табылатыны анық. Оқытудағы түсіндірме-көрнекілік әдістерін пайдалануда интерактивті құралдарды пайдалану таптырмас құрал болып табылады.

Халықаралық «MITE» жобасы аясында геометрияны оқытуда GEOGEBRA бағдарламалық құралын қолдануды апробациялау, мектептегі математиканы оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың моделін жасау және оны сынақтан өткізу жобаның негізгі мақсаттарының

бірі болып табылады. Осы мақсатта Болгария мемлекетінде (Маусым, 2011 ж) өткен «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім берудің инновациялық ресурсы» атты білім жетілдіру курсына алған білімдерімді математика сабағында қолданудағы іс-тәжірибем жоғарыда айтылған. «Неліктен біз оқыту тәсілдерімізді өзгертуге тиіспіз, содан кейін мәселені шешуге бағытталып: біз бұны қалай істейміз, тек содан кейін ғана – біз сыныпта не істеуіміз керек? деген сұраққа берер жауап екенін бөліскім келеді. Жоба бойынша математиканы оқытуда қолайлы психологиялық орта қалыптастыру, әр оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып, олармен гармониялық үйлесімді қатынас жасауға ұмтылу міндеттерін шешу қарастырылған.

Жобаның мақсаты:

Оқушылардың виртуальды геометриялық ортамен жұмыс істеу процесінде зерттеушілік қызметтерін дамыту;

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуге және оқуға деген қызығушылығын арттыру;

Оқушылардың білімдерін кеңейту және жүйелеу, теорияны терең меңгеру және оны практикада қолдана білуге дайындау;

Алдарына шешуді мақсат етіп қойған мини-проблемаларды алдын-ала көре білуге үйрету;

Ақпаратпен жұмыс жасай білуге, оны таба білу және негізгілерді ажырата білу дағдыларын дамыту;

Зерттеулер жүргізу, алған білім мен дағды, тәжірибені бере білуге, оны аналитикалық дәлелдеумен үйлестіре білу дағдысын дамыту;

Топта бірлесіп жұмыс істеу және іскерлік қатынас жасау дағдысын қалыптастыру.

Осы жоба аясында интерактивті геогебра ортасын пайдалана отырып өткізген сабақтардың оқушылардың білім сапасына жағымды әсері жайлы тәжірибемен мысалдар келтірейін. Алдымен динамикалық геометрия (ДГ) ортасында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру дегенге тоқталайын.

ДГ ортасындағы комплексті типтегі сабақта іс-әрекеттің мынадай түрлері болуы мүмкін:

1. Иллюстрация – ол ДГ ортасында дайындалған сызба, оқушылар математикалық нәтижелердің геометриялық іске асуын бақылайды.

2. Демонстрация – бұл динамикалық қосымша, онда ұғымдар арасындағы байланыстар қадағаланады: оқушылар объектілерді немесе олардың қасиеттерін «ашуға» ынталанады.

3. Конструкция – бұл динамикалық қосымшаны жасауға байланысты проблемалық ситуация: оқушыларға ДГ арқылы белгілі бір математикалық қатынастарды іске асыруға тапсырма беріледі.

4. Дедукция – ол проблемалық ситуация, оның барысында математикалық нәтижеге қорытынды жасалады, қалыптасады және математикалық нәтиже қорығылады: оқушылардың алдында талдау жасауға және жүйелеуге, бақылау жасауға, негізделген қорытынды жасауға байланысты тапсырма беріледі.

5. Апликация – ол дедуктивті негізделген

идеяны дамытуға арналған эвристикалық бағыт: оқушылар анықтаған математикалық нәтижелеріне пән аралық қосымшалар табуға ын-талаанады. Олар таным процесінің спиралының жаңа, жоғарғы буынына шығады, мысалы конструкция және дедукция типті іс-әрекеттің жоғарырақ деңгейіне шыға алады.

Дәлелдей білуге оқыту деңгейлері:

I эмпирикалық деңгей (5-6, 7 сыныптың басы) – мақсаты ұйғарымның дұрыстығын тексеру үшін эмпирикалық әдісті пайдалану тәжірибесі «мәдениетін» қалыптастыру.

«Компьютерлік дәлелдей білуге» оқыту-компьютерлік эксперимент көмегімен фактілерді бекіту.

Көз жеткізудің басты критерийі – динамикалық тұрақтылық.

II технологиялық деңгей (7-8 сыныптар) – Компьютерлік дәлелдеуді логикалық тексеруден өткізу тәжірибесін қалыптастыру.

«Конструктивті дәлелдеуге» оқыту- қорытып шығаруға қажетті барлық элементтердің бар екендігін негіздейтін ой қорытындылаулардың логикалық тізбегі (динамикалық сызбаны салу).

Көз жеткізудің басты критерийі – алгоритмнің іске асырылуы және нәтижелілігі.

III абстрактілі-теориялық деңгей (8-11 сыныптар) – абстрактілі талдау тәжірибесін қалыптастыру

«Логикалық дәлелдеуге» оқыту – қорытып шығаруға қажетті барлық элементтердің бар екендігін негіздейтін ой қорытындылаулардың логикалық тізбегі (динамикалық сызбаны салу).

Көз жеткізудің басты критерийі – ұйғарымды логикалық қорытынды жасау арқылы бекіту («занды талқылаулар»).

Компьютерлік экспериментті жоспарлай білуге оқыту

Есеп №2. Қабырғасы а-тең АВЕС квадраты және центрі В нүктесі болатын, радиусы 5 см шеңбер берілген. Квадраттың қабырғаларын қамтитын түзулердің шеңбермен неше қиылысу нүктесі болуы мүмкін?

Компьютерлік экспериментті есепті аналитикалық түрде шығарумен тиімді үйлестіре білуге оқыту.

Есептердің аналитикалық шешуі беріледі.

Өз бетімен орындауға тапсырмалар:

1. Оқулықтағы есептерге арналған ұқсас өнімді GEOGEBRA ортасында әзірлеу. Мүмкіндігінше геометрия оқулығында келтірілген дәлелдеудің басқа тәсілдерін пайдалану арқылы, көрнекі түрде жасау.

2. Өз бетімен басқа дәлелдеуге берілген есептер мен теоремаларға арнап компьютерлік эксперимент ұйымдастыру үшін ИГО-ның басқа да мүмкіндіктерін пайдалану.

Тағы бір мысал келтірейік (Геометрия 8 сынып).

Тақырыбы: «Үшбұрыштарды шешу» (Online режимінде көрсетілген сабақтан көріністер)

№52 есеп (Геометрия 7-9 авт. Баймұханов, Погорелев 178 бет).

60°-к бұрышы бар үшбұрыштың қабырғаларына (сыртқа қарай) үшбұрыштар салынған. Берілген үшбұрыш пен 60°-тық бұрышқа қарсы жатқан қабырғаға салынған үшбұрыш аудандарының қосындысы қалған екі қабырғаға салынған үшбұрыштар аудандарының қосындысына тең екенін дәлелдендер (динамикалық дайын сызбамен жұмыс).

Сұрақ: Есептің Геогэбра ортасында шешілуі толық шешім бола ала ма?

Аналитикалық дәлелдеу не үшін қажет? Енді **динамикалық тұрақтылық** ұғымына тоқталайық.

Есепті аналитикалық түрде шешуді оқушыларға ұсыну, ал сыныптағы басқа оқушыларымен Геогэбра ортасында динамикалық сызба салып, зерттеулер жасау, қорытындылау.

Оқушыларға тапсырма: №52 есепті аналитикалық түрде шешу. Сабақта Геогэбраны пайдаланып зерттеулер жүргізу.

Қорытынды: Егер оқушы «керек», «маған қызықты, менің білгім келеді» дегенге ауысса, онда бұл жол қызықты да жемісті болады сөзсіз. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау деңгейі де жоғары болады.

Зәмзагүл ҚИЯБАЕВА,

№178 лицейдің ПШО,

I ілгері деңгей тыңдаушысы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.В.Погорелев, Б.Баймұханов. Оқулық Геометрия 7-9 «Жазушы баспасы» 2009 ж.
2. М. В. Шабанова. Методология учебного познания как цель изучения математики.- Архангельск: ПГУ, 2004 г.-403 с.
3. Борислав Лазаров. Болгар Математика және Информатика институты мен Ғылым Академиясының Аға ғылыми қызметкері X-XII сыныптарға арналған динамикалық геометрия ортасында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Н. Назарбаев. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан атты Жолдауы».
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Екінші басылым. 68 бет.

ФИЗИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез келген ғылым белгілі бір ұғымдар жиынтығынан, заңдылықтардан тұратындығы белгілі. Физика ғылымы да сондай. Оның негізін құрайтын жалпы теориялық ұғымдар мен құбылыстарды үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: 1) физика ғылымының қаңқасын құрайтын энергия, масса, өріс, күш деген тәрізді іргелі ұғымдар; 2) физиканың әр саласына, атап айтқанда, «кинематика», «динамика», «жұмыс және энергия», «инерция» - тарауларына тән ұғымдар мен 3) «механика» және «оптикаға» қатысты негізгі ұғымдар.

Физика ғылымында барлық шамалар векторлық және скалярлық шама болып екіге бөлінеді. Векторлық шамаларға: күш, жылдамдық, орын ауыстыру, үдеу, салмақ, қозғалыс жатса, скалярлық шамаларға: жұмыс, энергия, масса, қуат, уақыт, температуралар жатады.

Қазіргі физиканың ең басты ұғымдарының бірі – термоядролық реакциялар. Термоядролық реакция дегеніміз – жеңіл атом ядроларының өте жоғары температурада қосылуы нәтижесінде өтетін ядролық реакциялар [1:21]. Ал ядролық реакциялардың өзіне келетін болсақ, ол – атом ядросының бір-бірімен әсерлесуі арқылы болатын түрленіс. Ядролық реакциялардың нейтрон, протон, электрон деп аталатын типтері анықталған. Бұлар болашақ энергияның сарқылмас көздері болмақ.

Физика ғылымы үшін энергия, дене, атом, молекула деген ұғымдардың маңызы зор.

Энергия – түрлі қозғалыстарға тән ортақ өлшем. Қозғалыс формаларының әртүрлі болуына сәйкес энергия механикалық, жылулық, химиялық, электромагниттік, ядролық энергия деп бөлінеді.

Олай болса, физикалық ұғым дегеніміз – заттардың, денелердің, құбылыстардың ең маңызды қасиеттері мен белгілері екен. Көлеміне қарай ғылыми ұғымдар жалпы және жеке ұғым болып екіге бөлінеді. Жалпы ұғымдарға біртекті құбылыстардың жиыны жатса, жеке ұғымдарға жекелеген заттар мен құбылыстар жайындағы ұғымдар жатады. Мысалы, газ ұғымын алып көрелік.

Газдың *реал газ*, *идеал газ* және *сиретілген газ* деген түрлері болады. Бұл түрлері жеке ұғымдар. Айталық, *реал газ* деп – белгілі бір диаметрі бар сфера түрінде болып, бір-бірімен әсерлесетін молекулалардан ғана тұратын газды айтамыз. Олар бір-бірінен қашықтағанда тартылады, ал бір-біріне жақындағанда

кері тебеді. *Идеал газ* дегеніміз – өзара әсерлеспейтін абсолют серпімді бөлшектер жиыны [2,33]. *Сиретілген газ* болса, ол – атмосфералық қысымнан төмен қысымдағы газ [1:99].

Өткен ғасырдың соңына дейін ғылымда: «дүниенің ең қарапайым кірпіші – атом. Ол әрі қарай бөлінбейтін ең кіші бөлшек», – деп саналып келген. Радиоактивтілік құбылысының (радиоактивтілік атомдардың күйреуінен туады) ашылуына байланысты ғылымдар «атомның құрылысы күрделі болуы мүмкін оның бөлініп кетуі ғажап емес» деген болжам айтқан болатын. Кейінгі зерттеулер бұл болжамды расқа шығарып, атом *атом ядросы* мен оның *электрондық қабықшасынан* тұратындығын ашты. Нақтырақ айтсақ, атомның *протон*, *нейтрон* және *электрон* тәрізді элементар бөлшектерден құралатындығы дәлелденді. Бұлардағы «элементар» деген анықтауыштың өзі олардың одан әрі қарай бөлінбейтіндігін білдіреді. Қазіргі ғылымдар элементар бөлшектердің «элементарлығына» (бөлінбейтіндігіне) шек келтіріп жүр. Бірақ ол әлі дәлелдене қойған жоқ [ҚСЭ, 557-558].

Ғылыми ұғымдардың белгілері мен қасиеттерін жақсы білу үшін, ең бірінші кезекте олар классификацияланады.

Классификация – ғылыми ұғымдар мен құбылыстарды класқа, түрге, бір сөзбен айтқанда топ-топқа бөлу деген сөз. Классификациялау кезінде жалпы ұғым мен жалқы (жеке) ұғымдарда ара жігі ажыратылады. Мысалы: *күш* – жалпы ұғым, ал *құраушы күш*, *тең әсерлі күш* немесе *қорытқы күш* дегенде – жалқы ұғымдар [3:44]. Жалпы ұғымдар – туыстық атауды, ал жалқы ұғымдар – түрлік атауларды құрайды.

Кез келген ғылым саласындағы ғылыми ұғымдар терминдермен беріледі. Ғылым саласын ілгері дамыту, ғылыми ұғымдарды жүйеге түсіру – оның терминологиясын дамыту деген сөз немесе керісінше, белгілі бір ғылым саласының терминологиясын дамытуды, оның терминдерін жүйеге түсіруді – сол ғылым саласын дамыту деп ұғу керек.

Осыдан келіп, термин дегеніміз не? – деген сұрақ туындайды. Термин дегеніміз – ғылыми ұғымдарды дәл білдіретін, тек сол ғылым аясында ғана қолданылатын арнайы сөздер мен сөз тіркестері [4:508].

Әрбір ғылыми термин екі түрлі қызмет атқарады. Оның бірі – термин ғылыми ұғымның

атын білдіреді, екіншісі – сол ұғымның мағынасын, мағынасын өз бойына жинақтайды. Бұл екі қызметтің арасында ажырамас байланыс бар. Ол байланысты – ғылыми ұғым мен сол ұғымды бейнелейтін термин арасындағы байланыс деп атайды. Әдетте бұл байланыс ешқашан үзілмеу керек.

Бұл жөнінде Л. Л. Кутина: «В терминологическом системах своеобразно сочетаются и взаимодействуют два типа связей: понятийные и языковые. Понятийные отношения в системе терминов – главные и организующие; они вносят много изменений в общезыковые связи слов-терминов: устраняют один, модифицируют другие, изменяют направление третьих» [5:268], – дейді.

Әдетте біз ғылыми ұғым, термин және оның анықтамасы (дефинициясы) деп саралап жатамыз. Бұл «үштіктің» ғылым үшін маңызы зор. Өйткені ғылыми ұғым болмаса, сол ұғымды белгілейтін термин болмайды. Термин болмаса, оның анықтамасы да болмайды.

Әрбір ғылыми ұғымның (заттың, дененің, құбылыстың) толып жатқан қасиеттері мен белгілері болатындығы белгілі. Ғылыми ұғымға анықтама берілгенде сол қасиеттер мен белгілері көрсетілуі керек. Тіл білімі ғылымында бұл белгілер мен қасиеттерді бір сөзбен «сема» деп атайды [6:219].

Семалар (белгілер) әртүрлі болады. Бір семалар – басты, негізгі семалар. Оларды кейде актуальды семалар деп те атайды. Ғылыми терминдерге анықтама берілгенде бұл басты, негізгі семалар міндетті түрде аталуы керек. Ал, екінші бір семалар: олар – басты емес, көмекші семалар. Анықтама бергенде бұларды атап көрсету шарт бола бермейді.

Мысалға жүгінсек, физика ғылымында фотоэффект немесе фотоэлектрлік эффект деген терминді жиі кездестіреміз. Оған «жарық әсерінен заттан электрондардың бөлініп шығу құбылысы» деген анықтама берілген. Бұл құбылыс қатты, сұйық және газ тәрізді заттардың бәрінде де байқалады [1:132].

Егер талдар болсақ, көрсетілген анықтамада 5-6 сема бар: 1) «құбылыс» – жалпы сема; 2) «бөлініп шығады» – жалпы сема; 3) «заттардан (бөлініп шығады)» – жалпы сема; 4) «қатты, сұйық және газ тәрізді (заттардан бөлініп шығады)» – негізгі сема емес; қосымша сема; 5) «электрондар (бөлініп шығады)» – жеке сема; 6) «электронды жарық әсерінен бөлініп шығады» – жеке сема.

Әдетте толық анықтаманы студенттер, магистранттар, ғалымдар үшін береді де, ал қысқа жалпылама анықтаманы мектеп оқушылары үшін пайдаланады. Мысалы, Күш – денелердің механикалық өзара әсерлерінің өлшеуіші болатын физикалық шама [2:105]. Күш өрістің денеге әсерінен де туады. Күшке

кейде: «Күш – масса мен үдеудің көбейтіндісіне тең» [2:25], - деген қарапайым (жалпылама) анықтама беруге болады. Жылдамдық термині де осы сияқты. Жылдамдық – жолды жүруге кеткен уақыт қатынасымен өлшенетін қозғалыс шамасы [2:16]. Бұл анықтаманы қарапайымдандырып: «жылдамдық – жолдың (қашықтықтың) уақытқа көбейтіндісіне тең» деуге болады. [6:25].

Түсіндірме сөздік жасаушылар анықтамаға мынадай талаптар қояды: 1) Ұғым мен құбылыстың ең басты белгілері мен қасиеттері толық қамтылуы керек; 2) Анықтамада ұғымның мағынасы әрі дәл, әрі толық ашылуы тиіс; 3) Анықтамада тиісті ұғымның қандай ұғымдар жүйесіне жататындығы (жалпы сема), сол ұғымдар жүйесінен қандай айырмашылықтары бар екендігі (жеке семалар) көрініп тұруы міндетті; 4) Анықтамада ұғымның жанама (қосымша) белгілері көрсетілмеуі қажет; 5) Анықтамада артық сөз, артық тіркес болмауы керек; 6) Анықтамада мүмкіндігінше жатық, тілге жеңіл, түсінікті болуы керек; 7) Анықтаманың грамматикалық және стильдік жағынан нормаға сай болуы шарт т.б. [7:118].

Егер бұл талаптар орындалса, кез келген ғылыми ұғымға берілген анықтамалардың (дефинициялардың) көпшілікке ұғынықты да түсінікті болары сөзсіз.

**С. САРСЕНОВА,
Ш.Есенов атындағы
КМТИУ-нің доценті, ф.ғ.к.**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аккошқаров Е. Физика терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы: Қазақстан, 1959. -152 бб.
2. Аккошқаров Е. Физикалық ұғымдарды қалыптастырудың кейбір тәсілдері. Алматы: Мектеп, 1976. -70 б.
3. Аккошқаров Е. Физикалық термин мен ұғым арасындағы іліктестік // ҚазССР ҒА-ның Хабарлары. Қоғамдық сериясы, 1973. N 5. 40-45 бб.
4. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. М.: Наука, 1989. -243С.
5. Кутина Л.Л. Формирование терминологии физики в России. М-Л.: Наука, 1966. -286 С.
6. Атамұратова Қ. Орысша-қазақша физикалық терминдердің сөздігі. Алматы: Мектеп, 1981. -423 б.
7. Бейішев С. Қазақтілінің терминологиясының жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері // Терминология сөздігі. Алматы: Қазменбасп., 1949. 1 кітап. -193 б.



Сықақшы
Толымбек
ӘЛІМБЕК-
ҰЛЫНЫҢ
әзіл-оспақ
беті

Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫ

АРМАН, АРМАН, АРМАН...

«Дарын» мемлекеттік жастар
сыйлығының иегері
Айгүл ИМАНБАЙҒА

Мың бұралып майысып,
Жібек те болды.
Қабырғасы қайысып,
Жүдеп те толды.
Сахнада шәй ішіп,
Түнеп те қонды.
Театрда жетекші
Рольде ойнады.
Рольдердің бұйырды
Кілен қаймағы.
Киноға да бас сұғып,
Бағын сынады.
Онда да басты рольден
Тақ ұсынады.
Эфирге де жол беріп
Жанұшырады.
Бұған қоса тағы бар
Әншілігі.
«Таңғы елеспен» келеді
Таң сыбыры.
Өнерінің ол да бір
Талшыбығы.
«Атақ, атақ, атақ!» деп,
Әзілдеп, күлді.
Бас бәйгенің тәп-тәтті
Дәмін «жеп» тынды.
Той-думанның салатының
Бәрін жеп, білді.
Атағына қол жетіп,
«Дарынды» алды.
Бір арманы керемет орындалды.
Қатарының осылай
Тобын жарды.
Көңілі қаламаса болғаны енді
Жатып ап бар атаққа шомылғанды.

СЫРЛАСУ МА, ЫРҒАСУ МА?

Арақ...
Шылым сасыған ұрттарында,
Ойламайтын ел қамын, жұрт қамын да.
Бөсіп сөйлеп, қолы бос, сенделіп жүр,
Орақ орған аузымен қырттарың да!

...Жігіттер бар – қыз көрсе қылжақтаған,
Қыздар да бар көбелек ыржақтаған...
...Жігіттер бар – көрінген түнеп қызбен,
Мәнісі жоқ, тән үшін күн өткізген...

«Ақынмен сырласу»

Мақсұт НЕТАЛИЕВ – ынталандыру

Ақын да азды заманда жасық мынау,
Өлең «мыйын» әрнемен ашыттың-ау.
Америка ашқандай аттан салып,
Ұйқас үшін ұртты да «сасыттың-ау!...»

«Қылжақ... ыржақ...» сөздермен жыр
жазамыз,
Біз – ақындар, осылай ырғасамыз.
«Түнеп қызбен...жігіттер күн өткізген...»
деп Абаймен, о, сұмдық, «сырласамыз!»

Жыр бағына қалған-ау салқын түсіп,
Үсіпті өлең, барады алқым қысып.
Мүшайраның жолында бәйге үшін
Поэзия, қалған ба нарқын түсіп.

«Жігіттер бар – қыз көрсе қылжақтаған,
Қыздар да бар – көбелек ыржақтаған...»
Ақын да бар, қайтесің, Абай аға,
Міне осындай сөздермен тіл «баптаған.»

ӘЙЕЛ МЕН АЛТЫН

Әйел мен Алтын,
Екеуі де жарқын.
Екеуі де қымбат,
Екеуі де мұң-бақ.
Қымбат екендерін
Ылғи да бұлдап,
Шындап
Білдіріп отырады.
Ананы мынаған соғып,
Мынаны анаған соғып,
Әрдайым бұлдіріп отырады.
Бұлдіріп отырып,
Тірліктерін тындырып отырады.
Бүтінді екі жарып,
Сындырып отырады.
Сонда да оларға деген құмарлық
Тиылған емес.
Алтын іздегенге бұйырған емес.
Оның буына ешкім

Рахаттанып жылынған емес.
Қаншаны жолдан шығарса да
Мойындары теріс бұрылған емес.
Қалт кетсе де аяғы,
Құмарлық қой баяғы
Әйел-Алтында көргенде
Періште-Еркек
Амалсыз жолдан таяды.

ҮШ ТҰҒЫР

Біз Қазақпыз!
Үш қанатпен ұшатұғын құстаймыз.
Үш-ақ тілдің құйрығынан ұстаймыз.
Орыс, ағылшын...
Сосын барып қазақ...
Орыс тілі – теңіздегі ақула!
Ғажап!
Ағылшын тілі – көлдегі шортан!
Сөз-ақ!
Қазақ тілі – арықтағы шабақ...
Сыбырлап қалды тамақ.
Біз қазақпыз!
Үш қанатпен ұшамыз дейміз –
Ұшпаймыз!
Қолымызға үш түрлі ақша ұстаймыз.
Доллар, евро...
Сосын барып теңге...
Доллар – мұхиттағы торнадо!
Өрле!
Евро – теңіздегі дауыл!
Берме!

ӘЗІМБЕККЕ ӘЗІЛ

Әзімбек Жанқұлиевтің айтыста аты дүрілдеп тұрған кезі. Республика сарайындағы кезекті айтыста Әзімбектің артынан Жамбыл қаласынан екі бірдей қыз іздеп келеді. Бірі үйленейін деп жүрген болашақ жары, екіншісінің де Әзімбекке бір қатысы бар. Тіпті сахнаға шығып, ел алдында Әзімбек жайлы жайсыз әңгіме де айтпақшы. Қастарында омырауына орден, медаль таққан қария еңбек ардагері де бар. Солардың алдын алу үшін Толымбек пен Алтынбек Қоразбаев үлкен еңбек сіңіреді. Келіп қалған қауіптің бұлттын сейілтеді. Дегенмен осының барлығының қатты әсерінен Әзімбек орынға да ие болмай қалады. Шу басылғанда Толымбек ақын інісіне өзінің әуенімен мынадай әзіл тастайды:

Әзімбек келіп қапсың, ахау, қырды асып-ай,
Бір қатын аз болды ма бір басына-ай?
Қос қатын Алматыға іздеп кепті
Әкеңнің құны бар ма ұрғашыда-ай?

Теңге –
аңыздағы жәй жел секілді
Жеңгетай жеңге...
Біз қазақпыз!
Ал қазаққа келгенде
Ызғары қатты қыстаймыз.
Үш Жүздің туын ұстаймыз!
Ұлы, Орта, Кіші...
Бір-біріне күлімдеп тұрады түсі,
Бірақ дірілдеп тұрады іші,
Шықырлап тұрады тісі.
Үш Жүз болған соң
Аузымыз да үшбұрыштай сүйірлі,
Қабағымыз түйюлі,
Бір-біріміздің аяғымыздан тартып,
Түртіп отырамыз бүйірді.
Жақсы көретін болған соң күбірді біз,
Жыбырды біз –
үш тұғырлымыз.
Сөзіміз жалаң демеік.
Үш тұғырдың медальдарын бөлейік.
Қашаннан қонақ сыйлайтын салтым:
Орыстарға – Алтын!
Бәле, бәле!
Ағылшынның да
Қабағына қараған дұрыс.
Екінші тұғырға – күміс!
Олз, олз!
Үшінші тұғыр – қазақ...
Оларға – қола!
Өлз, өлз!
Екі тұғырға зыр жүгірген
Бейшара бала!

«ШӘЙДЕН КЕЙІН ДЕ ШӘЙ ІШЕМІЗ»

Толымбектің Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде істеп жүрген кезі. Машбюрода әңгіме қыза түскен.

- Біз еттен кейін жақсылап шәй ішеміз, – дейді бірі.

- Біз көжеден кейін де күрендетіп шәй ішеміз, – дейді екіншісі.

Сонда Толымбек:

- Біз шәйден кейін де шәй ішеміз, – депті.

КӨҢІЛ АЙТУ

Құрдасы, белгілі журналист Ғалым Есенсариеттің әкесі қайтыс болады. Ол сақал-мұртты ерте қойған екен. 54 жасында әкесінен айырылған құрдасына көңіл айтуға барып, орнынан таба алмайды. Біраз күткен соң бір жапырақ қағазға мынаны жазып кетеді:

Құрдасым – Ғалым әфенди,
Жетім боп біздей жат енді.
Сақалды ерте қойдың да
Өлтіріп апсың әкеңді.
Әкеңнің арты қайырлы болсын!

СОДЕРЖАНИЕ

Мустафа ШОКАЙ. По вопросам национального государства в России.

Нурсултан НАЗАРБАЕВ. Открывая окна возможностей.

Сейлбек МУСАТАЕВ. Сколько стоит национальная честь казаха?

Айнур ТОЛЕУ. Поиск чести.

Абдрашит БАКИРУЛЫ. Националисты на самом деле патриоты государства.

Санин БОРБАСОВ. Чего именно не осознает управляющая элита?

Жарылкасын БОРАНБАЙ. Могут ли энциклопедии стать национальным достоянием?

Дандай ЫСКАКУЛЫ. О «двуязычии» и «трехязычии».

Омир ШЫНЫБЕКУЛЫ. Правда о «Битве под Иканом».

Жанкара ДАДЕБАЕВ. Орак батыр.

Бактияр СМАНОВ. Суюнбай, Майлыкожа и Молда Кошук датха

Удивительные сны великих: Правда или ложь?

Т. ТОЛЕБАЕВ. Казахская история.

Омирхан АБДИМАНУЛЫ. Наш учитель Алма апай.

Ораз КАУТАБАЙ. Терпение и упорство.

Гульмира СУЛТАНБАЕВА. Профессор гуманист

Патигуль МАКСАТОВА. Деятель литературы, заблуждающийся о своем народе.

Куандык ШАМАХАЙУЛЫ. Незгладимый след оставленный на пике Алтая.

Забира ЖАКИШЕВА. Записи о музыкальной археологии и древних музыкальных инструментах в трудах Алькея Маргулана.

Умбетхан САРСЕМБИН. Личностный образ казахского ученого.

Б. РУСТЕМБЕКОВА, Г. УРИСТЕНБЕКОВА. Прагматистика, формирование и развитие словесных жанров медиатекста

Замзагуль КИЯБАЕВА. Исследовательские работы на уроках математики.

С. САРСЕНОВА. Особенности физических понятий и терминов.

Сатирическая страница Толымбека АЛИМБЕК-УЛЫ.

Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Mustafa SHOKAI. About the national state in Russia.

Nursultan NAZARBAYEV. Window of opportunity.

Seilbek MUSATAYEV. How much does the national honour of Kazakh cost?

Ainur TOLEU. Searching for honor.

Sain BORBASOV. What is it that the managerial classes are not aware of?

Abdrashit BAKIRULY. Nationalists are not nationalists but they are the patriots.

Zharylkasyn BORANBAY. Will encyclopaedias be able to become a national treasure?

Dandai YSKAKULY. About “bilingualism” and “trilingualism”.

Omirkhan SHYNYBEKULY. The truth about the “Ikan Battle”.

Zhankara DADEBAYEV. Who was the warrior Orak?

Baktiyar SMANOV. Suyunbai, Maylykozha and Molda Koshyk datkha.

Miraculous dreams of great people: true or false?

T. TOLEBAYEV. Kazakh history.

Omirkhan ABDIMANULY. Our teacher Alma apai.

Oraz KAUGABAY. Patience and persistence.

Gulmira Sultanbayeva. Professor, humanist.

Patigul MAKSATOVA. Literary figure, who takes care of his people.

Kuandyk SHAMAHAULY. An indelible mark left on the peak of Altai.

Zabira ZHAKISHEVA. Records about musical archaeology and ancient musical instruments in the works of Alkei Margulan.

Umbetkhan SARSEMBIN. The identity of the Kazakh scientist.

B. RUSTEMBEKOVA, G. URISTENBEKOVA. Pragmatistika, formation and development of verbal genres of media texts.

Zamzagul KIYABAYEVA. Research works in math classes.

S. SARSENOVA. Features of physical concepts and terms.

Satirical page of Tolymbek ALIMBEKULY.

Table of contents in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru **www.akikatkaz.kz**

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 09. 2014 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Қыдыралы ҚОЙТАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Қамбар ата. Жеңіс Көкенұлының картинасы.

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.